

«Самұрық –  
Қазына» ұлттық  
әл-ауқат қоры



Қазақстан  
халқы  
Ассамблеясы



Әлеуметтік-  
саяси зерттеулер  
институты



# СӨНБЕСІН ОТ АЛАУЫ

Астана, 2011

УДК 316: 94 (574)  
ББК 63.3 (5-қаз)-2  
С 73

**Ғылыми басылым Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы**  
Ғылыми-сараптамалық Кеңесімен баспаға ұсынылған

***Редакциялық кеңестің төрағасы***

Тоғжанов Е.Л., ҚХА төрағасының орынбасары

***Редакциялық кеңес***

Калашникова Н.П. саяси ғылымдарының докторы, ҚХА FCK ғалым хатшысы  
Джунусова Ж.Х. саяси ғылымдарының докторы, профессор, ҚХА FCK мүшесі  
Габдулина К.Г. социология ғылымдарының докторы, профессор,  
ҚХА FCK мүшесі  
Садвақасова А.К. социология ғылымдарының докторы, ҚХА FCK мүшесі

***Жобаның ғылыми кеңесшілері***

Әбдіуақап Қара, тарих ғылымдарының докторы (Түркия, Стамбул),  
Каям Кесиджи, саяси ғылымдардың докторы (Германия, Мюнхен)

***Жауапты редактор:*** Мажитова А.Б.

***Әдеби редакторлар:*** Адыханова В.З., Қайыржанова С.М.

***Жобаның жұмыс тобы:*** Калашникова Н.П., Кожирова С.Б., Калмыков С.К.,  
Бекетаева Д.Р., Емишева Г.Б, Шалова Г.Т., Руднева Е.А., Жолдыбалина А.С.,  
Ахметжанова Н.А., Мөлдір Байтөре, Оразалинова С.А., Асқарова Д.А.

**С 73 СӨНБЕСІН ОТ АЛАУЫ** /Б.И. Ракишеваның, А.А. Сарымның редак-  
циясымен/Әлеуметтік-саяси зерттеулер институты, ҚХА жанындағы  
Ғылыми-сараптамалық Кеңес. — Астана: - Баспа. — 2011 — 208 бет.

**ISBN 978-601-06-1346-1**

Бұл басылымда Қазақстан халқы Ассамблеясы және Самұрық-Қазына ұлттық әл-ауқат қорының тапсырысымен өткізілген «Қазақ диаспорасы арасында Алаш Орда философиясының қазіргі заманғы түсіндірмесі: жағдайы, баға беру, сабақтары (әлеуметтік-тарихи талдау)» атты халықаралық жобаның материалдары жарияланған. Басылымда Қазақстан, Түркия, Ресей, Қытай, Германия, Австрия, Франция, АҚШ, Жапония ғалымдарының мақалалары және сарапшылардың сұхбаттары ұсынылған. Сонымен бірге, XX ғасырдың 20-30 жылдары ашаршылықты көрген этникалық қазақтардың ұрпақтарымен өткізілген сұхбаттар ұсынылады.

**ISBN 978-601-06-1346-1**

УДК 316: 94 (574)  
ББК 63.3 (5- қаз)-2

©Ракишева Б.И., 2011  
©Сарым А.А., 2011  
©ИСПИ, 2011  
©НЭС АНК, 2011

## КІРІСПЕ СӨЗ

Оқырмандарға ұсынылып отырған кітап Қазақстан халқы Ассамблеясы қамқорлығымен Әлеуметтік-саяси зерттеулер институты жүргізген «Қазақ диаспорасы арасында Алаш Орда философиясының қазіргі заманғы түсіндірмесі: жағдайы, баға беру, сабақтары (әлеуметтік-тарихи талдау)» халықаралық жобасының нәтижесі болып табылады. Бұл Қазақстан халқы Ассамблеясының жобасы «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры мен «Қазақстан халқы Ассамблеясының қоры» Қоғамдық қорының қолдауымен іске асырылды, әзірлеген Қазақстан халқы Ассамблеясының Ғылыми-сарапшылық кеңесінің зерттеушілері мен ғалымдары.

Қазіргі Қазақстан аумағы белсенді көші-қон өңірлеріне жатады. Даму процестеріне ықпал еткен ірі тарихи оқиғалар – столыпиндік аграрлық реформа, Бірінші дүниежүзілік соғыс, 1916 жылғы көтеріліс, Азамат соғысы, 1921-1922 жылдардағы ашаршылық, ұжымдастыру мен кулактарды жою, жаппай қуғын-сүргін мен жер аудару, жұт, тың және тыңайған жерлерді игеру – Қазақстанның этностық бейнесін түбегейлі өзгертті.

Негізгі көш-қон толқыны ХХ ғасырдың 30-50 жылдарына тура келді, шамамен 3 млн. этностық топтар өкілдері – немістер, поляктар, еврейлер, шешендер, ингуштар, балкарлар, қырым татарлары, түрік-месхетиндер, қалмақтар, қарашайлар, кәрістер және т.б. халықтар Қазақстанға мәжбүрлеп жер аударылды.

Бұл зерттеу тақырыбын Қазақстан халқы Ассамблеясының зерттеушілері «Тарихтан тағылым - өткенге тағзым» (2010 ж.) халықаралық жобасы аясындағы «1930-1950 жылдары халықтарды Қазақстанға жер аудару: ортақ тарих» атты халықаралық әлеуметтік зерттеуде көтерді. Жобаға Қазақстан, Ресей Федерациясы, Армения, Беларусь, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Әзірбайжан, Молдова, АҚШ, Германия, Польша, Түркия, Ұлыбритания, Оңтүстік Корея мамандары атсалысты. Жоба қорытындысы бойынша түсірілген деректі фильм «Хабар» республикалық телеарнасы арқылы 2010 жылғы 31 мамырда Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күнінде көрсетілді. Фильмнің тұсаукесері 20 қазанда Стамбулда



– Стамбул университетінің Евразия институтында және 30 қазанда Мәскеуде – ГУЛАГ тарихы мұражайында, Ресейдегі Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күнінде өткізілді. Бұл зерттеуді жүргізу барысында жобаны «Ауызша тарих» (Oral history) әдістемесі базасында жұттың куәгері болған этностық қазақтар арасында сауалдама жүргізу арқылы жалғастыру идеясы туды. «Ұлы жұт» уақыты, немесе оны «өлім жұты», «даланың жұты», «голощекин жұты» деп те атаған, көптеген адамдардың өмірін қиды. Қазақстан тарихындағы бұл уақыт кезеңі аз зерттелген және қарама-қайшы түсініктемелерге бай. Осы кезеңдегі басты мәселелердің бірі – қазақ этносының сан жағынан азаюы (ашаршылық кезінде қаза болған және басқа елдерге қоныс аударған). Өкінішке орай, ғылыми әдебиетте қаза болғандар саны, осы оқиғаның салдарлары туралы, бұл тарихи фактінің қазақ этносының одан әрі дамуына ықпалы туралы нақты деректер жоқ. Қазіргі қазақ диаспорасының бір бөлігі сол жылдары басқа елдерге көшіп кетуге мәжбүр болған рулардың ұрпақтары болып табылады.

Қазақстандықтардың бұқаралық санасында қазіргі Қазақстаннан тыс жерде тұратын қазақтар тарихына қатысты біршама ақтаңдақтар бар. Бұл фактор Әлеуметтік-саяси зерттеулер институты жүзеге асырған «Қазақстандықтардың қазақ диаспорасына қатынасы: жай-күйі, бағасы, перспективалары»<sup>1</sup> атты әлеуметтік зерттеу кезінде бағаланды. Зерттеу нәтижелері зерттеу жобасының қазіргі қазақтардың шетелдегі қазақ диаспорасының өмір сүру тарихын білуі, шашырап қоныстануы туралы мәліметтерінде ақтаңдақ беттердің көптігі туралы гипотезаларының бірін растады. Жүргізілген сауалнама мәліметтері бойынша қазақстандық респонденттердің, қазақстандық этностар топтары өкілдерінің 32,8% қазақ диаспорасының үлкен бөлігінің Қазақстанмен шекарада өздерінің ата қоныстарында тұрып жатқаны туралы білген жоқпыз деп жауап берген. Сонымен бірге 40% этностық

1 Бұл зерттеу Қазақстанның барлық облыстарын, сондай-ақ республикалық маңыздағы Астана мен Алматы қалаларын қамтыды. Сауалдама тұрғылықты жерінде сұхбат әдісімен жүргізілді, іріктеме Қазақстанның ересек халқын (18 жастан жоғары) жынысы, жасы, ұлты білім деңгейі, сондай-ақ тұратын жеріндегі елді мекендер түрі бойынша репрезентациялайды. Респонденттерді іріктеу кездейсоқ жолмен, маршруттық әдістемені пайдалана отырып жасалды. Сауалдамаға қатысушылардың жалпы саны 1500 респондентті құраған.



қазақтардың республикада тұратындар санының жартысынан көбі (5 миллиондай) Қазақстаннан тыс жерде тұрып жатқаны туралы білмеген.

Бұл фактілер туралы республикада сауалнамаға қатысқан қазақтар шамалы ғана артық біледі: 29,4% — диаспораның мөлшері туралы және 35% — шетелде тұратын қазақтардың жалпы саны туралы. Қандай да бір ахуалға әртүрлі берілген бағалар бұқаралық санада кей кездері теріс пікірлерді тудырады. Сондықтан халықты кең хабардар ету, жақсыны насихаттау, қазақстандық қоғамның өмір сүру жүйесінде қазақ диаспорасына сауатты орын беру, оны түсіну мен одан әрі интеграциялану үшін мүмкін болатын барлық кедергілерді жояды.

Жобаның мақсаты — қазіргі Қазақстаннан тыс жерде тұратын қазақтар арасында Алаш феноменінің қазіргі оқылымын зерделеу. Алаш тәуелсіздік идеясы ретінде бүгінде әлемнің 45 елінде тұрып жатқан 5 миллиондай қазақтың сақталуының негізгі факторларының біріне айналды. Тәуелсіздік - жалпыхалықтық идея ретінде күн тәртібінен түскен жоқ, бұл идеяны әртүрлі уақытта Оспан Батыр, Мұстафа Шоқай және алашордалықтар алға сүйреді. Кейінірек бұл идеяны 1986 жылғы желтоқсанда қазақ жастары алаңға алып шықты.

«Алаш» термині деп біз нақ идеяны, тәуелсіздік идеясын, этносты сақтау идеясын, қазақтардың этностық тұтастығы идеясын түсінеміз. Тарихи «Алаш» термині кейіннен «қазақ» этнонимін алған көне рулар үшін ортақ атау болғаны белгілі. «Алаш» көптеген онжылдықтар бойында отанынан тыс тұрып жатқан қазақтарды байланыстыратын өзіндік желі болды.

Процеске тікелей қатысушылардан өткенді шолатын ақпаратты жинау бірегей тарихи ақпаратты жинақтауға мүмкіндік берді. Зерттеу барысында қазақ диаспорасының, Батыс Еуропадағы (Мюнхен, Вена, Париж) және АҚШ-тағы (Нью-Йорк) қазақ мәдени орталықтарының өкілдерімен сұхбат жүргізілді. Жоба барысында қазақтардың сақталған көшпелі мәдениетінің әдет-ғұрыптарын бақылау мақсатында тікелей куә болуға мүмкіндік беретін Үрімшіге (Қытай, ШҰАА), ол жақтағы қазақ ауылдарына экспедиция ұйымдастырылды. Қазіргі кезде түрлі дерек көздеріне сәйкес, Қытайдың Синьцзян — Ұйғыр



автономиялық округінде тұратын қазақ диаспорасы шамамен 2 млн. жетті. Тығыз орналасқан қазақ ауылдарында сақталып қалған қазақ мәдениетін байқауға болады – жергілікті халықтың тілінде, әдет-ғұрыптарында, дәстүрлерінде, өзара қарым-қатынастар жүйесінде қазақ түпнұсқалығы сақталған.

Түрік Республикасында қазақ диаспорасы ХХ ғ. ортасында орнықты. Бұл елдің мемлекеттік саясаты ел аумағында қазақ диаспорасына қалыптасуға, әлеуметтік-коммуникативті ортада бейімделуге және әрі қарай екі елдің өзара қарым-қатынастарында оңтайлы тетіктерінің бірі болуға мүмкіндік берді. Олардың көші-қон жолы 1930-1940 жж. Алтай округінің Шыңжан-Ұйғыр автономиялық ауданынан (ШҰАА) басталып, Үндістан, Пәкістан, Сауд Арабиясы арқылы өтті. Бүгінгі таңда Түрік Республикасында 20000 астам этникалық қазақтар тұрады. Түркия мигранттарды тарихи және мәдени түп-тамырларының ортақтығының, тілдің түркілік негізі және мұсылман діні арқылы қызықтырады. Қазіргі кезде қазақтар Стамбулда, Анкарада, Измирде және Түркияның басқа да аймақтарында тұрады. Бүгінгі күнде Зейтинбурну, Гюнешли (Қазақкент) ауданында этникалық қазақтардың отбасылары ықшамдана қоныстанған. Түркияға Ауғанстанда тұрған қазақтар да көшіп келген, сонымен қатар, зерттеу барысында 1930 жылдардағы жұттың куәгері болғандар мен олардың ұрпақтары табылды. ХХ ғ. 30-жылдарында орын алған оқиғаларды ұмытпаған қазақтардың ұрпақтарымен сұхбаттардың стенограммасын осы басылымның беттерінен табуға болады.

Тәуелсіздік идеясының көрнекті өкілі, қазақ саяси қайраткері Әлихан Бөкейхановтың бастамасымен құрылған Алаш Орда партиясының негізгі идеясы -Ресей құрамында автономия деңгейінде қазақтарды тәуелсіздікке жеткізу болды. «Алаш» партиясы өзінің бағдарламасының негізі ретінде 1918 ж. қазақ даласын жеке мемлекет деп жариялады. Партия құрамында Ахмет Байтұрсынов, Мұстафа Шоқай, Міржақып Дулатов, Мұхаметжан Тынышпаев, Смағұл Сәдуақасов, Мағжан Жұмабаев, Ғазымхан Кенесарин және басқа да 583 жуық адам (алашордалық) қызмет етті.

Мұстафа Шоқай Алаш Орданың көрнекті өкілдерінің бірі ғана емес, сондай-ақ оның идеялық жетелеушісі болды.



Қазіргі қазақ диаспорасы үшін ол ұлттық батырлардың бірі, көшбасшысы болып табылады. Мұстафа Шоқайдың есімі Отанынан шет жерде тұрып жатқан этникалық қазақтарға шоғырлануға ықпал етті және этностың сақталу факторларының біріне айналды. Осыған байланысты біздің ізденістерімізде нақты М.Шоқайдың тұлғалық бет-бейнесіне басты мән берілді.

Батыс Еуропа елдері бойынша экспедиция кезінде Парижде, Ножанда Мұстафа Шоқай әйелі Мариямен бірге тұрған екі үй табылды. Ал Берлинде М.Шоқайдың мазары табылды. Мазар орналасқан аумақтағы түрік мешіті қызметкерлерінің айтуы бойынша, бұл жер бүкіл әлем қазақтарының зиярат ететін орны.

Ұлы Отан соғысы тарихының ақтаңдақ беттерінің бірі фашистерге тұтқынға түскен мұсылман солдаттардың Түркістан легионын құру үрдісі. Олардың тағдыры қайғылы әрі күрделі. Зерттеу барысында қазақ диаспорасы өкілдерінің көмектері арқылы осы адамдар жерленген мазар табылды. Бұл кітапта алғаш рет аталған жауынгерлер құлпытастарының суреттері ұсынылған.

Аталған басылымда әлемнің түрлі елдерінен зерттеліп отырған мәселеге қандай да бір деңгейде байланысты ғалымдармен, сарапшылармен сұхбаттар мен мақалалар ұсынылған. Жұмыс барысында зерттеу нәтижесі бойынша түсірілген фильмнің қатысушылары болған танымал Алаш Орда феноменін зерттеушілерден кеңестер алынды. Міржақып Дулатов шығармашылығын зерттеуші, Хоккайдо Университетінің (Жапония, Хоккайдо) Славяндық зерттеулер орталығының ғылыми қызметкері, профессор **Уямо Томохико** мен Сакария университетінің профессоры **Муса Ташделеннің** (Түркия, Стамбул) көрсеткен көмектерін айта кеткіміз келеді. Зерттеуді дайындауда негізгі көмекті, сонымен қатар, кеңестік қолдауды қазақ диаспорасының ғалымдары көрсетті, олардың ішінде:

Шыңжан гуманитарлық ғылымдар академиясының ғылыми қызметкері, профессор **Шадман Ахметұлы** (ҚХР, ШҰАА, Үрімші),

Дінтану институты директорының орынбасары, PhD, профессор **Мұрат Хейният**, (ҚХР, ШҰАА, Үрімші),



Шыңжан Ғылым академиясының зерттеу журналының бас редакторы, профессор **Ясин Құмарұлы**, (ҚХР, ШҰАА, Үрімші), Тарих ғылымдарының докторы, шоқайтанушы, профессор **Әбдіуақап Қара**, (Мимар Синан Университеті, Түркия, Стамбул),

Еуропадағы Қазақ қоғамдары федерациясы төрағасы, саяси ғылымдарының докторы, профессор **Каюм Кесиджи**, (Германия, Мюнхен).

Зерттеу нәтижелері «Сөнбесін от алауы» атты ғылыми деректі фильм түрінде ұсынылды. Аталған фильмде жоба аясындағы экспедиция кезінде жинақталған қазақ тарихының өткені мен бүгініне қатысты сирек кадрлар пайдаланылған. Материалдар қатары оқырмандарға ұсынылып отырған кітаптың негізгі бөлігіне орналастырылған. Ол отандық тарихнаманы, диаспоралық және көші-қондық саясатты, этносаралық қатынастар саласын және қазақтардың толеранттық мәдениетін зерттеуде пайдалы болуы мүмкін.

Кітапта отандық және шетелдік ғалымдар мен қоғам қайраткерлерінің сұхбаттары мен материалдары пайдаланылды, оларға көрсеткен көмектері үшін ризашылығымызды білдіреміз, олардың қатарында:

**Мұрат Әуезов**, Мұхтар Әуезов қорының директоры (Қазақстан, Алматы),

**Бейбіт Қойшыбаев**, жазушы, «Әділет» Қазақстандық тарихи-ағарту қоры директорының орынбасары (Қазақстан, Алматы),

**Дихан Қамзабекұлы**, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің проректоры (Қазақстан, Астана),

**Намазалы Омашев**, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің журналистика және саясаттану факультетінің деканы, Журналистика проблемаларын зерделеу орталығының директоры (Қазақстан, Астана),

**Муса Ташдилен**, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Сакария университеті, Түркия, Стамбул),





**Уямо Томохико**, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Славяндық зерттеулер орталығы, Жапония, Хоккайдо),

**Ирина Октябрьская**, Тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ресей ғылым академиясы Сібір бөлімшесі Археология және этнография институты этнография бөлімінің меңгерушісі (Ресей Федерациясы, Новосибирск),

**Қызырхан Шолпан**, Венадағы қазақ диаспорасы мәдени орталығының жетекшісі (Австрия, Вена),

**Әлия Алхан**, Қазақстан мәдени орталығының жетекшісі (АҚШ, Нью-Йорк).

Басылымда жұттың куәгері болған, басынан өткерген отбасылары жұт кезінде отбасымен Қазақстаннан Ауғанстанға көшіп кеткен **Талик Оңғарұлы** (84 жаста) және **Юсуф Жанайдарұлының** (76 жаста) сұхбаттары берілген. Қазір олар Стамбулда өмір сүріп жатыр. Қазақстанда мұндай сұхбат Бекмади Ахат Бекмадиұлымен (88 жаста) жүргізілді.

Қазақстан Республикасының Герман Федеративтік Республикасындағы елшілігіне, жеке түрде - Нұрлан Онжановқа,

**Әлемнің әр түрлі елдеріндегі қазақ диаспорасы өкілдері:**

**Атаман Енгинге** (Түркия, Стамбул),

**Гаффар Кесиджиге** (Түркия, Стамбул),

**Төлеухан Кеңесханұлына** (Қытай, Үрімші),

**Әбдірахман Уналанға** (Германия, Мюнхен),

**Айтер Гокайға** (Франция, Париж) көрсеткен көмектері үшін алғыс білдіреміз.

**Зерттеу барысында біздің достарымыз бен әріптестеріміз:**

**Кенан Куюджуклу** (Түркия, Стамбул),

**Хаяти Тюфекчиоглу** (Түркия, Стамбул) үлкен көмек көрсетті.

**Жобаны жүзеге асыруда көрсеткені көмектері үшін:**

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне,

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Консулдық бөліміне, жеке түрде — Зәуреш Қабдуалинаға,



Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республи-  
касындағы елшілігіне, жеке түрде – Ұлықбек Әбуалиге,

Қазақстан Республикасының Үрімші қаласындағы  
(ҚХР) төлқұжат-виза қызметіне, жеке түрде – Қайыржан  
Сарсебаевқа, Төлеген Бұрханға, Жалғас Мұратовқа,

Қазақстан Республикасының Герман Федеративтік  
Республикасындағы елшілігіне, жеке түрде – Нұрлан  
Онжановқа,

Қазақстан Республикасының АҚШ-тағы елшілігіне  
(Вашингтон), жеке – Ерлан Ыдырысовқа,

Қазақстан Республикасының БҰҰ жанындағы тұрақты  
өкілділігіне (Нью-Йорк), жеке түрде – Бірғаным Әйтімоваға,

Қытай Халық Республикасының Қазақстан  
Республикасындағы елшілігіне,

Герман Федеративтік Республикасының Қазақстан  
Республикасындағы елшілігіне,

Герман Федеративтік Республикасының Қазақстан  
Республикасындағы бас консулдығына,

Еуропалық қазақтар қауымдастықтары федерациясына  
(Германия, Мюнхен),

Стамбул қаласы Зейтунбурну ауданының мэриясына **алғыс  
айтамыз.**

Авторлар ұжымы материалдарды дайындаудағы көмегі,  
кеңестік қолдауы және мұрағат материалдарын іріктеуге  
қолқабысы үшін Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық  
университетінің проректоры, белгілі Алаш Орда зерттеушісі  
**Дихан Қамзабекұлына** ризашылығын білдіреді.

#### **Ұсынған мұрағат материалдары үшін:**

Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат  
министрлігі Ақпарат және мұрағаттар комитетінің Орталық  
мемлекеттік кинофотоқұжаттар мен дыбысжазба мұрағатына  
(Алматы қаласы),

Саяси құғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының  
«Алжир» мұражайлық-мемориалдық кешеніне (Астана қаласы),

Астана қаласының Мемлекеттік мұрағатына **алғыс  
айтамыз.**



Фильмді жасау кезінде **Дихан Қамзабекұлының, Ботагөз Рақышеваның** жеке мұрағаттарының материалдары, сондай-ақ «Азаттық радиосы» сайтының материалдары пайдаланылды.

«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ мен «Қазақстан халқы Ассамблеясының қоры» қоғамдық қорына алғысымызды айтамыз.

**Жобамен жұмыс істегендер:**

Ботагөз Рақышева — жобаның жетекшісі, әлеуметтану ғылымдарының кандидаты,

Айдос Сарым — жобаның қос жетекшісі, саясаттанушы,

Әбдіуақап Қара — жобаның ғылыми консультанты, тарих ғылымдарының докторы, шоқайтанушы (Түркия, Стамбул),

Каюм Кесиджи — жобаның ғылыми консультанты, саяси ғылымдарының докторы, Қазақ диаспорасын зерделеу орталығының жетекшісі, Еуропа қазақтары қауымдастықтары федерациясының төрағасы (Германия, Мюнхен),

Наталья Калашникова — саяси ғылымдарының докторы, Қазақстан халық Ассамблеясының ҰСК ғалым хатшысы, Қазақстан халық Ассамблеясының хатшылығының консультанты,

Светлана Кожирова — саяси ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Еуразиялық зерттеулер кафедрасының меңгерушісі

Айгүл Сәдуақасова — әлеуметтану ғылымдарының докторы Институттың ғылыми қызметкерлері:

Сергей Калмыков — философия ғылымдарының кандидаты,

Дамиля Бекетаева — әлеуметтану магистрі,

Гүлден Емишева — әлеуметтану магистрі,

Гүлден Шалова — әлеуметтану бакалавры,

Айнұр Мәжитова — әлеуметтану бакалавры,

Евгения Руднева — әлеуметтану магистрі,

Алуа Жолдыбалина — доктор Ph.D (саясаттану докторы),

Найля Ахметжанова — агрономия магистрі,

Әлеуметтанушылар:



Мөлдір Байтөре, Сабина Оразалинова, Дилара Асқарова,

Аудармашылар:

Әйгерім Манақбаева, Бөкейхан Қожабеқұлы Манақбаев,

Әдеби редактор:

Венера Адыханова, Сағат Махметовна

Операторлар:

Евгений Сатиров, Асқат Нұрекин, Батыр Әубәкіров.

**Бұл жобаның басты нәтижесі** деп Тәуелсіздік пен Бірліктің жалпы құндылықтарын саяси, экономикалық және әлеуметтік катаклизмдерге қарамастан тарихтың бұралаңдарынан аман алып өткен Алаш идеясының тереңдігі мен іргелілігін түсінгенімізді атауға болады. Алаш идеясы бүгінгі таңда өткен тарих емес, бұл Қазақстандықтар мен олардың ұрпақтарын қай жерде болмасын біріктіретін жанды уақыт рухы. Ол Қазақстанның шегінен шығып, рухы күшті ұлттың уақыт пен кеңістіктен тыс бейнесі болып табылады. Алаш идеясының тарихи құндылығы оның сабақтастығы мен Қазақстандықтардың жаңа ұрпақтарына арналған әлеуетінде.

**Ботагөз Рақышева, Айдос Сарым**



**Айгос Сарыммен Алаш идеясы туралы сұхбат**

*«Абай-ақпарат» қазақ интернет – кеңістігін  
гамыту Қоры» ҚҚ-ның вице-президенті  
(Алматы, Қазақстан)*

**МЕМЛЕКЕТТІК ИДЕЯНЫҢ РУХАНИ НЕГІЗІ**

Қазір жалпы қазақтың алаш қозғалысы-қазақтың сана сезімі, бүгінгі қоғамдағы ойдың сол кездегі қоғамдық оймен жалғасы. Сондай-ақ бүгінгі күні біздің тарихи жадының, тарихи жалпы сана сезімі бұйымының үлкен дағдарысы болып сезіліп жатқан сияқты. Менің ойымша, ол дағдарыстың басты себебі біздегі мына осы кезге дейін келген рухани тарихи сабақтастығының жоқтығы. Яғни, белгілі бір уақытқа дейін кеңес өкіметіне дейінгі, кеңес өкіметі кезіндегі жаппай қуғын-сүргіндері, ұлттық сананы жою деген сол саясаттың кесірінен болар. Бірақ шын мәнінде біздер өзіміздің тарихымызда болған көптеген оқиғалардың себеп-салдарын, мағынасын, мазмұнын ұмытып қалған сияқтымыз. Мысалы бүгінгі күні қазақтың тарихына түгелдей қарайтын болсақ, 16-17 ғасырдағы оқиғалар біз үшін жұмбақ. Бұл мәселе сол кездегі қазақ көшпенді болды, яғни оның тарихи жазбалары, мұрағаты жоқ деген әңгімеден туындамайды. Ол жалпы атадан балаға келетін бұйымдарда бар, ал үлкен рухани сананың ішінде алатын орны ерекше. Бізге жақында осыдан бірер жыл бұрын қазақтың жақсы философ тарихшысы деген жігіт екеуіміз бірге отырып, қазақтың 1456 жылғы тарихынан бастап, бүгінге дейінгі тарихын таблицаға салып, «Сол кездегі рухани қоғамдық ойдың, рухани қоғалыстардың қандай белестері болды, қандай жақсы тізгіндері болды» деген тақырыпта үлкен зерттеу жасаған болатынбыз. Сонда бір байқағанымыз, қазақтың тарихында негізі бір 4-5 идеяның төңірегінде айналып келе береді екен. Яғни айтқалы отырған ойымыз, жалпы үлкен бір қағидат бар, ол ешқандай тарихта идея деген нәрсе ешқашан өлмейді. Ол-мәңгі нәрсе. Бәлкім, оның айтылуы, жазылуы мен қоғам ішінде алып отырған рөлі бәсеңдетілуі мүмкін, бірақ идея ешқашан өлмейді. Менің түсінуімше, бұл сол 4-5 идеяның ішіндегі ең үлкен маңыздысы. Ең бастысы Қазақстан тәуелсіздігінің 20 жылдығы кезінде көп айтылатын әңгіме болу керек деп есептеймін. Ол - мемлекеттік идея мен азаттық идеясы.



Мысалы бүкіл жырауларымыздың, ақындарымыздың, тарихта болған хандарымыздың, билеріміздің біздегі қозғалыстардың, көтерілістердің - бәріне келетін болсақ, шын мәніндегі ең үлкен 2 идеясы-осы. Тәу еткен тәуелсіздігіміздің де мән-мағынасына жете мән бере бермейтіндігіміз соншама, тіпті ол журналистік стереотип, штамп сияқты болып кетті. Көп жағдайда оның мақсат мағынасына бара бермейміз, бірақ шын мәнінде ол - өте үлкен құдіреті, үлкен қасиеті бар ұғым.

Осы тұрғыдан алған кезде өзіміз бүгін әспеттеп жүрген алаш идеясы осы мемлекетшілдік және азаттық идеясының табиғи заңды жалғасы, мұрагері деуге болады. Мысалы, 19 ғасырдың алғашқы жартысында, тарихшылардың айтуынша Қазақстанда 300-ге жуық көтеріліс болған дейді. 1860 жылдары Даланы реформалау деген орыстың заңдары қабылданған болатын. Содан кейін біраз уақытқа дейін бір үмітсіздік кезеңі дейміз бе, өзімен өзі бүкіл рухтың сынып кеткен кезі болған сияқты болып елестейді. Аса үлкен саяси қозғалыстар жоқ, бір үлкен керемет көтерілістердің дүмпіні де байқалмады. Қазақ өзімен өзі тұрып, күмөнданып келгендері тарихта қараңғы кезең сияқты болып қалады. Мұрат Әуезов ағамыз бұл тақырыпты жақсы айтып бере алады. Қазақ қоғамы, қазақ қауымы бұл тақырыпты өзі табиғи тұрғыдан өзін болашақта келе жатқан сын кезеңге дайындағандай болды. Бұл кезде Абайдың дүниеге келуін үлкен жетістік деп есептеймін. Яғни жаңа бағыттың пайда болуын әдеби саяси-философиялық деуге болады, Мысалы, қазақ зиялылары, сол кездегі қазақтың Алаш азаматтары Абайды бекер қазақтың бас ақыны деген жоқ. Егер кезінде Достоевский мен Пушкинді орыстың бас ақыны деп санаса, сол Алаштың азаматтары Абайды да қазақтың бас ақыны деп санаған. 1909 жылы Петерборда С. Торайғыров, Әлихан Бөкейханов ең алғашқы қадамдары ретінде, қазақ газеті болмаған кездің өзінде, ең бірінші істеген тіршілігі Абайдың алғашқы өлеңдер жинағын шығарды. Бұны аса зор символизмы бар, үлкен бір мақсатты қадам деп есептеймін. Осы кездері Абайдың кітаптарын, Абайдың өлеңдерін, Абайдың қара сөздерін оқып, соған құлшынып келген жаңа ұрпақтың ұмтылысын манифест іспеттес үлкен дүние деп есептейміз. Сол кезден бастап, 1909 жылы Абайдың кітабы шықса, содан



кейін қоғамдық ойдың өсуінің негізі Абайдан келеді деп бекер айтпаймыз.

«Айқап» журналы 1911 жылы дүниеге келді. Биыл 100 жылдығы. Одан кейін 1913-ші жылы «Қазақ» газеті, 16-17 жылдары «Қазақстан» газеті және басқа газеттер дүниеге келді. Тағы да бір мынадай мәселе әлі күнге дейін біздің түсініктер бойынша Қазақстанды бір ойық-ойық бөлінген мемлекет ретінде, қоғам ретінде қарап отырсақ, шын мәнінде қазақ халқы о бастан-ақ сонау Алтайдан бастап, қазіргі Қара теңізге дейінгі аймақта тұрған. Алаш жұртшылығы, Алаш қауымы бір рухани орталықта, бір тілде, әдеби тілде сөйлеген. Яғни оның ішінде ешқандай үлкен ойық немесе жаңағыдай санадағы үлкен бір айырмашылық болған жоқ деп есептейміз. Мысалы, өзіміз таң қаламыз бүгінгі күні Өскеменнен шығып, Атырауға поезбен жету үшін 3-4 күн кетеді. Ол кезде коммуникация тіпті басқа, мысалы Орынбордан Ақмешітке дейін немесе Орынбордан Семейге жету үшін айлап уақыт кететін. Соған қарамастан сол кездегі қазақ қауымының феномені бір рухани орталық, ерте ме, кеш пе барлық жаңалықтар бүкіл қазақтың отырған жеріне жетіп отырған. Және бір рухани жағдаймен өсіп отырған. Кезінде Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов сынды ақындар патша өкіметін сынға алды деп айыпталып, патша өкіметі оларды түрмеге қамаған кезі бар, екінші кезекте мына «Қазақ» газетіне үлкен айып пұл салып, оны шығармай қою деген үлкен саясат болған кезде, бүкіл қазақтың даласы, оның ішінде мына Шынжаң жақтағы тұрып жатқан қазақтар, байлар малын сатып, ақша жинап, сол азаматтарын, біріншіден, абақтыдан алып шығып, екіншіден, «Қазақ» газетінің әрі қарай шығуына қаржы тауып берген. Осы бір кішкентай ғана мысал, осының өзінен үлкен ойды аңғаруға болады. Себебі бүгінгі күні кез-келген қазақ газеті жабылып жатса да, дәл сондай қазақ қауымы көтеріліп, жаңағыдай үлкен көмек бере алады, соны ақтап, абақтыдан шығарып алады немесе жаңағы газеттің шығарылуына әрі қарай қаражат жинайды дегенге өз басым сене қоймаймын. Дәл бүгінгі күні сол санадағы өзіміздің тотаритарлық замандағы, отарлық заманнан қалған үлкен қиянаты бар, басқасы бар, қоғамдық азаматтық белсенділік деген қоғам ретінде азайып кетті. Бұл енді алдағы уақыттағы бүкіл қазақ партиялары немесе қоғамдық қозғалыстар



болсын, тарихшылардың, зиялы қауымның басты міндеті-осы азаматтық белсенділікті, жауапкершілікті ояту деген ой. Яғни осы Алаштың тарихына қарап, көп нәрсені түсінуге, ұйғаруға болады. Екінші үлкен мәселе, біз мынаны түсінуміз керек, бүгінгі күні менің өзімнің пікірім, кейбір азаматтарымыз келісе қоймас, оның ішінде осы деген азаматтар алаш идеясын жалпы алаш орда өкіметі қозғаған жаңағы үлкен маңызы бар құжаттар, соның көтерген мәселелері, оны бүгінгі күнде әрі қарай дамыту керек деген сияқты түсініктер бар. Біріншіден, біз мынаны түсініп алғанымыз дұрыс сияқты, бұл кездегі алаш орда өкіметі, алаш орданың зиялы қауымы, сол кездегі алаштың зиялысы көтерген мәселе, ол сол уақыттағы қазақтың отар болып жатқан кезіндегісі және енді ең озық пікірі, қоғамдық ойдың ең үздік үлгілерін көрсеткеннің өзінде ол бүгінгі күні келе ме, келмей ме деген үлкен әңгіме бар. Яғни басты мәселе, біздер кез келген нәрсені фундаментальдық тұрғыдан қарасақ та, фундаменталистік тұрғыдан қарамауымыз керек. Мысалы, қазақ съезінде көтерілген бірнеше мәселелер бар, жер мәселесі және басқа мәселелер. Ол бүгінгі мәселеге сай келе бермейді. Шын мәнінде, осы кездерде Алаш зиялылары, Алаш азаматтары көтерген идея, жалпы идеялық тұрғыдан алып қарағанда, социал-утопистік социалистік тұрғыда сол кездегі түсінікке, қоғамға сай келетін еді. Қоғамның өзінің сұранысынан, ішкі талабынан туындаған мәселе, оны саяси бағдарламасы деуге болады. Ал бүгінгі күні, біріншіден, ол тарихи мұра, екіншіден, - саяси мұра. Саяси мұра - ең басты бізге қажеттісі, ол қазақтың мемлекеттік, азаттық мәселесі және өзін-өзі толық қанды асырай алатын, өзін әрі қарай дамыта алатын қоғамның мәселесі. Яғни бүгінгі тәуелсіздік заңнама сол кездегі ойдың ішіндегі ең бастысы, осындай 3-4 идеяның негізгісі. Азаматтардың сол кездегі Жапонияға еліктеуі. Мұхтар Әуезовтен бастап, барлық адам Жапонияға сол кезде ерекше бір көзқараспен қараған, осы мемлекет сияқты дамуымыз керек деген оймен үлкен-үлкен мақалалар, әңгімелер жазған. Себебі, ол кезде үлкен Азиядағы жалғыз тәуелсіз мемлекет Жапония болды. Және де оның басты ерекшелігі, ол өзінің ұлттық дәстүрінен, ұлттық тарихынан шыққан, өзіндік қасиеттерін сақтай отырып, модернизацияға қадам басқан мемлекет болды. Яғни Абайдан бастасақ, алаш





орданың азаматтарын еске алсақ, бүгінгі күні кейде өзіміз де таңданамыз. Осы аталарымыз қандай көреген болған, сол кездің өзінде дәл бүгінгі күннің мәселесін айтып отыр ғой деген сияқты әңгімені кейде жиі айтамыз. Ол неліктен туындап отыр? Өйткені қазақтың тағдырындағы үлкен трагедия - қазақтың тарихында бірде-бір модернизациялық жоба аяғына дейін жеткізілмеген. Ол қазақтың кінәсі емес, ол кезде отарлық кезең, содан соң тотаритарлық кезең болды, жаңағы модернизациялық жобалардың әрқайсысына балта шабыла берді. Бүгінгі күні бізде бір тарихи реванш алуға мүмкіндік бар сияқты. Яғни біз Абайдың өсиетін, алаш ордалықтардың үмітін ақтаймыз десек, бүгінгі күні басталған модернизацияны соңына дейін аяқтап жеткізуіміз керек. Оны саяси экономикалық әлеуметтік модернизация дейміз. Яғни саяси тұрғыдан демократиялық қоғам құру, экономикалық тұрғыдан өзін-өзі ақтай алатын, өзін-өзі асырай алатын экономикасы жағынан мүмкіндігінше өзіміздің тәуелсіздігімізді әрі қарай дамытып, оны үлкен табыстарға жеткізу - біздің міндетіміз. Егер осыны ақтай алмасақ, бүгінгі күні өзіміздің таңдайымызды қағып жүрген алаш азаматтарының мақалаларын, жазғандарын, айтқандарын біз тарихи жағдай ретіндегі қалыпта ғана меңгереміз. Өкінішке орай, сол кездегі аяқталмаған көптеген істер, бастамалар аяқсыз қалғандықтан, бүгінгі күні әлі де өзекті, басты мәселе деп есептеледі. XX ғасырдың басындағы алаш зиялылары - өз заманындағы еуропалық деңгейде білімі бар, көбісі энциклопедиялық білімі бар, шынымен, таңданарлық үлкен тұлғалар. Азаматтығы, мінезі өз алдына, алаш трагедиясына ол кезде екі үлкен жол болды. Біреуі - шайқасып елден шығып кету. Шоқай сияқты азаматтар мүмкіндігінше елде қалып, жүректе жүрген ойларын қағазға түсіріп, барынша халыққа сол азаттық мемлекеттік идеялерін халыққа сіңіре білу керек деген таңдау болған тәрізді. Бұл, әрине, менің түсінігімше. Сонда 20-жылдары Кеңес өкіметі жеңіп, оның енді елді басқаратындығы анық болған кезде, сол кездегі бүкіл алаш азаматтарының тілге тиек етер тақырыптары екі салада: біреуі - білім беру саласы, екіншісі - оқу-ағарту, мәдениет пен ғылым саласында болды. Ол - бүгінгі күні жазушы қауым үшін, біздің драматургтер үшін табылмайтын, таптырмайтын үлкен тақырып. Оны өзімізге де елестетіп көруге болады.



Мысалы, қараңғы үйде сол кездегі алаш азаматтары жиналып, ал, жігіттер не істейміз, елдің тағдыры не болмақ, біз қайтеміз деген төңіректе әңгіме жүргізілді дейік. Сонда жаңағыдай таңдаудың алдында тұрған кезде біраз азаматтар шетке шығып жатса, алаштың біраз азаматтары Шыңжаң жаққа шығып кетті. Сонда халық мұның бір жолы, арпалысып өлуге болады, - деп ойлады. Бірақ одан халық не ұтады, қай жерінен ұтады, - деген сияқты әңгіме қозғаған кезде, көбісі саналы түрде түбінде атылатынын, қудаланатынын біле отыра, жаңағыдай қадамға барды. Сол кезде әрқайсысы бөлініп-бөлініп, кезек-кезек әр сала бойынша оқулықтар жазды. Бұл бүгінгі күнгі біздің ортақ әдеби тіліміздің қалыптасуына, бәрімізге ортақ, бүкіл қазаққа тең жадымыздың қалыптасуына үлкен ықпалын тигізді. Жалпы сол кездегі тәуелсіздіктің, азаттықтың идеялары жерге еккен дән сияқты өзінің кезеңін күтіп жатты. Өкінішке орай, сол кездердегі қуғын-сүргіндер, 20-30 жылдардағы алапат аштық қазақ халқының **2/3** қырған болатын.

*Сұхбатты өткізген Гүлден Емишева  
Алматы, 2010 жыл*



*Мұрат Әуезов,  
Мәдениеттанушы, Мұхтар Әуезов қорының директоры  
(Алматы, Қазақстан)*

## МӘҢГІЛІК АЛАШ

Қазақстанда Алаш Орда феноменінің зерттелуі - бұл өте жақсы жоба және де бірінші жыл зерттеліп отырған жоқ, ірі зерттеушілер бар. Олардың ішінде әлбетте, бұрын Алаш Орда тақырыбы ресми қолдау таппаған кезде өз зерттеуін бастап, бұл бағытта жүйелі іргелі жұмыс істеп жүрген Мәмбет Қойгелдиев бар. Бұл жобаның тағы бір жақсы қыры Алаш Орда идеясының ареалы Қазақстан аумағында ғана емес, одан да кең қарастырылуында. Алаш Орда туралы айта отырып, тағы да ұлы Абайға ризашылық білдірмеуге болмайды. Ол кемеңгер ақын ғана емес, сонымен қатар ұлы ойшыл. Оның философиялық эсселері, өлеңдері мен әндері қазақтардың жаны мен санасына әсер етуші үлкен күшке ие еді. Ол онда жай Шыңғыс тауының ұлы, тобықты ретінде ғана емес, жалпы ұлттық ауқымдағы рухани көшбасшы ретінде көрінді. Оның халыққа қаратпаларына далада пікір айтылып, біздің халық ретінде өзінің мәдениетімен және руханилығымен бірге сақталып қалуымызға көмектескен адамдардың саңлақтарын дайындады. Сенім, әрине халықты сақтайды, бірақ тарихта оны тек үлкен білім ғана құтқара алатын қиын кезеңдер де болады. Санаға табыну, білімге табыну Абайдың аузынан нанымды естілді, және дала да оның үндеуіне үн қатты. Орта табысты адамдар да өздерінің балаларын мектепке жіберген. Сол кезде Қазақстанда Торғай мектебі сияқты ағарту ошақтары пайда болды. Ол жерде өз кезінде Ыбырай Алтынсарин жақсы жұмыс істеген еді. Немесе Баянауыл мектебі, немесе Жетісудағы Мамания. Жаңа меценаттар балаларға білім беруді азаматтық борыш деп түсінді. Верный қаласында Жетісу губернаторы Г.А. Колпаковский қазақ халқының ұлдары мен қыздары оқуға алынған мектеп ашты. Ол бұл жерде олардың оқуларын қаржыландырды, оған қоса сол оқу орынының түлектері кейін Петерборда оқыды. Олардың ішінде кейбіреулері Ресей аумағынан тыс, Еуропада оқыды. Толықтай Абайдың үндеуіне сәйкес, олар Отаны үшін білім іздеді, міне, Алаш Орданың осындай рухани әлем құрушы ерекшелігін ұмытпау қажет. Абай айқын білдірген «қазақтың



халық болу немесе болмау» мәселесінің өткірлігін бұл адамдар жақсы сезінді. Биік жұлдыз оларды жоғары руханилық, шынайы білім арқылы өз халқына азаматтық қызмет ету жолына жетеледі. Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Мұстафа Шоқай, Мұхамеджан Тынышпаев, Мағжан Жұмабаев – ұлы есімдердің бүтін шоқтары. Бұл ренессанстік үлгідегі адамдар болды. Қазақта «сегіз қырлы, бір сырлы» деген тамаша сөз бар. Бұл адамдар қиын-қыстау заманда өз Отанына қызмет етті. Олар Қайта өрлеу кезеңіндегі адамдар сияқты көп қырлы болды. Әлихан Бөкейханов ірі саяси қайраткер болған. Ол, айталық, қазақ эпосы туралы мықты гуманитарлық мәтіндер жазған. Оның «Қобыланды» эпосына жасаған талдауы – іргелі, терең, сонымен қатар әсем. Ол нақты істе кәсіби шебер, оған қоса, кең ой-өрісті адам болды. Ірі ұйымдастырушы, табанды, жігерлі Ә.Бөкейханов ортақ іске адал жақтаушыларын таба алатын.

Ахмет Байтұрсынов – дарынды ағартушы, тамаша ақын және публицист. Ол араб графикасының қазақша нұсқасын құрды, қалғып жүрген, ұлттық болмысты танытуға, халықты оятуға үндеген «Маса» журналын шығарды.

Сонымен қатар, әрине ұлы Мұхамеджан Тынышпаев. Қазақстан үшін жолдардың маңыздылығын түсіне отырып, темір жол салған инженер, оған қоса, 1916 жылдағы көтеріліс туралы бай материалдардың және қазақ хандарының тарихы жөніндегі тарихи кітаптардың авторы.

Олардың әрқайсысы туралы көп айтуға болады. Бұл бір-бірімен тығыз қарым-қатынас жасаушы адамдардың ортасы болды және осы бір-бірін өзара байытуға, алға қойған істерін ауқымды және жарқын жүзеге асыруға көмектесті. Олардың ішінде поэзиясы адамдардың сезіміне сиқырлы әсер ететін Мағжан Жұмабаев та болды. Мағжан да өте жақсы білім алған. Ол қазақ болмысына жалпы түркі тағдыр мен жалпы түркі мәдениеті тұрғысында қарады. Оның Әмір Темірге арналған танымал өлеңі бар: «Көк аспан тәңірінің тұқымы жоқ, заты жоқ, жер тәңірісі Темірдің тұқымы түрік, заты от». М. Жұмабаевтың түркі өзіндік бірегейлігі қазір де маңызды. Орталық Азия аймағы күрделі геосаяси жағдайда – Қытай, Ресей, Америка Құрама Штаттары. Бізге деген ынтық алыптардан Орталық Азиялық ынтымақтастық керек. Бұл Алаш Орданың негізгі



идеяларының бірі, мұны ұмытпауымыз қажет. Мұхтар Әуезов Алаш Орданың рухани ізденістерінің үлкен ықпалында болды. 20 жасында ол «Жапония» деген мақала жазған. Бірнеше жыл өткен соң ол жақында қайта басылды. Бұл мақала Алаш Орданың идеяларының әсерімен жазылғаны белгілі. Сол кезде Алаштың көшбасшылары Батыс экспансиясына қарсы тұра алған еуразиялық кеңістіктегі мемлекеттердің мысалдарын іздеді. Мұндай елдердің ішінде азиялық кеңістікте 1861 ж. Мэйдзи реформалары жүзеге асырылған жалғыз Жапония болды. Жапондық жағалауларға ағылшын канонеркалары тақап келген еді. Ол жағдайда мықты, құдіретті феодалдар — сёгундер толық билікті Жапонияның бірінші императорының 125-ші ұрпағы он жеті жасар императорға берді. Сол кезде Жапонияның ұлттық идеясы қалыптасты: жапондық аралдар, жапондықтар, император. Жас Мұхтар Әуезов олардың білім бағдарламаларына ерекше мән бере отырып, Мэйдзи реформаларын толғанып талдайды. Жапония сол тарихи кездерінде өздерінің жас адамдарын көп мөлшерде Германияға, Еуропаның басқа елдеріне оқуға жіберді. Нәтижесінде, XX ғ. басында жапондықтар өздерінің мүдделерін жақтай алатын ұлт болды. Бұл үлгі Алаш Орда көшбасшыларына қажет еді. Жапонияның тартымды тәжірибесі туралы Мұхтар Әуезов қана талқылаған жоқ. Ол туралы М. Дулатов, Ә. Бөкейхановтар да жазды. Кейін қуғын-сүргін толқыны келген кезде қазақ интеллигенциясының көптеген өкілдері Жапонияға тыңшылық жасады деп айыпталды. Тыңшылық, әрине болған жоқ. Бірақ, Алаш адамдарының Күншығыс еліне көңіл соққандығы анық.

Олардың дүниетанымына XIX ғ. екінші жартысында маңызды реформаларды жүзеге асырған Түркия едәуір әсер етті. Түрік тарихында сол кезде есімін есте сақтау қажет белгілі қайраткер болды. «Тұранның алтын алмасы» поэмасының авторы, философ және ақын Зия Гёк Алып. Онда мынадай жолдар бар: «...өзбек те жоқ, ноғай да жоқ, қазан татары да жоқ, тек бір ұлт қана бар — ол тұран ұлты». Тұран — түркі халықтарын бірлестігінің символы. Баку, Қазан арқылы Түркияда болып жатқан рухани ізденістер қазақ даласына жетті және Алаш Орда ризашылықпен қабылдады.

Орталық Азия аумағында Алаш Орда тәрізді қабілетті және жоғары мәдениетті басқа партия болған жоқ. Алаштың



адамдары бір-бірін жақсы білді, рухани байытып отырды және тәрбиелеп, дамытты.

Ресей үшін аласапыран кезеңде, Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін олар қазіргі Қазақстанның аумағын құраған қазақтардың жерге құқығын түсінікті және нақты дәлелдеп берді. Саны аз, бірақ рухы ұлы олар тәуелсіз Отанының аумағын ұрпақтарына мұраға қалдыра алды. Олардың әсерінің шеңбері тек Қазақстан аумағымен шектелген жоқ. Олар қатарынан бірнеше журналдар шығарды. Қайғылы жағдайлардың әсерінен XX ғ. бірінші жартысында қазақтың едәуір бөлігі басқа елдерге кетіп жатты. Әрине, олар бойтұмар ретінде еркін ой рухы суарылған сол журналдарды өздерімен бірге ала кетті.

Сонымен қатар, мен Мұхтар Әуезовтың данышпандық повесі «Қилы заман» туралы бірер сөз айтқым келеді, ол орыс тіліне «Лихая година» деп аударылған. Бұл повестің қолжазбасының бірінші оқырманы Ахмет Байтұрсынов болды. Бірінші басылымынан кейін «Қилы заман» қырық жыл тыйым салуда болды, сосын Ш.Айтматов, Ә.Шәріпов және Александр Твардовскийдің азаматтық ерлігінің арқасында А.Пантиелев аудармасымен «Жаңа әлем» («Новый мир») журналында орыс тілінде басып шығарылды. Повестке алғы сөз жазған Айтматов антиколониалды әдебиеттің ең мықты туындысы деп атады. Лев Николаевич Толстойда ол - данышпандық «Война и мир» және «Хаджи Мурат» туындылары. Шығармашылық әлемнің екі шыңы. Ал Әуезовте - «Абай жолы» және «Қилы заман». Өкінішке орай, орысша аудармасында анықтылық жоқ, қысқартулар бар. Аудармашы өмірден өткен Мұхтар Әуезов үшін абай болып, оны пантюркизмге айыптауынан құтқарғысы келді. Повестің түпнұсқасында қазақтар әрекет етеді, сонымен бірге, жазалаушылардың жоспарлары туралы көтерілісшілерге хабардар етуші қырғыздар да, тіпті өзбек те бар. Басқаша айтсақ, әңгіме 1916 жылғы Орта-азиялық көтеріліс туралы болып тұр. Бұл мағынада Алаш Орданың бейбіт тұжырымдамаларына құрылған. Әлбетте, шетелге өздерімен бірге журналдарды да ала кеткендер Алаш Орда идеяларының кең аумағын тасыды. Батыс Қазақстанның жартылай шөл дала жерлерінде ұзын емес, шоқ түсті бұйырғын — шөбі өседі. Оның діңі қатты және ол тамырларын жерге тереңге жаяды.



Түйелер бұл шөпті жейді, бірақ ол мәңгі. Қазақ халқының еркін сүйгіштігі маған бұйырғын шөбін еске түсіреді.

Алаш Ордаға қазақ тарихының тамырлық жүйесіне терең үңіле отырып, тарихи тақырыптарға маңызды зерттеулер мен поэмалар жазған Шәкәрім ерекше әсер етті. Ол өте білімді адам болатын. Оның жазбаларында Платонның, Аристотельдің және Әл-Фарабидің есімі мен еңбектері үйлесімді кездеседі. 30-жылдардағы ашаршылық, 37-жылдағы қуғын-сүргін, соғыс, 51-жылдағы қуғын-сүргін, тың игеру, осының барлығынан кейін біз ессіздікке ұрына бастадық. Әл-Фараби көптеген жылдар бойы - ұмытылып, ұлы философтың 110-жылдығы қарсаңында Ақжан Машанов (ол да біздің ұлттық рухымыз тамыр салған топырақтан шыққан өлмес жандардың қатарынан) араб елдеріне барып, Әл-Фарабидің әдебиеттерін алып келді. Және Әл-Фараби есімінің қайта жандануы – Х-ХІ ғасырлардағы түрік интеллектуалдық оазисіндегі Отырар тумасының көрнекті туындыларын аудару, пікір айту, зерттеу басталды. Оған қоса, алашордалықтар Әл-Фарабидің атын ғана пайдаланбай, негізінен оның философиялық мұрасымен де таныс болды. Көшпенді жолға артық нәрсе алмайды. Бірақ әрқашан өзімен бірге ежелгі шиыршық қағаздарды, араб графикалық қолжазбаларды, шежірелерді алып жүреді, өзінің жадында аңыз, эпос, өзінің мәдениетін алып жүреді. Осының бәрін жаңа мекендейтін ортасында сақтай алады.

1969 ж. қытай-кеңес шекарасынан қолында қаруымен Айтан Нүсіпхан өтті. Қытайдағы мәдени төңкеріс кезеңінде ол Шыңжаң аумағындағы қытай үстемдігіне қарсы қазақ және ұйғыр жастар қозғалысының көшбасшысы болды. Маған онымен соңғы өміріне дейін дос болу бақыты берілді. Ол ұйғыр және қытай тілдерін жетік меңгерген, жоғары білімді адам еді. Өзінің қазақ тілімен ол Асқар Сүлейменов, Төлеген Тоқбергенов, Зейнолла Серікқалиев сияқты қазақ тілінің асқан шеберлерін таң қалдырды. «Жас Тұлпар» патриоттық ұйымы құрылған. Мәскеудегі бірнеше жылдық оқудан кейін біз елге орала бастадық. Және бұл жерде жастұлпарлықтар еркін ойлы қазақ интеллигенциясының бірігуі, тұтастығы болды. Бұл ортаға Айтан еніп кетті. Бәрімізге проблемалық Отан ретінде Қазақстан үшін күресу қажеттігін сезіну тән болды. Алаш Орда



туралы сараң, бірақ келіп жатқан ақпарат оның бағдарламасы мен әрекеттерінің жақындығын сезіндірді.

Қазіргі кезде КСРО МҚК және ҚазССР МҚК мұрағаттарында сақталған «Жас Тұлпар» әрекеттері туралы құжаттардың бір бөлігі баспадан шығарылған. Онда біз айтқан, жүзеге асырған және әрекеттер туралы көп жеткізілген. Сол кезде біздің қозғалысымызды талқандату жөнінде үлкен науқан дайындалып жатты, бірақ оған Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев тосқауыл қойды. Біз бұл үшін оған ризашылық білдіреміз. Қонаев, әрине партиялық функционер, Кеңес Одағының құрылымындағы ірі мемлекеттік қайраткер болды. Сонымен қатар, ол студенттік өмірі Мәскеуде өткен адам болды. Ол театр, көркем өнер көрмесімен рухани сусындаған және сонымен қатар, жас кезінен Мағжан Жұмабаевтың өлеңдерін жақсы білген, Мұхамеджан Тынышпаевқа ұқсауды армандаған. Бұл да Алаш Орданың, кәсіби және білімді адамдардың әсері.

Алаш Орда туралы айтқан кезде академик Сайым Балмұхановтың есімін атауды өзімнің борышым деп санаймын. Дарынды ғалым, 1960 жылдары ол Онкология институтының директоры болған және шетелге шығу мүмкіндігі болды. Сол кезде шетелге шыға алатын адам аз болған, шекарадан өту қатаң бақылау арқылы жүретін. Міне, ол үлкен тәуекелге барып, 1944 ж. шыққан «Милли Мәдениет» деп аталатын журнал алып келді. Журнал түрік легионында шығарылды. Айтпақшы, оны ашуға Мұстафа Шоқай маңызды рөл атқарды. Онда Қазақстанда қуғын-сүргінге ұшыраған, атын атауға болмайтын Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Мұстафа Шоқайдың өзі сияқты адамдардың поэмалары, өлеңдері, эсселері болды. Онымен қоса, «Милли Мәдениет» қуғын-сүргінге ұшыраған өзбек және қырғыз ақындарының да шығармаларын жариялаған. Сол тамаша журнал бізге жаңа әлемді ашты.

Айтан Нүсіпхан Мұстафа Шоқай атындағы сыйлыққа номинацияланды. Бірақ, лауреат болып үлгермеді, белгісіз жағдайда дүниеден өтті. Мұстафа Шоқай еңбектерін ол терең зерттеді, оларды түрік баспасынан шығарып қазіргі қазақ тіліне, қазақ графикасына аударды. Айтанның Мұстафа Шоқайдың жазбаша мұрасына қызығушылығы тегін емес. Ол қызыл империяға қарсы ойлаған және жазған Шоқайдың еңбектерінен антиқытайлық күресте құрылған өзінің саяси





көзқарастарының жақындығын көрді. Олардың екеуінде де Алаш Орданың құрбандық және батырлық рухы өмір сүрді. Олардың тағдырлары ақиқатты көрсетеді: күресуші қазақ санасы бар жерде міндетті түрде Алаш Орданың идеяларын ұмытудан бас тартпайды. Қазақ қай жерде болмасын, өзінің қазақ екендігін сезіне бастаған кезде, ол ұлы алашордалықтардың еңбектерін іздейді және табады. Осыған ұқсас жағдай қазіргі кезде де болып жатыр. Қазір Батыс Еуропа елдерінде ұзақ уақыт тұруды көздейтін қазақтардың саны көбейіп келеді. Олар өз араларында қарым-қатынас жасайды және Отанын ұмытпайды. Лондонда «Шәкәрім» бүкіләлемдік симфония премьерасы өткізілді. Әкелі-балалы Медғат пен Шыңғыс Құлжановтар бұл премьераны қаржыландырды. Шәкәрімнің шығармашылығы алашордалықтарға жақсы таныс болды және жоғары бағаланды. Лондондық премьерара Прагадан біздің біртуар жазушымыз, қазір Қазақстаннан алыс, интеллектуалдық және көркем сападағы кітаптар жазатын Мұхтар Мағауин келді.

Бұл кездесуде Голландиядан келген менің қызым Зифа Әуезова да болды. Ол — Орталық Азияны зерттеушілер еуропалық қоғамының президенті. Негізгі білімі бойынша арабист, ол Махмұд Қашқаридың «Диуани Лұғат-ат-Түрік» атты данышпан туындысын орыс тіліне аударды. Махмұд Қашғари ХІ ғ. түркі халықтары өмір сүрген жерлерді аралап шыққан. Ол олардың мақал-мәтелдерін, поэзия үлгілерін ұқыптап жинады. Түріктерді біріктірді және араб тілінің басымдығынан түркі халықтарын алып шығуға үлкен үлес қосты. Бұл іс-әрекет рухы жағынан алашордалықтардың ісіне таныс және жақын болды. Олардың еңбектерінде Махмұдқа көптеген сілтемелердің болуы тегін емес. Зифаның өзінің гуманитарлық өрісіне Махмұд Қашғариды, қазіргі Қазақстан аумағының шекарасын негіздеген Алаш Орда тарихын енгізуі кездейсоқ емес. Алашордалықтар әлемге кеңірек қараған. Қашан да осылай болған: адам өзінің әлемінде тұйықталып қалған кезде, ол Отаны үшін күресу қабілетін жоғалтады. Алаш Орданың кемеңгер жігіттері толерантты болды, олар көп оқыған, аударған, әлемдік рухани құндылықтарға таңданып жүрген. Бұлар түрлі сословиелерден шыққан болса да, рухани ақсүйектер болды. Олардың рухтары от-жалында шыңдалған. Бұл үрдіске біздің эпосымыз,



музыкамыз, ою-өрнектеріміз, ұлы Абайымыз қатысты. Қазақ ұлттық рухының квинтэссенциясы — Алаш Орданың рухани әлемі, міне, осы. Және бұл — мәңгі, өшпес құндылықтардың қатарынан.

Ахмет Жұбанов — тамаша композитор, көрнекті лингвист, қуғын-сүргін жылдары атылып кеткен Құдайберген Жұбановтың ағасы. Әдебиет көкжиегінде Қадыр Мырзалиев және Тұманбай Молдағалиев сияқты жас дарынды ақындар пайда болған кезде Ахмет Жұбанов оларға бақшада кездесуді ұсынып, оларға тыйым салынған Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян», «Қойлыбайдың Қобызы» поэмаларын жатқа оқитын болған. Осылайша *бұйырғын* шөбі өседі, осылайша, жеңімпаз руханилық әрекет етеді.

Мағжан Жұмабаевтың жесірінің аты Зылиха болатын. Сонымен қатар, оны Қара кемпір атаушы еді. Ол өте сұлу, піскен шиедей қараторы болатын. Ол Мағжан әлі ақталмаған кезде оның ақындық мұраларын ерлікпен жинақтаған. Ғаббас Қабышев — әдебиет қорының (литфонд) директоры, Олжас Сүлейменов, Сатымжан Санбаев және мен әрбір жалақымыздан он рубльден жинап, гүл алып, Зылиха апайға барып, гүл табыстап, осы ақшаларды беруші едік. Мағжанның жинақталған өлеңдері мен поэмалары үш дана басылып шығарылды. Өзімнің данамды Асқар Сүлейменовтың кеңесімен сол кезде жарқын, өзін көрсете білген жас әрі дарынды ақын Иранбекке бердім. Алаш Орда идея ретінде уақыт шекарасын білмейді. Адамдарды халық етіп, ал халықты толерантты, өмірге бейімді ұлтқа айналдырады.



**Бейбіт Орынбекұлы Қойшыбаев,**  
*Қазақстан «Әгілет» тарихи-ағарту қоғамы төрағасының  
бірінші орынбасары, жазушы, тарих ғылымдарының кандидаты  
(Алматы, Қазақстан)*

## **АЛАШ ИДЕЯСЫ ӨЛМЕС МҰРАТТАР САНАТЫНДА**

Алаш идеясы, Алаш фәлсафасы патша заманындағы жаңа тұрпатты күрес белесінде туды. Қазақ елі Ресей империясының отары болып тұрған кездегі азаттық қозғалыспен бірге ұшқындай келе, біртіндеп, іргелі тұжырымдамаға айналды.

Тарихтан белгілі, қазақтар отаршылдар озбырлығына қарсы ХІХ ғасырда 300-ден астам ұлт-азаттық көтерілісіне шыққан. Ал ХХ ғасырдың басынан бастап, сол ұлттық қозғалыс дамудың жаңа кезеңіне көтерілген еді. Әртүрлі қоғамдық-саяси ойлар ықпалымен, халықтың бостандығы, азаттығы, бақыты жолындағы өркениетті саяси күрес жолына түскен.

Алғашқы кезде қилы салада қыспақ көрген халықтың көкірегі ояу азаматтары, негізінен діни қайраткерлер, медресе мұғалімдері «не істеу керек? ел мүддесін қалай ортаға салып талқыласақ екен?» деген мәселені көтере бастады. Бірақ патша үкіметі бұл кезде қазақ халқын, қазақ жерін қатты назарға алған болатын. Ұлттық интеллигенцияның рухани іс мүддесін көздеген әрекеттерін әкімшілік құпия қызметтері арқылы тез аңғарып, тауып алды да, бастамашыларды істі қылып, соттап, жер аударып жіберді. Бұл 1902 – 1903 жылдар еді.

Ал алғашқы орыс революциясынан кейін, бұл ұшқын іспетті әрекет ерекше үлкен дүмпу алды. Патшаның белгілі рескриптінен кейін қазақ арасында да петициялық науқан өрістеп, ел оянды. Петроградқа Қазақ және Түркістан өлкелерінен көптеген талап-тілектер ағылды. Солардың ішіндегі ең ірісі, ең белгілісі – Қарқаралыда, Қоянды жәрмеңкесінде қабылданған құжат. Оған 14,5 мың адам қол қойған. Сол сияқты петициялар астанаға қазақ аймақтарының барлығынан жолданып жатты. Батыс өңірдегі бір топ рухани сала адамдары – діни қызметшілер, сондай петиция жасау өз алдына, патшаға арнайы барып жолықты. Мұң-мұқтаждарын тікелей айтты. Бұл депутацияны демократ, ағартушы, кейін Екінші Мемлекеттік думаның мүшесі болған Бақытжан Қаратаев бастап барған болатын.



Бұның бәрі өркениетті күрес жолына түскендіктің белгісі еді. Өйткені қолға қару алып, ештеңе бітіре алмайтындарын, сол кездегі оқыған азаматтар түсіне бастаған. Бірінші революцияның жемісі ретінде пайда болған Мемлекеттік думаның алғашқы екі шақырылымына қазақтар да өз өкілдерін сайлады. Олар Дума мінберін ұлт мүддесіне пайдалануға тырысты. Қолдарынан келгенше қазақ мәселесін көтерді. Әсіресе Бақытжан Қаратаев 1907 жылы сөйлеген жер-су мәселесі жөніндегі атақты сөзінде отаршылдық саясатты әшкерелеген болатын. Екінші Дума мүшесі ретінде үкіметте, салалық билікте – қазіргі тілмен айтқанда, жер-су министрлігінде көптеген жұмыстар жүргізген еді. Бірақ оның бәрінен де патшалық билік оң нәтиже шығартпады. Ақыры, әйгілі «3 маусым заңымен», қазақтарды Мемлекеттік думаға депутат сайлау құқынан айырды.

Мұндай жағдайда қазақ күрескерлеріне басқаша күресу жолына түсу керек болды. Күресті жалғастырудың сол шақтағы ықтимал түрі, тек қана ағарту істерімен шұғылдану еді. Халықтың көзін ашу қажеттін. Ұлттық мектеп жүйелерін кеңейту көзделді. Алғашқы революция кезінен жалпы мұсылман қозғалысына қатысқан қазақтар Қырымдағы Исмайыл Гаспралының Бақшасарайдан шығарған «Тәржіман» газеті арқылы ХІХ ғасырдың аяғында қазақ арасына да тарай бастаған идеясын – жәдидшілдікті қолдап, төте оқу, жаңаша оқу, жаңа әдіспен оқыту мектептерін ашуға атсалысты. Мақсат – қазақтың көзін ашу, ояту болғандықтан, ақыры, «Қазақстан», «Қазақ» газеттерін, «Айқап» журналын шығарды. Осындай жағдайда 16-шы жылға келдік.

16-шы жылы қазақтың белгілі үлкен көтерілісі, империядағы Ақпан революциясына ұласқан ұлт-азаттық көтерілісі басталды. Көтерілістің тұтануына патшаның 1916 жылғы 25 маусымда империядағы «тегі бөтен бұратаналарды» Бірінші дүниежүзілік соғыстың қара жұмысына шақыртқаны себеп болды. Сол уақытқа дейін қазақ әскерге алынған еместін. Енді ешқандай алдын-ала түсіндіру жұмысы жүргізілместен, бірден ел ішінен жаппай 19 бен 43 жастың арасындағы азаматтарды қорғаныс құрылыстарына салмақшы болған үкімет озбырлығына Қазақ және Түркістан өлкесі бірдей наразылық көрсетті. Жиырма бес жас айырмашылығы бар



адамдарды бір мезгілде шақыру – бір отбасындағы әкесі мен баласын қоса әкету, түтін біткенді ересек ер адамсыз қалдыру деген сөз ғой. Міне, осыған күллі халық қарсы тұрды. Оның аяғы үлкен ұлт-азаттық күреске ұласты. Көтеріліс оты барлық жерді шарпыды. Бүкіл Түркістан өлкесін, қазақтың даласын, барша тараптарын түгел қамтыды. Бірақ, әрине, патшаның қолында қарулы күш бар, әскер бар. Жазалаушылар көтерілісті тез басты. Негізінен басты. Бастыдағы, көтеріліс жалыны сөндірілген аймақтардан жұртты, дегенмен, әскерге ала бастады, әскерге болғанда – қара жұмысқа, соғыстың әскери құрылыстар салатын қара жұмысына.

Батысқа орысша білмейтін бұратана жұмысшыларды тиеген эшелондар ағылды, содан, ол жақта мүлдем бейтаныс ортаға түскен жалпы қараңғы халықпен жұмыс істеу қажеттігі пайда болды. Біздің интеллигенттер әскери құрылыс нысандарына жұмылдырылған қара жұмысшылар арасына тілмәштық, дәрігерлік, т.б. жұмыс жүргізетін ұлт мамандарын апарды.

Ал кейбір ошақтарда, мәселен, Торғай сияқты жерлерде ұлт-азаттық көтеріліс қимылдары тоқтаған жоқ. Біздің көзі ашық азаматтарымыз елге Мемлекеттік думаның арнайы комиссиясы шығуына түрткі болғанды. Мұсылман фракциясының жанындағы бюрода Әлихан Бөкейханов пен Мұстафа Шоқаев жұмыс істеп жүрген. Солардың әрекеті нәтижесінде дүрлігүлі өлкелерге депутаттық сұрау салулар жолданды. Ақыры, халық көтерілісін күшпен басқанда орын алған сорақылықтарды арқау еткен мәселе Думаның қарауына шығарылды. Бұл 16-шы жылдың аяғында, желтоқсанда болған оқиға еді.

Шет аймақтағы көтеріліс мәселесін қарағаннан кейін, Дума тағы тарады, уақытша тарады. Ал депутаттық сұрау салулар бойынша көтеріліс аумақтарындағы әкімшіліктерден жауаптар, анықтамалар алу, дегенмен, ұйымдастырылып жатты. Бірақ оларды Дума түгел алдырып та, қарап та үлгерген жоқ. Өйткені ол кезде жоғарғы биліктің өзі іріп-шіріп бара жатқан болатын. Біздің 16-шы жылғы көтеріліс соған да серпін бергендей еді. Сөйтіп, ақыры, Ақпан революциясы жеңіске жетті. Патша тақтан кетті, монархия құлады. Ал самодержавиелік құрылыстың қаусап, биліктен таюы күллі империядағыдай,



біздің қазақтардың да ішінде бір ерекше серпіліс туғызды. Қазақ қайраткерлерінің алдынан ғаламат жаңа саяси мүмкіндіктер ашылды. Бұл елдікті қалпына келтіруді көздейтін, халыққа қызмет етудің жаңа жолдары еді.

Отарланып, мемлекеттілігі жойылған, жер-суынан айрылған халықты қалай жаңа дәрежеге көтеруге болады, жалпы, қазақтың мемлекеттілігін қайтіп қалпына келтіруге болады деген мәселені ашық күн тәртібіне қоюға мүмкіндік туды. Жалғыз қазақ емес, езілген елдердің барлығы, империядағы жалпы мұсылман қауымы, түркі қауымы түгел осы мәселемен шұғылданды. Сол жаңаданған серпіліс кезінде барлық облыстарда қазақ съездері өткізіліп, қазақ комитеттері құрылды. Жазда алғашқы жалпықазақ съезі болды.

Бірінші съезде қазақтың мүддесін қорғайтын саяси партия ашу керектігі айтылып, халық мүддесін көздейтін шешімдер қабылданды. Желтоқсан айында екінші жалпықазақ съезі өтіп, сонда Алаш автономиясы құрылды, Алаштың Ордасы, яғни үкіметі сайланды. Оның алдында Қоқан қаласында Түркістан мұхтариаты деп аталған сондай автономия жарияланған еді. Қазақтардың тең жартысы тұратын еліміздің оңтүстік бөлігіндегі облыстардың бәрі сол Түркістан өлкесіне қарайтын. Ташкентте большевиктердің жұмысшы және солдат депутаттары кеңесі осы өлкені билейтін үкімет сайлап, оған Түркістанды мекендейтін жұрттың 95 пайызын құрайтын жергілікті халықты — қазақ, өзбек, тәжік, түрікмен, қырғыз, тағы басқаларды қатыстырмағаннан кейін, бұлар еріксіз өз құрылтайын өткізген. Сөйтіп, төтенше 4-ші мұсылман съезі, өлкедегі билікті большевиктердің озбырлықпен басып алғандығы салдарынан, мәжбүрлік жағдайда Қоқанда шақырылған-ды. Төтенше мұсылман съезі сонда Түркістан автономиясын өмірге әкелді. Алаш-Орда да дүниеге солай келген-ді. Өйткені орталықта билікті большевиктер басып алған. Питерден бермен лықсыған большевиктік анархиядан қорғану керек деген оймен, біздің қайраткерлеріміз Орынборда екінші жалпықазақ съезін өткізді. Осындай жағдайда ұлттық мемлекеттік құрылымдар пайда болған еді.

Қазақ тағдырына тікелей қатысы бар осы екі мемлекеттілік те — ел болсақ деген арман-мақсаттың нәтижесі еді. Осындай реттермен ұлттық идея нобайланғандай болды, оны өміршең



тұғырға қондыратын идеология жобаланды. Халықтың санасынан ұзақ уақыт бойы кетпеген, әлі де кетпейтін ұлттық концепциялар, тұжырымдамалар сонда қалыптасты. Ол біздің Алаш, Алашорда делінетін дәуірімізде көкейімізге ұялаған. Алашорда, шынында, алғашқы ұлттық өкіметіміз еді. Рас, оның ғұмыры ұзақ болған жоқ. Григорий күнтізбегі бойынша 1917 жылғы 25 желтоқсанда жарияланды да, артынша, Орынбордан құрылтай белгілеген астанасына — Семеймен іргелес Алаш қаласына кетуге мәжбүр болды. Бірақ онда да жазға дейін жұмысына кірісе алған жоқ. 1918 жылғы күзде сол кезгі ахуалды ескере отырып, басқаруды оңтайландыру мақсатымен, екіге бөлінді. Батыс Алаш-Орда екі жыл бойы автономиялық режимде, республикалық режимде біршама тәуір жұмыс істеді. Ақыры Алаш-Орданың Батыс бөлімшесі де, Шығыс бөлімшесі де совет өкіметін мойындауға мәжбүр болды.

Содан кейінгі күрес кеңестік платформада жалғасты. Халықты мемлекеттілікке апаратын жаңа жолға бастау, жаңаша, кеңестік тұрпаттағы автономия құру, қайткенде ел болу мәселесі ұлт қайраткерлерін үнемі толғандырумен болды. Алаштың идеясы, міне, осылай сабақтаса алға басты. Құрылымы жойылғанмен, ұлттық идеясы бәрібір өлген жоқ. Бірақ жаңа жағдайға ауысты. Өйткені Ленин бастаған кеңес өкіметі алашордалықтарға кешірім жасады, оларды кеңес қызметіне тартты. Сондықтан алаш қайраткерлерінің бірқатары кеңес өкіметін мойындап, кеңес аппараттарында қызмет атқарды. Алайда, сол кездегі солақай большевиктер оларға жұмыс істеткен жоқ. Ол басқа мәселе.

Алашшылдар тарапынан кезінде ел мүддесі үшін кеңес кеңселерінде, оқу-ағарту саласында беріле қызмет ету үлгілері көрсетілді. Бірақ совет өкіметінің негізгі ұстанымы таптық көзқарас, яғни бай мен кедейді жіктеп қарау еді. Ал біздің алашордашылдардың ұстанымы — ұлттық бірлік. Бір елді — қазақ елін — бай, кедей деп бөлмей, баршаға ортақ ұлттық теңдікке қол жеткізу. Бұлардың көзқарастарындағы айырмашылықтары сонда болатын.

Самодержавие тұсында езілген халықты — Қазан төңкерісі арқылы азаттыққа қолы жеткендей болған халықты елдік мәселеге жұмылдыру, көзін ашып, ояту, қоғамдық-саяси өмірге тарту, түптің түбінде озық өркениетке сай



мықты ұлттық мемлекет орнату сияқты мәселелер саналы ұлт қайраткерлерінің әрдайым ойында тұрды. Міне, Алаштың осы идеясы күні бүгінге дейін ел-жұрттың есінде, ол біздің ұлттық қозғалыстарымыздың қозғаушы күші болып келеді.

Кеңес өкіметінің тұсында Алаш идеясы көзделген мәнінде жүзеге асқан жоқ. Әрі қазақ, шынын айтқанда, көп зардап та шекті. Әрине, ел өмірінде үлкен экономикалық, әлеуметтік, мәдени жетістіктер болғанына дау жоқ. Кеңес өкіметінің арқасында біз өзіміздің мемлекеттігімізді жаңғырттық. Өйткені дербес қазақ хандығы, яғни қазақтың мемлекеттілігі жойылғалы ол кезде біраз уақыт болған. Соны кеңестік тұрпатта — әуелі 1918-ші жылы Түркістан кеңес автономиясы түрінде, одан 1920-шы жылы Қазақ кеңестік автономиясы түрінде жаңғырттық. Ал 1924-ші жылы Орта Азиядағы ұлттық-аумақтық жіктеу, межелеңдіру науқанынан кейін екі өлке — оңтүстік, солтүстік өңірлер бірігіп, бір шаңырақ астындағы бүгінгі Қазақстан елдік ту көтерді. Сөйтіп, шындап келгенде, қазіргі тәуелсіз еліміздің аумағы кеңес өкіметінің тұсында қалыптасты. Қарапайым халық «біз жеке ел болдық» деп ұқты.

Бірақ, дербес ел ретінде түтін түтетуге большевизм жібермейтін. Олар қазақ елін бұрынғы сипатта, тек жаңаша, кеңестік империя түрінде отарлап ұстады. Бір қарағанға аты жап-жақсы — Советтік Социалистік Республикалардың Одағы деп аталды. Біздің Қазақстан сол одақты құратын республикалардың қатарына 1936-шы жылы сталиндік конституция бойынша кірді. Шындап келгенде, ол кезде біз Ресей Федерациясы құрамындағы автономиялық республика ғанамыз, тап сол ұлы Ресеймен теңесіп, одаққұрушы республика мәртебесін иеленетіндей құрметке лайық емес едік. Неге дейсіз ғой? Себебі, кеңестің тұсында қазақ 1917—18—19-шы жылдары, 1920—21—22-ші жылдары, 1930—33-ші жылдары қатты ашаршылыққа ұшырады. Аштық апаттың Түркістан өлкесінде орын алған алғашқы кезеңінде 1 миллиондай, Қазақ өлкесіндегі екінші кезеңінде тағы 1 миллиондай, ал жер-суы мен халқы біріккеннен кейін болған, үшінші кезеңінде 2 миллионнан астамы көшпенді жан өлім құшты. Және ол ашаршылық кездейсоқ емес, қолдан ұйымдастырылған-тын. Өкінішке қарай, большевизмнің үлкен де терең астыртын саясаттарының бірі сол — аштық саясаты еді. Оны кезінде





Мұстафа Шоқай «большевиктердің аштық саясаты» деп атап айтқан болатын.

Шынында да сондай саясат жүргізілді. Большевиктерге иен даланы тиімді пайдалану керек болды. Көшпенді халықты отырықшыландыру арқылы олар жайлаған ұлан-ғайыр кеңістікті босатамыз да, сол жерде индустрия ошақтарын көтереміз деп дәмеленді. Шұрайлы пұшпақтарды босатуды көздегенмен, халықты қырып жібереміз деп жобаламаса керек. Бірақ іш жүзінде құдайы бере кетті: мал соңында көшіп-қонып жүрген жұрттың төрт түлігін сыпырып алып еді, тоз-тозы шықты, жейтін тамағы болмай, аштан өлді. Себебі көшпенді қазақ табан астында басқаша тірлік етуге бейім емес еді. Өкімет оның жағдайын жасаған жоқ, алдындағы малын тартып алып, отырықшы бол деді. Бірақ сол отырықшылық салтты материалдық тұрғыдан қамтамасыз етпеді. Жейтін тамағынан, ата кәсібінен айырғаннан кейін, бұрын мал бағу жағдайымен ұдайы көшіп-қонып жүрген халықтың әдеттегідей үйреншікті жеріне қоныс аударуына күші жетпей қалды. Осының салдарынан көбі ашықты, қырылды. Талайы көрші елдерге босты, бірлі-жарым шамасы жеткендер қолдарында қалған азын-аулақ малымен шетелге ығысып кетті. Сөйтіп қазақ халқы айтып жеткізгісіз ұлттық апатқа ұшырады.

Міне, осындай жағдайларда — большевизмнің қазақ халқын ұлттық апатқа душар еткен мемлекеттік қылмысы салдарынан — Қазақ елі халқының тең жартысынан артығырақ мөлшерін, экономикасының өзегін құрап отырған төрт түлік малының 88 пайыздайын жоғалтқан еді. Осынша құлдыраудың шын себебін жасырудың әдісін «халықтар әкесі» тапты: дәстүрлі экономикасы тұралаған, төл халқы өз елінде азшылыққа айналған Қазақстан — Ресей Федерациясы құрамындағы Автономиялық Республика — 1936 жылғы конституция бойынша КСРО-ны құрушы республикалар қатарына бір-ақ көтерілді. Сөйтіп, миллиондардың қанының өтеуіне берілген сол мәртебенің арқасында — 1991 жылы мемлекеттік тәуелсіздікке жеттік.

Кеңес өкіметінің 70 жылдық билігі дәуірінде белгілі бір кезең бойы қилы ауыртпалықты бірге көтеріп, жақсы өмір сүрдік. Қазақтар майданға соғыс алдындағы санының бір ширегін аттандырып, ортақ Отанды фашизмнен қорғады.



Республика шегіне алыстан көшіріп әкелінген халықтарды құшақ жая қарсы алды. Тың көтеру, басқа да қай науқаны болмасын, бәріне белсенді атсалысты. Білімін, мәдениетін ұштады, тиісінше ұлттық мүддесін ұмытқан жоқ. Алаштың негізгі идеясы, ел болу мәселесі саналы интеллигенцияның ұдайы зердесінде тұрды.

Өйткені, отар заманда өзекті болған жер-су мәселесі ұлттық қозғалыс отын тұтатқан еді. Сол мәселені, «царизм тартып алған 45 миллион десятина жерді өздеріңе қайтарамыз» деп құрғақ уәделер берген революциялық риторикасына қарамастан, большевиктер билігі шешпеді, қайта күрделі күйге түсірді. Қазақ жеріне сырттан лек-легімен адамдарды тоғыту арқылы, жанама түрде болса да, халықты, жерді жаңаша отарлады. Қазақтың тіліне, мәдениетіне нұқсан келтірді. Мәселен, тың жер, тыңайған жер игереміз деген ұранмен қоныстанған миллиондаған жұрт қазақтың қайғылы тарихынан хабарсыз еді. Өкімет оны білдіртпеу жағында болды. Сондықтан біз келген халықты кінәлай алмаймыз. Олар әдемі ұранға сеніп, елдің экономикасын көтереміз, жақсы өмір сүреміз деп дәмеленді. Солай істеді де. Орталық үшін, өздері үшін екпінді жұмыс істеді. Астық өсірді, қала салды, индустрияны көтерді. Өздері де байыды.

Бірақ, қазақ халқының ұлттық дамуына соншалықты жаны ашыған жоқ. Өйткені қазақ ауылдары мұхит іспетті тың шаруашылығының ішінде жыпырлаған, болашақсыз ұсақ аралдар тәрізденіп қалды. Содан, 700-дей қазақ мектебі жабылды. Балаларын қазақтар еріксіз жаппай орысша оқытуға мәжбүр болды. Сөйтіп тілін жоғалта бастады. Бұл жерде мына мәселені ажыратып алу керек — бәрі орысша білуге мәжбүр болды дегенде, біз орыс тіліне қарсы болып отырған жоқпыз. Өйткені, орыс тілі арқылы, орыс мәдениеті арқылы көп жетістікке жеттік. Мәселе — орысша оқу салдарынан балалардың ұлттық тамырынан айырылғандығында. Көптеген балаларымыз қазақтың тілін, мәдениетін, дәстүрін білмей өсті. Өкініш сонда. Егер Алаштың идеясымен, Алаш құрған жоспармен өмір сүрген болсақ, ондай күйге ұшырамас едік. Өйткені Алаш өз еліндегі бөтен халықтарды ешқашан шеттеткен емес, қазақ орыстармен және басқалармен бірге тұрады деп есептеді. Бірақ өзінің тілін сақтаймын, мәдениетін сақтаймын



әрі дамытамын, экономикасын көтеремін деді. Кеңес тұсында сол мәселе — толыққанды ұлттық даму шешімін таппады. Сондықтан да алаштық идея жүрек түкпірінде мен-мұңдалап тұратын. Бұл жәйт кеңестік кезеңде ашық айтылған жоқ, әрине. Бірақ, халықтың жаппай сауаттануы, мәдениеттің өркендеуі, көркем әдебиеттің, өнердің дамуы сананы оятты, сөйтіп, ұлттық мүдденің орындалмай тұрған олқы тұстарын да үздіксіз айқындай берді.

Өзін-өзі танудың, сананың өскендігінің нәтижесінде 1986-шы жылғы 17 — 18 желтоқсанда жастар алаңға шығып, қазақтың ұлттық мүддесі тұрғысынан талаптар қойды, алғашында бейбіт шеру түрінде басталған қозғалысты шын мәніндегі ұлт-азаттық көтеріліске ұластырды. Сондағы күллі республикаға жайылған қозғалысты кейбіреулер осы күнге дейін түрліше түсіндірмек болады. Тасадағы біреулер әдейі ұйымдастырды, бұзақыларға, наркомандарға жел берді дейді. Оның бәрі бос сөз. Мәселе ұлттық намыста болатын. Ұлттық сананың оянуында болатын. Ал оны мәскеулік орталық бұрынғысынша жапырып, кәдімгідей басып-жаншып, таптап өте беремін деп ойлады, солай етті де, сөйтіп, КСРО дегеніміздің іс жүзінде қанқұйлы империя екендігін дәлелдеді. Кеңестік империяның қожайыны Мәскеу, ал мына одаққұрушы республика деп аталатын Қазақстан — баяғы отар аймақ. Отар аймақта метрополияға қарсылық білдіріп, бас көтеруге батылы барған жастар — метрополияға бағынышты болуға тиіс кәдімгі отарлық құлдар. Ал отар құлдарына қандай қарым-қатынас жасалмақ? Тек қана ұрып-соғып, күшпен жуасытып алу керек... Өкінішке қарай, солай болды. Осындай жағдайда Алаштың идеясы мен идеологиясы, Алаштың жалпы ұстанымы өмірге оралуы қажет екені сезілді. Мұны халықтың өзі сезді. Соны қайта құру жылдары біздің зиялы қауым ашық көтере бастады.

Міне, тәуелсіздікке де 20 жыл болды. Бәрібір Алаштың идеясын әлі айтып жүрміз. Бірақ жеріне жеткізе насихаттаған жоқпыз. Оны күні бүгінге дейін билік те, халық та тиісті деңгейде бойына сіңірген жоқ. Алашорданың 90 жылдығы елеусіз өте шықты. Жалпы, Алашқа қатысты өткізілуі тиіс үлкен шаруалар соншалықты биік деңгейде көрініс таппады. Дегенмен, соған қарамастан, Алашты зерттеп оқу керек екенін түсінеміз. Еліміздің жарқын болашағы үшін, ұлттық



идеямызды, басты бағдарымызды айқындап алу үшін солай ету керек. Әдетте отар ел нені арман етеді? Отарлық қамыттан, империяның қамытынан құтылған уақытта нені армандайды? Әрине, дербес, егемен, тәуелсіз ел болуды армандайды! Ендеше, сондағы ұлттық идея, ұлттық мақсат-мұрат не? Әрине, ұлттық мемлекет орнату! Пәлен ғасыр дербес өмір сүріп, отаршылдар қолына түсіп, жабылып қалған мемлекеттігіңді озық өркениетке сай етіп, қайтадан жаңғырту. Алға жетелейтін негізгі идея, міне, осы болуға тиіс. Осы күндері айтылып жүрген әлемдегі экономикасы сапалы елдер шоғырына кіру, ең озық елдер қатарына қосылу сынды биік мақсаттарға ұлттық негізіндегі мемлекет құру арқылы жылдамырақ жете алсақ керек... Өзіңнің ұлттық мемлекетіңде, өз еліңде өзге жұрттың бәрімен бірге, ешкімді бөліп-жармай, алаламай, жақсы өмір сүруге қол жеткізу және кедейшілікті жою жолында пәрменді жұмыс жүргізуге болады...

Халықаралық құжаттарда біздің елді ұлттық мемлекет деп есептейді. Ұлттық мемлекет құру, яғни қазақтың ұлттық мемлекетін жаңғырту мәселесі біздің 1990 жылғы тәуелсіздікке жету жайындағы декларацияда жазылған болатын. Бірақ, 1991 жылы мемлекеттік тәуелсіздікті жария еткен құжатта ұлттық мемлекет туралы сөз болмай қалды. Ондай сөз осы күнде де жоқ. Бұрнағы жылғы әйгілі «Ел бірлігі доктринасы» жобасын еске түсірейік. Соның шу туғызған нұсқасын жасаған жігіттер «бізге ұлттық мемлекет қажет емес, бізге азаматтық мемлекет керек» деген ұстанымды ту етті. Оның астарында ұлттық мемлекет құруды армандамау жөн деген пиғыл, біздің елде ұлттық мемлекеттің шаңырақ түтетуін ұмыттырамыз деген әрекет жатқан болатын. Сол доктринаның алғашқы жобасына дем берушілердің бірі осы күнге дейін «қазіргі заманда ұлттық мемлекет құру деген — анахронизм» деп нығарлайды. Бұл ол азаматтың соншалықты ақылы асып кеткендігі ме, жоқ, әлде, оған тым оқу өтіп кеткендіктің көрінісі ме, құдай білсін. Қайткенде де дұрыс емес. Себебі, тек қана ұлттық мемлекет халқымызды алыс болашаққа аман-есен апара алады. Топан судай үрейді ала анталаған глобализациядан аман қалудың, жаһандануға жұтылмаудың жалғыз әдісі — тек қана еліміздің ұлттық сипатын сақтау әрі дамыту.



Ал Қазақ Елі ішінде ұлттық сипатты сақтау, ұлттық мемлекеттің өзіндік сипатын сақтау — бүкіл елге, өзіміздің ішімізде тұратын өзге ұлттар өкілдерінің бәріне де қолайлы, жайлы, әдемі мемлекет құру деген сөз. Осында тұратын барша жұрт қазақтың ұлттық мемлекетін мойындаса, сол ұлттық мемлекеттің мүддесі үшін жұмыс істесе — сонда өздері де жақсы өмір сүреді.

Өкінішке қарай, бізде тап сондай ниетпен жүргендер жоқтың қасы. Неге? Себебі біздің қазақтың қайғылы тарихын өз арамызда тұратын адамдар білмейді. Қазақтың өзі де көп біле бермейді. Өйткені насихаты жоқ.

Жоғарыда айтылғандай, біздің елімізге кеше тың көтерем, индустрияны дамытам деп келгендер жанама түрде болса да, қазақтың ұлттық мүддесін шектеуге себепкер болды. Олардың бүгінгі ұрпақтары сондай науқандар салдарынан бір кездері қазақтың өз елінде жалпы халықтың үштен біріне де жетпей қалғанын білгені жөн болар еді. Еліміздегі күллі диаспора өкілдері жергілікті халыққа түрлі зиянын тигізген жәйттерді саралап үйренсе, қазақ басынан кешкен қиғаштықтарға ата-бабаларының өз еріктерінен тыс «үлес қосқанын» кішкене ойланса дұрыс. Егер түрлі түсіндіру, насихат жұмыстары арқылы сондай жағдайға қол жеткізсек, онда біздің ұлттық ұйымдар қойып жүрген мәселелерге өзге ұлт өкілдері ешқандай да қарсылық білдірмейді. Қазақтың ұлттық мүддесін бірінші кезекке қою, ұлттық тілді дегенмен шынайы мемлекеттік деңгейге көтеру мәселесіне кедергі болмайды. Осы күндері әлдекім: «Біз де осы жерде көптен тұрып жатырмыз, біз де салық төлеушіміз, біздің де құқымыз бірдей, бізбен санасу керек» деп еске салып қойып жүрген орынсыз өркөкіректікті айтпайды. Елімізді мекендейтін диаспоралармен ешкім санаспай жатқан жоқ. Санасады, санаспауы мүмкін де емес. Мәселе приоритет, басымдылық неде болу керек екенін айқындап, соны барша қазақстандықтың мойындауында.

Егер де, осы бір кілтипанға жаппай мойынсұнатындай жағдайға қол жеткізсек, ал оған жетуге әбден болады, онда шын мәніндегі тұтастық, елдің мың жылдық бірлігі қамтамасыз етілері күмәнсіз. Ал мұның әдісі сол — әділ, дұрыс насихатты, тарихпен тәрбиелеуді кең жолға қою. Қазақтың кәдімгі қасіреті мол бай тарихын баршаға, күллі тұрғындарға білгізу



жолымен ел азаматын тәрбиелеуді мақсат ету ләзім. Сонда барша диаспора өз орнын түсінетін болады. Қай жерде нені қолдау керек екенін ажырата алатын болады. Әр жаққа бөлініп, шашырамайды.

Мәселен, тіл мәселесін алайық. Алаштың көсемдері: «Егер тілі жойылса — ұлттың да жойылғаны» деп айтып кеткен. Ұлттылықтың белгілерінің ішінде бірінші кезекте тіл тұратыны баршаға мәлім. Тілдің, экономиканың, географиялық аумақтың, ділдің, мәдениеттің, психикалық бітімнің ортақтығынан ұлт пайда болады деген ежелгі қағиданы мойындар болсақ, айтылғандардың ішінде тіл тағдыры айрықша ойлантары күмәнсіз. Ұлтты ұлт ететін — тіл. Ендеше, мемлекеттік тіл деген биік ресми мәртебесі бар қазақ тілін сақтауға тырысу қажет. Жалпы, мемлекеттік қазақ тілі жоғалады дей алмаймыз. Өйткені, біріншіден, 8—9 млн халық қазақ тілін ана тілі деп біледі, екіншіден, арамыздағы тегі өзге бауырларымыз да қазақша сөйлеп келеді. Қазақ тілі жойылмайды. Мәселе басқада. Мәселе — қазақ тілін өзі орнына қою, мемлекеттік тіл мәртебесіне лайық деңгейге көтеру. Осы шаруада бізге арамыздағы диаспоралар мүшелері көмектессе, абзал болар еді. Біздің ішіміздегі орыс ағайындар бар, орыс тілді басқа туыстар бар, бәрі мәселені тарихи әділеттілік тұрғысынан түсініп, қазақтың ұлттық мемлекеті мүддесінің жүзеге асуына жәрдемдесу керек деп ойлаймын.

Ал ортақ істің мән-маңызы мен жөн-жобасын олардың түсініп жәрдемге келуіне біздің орыс тілді қазақ азаматтары, жалпы біздің мемлекеттік саясатымыз жабыла ықпал етуге тиіс. Жағдайды елге түсіндіру ләзім. Біздің орыс бауырларымызға ештеңеден шошынуға болмайды. Керісінше, қазақ мемлекетінің жоғын түгендеуге қатысу арқылы олар өз болашағын қамтамасыз етеді, соны ұғынғандары абзал.

Бізде, өкінішке қарай, теріс көзқарас бар: билік мемлекеттік тілді біл деп міндеттейтін болса, онда, құдды, қазақ еместер елден кетіп қалатындай, дүниені қараң қалдыра байбалам салады. Бұл жерде шектен шықпау маңызды. Мысалы, орыс досыңа міндетті түрде қазақ тілін біл деп талап қоймайсың. Мәселе — сол досыңның қазақ тілін мемлекеттік тіл екендігін мойындауында. Мемлекеттік тіл ретінде құрметтей білуінде. Ең бастысы — сенің тіліңе құрметпен қарауы.



Егер мемлекеттік тілді мойындап, құрмет тұтар болса, онда, ешқандай талап қойылмаса да, өзіне қажет деңгейде үйреніп алады. Қажеттілікті сезінсе — жылдамырақ игеруге тырысады. Ал мемлекеттік тілді білуге қажеттілікті жұрт қандай жағдайда сезінер еді? Әрине, ол тек қана іс жүзіндегі мемлекеттік тілге айналғанда. Мемлекеттік аппарат, биліктің барлық салалары, мемлекеттің бюджетінен қаржыландырылатын мекемелер мемлекеттік тілде жұмыс істесе, онда сол жерде әлдеқандай мәселесін шешкісі келетін орыс және орыс тілді ағайындар өзінің тіршілігіне керек тілді қажет мөлшерде тез-ақ біліп алатын болады.

Ал былайғы қарым-қатынаста орыс тілін қолданба деп ешкімге де тыйым сала алмайсың, ондай әрекетке мұқтаждық та жоқ. Бүкіл ғылымның, әлемдік мәдениеттің, тағы көп нәрсенің жетістіктерін орыс тілі арқылы танып-біліп жүргенімізді ешкім жоққа шығармайды. Сондықтан тек қана мәселеге түсіністікпен қарау керек. Ал түсіністікпен қараудың әдісі, тағы да қайталап айтамын, халықты тарихпен тәрбиелеу. Оған біздің теледидар, біздің баспасөз, бұқараға жететін барлық БАҚ әсер етуі керек. Егер нысаналы түрде жаппай жақсы жұмыс істеліп жатса, меніңше, ел-жұрт дұрыс түсінетін болады. Ешкім қарсы шықпайды.

Рас, бізде жекелеген шетін ойлы радикал ұйымдар бар. Дұрыс жұмыс жүргізсек — олардың да көзін ашуға болады. Осы орайда өзімнің ылғи айтып жүретін бір қисынымды қайталағым келеді. Мүмкін қателесермін, қателеспеуім де мүмкін, қалай болғанда да, менің ойымша — біздің билік, үкімет, анығында парламент бір опыну құжатын қабылдау керек секілді. Әлқиссасында жағдайды түсіндіру ләзім: елді отарлау қалай жүрді, енді одан біз қалай шығып келеміз, тт. Әрине, шындап келгенде, тәуелсіздік табалдырығында отарсыздандыру бағдарламасын жасау керек еді. Ол істелген жоқ. Бірақ, дегенмен, отарсыздандыруды қамтамасыз ететін біршама жұмыс жүзеге асырылды. Енді соларды қалың халыққа арнайы түсіндіретін байыпты құжатты өмірге әкелген дұрыс. Алда тұрған өзекті де зәру мәселені көпшіліктің санасына жеткізу үшін, кім-кім де оны терең әрі жете түсіну үшін — соның бәрін салиқалы түрде баян ету абзал. Сосын алдағы міндетті тұжырымдаған жөн. Қысқасы, қазақтың қайғылы тарихынан



туындатып, жоғалтқандарымыздың орнын толтыруға тырысудың тарихи әділеттілікті қалпына келтіруге апаратынын, олай ету бүгінгі ұрпақтың қасиетті борышы, арманда кеткен аға ұрпақ рухы алдындағы парызы екенін биік мекеме тиісті тарихи құжат түрімен айтса, көп нәрсенің шешімі идеологиялық тұрғыдан қамсыздандырылар еді деп ойлаймын.

Мәселен, біздің оралмандар деп аталып жүрген қандастарымызды алайық. Оралмандар тәуелсіздік жылдары миллиондап келді, олар - біздің халықтың құрамдас бөлігі. Бірақ біздің арамызда мынадай бір жағымсыз қылық бар. Қытайдан келген қазақты — қытай, Өзбекстаннан келсе — өзбек, Монғолиядан келгенді — монғол дейді. Жалпы, ішке кіргізбей, кеудесінен кері итеруге тырысады. Біздің кейбір іс басындағы азаматтар да оларды «біздің менталитетке сәйкес келмейді», бізден гөрі бөлектеу ойлайды деп, оларға аса қырын қарайтын да ыңғай танытады. Ал енді тағы бір өрескел жәйтті айтсақ, кейбіреулер: «Бұлар қиын жылдары отанын тастап қашып кетіп қалған, енді неге біз олармен бөлісуіміз керек? Өзімізге жетпей жатқанда, қалайша олар да ортақтасып ұмтылады?» дегендей жаңсақ пікірде. Бұл көзқарас түбірімен қате, ондай ой ешкімде болмауға тиіс.

Неге? Себебі шетке жұрт қилы катаклизм кездерінде босты. Айталық, 16-жылғы көтеріліс тұсында, одан 20—30-шы жылдарғы байларды тәркілеу, кедейлерді ұжымдастыру, отырықшыландыру секілді озбырлықпен ұсынылған реформаларға көрсетілген қарсылықтарды жазалаушылар күшімен басу, ақыры халықты жаппай ашаршылыққа ұшырату науқандары салдарынан, өлместің күнімен, адамдар басы ауған жаққа безді. Қысқасы, аталған кеңестік солақай реформа салдарынан туған қызыл қырғын кезінде қазақтардың амалдап аман қалуға шамасы жеткені туған топырағынан көтеріле көшті. Ал оған, қайталап айтамын, биліктің — біздің қуыршақ үкіметіміздің тарапынан жасалған озбырлықтар, қуғындаулар себеп болды.

Демек, мен айтып отырған опыну құжатында солардың көшіп кетуіне біздің сол кездегі қуыршақ «республикамыз» себеп болғанын ашып айту керек. Өйткені ұлттық апат себептерін біз қаншама большевизмге, Мәскеуге жапсақ та, шынтуайтына келгенде, соның бәрін мәскеулік орталық біздің





қолымызбен істеді. Тәркілеуді де, ұжымдастыруға, күштеп отырықшыға айналдыруға қарсы шыққан халықты «банда» деп, жазалаушы әскермен жуасытуды да, алапат апаршылықты да Қазақтың Автономиялық Советтік Социалистік Республикасы деп аталатын еліміздің қуыршақ «үкіметінің» қолымен жасады.

Сол қуыршақ өкіметтің бүгінгі мұрагері — тәуелсіз Қазақстан. Ендеше, егемен еліміздің билігі мұрагер ретінде өткен қателікті мойындауы керек. «Біздің 20-шы жылдарғы өз қолында еркі жоқ үкіметіміз дұрыс саясат жүргізбегендіктен, немесе орталықтан түсірілген қаулыны өте әсіре белсенділікпен орындаймын деп халықты аштыққа, қырғынға ұшыратқаны үшін, халықтың бір бөлігін шетелге кетіп қалуға мәжбүр еткені үшін, біз опынамыз. Өмірін шетелде өткізуге мәжбүр болған босқындардан, өз елімізде жазықсыз опат болған миллиондаған боздақтың рухынан кешірім сұраймыз. Енді біздің тарихи міндетіміз — сонау қасіретті жылдары жол берілген кемшіліктерді түзету, орнына келтіру» деген жөн. Бұл мемлекеттік үлкен бағдарлама жасауды дәйектейтін тарихи экскурс, өте қажетті шегініс және үлкен азаматтық, моральдық тұғыр іспетті соғылған іргетас болар еді. Сондай тиянақтаудан соң: «Тарихи отанына оралғысы келген азаматтарға жағдай туғызуға міндеттіміз» десе — ешкім қарсы болмайды.

Ондай бағдарлама мүлдем жоқ деп айта алмайсың — талай жұмыс істеліп жатқаны белгілі. Бірақ соның мән-жайын барлық халыққа ашып айту, түсіндіріп беру жағы көзге түспейді. Дұрыс насихаты болмағандықтан, адамдар арасында «өзімізде жұмыс жоқта, оларға неге жағдай жасауға тиіспіз» дегендей орынсыз төрешілдік пиғыл орын алып отыр. Оны әлгіндей мемлекеттік мойындау-опыну құжатымен біржолата жойған жөн.

Оралмандардың елге келгеніне жұмыс тауып беруге тырыс, оларды бір жерге шоғырландырып орналастыр, басқа да жағдайларын жаса — билік соған міндетті болуға тиіс. Біз бүгін қайта зерттеп жүрген Алаш мұраттары осыған саяды. Алаш халықты тоздыруға жол бермеген болар еді. Өйткені ол халықты бақытты ету жолдарын, халықтың болашағын жарқын да айқын қылу мәселесін ұлттық негізде ойластырды. Оған, өкінішке қарай, большевизм мүмкіндік берген жоқ.

Алаштың, Алаш қайраткерлерінің осынау жойылмайтын, өзгермейтін арман-мүддесін, идеяларын зерттеп, оқып-



үйрене беру абзал. Жақында Астанада Смағұл Садуақасовтың өмірі мен қызметін, одан алатын сабақтарды қарастырған республикалық ғылыми-практикалық конференция болды. Ондағы түйілген басты ойлардың бірі – Алаштың мұрасын, Алашқа қызмет еткен азаматтардың мұрасын насихаттау, оқу орындарында оқыту, солардың көзқарастарынан барша ұрпақтың үлгі алып, үйренуі.

Смағұл Садуақасовтың Қазақстандағы белсенді қызметі 27 жасар жап-жас жігіт шағында аяқталды. 33 жасында Мәскеуде опат болды. Оның кремацияланып, 1933 жылдан бері Мәскеу зиратында тұрған мәйіт-күлін қаралы салтанатпен елге әкелер алдында өткен арнайы конференция оның мұрасына тағы бір назар аудартқан белес еді. Смағұл мұрасы қайта құру саясаты басталғалы бері зерттеліп келеді. Бірақ оны зерттеу бар да, халыққа жеткізу бар. Смағұл мұрасын халыққа жеткізу жағынан ақсап жатырмыз.

Смағұл Садуақасұлын Алаш қозғалысының белсенді қайраткері еді деп айту қиын, бірақ ол кезінде алаштық жастар ұйымында істеді. Алаштың идеясын қолдаған жігіт. Коммунист болды. Өлкелік партия комитетінің бюро мүшесі, ағарту комиссары, өзге де жауапты қызметтер атқара жүріп, ұлттық мүддені көздеді. Ұлттық бірлікті ойлады. Қазаққа таптық күрестен гөрі, ұлттық бірлік жағынан қарау керек деген мәселені, яғни коммунистік практикада Алаш идеясының жүзеге асуын іс жүзінде қолдаған адам.

Мәселен, ол Қазақстанның экономикасын шикізат көзі деңгейінде ғана дамытқысы келетін пиғылға қарсы тұрды. Қарапайым сөзбен түсіндіріп көрейік.

Қазақстанда мал көп, одан қырқылған жүнді пойызбен Мәскеуге әкетеді, сонда иіреді, мата етіп тоқиды, костюм тігеді, сосын пойыз дайын тауарды қайтадан Қазақстанға тасиды. Неге бізге өзіміздің шикізаттан мата тоқып, костюм тікпеске? Неге бізге сол мақсатта экономиканың барлық желілерін жасамасқа? Кәдімгі өңдеуші экономиканы өрістетпеске?

Смағұл ел дәулетін осындай жолмен арттыруды көздеді. Алайда біздің сол кездегі идеологтар оны республикада тұйық экономика жасауды қолдаушы деп білді. Садуақасов Қазақстанда өзін-өзі қамтамасыз етіп отыратын тұйық экономика жасамақшы, ал бізге қайткенде орталықтың –



Мәскеудің ұлғайғаны және нығайғаны керек. Демек мынау — ұлтшыл, буржуазиялық демократияның ізін салушы. Бұлай болмайды...

Мәскеулік саясаткерлердің осындай пікірін біздің әсіре белсенділер қызу қолдайды. Сөйтіп, Ташкенттегі Қазақ педагогика университетінің партия жиналысы Смағұлдың сілікпесін шығарып, ректорлықтан түсіруге қаулы етеді. Ол Мәскеуге оқуға кетеді. Оқуын бітіріп Донбаста инженерлік қызмет істеп жүргенінде өндірістік улануға ұшырайды. Соның салдарынан Кремль емханасына түседі де, ұзамай көз жұмады.

Алаштың идеясына адал қайраткердің ұлт мүддесі тұрғысынан айтқандарына елімізді жаңаша отарлаған большевизм жол берген жоқ. Ол кезде біз автономиялық республика деп аталғанымызбен, шынтуайтында, коммунистік идеяның, коммунистік орталықтың отары болдық. Ал қазір біз тәуелсіз елміз. Біздің тәуелсіз мемлекетіміздің 20-шы жылдарғы Смағұлмен жасты, бәлкім одан сәл ересегірек жас интеллигенттері — Мәскеуден, шетелден оқып келген жігіттер — 90-шы жылдары үлкен реформалар жасады. Көрнекті істерінің бірі — ауылды малдан айырды. Әлдебіреуінің биік жиналыста «Қазақстанға отыз миллион бас малдың керегі жоқ, ет қажет болса — Австралиядан сатып аламыз» дегенін ешкім ұмыта қоймаған шығар. Тәуелсіздіктің сондай ұстанымдағы жас реформаторлары ауылды тағы бір жоңғар шапқыншылығына ұшырағандай ахуалға түсірді. Неге олай болды? Себеп мынада. Автономияның қолында билігі болмаған жас реформаторы Смағұл Садуақасовта ұлттық тамыр мықты еді, ол халыққа не керек екенін білетін. Ал тәуелсіздіктің қолдарына бар билік шоғырландырылған жас реформаторларында ұлттық тамыр болмады, олар не Мәскеуше, немесе шетелше ойлайтын. Бүгінгі тілмен айтқанда — оларды әлем азаматы деуге болатын-ды. Тек қазақтың емес. Сол кезде 70 пайызы ауылда тұратын қазақ немен күн көріп жүр еді? Білмейді. Нарық жағдайында ауыл немен күн көрмек? Білмейді. Білмегендіктен де, кеңес өкіметі тұсында бір бұзылып, қайта қалыптасқан қазақтың ділін, өмір сүру салтын олар тағы да бұзды. Бұл — Смағұл сияқты азаматтар дамытқан Алаш идеясын, Алаш азаматтарының мұрасын білмегендіктің салдары. Тарихты білмегендіктің салдары. Тарихты оқу керек, тарихпен әркім өзін өзі тәрбиелеу



керек, мұндай әдет тек жасқа емес, бүкіл билік басындағыларға жұғысты болуға тиіс.

Біздің түрлі жауапты қызметкерлерімізге, басқару тұтқаларын иеленіп ел билегісі келген азаматтарға осы айтылғандарды бірінші кезекте ойлау ләзім. Өзіне өзі: «Менің ел тағдырына әсері тиетін осынау жұмысты атқаруға моральдық құқығым бар ма?» деген сауал қоя білуі абзал. Егер де бар дейтін болса, онда сол жолға қалай қызмет етемін, халыққа қандай пайдамды тигіземін деген тұрғыда ойлануы керек. Шынымен ұлт пайдасы жолында еңбек етпек болса, онда көкейіндегі көздегенін Алаштың мақсат-мұратымен шендестіріп байқасын, алаш қайраткерлерінің мұрасын зерделеп, сол арқылы өзінің ойын ұштасын. Егер мұндай азамат алдына ұлт мүддесі хақында айқын бағдар шығара алса, онда басқарсын, істесін. Ал егер тек жеке бас қамын көздейтін болса, онда ол — ұлт үшін өлген, керексіз адам. Жәй ғана чиновник. Қарын қамын ойлаған көп шенқұмардың бірі.

Бүгінгі өркениет тұрғысынан қарағанда, Алаш идеясы дегеніміз — халқымызды жаһанданудың топансуынан аман алып өте алатын, мың жылдық мемлекет құруға қабілетті рухи күш. Сондықтан да ол өлмес мұраттар санатында.

*Сұхбатты өткізген Гүлден Емишева  
Алматы, 2010 жыл*



**Әбдіуақан Қара**

*Мимар Синан университетінің профессоры  
тарих ғылымдарының докторы, Шоқайтанушы ғалым  
(Стамбул, Түркия)*

## **ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНДА МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ ТАРИХИ ТҰЛҒАСЫНЫҢ БАҒАЛАНУЫ**

Қазақстанның Кеңестер Одағынан тәуелсіздігін алуына биыл 20 жол толып отыр. Сондықтан Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасымен Қазақстан осы атаулы жылды жан-жақты мерекелеуге дайындалуда. Бұл расында да өте орынды. Өйткені ғасырлардан кейін әрең қол жеткізген тәуелсіздігіміз баянды болуы үшін мұның халыққа, әсіресе жас ұрпаққа жан-жақты, нақты түсіндірілуі қажет. Сонда ғана ел болып, халық болып еліміздің келешегі үшін жұмыс істей аламыз. Бұл үшін тәуелсіздіктің мәнін жақсы түсіну қажет.

Осы орайда әсіресе тәуелсіздік жолында құрбан болған арыстарымызды, ұлы тұлғаларымызды әрдайым еске алып, құрметтеген дұрыс. Міне, осы тұрғыдан алғанда тарихи тұлғалар арасында саналы ғұмырын Қазақстан және Түркістан халықтарының тәуелсіздігіне арнаған Мұстафа Шоқайдың орны бөлек. Өкінішке орай, Кеңестік кезеңде түрлі жалалар жауып, есіміне тыйым салынған Мұстафа Шоқайға тәуелсіздіктен кейін 20 жыл өтсе де әлі толық бағасынын берілмей жатқандығы өкінішті. Біз, осы мақаламызда Шоқайға кеңестік кезеңде қалай күйе жағылғаны және бұл күйені жою барысында қазақ зиялыларының жүргізген күресі туралы тоқталмақпыз.

Өздеріңізге белгілі, Шоқайдың саяси күресінің басты мақсаты — Түркістандағы кеңес билігінің орнына тәуелсіз ұлттық басқару жүйесін орнату еді. Сол себепті, Шоқай кеңестер үшін режим қарсыласы еді. Сондықтанда, Мәскеу оның өмірі мен идеялары туралы мәлімет таратуға тыйым салды. Кеңес идеологиясы бойынша Шоқай халық жауы деп жарияланды.

Шоқай туралы қатаң тыйым-шектеулердің тарала бастауы Кеңестер Одағы құлауға бет алған 1990 жылдардың басына дөп келеді. Бірақ, бұл үдеріс бірден жүзеге аса қоймады. Шоқайды халық жауынан халық қаһармандығына көтерген үдеріс қазақ зиялыларының өте сақ және батыл әрекеттерінің арқасында жүзеге асты.



Кеңестер Одағының алғашқы кезеңдерінен бастап, Шоқайдың шығармаларының басылуына, таратылуына және тіпті оқылуына тыйым салынды. Бұл тыйымдарға мойын сұнбағандар, сірә, оның атын атағандар қатаң түрде жазаланды.<sup>1</sup> Халық жауы деген желеумен Шоқайға байланысты мәліметтер оқулықтар мен энциклопедияларға кірмей қалды. Сол себепті, Қазақстан мен қазақ халқына қатысты барлық мағлұматтарды қамту үшін дайындалған 12 томдық Қазақ Совет энциклопедиясында Шоқай туралы ешқандай мәліметке орын берілмеді.

Тарих кітаптарында Шоқай отанын сатқан, опасыз ретінде көрсетілді. Кеңес дәуірінде Қазақстанның ресми тарихы болып саналған "Қазақ ССР" атты еңбекте Түркістан автономиясына байланысты оқиғалар баяндалып жатқанда, Шоқайдың қарсы төңкерісшіл элемент екендігіне баса назар аударылды. 1961 жылы Алматыда жарық көрген "Қазақ ССР тарихы" атты еңбекте Шоқайға байланысты мына жолдарды кездестіреміз: "... Сонымен қатар ағылшын империалистерінің нұсқауларымен 1917 жылдың қараша айының соңында Қоқанда Қоқан автономиясы деген бір автономия құрылды. Бұл кертартпа-төңкерісшіл өкіметтің ішінде өзбек буржуазияшыл ұлтшылдарымен қатар, қазақ ұлтшылдары М. Тынышбаев пен М. Шоқаев орын алды."<sup>2</sup>

"Қазақ ССР тарихындағы" осы тұжырым аса маңызды. Өйткені, ол еңбек кеңестердің Қазақстан тарихы туралы ресми көзқарасын байқатады. "Қазақ ССР тарихы" сынды ресми тарих кітаптары Компартияның көзқарастары мен принциптерін көрсету барысында, партияның мұқият бақылауында дайындалады.

Кеңес идеологиясын коммунистік партия белгілегендіктен, партия басшылары өзгерген сайын идеологияда да өзгерістер болып отырды. Соған сәйкес Қазақ ССР тарихы да өзгертіліп тұрды. Тұңғыш Қазақ ССР тарихы 1943 жылы жарық көрді. Бірақ II-дүниежүзілік соғыстан кейін бұл кітапта жаңсақ пікірлер жазылғаны алға тартылып, қайта жазуға шешім қабылданды. 1948 жылы Қазақ ССР тарихының екінші

1 Мұстафа Шоқай, Түркістанның қилы тағдыры. Жин. Байбота Серікбайұлы Қошым Ноғай, Алматы 1992, 4- б.

2 Қазақ ССР тарихы. Социализм дәуірі, Алматы 1961, II т., 40- б.



нұсқасы жарияланды. Бірақ, кейіннен бұл кітап та зиянды деп табылды. 1978 жылы үшінші және соңғы нұсқасы жазылып, оқырмандардың назарына ұсынылды. Қазақ ССР тарихы сияқты маңызды кітаптардың мазмұнын Қазақстан Коммунистік Партиясы Орталық Комитеті идеология хатшысы тексеріп отырды.

Бұл арада жағымсыз пікір білдірген Шоқай туралы бір адамның зерттеу жүргізіп, қандай да болмасын бір материалды жариялауы мүмкін емес еді. Өйткені, Кеңестер Одағының мүшесі болып саналатын бір елдің тарихына байланысты Кеңес идеологиясы бойынша жазылған тарих кітаптары зерттеушілер мен тарихшылар үшін жол көрсетуші бір компас қызметін атқарады. Соған сәйкес тарих бағалануға тиіс еді. Сондықтан, айталық, Қазақстанға қатысты шығарылатын тарих кітаптары мен зерттеу еңбектерінің нәр алатын бұлағы "Қазақ ССР тарихы" болып табылады. Қазақстан азаматтары, әсіресе ғалымдар мен өнер қайраткерлері, сондай-ақ ақын-жазушылар мен коммунизмнің болашақ құрушылары деп айтылған жастар сол кітаптың көзқарастарымен санасуға мәжбүр еді.<sup>3</sup> Сол себепті, "Қазақ ССР тарихында" кертартпа-төңкерісшіл деп сипаттама берілген Шоқай туралы сөз қозғау әсте мүмкін емес еді.

Кеңестік Қазақстанның ресми тарихында тыйым салынған тек Шоқай мен Түркістан автономиясы емес еді. Алаш орда қозғалысы мен жетекшілеріне де тыйым салынды. Алайда, Алаш қозғалысының жетекшілері билік большевиктер қолына өткеннен кейін Шоқай секілді шетке шығып, күрес жүргізудің орнына, олармен бірге жұмыс істеуді таңдап, Қазақстанда кеңестік басқару жүйесінің ұлттық сипатталуына маңызды үлес қосты. Олар, әсіресе оқу-ағарту, ғылым және өнер секілді салаларда орасан еңбек етті. Соған қарамастан, 1925 жылдан бастап Алаш орда мүшелері кеңестік әкімшілік орындарының қудалауына ұшырай бастады. 1930-1932 жылдары жүргізілген әр түрлі соттарда Алаш орданың белсеңді мүшелері халық жауы және шетелдердің тыңшылары деген айыптар тағылып, бас бостандығынан айырылды, жер аударылды немесе өлім жазасына кесілді. Бұл соттардың қармағына ілікпей аман қалғандары 1937-1938 жылдардағы саяси қуғын-сүргін кезінде

3 Мұхтар Мағауин. Қазақ тарихының әліппесі. Алматы 1995, 7-6.



қырылды. Алаш орда қозғалысы мен оның жетекшілері туралы зерттеулер жүргізіп, еңбектер жазуға да 1935 жылдан бастап тыйым салынды.<sup>4</sup>

Шоқай бұл жағдайды тосырқамайды. Оның ойынша, кеңес билігіндегі халықтардың ұлт-азаттық қозғалыстарын кеңес тарихшыларының бейтарап жазуы мүмкін емес еді. Өйткені олар, жалпы алғанда, тарих ғылымында бейтараптылықты қабылдамайды. Сондықтан, олар тарихты тап күресі үшін бір құрал ретінде пайдалануға бейім тұрды. Шоқай тарихтың тек өткеннен сыр шертетін ғылым ғана емес, сонымен қатар болашаққа бағыт-бағдар беруге жарайтын бір құрал екендігіне кеңестік тарихшыларының өте жақсы білгендігіне баса көрсетеді.<sup>5</sup>

Саяси қызметтері мен көзқарастарына байланысты Кеңестер Одағында ат-айдар тағылып, қылмыскер атанған Шоқай ғана емес еді. Оның туыстары да режим үшін күдікті адамдар санатына жатқызылды. Ол үшін Шоқайдың көзқарастарын қолдап-қолдамау қажетті емес еді. Оның, яғни халық жауының туысы болу әртүрлі жазамен қысым жасау жетіп жатты. Сол себепті, Шоқайдың жақындары кеңестік орындардың қысымына тап болды.<sup>6</sup>

Кеңестер Одағында қандай да бір себепке байланысты Шоқайдың аты атала қалса, артынан міндетті түрде жағымсыз сипаттарда бірге айтылатын дағды қалыптасты. Оған көбінесе Кеңестік түркі тілдес республикаларында ауыр айыптаулар болып табылатын түрікшіл, исламшыл, ұлтшыл немесе әлем буржуазиясының тыңшысы секілді теңеулер жапсырылды.<sup>7</sup>

Шоқайға қарсы кеңестік үгіт-насихат 1968 жылы шарықтау шегіне жетті. Сол жылы КГБ офицері Серік Шәкібаевтың Шоқай туралы жазған “Үлкен Түркістанның күйреуі” атты повесі жарық көрді.<sup>8</sup> Деректі повесть екені алға тартылған бұл шығарма, Шоқайды шен-шекпен үшін елін нацисттерге сатқан опасыз ретінде көрсетуге бағытталды. Кеңес дәуірінде Шоқай туралы тыйым салынбаған да басылым болып табылатын

4 Нүрпейісов, 9-14-б.

5 Мұстафа Шоқай. “Бир “Ілми” Ялғанға Каршы (Қоканд Мухтариатинин 14-Йыздөнімі Мүнасебтиле) // Яш Түркистан, Желтоқсан 1931, Но 25, 6- 5.

6 Сарбұлақ Ібрашев. Мұстафа Шоқайұлы // Жас Алаш, 28 маусым 1991.

7 Мұстафа Шоқай. Түркістанның қилы тағдыры, 3-4 б.

8 С. Шәкібаев. Үлкен Түркістанның күйреуі. Алматы, 1968.





бұл повесть Шоқайдың нацисттердің түрмесінен Фашистік Германияның Шығыс министрі Альфред Розенбергке хат жазуынан басталады. Хатында Шоқай Түркістанды тек Германияның құтқара алатындығына сенетіндігін, сол себепті, тұтқынға түскен түркі тектес кеңес әскерлерінен көмекші отрядтар жасақтап, неміс армиясына көмектескісі келетіндігін білдіреді. Осылайша, Шоқайды фашисттік билік астындағы Түркістанға басшы болу үшін елін нацисттерге бодан етуге тырысқан сатқын ретінде көрсетуге бағытталған оқиғалар тізбегі өрбиді. Повесть бойынша Шоқай жақын серігі Уәли Каюм Ханбергеннің салдарынан өліп, сазайын тартады.

Шәкібаевтың повесін құжаттарға сүйене отырып, жазғаны рас болғанымен, пайдаланған деректеріндегі қателіктер оны жаңсақ оқиғалар құрастыруына жетеледі. Шәкібаев күмәнді кеңестік деректерді қолданды. Бұл деректердің көпшілігі соғыстан кейін кеңестерге қайтарылған легион мүшелерінің КГБ тергеуінде берген жауаптарының хаттамалары еді.<sup>9</sup> Тергеуде қысым астында әскерлерден алынған мәліметтердің көпшілігі шындыққа сай келмейді. Шәкібаев повесін осы жаңсақ мәліметтер бойынша құрастырды. Повесте шындыққа қайшы келетін көптеген мәліметті кездестіруге болады. Мысалы, повестің басында Шығыс министрі Розенбергке хат жазған Шоқай бір жылдан бері түрмеде отырады.<sup>10</sup> Алайда Шоқай ешқашан түрмеге отырмаған. Шоқай тек үш аптадай Париж маңындағы Компиен лагерінде тұтқынға болды. Ол жер де түрмеден гөрі, бір оқу лагері секілді еді. Сондай-ақ, бұл жердегі пікірталас ортасы Шоқайға өте ұнайды. Сонымен қатар, ол кезде әлі Шығыс министрлігі құрылмаған болатын және Розенберг де министр емес еді. Повесте Шоқайдың Петерборда Заң факультетінде Керенскиймен бірге оқығаны айтылады.<sup>11</sup> Шындығында екеуінің бір уақытта студенттер болуы мүмкін емес. Керенский оқуын бітіргеннен кейін, Шоқай Петерборға келді. Өйткені, 1881 жылы 22 сәуір күні туылған Керенский Шоқайдан 11 жыл бұрын Петербор университетіне түскен.<sup>12</sup>

9 Әбу Тәженов. Мұстафа Шоқай өмірінің кейбір қырлары // Қазақтарихы. Қыркүйек-қазан 1996, No 5, 57 б.

10 Шәкібаев. 7, 14 б.

11 Шәкібаев. 1-б.

12 Alexander Kerensky. The Kerensky Memoirs, Russia and History's Turning Point. London, 1965, 17-б.



Шәкібаевтың кітабында Шоқайдың ағылшын тыңшыларымен жұмыс істегені алға тартылады.<sup>13</sup> Шоқайдың ешбір елге тыңшылық істемегені белгілі. Шәкібаев Шоқайдың Еуропаға жұбайы Марияның қалауы бойынша келгенін алға тартады.<sup>14</sup> Шоқайдың Еуропаға өз ықтиярымен саяси күрес жүргізу үшін келгендігі Шоқай туралы зерттеулерде бүгінгі таңда нақты мәлім болып отыр. Аталған кітапта Уәли Каюмның Шоқайға “ЯшТүркістан” журналын шығаруға көмектескені аталып өтіледі.<sup>15</sup> Бұл пікірдің де ешбір қисыны жоқ. Өйткені, Шоқай “ЯшТүркістан” журналын шығарып тұрған жылдарында (1929-1939) Уәли Каюмды танымайтын еді. Олар журнал тоқтағаннан кейін, соғыс жылдарында танысады. Түркістан легионы туралы пікірді алғаш Шоқай айтқан екен.<sup>16</sup> Шоқайдың бұл пікірді айтқандығы туралы ешқандай мағлұмат жоқ. Қайта керісінше, Шоқайдың нацистік тұтқын лагерлерінде алғаш рет болғаннан кейін тұтқын әскерлердің майдандардан қайтарылуы және оқуларға жіберілуі туралы ұсыныстар жасалғандығы жөнінде мәліметтер бар. Сонымен қатар, Шоқай легион жобасына қарсы болған. Сол себепті де қайтыс болады. Шәкібаевтың алға тартуына қарағанда, Шоқай ағылшындармен келісе алмағандықтан тұтқындалған.<sup>17</sup> Шоқайдың тұтқындалу себебі тек Кеңестерге қарсы болуы еді. Шәкібаев романында Шоқайдың легионерлерді ұйымдастыру ісіне бар жан-тәнімен кірісіп, бұл істің жауапкершілігін өз мойнына алғанын негіз дейді.<sup>18</sup> Бұл пікір шындыққа толықтай қайшы келеді. Өйткені, Шоқай нацисттермен әскери салада ынтымақтасуға үзілді-кесілді қарсы болатын. Повесть бойынша Зәки Уәлиди Парижге алғаш рет 1937 жылы келеді және Шоқай оны Берлинге алып барып, Ғалимжан Идрисимен бірге “ЯшТүркістан” журналын шығару ісін тапсырады. Уәлиди Стамбулға кеткенге дейін Идриси екеуі журналды шығару ісіне жәрдемдеседі.<sup>19</sup> Бұл пікірлердің шындықпен ешқандай байланысы жоқ. Уәлиди Парижге алғаш рет 1937 жылы емес, 1922 жылдың соңында келеді. Кейін Түркияға кетіп қалады. Сондай-ақ ол ешқашан

13 Шәкібаев. 9 б.

14 Шәкібаев. 12 б.

15 Шәкібаев. 13, 48-49 б.

16 Шәкібаев. 15 б.

17 Шәкібаев. 18 б.

18 Шәкібаев. 19 б.

19 Шәкібаев. 21-22.



“Яштүркістан” журналында қызмет атқармады. Романда сонымен қатар, Шоқайдың өлімінен кейін Түркістандық босқындардың Зәки Уәлидиді Түркістан Ұлттық Комитетіне жақындатпағаны туралы пікір айтылады және 20 мамыр күнгі (жылы көрсетілмейді) ТАСС хабар агенттігінен үзінді алынып, түрік полициясының фашисті кұйым мүшелері Нихал Атсыз, Оғуз Түрккан және Зәки Уәлидидің үйлеріне тінту жүргізгеніне тоқталады.<sup>20</sup> Жазушы бұл жерде де шындықтан алшақтап кетеді. Уәлиди соғыс кезінде Германияға еш болмаған. Сол себепті оның Түркістан Ұлттық Комитетіне кіру секілді әрекеті туралы айта алмаймыз. Екінші жағынан, жазушы әдейі жылын көрсетпей, тек 20 мамыр деп атаған оқиғасы 1944 жылы болған. Жазушы оқиғаның жылын көрсетпеу арқылы оқырманға Түркістан Ұлттық Комитетімен Зәки Уәлиди арасында бір байланыс болғандығын көрсетуге тырысады. Идрис Ғалимжанға қатысты жазғандары да шындыққа жанаспайды. Оның не Шоқаймен, не “Яштүркістан” журналымен байланысы жоқ еді. Тіпті, мұрағат деректеріне қарағанда, Ғалимжан Шоқайдың тұтқын комиссияларында қызмет атқаруына қарсы еді және бұл туралы неміс органдарына баяндамалар беруден де тартынбаған.

Осылардың барлығы, егер деректерге негізделген болса, легионда қызмет атқарған әскерлердің өзара ойдан шығарған аңыз әңгімелерінен басқа ештеңе емес. Бұл әскерлер Шоқайдың қашан өлгендігі туралы да нақты білмейді. Сол себепті, Шәкібаевтың романында 1941 жылы желтоқсан айында қайтыс болған Шоқай 1942 жылдың наурызында әлі тірі болып көрінеді.<sup>21</sup> Өйткені, тұтқын лагерлеріндегі әскерлер Шоқайдың 1942 жылы сәуір айында қайтыс болған деп сенетін. Тұтқын лагерлеріндегі түркістандық әскерлерден Қарыс Қанатбай Шоқайдың өлімі туралы хабардың өздеріне сәуір айында жеткендігін айтады.<sup>22</sup> Қысқасы деректі повесть деп көрсетілген шығармада оқиғалар желісінің пайдаланған материалдарының қате болуына байланысты шындықтан алыстап кеткені анық. Сондай-ақ, жазушының Шоқайдың қызметтеріне кеңестік идеология тұрғысынан баға беруге тырысуы, оның адасуын одан әрі тереңдете түседі. Мысалы, повесть бойынша

20 Шәкібаев. 206 б.

21 Шәкібаев. 49 б.

22 Мария Чокайоглу, Я пишу вам из Ножана, Алматы, 2002, 140 б.



Розенберг Шоқайға Түркістанның неміс отары болатындығын және ұлттық армиясы мен мемлекеттігі болмайтындығын айтады. Шоқай болса, бұған қарсылық білдірместен келіседі.<sup>23</sup> Жазушының Розенбергпен Шоқай арасындағы кездесуді әрқандай бір дерекке сүйене отырып, жазбағандығы анық. Бұл жерде оның толықтай кеңестік идеологияға сай бір бейнелеу жасауға тырысқандығы даусыз.

Шәкібаевтың кейіннен орысшаға да аударылған повесінің Шоқайдың нацисттермен ауыз жаласқан сатқын екендігі жөнінде халық арасында жаңсақ ұғым қалыптасуына елеулі қызмет атқарғаны күмәнсіз. Сонымен, Шоқайдың саяси қызметтерімен басылымдарынан Түркістан халқына қарсы ешқандай бір мін таба алмаған кеңестердің үгіт-насихат құралдарының Шәкібаевтың жалған деректерге негізделген повесі арқылы диттеген мақсатына қол жеткізуге тырысқанның деп айтуға негіз бар.

Қазақстанда 1960 жылдардың соңынан бастап кеңестік идеологияның белгілеген шеңберінен асып Шоқай туралы айту мүмкін емес екенін жоғарыда атап өткен едік. Бұл жағдай 1985 жылы кеңестік биліктің басына өткен Михаил Горбачёвтың қайта құру және жариялылық саясатына дейін жалғасты. Горбачёвтың кеңес қоғамын барынша демократияландыруға және бүкіл тарихи шындықтарды бүкпесіз ашық талқылауға шақырған жаңа саясаттарынан кейін жағдай өзгерді. Қарапайым халық пен зиялылар Қазақстанда идеологиялық себептерге байланысты тыйым салынған тарихи оқиғаларды ашық талқылай бастады. Бұл процесс әсіресе, 1987 жылдан бастап белең алды. Алаш орда қозғалысы мен жетекшілері, 1933 жылы үш миллионға жуық қазақтың өліміне жол ашқан аптық зобалаңы, 1937-1938 жылдардағы зиялылардың қуғын-сүргіне ұшырауы секілді сан жылдар тыйым салынған тақырыптар ашық талқыланды.

Алаш орда мен жетекшілері туралы айтыс-тартыстар 1988 жылдың соңында өз нәтижесін берді. Қазақстан Кеңестік Социалистік Республикасының Жоғары Соты 1988 жылы желтоқсан айында қабылдаған бір шешім бойынша Алаш орда жетекшілерінің қарсы-төңкерісшіл және антисоветшіл деген айыптауларға ұшырағандығын мойындады. Осылайша Алаш

---

23 Шәкібаев. 82-б.



орда көсемдері ақталды. 1989 жылы қаңтар айында Қазақстан Коммунистік Партиясы Орталық Комитеті де бір мәлімдеме жариялап, Алаш жетекшілерінің әлеуметтік, саяси және әдеби қызметтері туралы тарихи шындықтардың зерттеліп, халыққа жария етудің қажеттігін атап өтті.<sup>24</sup>

Сөйтіп, Қазақстанда 1989 жылдың қаңтар айынан бастап, Алаш орда қайраткерлеріне қатысты шындықтардың бетін ашудың алдында тұрған кедергіліктер жойылды. Енді гәрі, Алаш қайраткерлері туралы ешқандай тыйым-шектеу жоқ еді.

Алайда, осы құбылыстар болып жатқанда, ешкім аузын ашып Шоқай туралы ләм-мим деп ешнәрсе айта алмады. Бұл жағдай бізге Шоқай туралы сөз қозғаудың ұлттық тарихтың өзге ақтаңдақ беттері туралы сөз қозғаудан әлде қайда қиын екендігін көрсетеді. Екінші жақтан мұны кеңестік үгіт-насихат механизмінің өзге Алаш орда жетекшелеріне қарағанда, Шоқайға қарсы әжептәуір күштірек жүргізгенінің бір көрінісі ретінде бағалауға болады. Горбачёвтың тарихтың ақтаңдақ беттерін толтыруға шақырған жариялылық саясатының өзі Шоқай туралы шындықтардың бетін ашуда ешқандай қауіп жоқ екендігіне ешкімді сендіре алмаған көрінеді.

Сондықтан ешкім ортаға шығып, Шоқай туралы мәселе қозғауға батылдық көрсете алмады. Бұл турасындағы кідіріс бәрінен басым болды. Қазақ тарихының кеңес дәуірінде бүркемеленген барлық шындықтары айтылғаннан кейін ғана, Шоқай туралы әңгіме қозғалатын еді. Шоқай жариялылық саясатының аясында талқыланатын қазақтың ұлттық тарихының соңғы ақиқаты еді. Бұл құбылыста талқыланған жағдайда, қазақ тарихында ешқандай ақтаңдақ бет қалмайтын еді.

Ақырында Кеңестік қазақ тарихының соңғы шындығын жұртшылық талқысына ұсынған алғашқы қадам 1990 жылы 17 мамыр күні басылды. Бұл қадамды басу батылдығын көрсеткен жазушы – журналист Бейбіт Қойшыбаевтың “Беймәлім тағдыр Мұстафа Шоқаев туралы бірер сөз” атты мақаласы “Ана тілі” газетінде жарияланды.<sup>25</sup> Шоқай секілді кеңестік режимнің қайсар қарсыласы туралы пікір таласты бастатқан алғашқы мақаланың “Ана тілі” газетінде жарық көруде кездейсоқтық емес еді. Өйткені “Ана тілі” газетіде қайта құру саясатының

24 Қазақ әдебиеті. 6 қаңтар 1989.

25 Бейбіт Қойшыбаев. Беймәлім тағдыр Мұстафа Шоқаев туралы бірер сөз // Ана тілі. 17 мамыр 1990.



туындысы болып табылады. Газет кеңестік идеологияның тіл саясатының кесірінен ұзақ жылдар орысшаның тасасында қалған қазақ тілінің өміршендігін қалпына келтіру сынды ол кезең үшін бет бұрыстық бір мақсатта құрылған "Ана тілі" қоғамының органы еді. Шоқай іспетті қиын бір мәселе жөнінде сөз қозғаған мақалада тек осынау бір баспасөз органында орын алар еді.

Қойшыбаев мақаласын, сақтықта қорлық жоқ дегендей, абайлап жазды. Шоқайдың кеңестердің ымыралас жауы болғандығы жөнінде ресми тарихта айтылғандардың шындығына таласпайтынын атап, өткен автор қайта құрудың жаңашыл рухына сай дұшпанды да танып білудің қажет екеніне көрсетеді. Осындай кіріспеден кейін Қойшыбаев Шоқайдың өмірімен бірқатар шығармаларын таныстырады. Бірақ, Шоқайды ақтауға тырыспайды. Тек мақаласының соңында Шоқайдың нацисттермен бірге жұмыс істегені туралы алға тартушылықтың анық еместігін, өйткені оның Түркістан Легионының құрылуынан бұрын 1941 жылы 27 желтоқсан күні беймәлім жағдайда қайтыс болғандығын тілге тиек етеді.<sup>26</sup>

Шоқай туралы екінші мақала тағы да Қойшыбаевтың қаламынан шықты. Мақала алғашқысынан алты айдан соң, атап айтқанда 1990 жылы қараша айында Қазақстанның ең ықпалды баспасөз органдарының бірі болып табылатын "Қазақ әдебиеті" газетінде жарияланды.<sup>27</sup> Қазақстан Жазушылар Одағының көп тиражды газетінде орын алған мақаласында Қойшыбаев алғашқысына қарағанда көбірек батыл және айқын позиция ұстанады.

Шоқайдың өмірімен шығармалары туралы оқырманға мәлімет беруді көздеген Қойшыбаев оның "Түркістан кеңестер билігінде" атты еңбегімен "ЙениТүркістан" және "ЯшТүркістан" журналдарын таныстырады. Олардан үзінділер беріп, Шоқайдың саяси идеяларын таныстыруға тырысады. Автор шетелдерде жақсы танымал бұл еңбектердің Шоқайдың өз елінде беймәлім қалып отыруының ойландырарлық жайт екендігіне назар аударады. Қойшыбаев сондай-ақ Украинаның бұрынғы Сыртқы Істер министрі А.Чулгин, Социалистік интернационалдың мүшесі, француз саяси қайраткері Пиер

<sup>26</sup> Сол жерде.

<sup>27</sup> Бейбіт Қойшыбаев. Мұстафа Шоқай // Қазақ әдебиеті. 2 қараша 1990, 10-11 б.



Ренодел және профессор Тахир Чағатай секілді көрнекті тұлғалардың Шоқайды жоғары бағалаған тұжырымдарынан үзінділер келтірді. Мақаласының соңында сақтық шара қолданған Қойшыбаев бұл жерде қайсы бір адамдық аралау немесе айыптауды мақсат етпейтінін, тек тарихтың кейбір ақтаңдақ беттерін толтыруға күш жұмсағанын айтады.<sup>28</sup>

Қойшыбаевтың осы мақаласынан кейін Шоқайдың еңбектерін үзінділер газет-журналдарда тұжырым жасалмастан беріле бастады. Олардың арасында Қазақстан Коммунистік партиясының баспасөз органдары да болды. Компартияның күнделікті баспасөз органы болып саналатын "Социалистік Қазақстан" газеті 1991 жылы қаңтар айында алғаш рет Шоқайдың еңбектерін оқырмандарға таныстырды. Газеттің екі санында Шоқайдың "Түркістан Кеңес билігінде" атты еңбегінен үзінділер түсінік берілместен жарияланды.<sup>29</sup> Компартияның теориялық және саяси тақырыптардағы айлық баспасөз органы болып саналатын "Қазақстан Коммунисті" журналы да көп кешікпей Шоқайға көңіл бөлді. Журналдың 1991 жылы мамыр, маусым және шілде айы сандарында Шоқайдың "1917 жыл естеліктерінен үзінділер" атты кітабынан үзінділер жарияланды. Оған арналған қысқа кіріспеде Бейбіт Қойшыбаевтың "Ана тілі" мен "Қазақ әдебиеті" газеттерінде Мұстафа Шоқай туралы ойлантарлық мақалалардың орын алғандығына назар аударылып, Шоқай туралы шындықтың анық-қанығына жету үшін оның шығармаларымен танысып шығудың қажеттігі көрсетіледі. Шоқайдың "1917 жыл естеліктерінен үзінділер" атты еңбегін 1988 жылы профессор Саадет Чағатайдың түрік тілінде жарияланғанын атап өткеннен кейін, бұл шығарманың Қазақстанда алғаш рет жарияланып отырғандығы айтылды.<sup>30</sup>

Шоқай туралы үшінші және толықтай батыл мақала 1991 жылы мамыр айында Әнуар Әлімжановтың қаламынан шықты. Мақала Кеңес Одағының шаңырағы шайқалып, ыдыраған дыбыстары естіле бастаған және Қазақстанның Мәскеуден тәуелсіздігін жариялайтын желтоқсан айына бірнеше ай қалған кезеңге сәйкес келді. Әлімжановтың "Мұстафа Шоқай!.. Ол кім?" атты көлемді мақаласы "Қазақ әдебиеті" газетінің екі

28 Сол жерде.

29 Социалистік Қазақстан. 11 және 12 қаңтар 1991.

30 Қазақстан Коммунисті. мамыр 1991.



санында орын алды.<sup>31</sup> Әлімжанов осы мақаласымен Қазақстан баспасөзінде Шоқайды қазақтардың көсемі, тәуелсіздік күресінің қажымас жауынгері және ұлы тұлға ретінде бағалаған алғашқы кеңестік қазақ жазушысы болып табылады. Сонымен, Шоқай Қазақстанда алғаш рет халық жауынан халық қаһарманы дәрежесіне көтерілді. Бұл процесс Шоқайдың тағдырының елінің тәуелсіздігімен тығыз байланысты екенін айдай анық көрсетеді. Ол елінің демократиялық құқықтарын қорғау үшін 1921 жылы шетелге кетті. Шетелде елінің тәуелсіздігі жолында сан түрлі қиыншылықтарға төзе отырып мойымай, күресіп жүргенде 1941 жылы қайтыс болды. Бірақ, кеңес билігіндегі Қазақстанда халық жауы деп жарияланып, күрес жолымен идеяларының таныстырылуына тыйым салынды. Осындай тыйымдар Қазақстан тәуелсіздікке қарай нақты қадамдар басып келе жатқан кезде ғана жойылды.

Қазақстанда Шоқайдың ұлттық қаһарман екендігін алғаш рет бүкпесіз ашық айтқан Әлімжанов мақаласының кіріспесінде былай дейді: *"...Бүгін қайта құру күндерінде біздің жүзеге асыруға тырысқан пікірлерімізді ол сонау 1917 жылдың өзінде ұсынған болатын. Сол себепті оған "түрікшіл", "исламшыл", "ұлтшыл", "әлем буржуазиясының итаршысы" деген айыптар тағылды. Соңына НКВД қызметкерлері түсті. Оның тек шығармаларына ғана емес, атын атаудың өзіне де қатаң тыйым салынды. Байқаусызда атын атағандар қуғындалып, хабар-ошарсыз жоғалып кетіп жатты."*<sup>32</sup>

Шоқайдың Қоқан автономиясындағы қызметтеріне де тоқталған Әлімжанов оның бұл жердегі қызметтеріне дәстүрлі кеңес тарихы көзқарасынан өзгеше түрде баға берді. Шоқайдың Отанына сатқындық жасаған адам емес, қайта бүкіл саналы өмірін ұлтына арнаған отан сүйгіш, ұлт жанды азамат екендігіне баса назар аударды.

Әлімжановтың бұл мақаласынан соң Қазақстанда Шоқай туралы алаңдаушылықтар айтарлықтай сейілді. Баспасөз саласының бүкіл органдары ол жөнінде материалдар басуға ықылас таныта бастады. Шоқайдың өмірі мен еңбектері туралы мақалалар жарияланды. Олардың ең маңыздыларының бірі Қазақстан Коммунистік Партиясының Жастар ұйымының

31 Әнуар Әлімжанов. Мұстафа Шоқай!..Ол кім? //Қазақ әдебиеті. 24 мамыр және 31 мамыр 1991.

32 Әлімжанов. Қазақ әдебиеті. 24 мамыр 1991.





(комсомол) баспасөз органы “Лениншіл Жас” газетінде орын алды. Газеттің екі санында бірінен соң бірі, екі күн бойы жарияланған “Мұстафа Шоқайұлы” атты көлемді мақаланың авторы Сарбұлақ Ибрашев Шоқайдың көзі тірі туыстарын танытты.<sup>33</sup> Олардың Шоқайға байланысты көрген қиыншылықтарын әңгімеледі. Осы орайда автор Шоқайдың туыстарымен кездесіп, сұхбаттасты. Бірақ туыстары Шоқайға тағылған “халық жауы” деген айыптаудың көпшілікпен Компартия назарында күшін жойғанына әлі сене алмай жүрген еді. Фани Әлішев осы алаңдаушылығын тілге тиек етіп, авторға былай деді: *“Мұстафа Шоқай туралы мақала жазамын деп біз душар болған қысым қудалауларға ұрынып жүрме. Ол туралы жазғанмен еш нәрсе өнбейді. Кеткен адам кетті. Жабулы қазан жабулы қалсын, онымен айналыспа.”*<sup>34</sup> Шоқайдың туыстарының кеңестердің құлауының қарсаңында әлі жалғасқан осынау алаңдаушылықтары, олардың Шоқайға байланысты не бір қиыншылықтарды бастан кешіргендерінің белгісі болса керек.

Қазақстанның 1991 жылы 16 желтоқсан күні тәуелсіздігін жариялауынан кейін Шоқай туралы алаңдауға ешқандай негіз қалмады. Өйткені, оның бүкіл саяси күресінінің нысанасы болған Кеңестер Одағы келмеске кеткен еді. Оның орнына Шоқай бүкіл өмірін арнаған туған халқының ұлттық демократиялық басқару құрылған еді. Сол себепті, жаңа Қазақстан мемлекетінде Шоқайдың өмірі мен еңбектері үшін алаң болуға ешқандай себеп жоқ еді. Қайта ол осы жаңа мемлекеттің ұлттық қаһарманы ретінде дәріптелуге лайықты еді. Бірақ, жетпіс жылдық кеңес билігі кезіндегі үгіт-насихаттардың ықпалынан әлі арыла алмай жүргендер кенже емес еді. Олардың ой-өрістері бір кезде халық жауы атандырылған Шоқайдың жаңа Қазақстан мемлекетінде қалайша ұлттық қаһарманға айналғанын түсінуге жетпеді.

Мұндай көзқарастағы адамдардың көш бастаушысы Шоқайға қарсы жүргізілген кеңестік үгіт-насихаттың ең тиімді шығармасы – “Үлкен Түркістанның күйреуі” атты кітаптың авторы Серік Шәкібаев болды. Шәкібаев Шоқайдың Қазақстан үшін ұлттық қаһарман болып жариялануын мойындамады және

33 Лениншіл жас. 27 және 28 шілде 1991

34 Лениншіл жас. 28 маусым 1991.



бұл ойын көпшілікке таратқан мақаласын жазуда да кешікпеді. "Қазақ әдебиеті" газетінің 1992 жылы шілде айындағы санында басылған мақаласында Шәкібаев бұл наразылығын былай деп ортаға салды: *"Бұл мақаланы жазу менің парызым болып табылады. Шоқай менің қаһармандарымнан бірі болғандықтан ол туралы мерзімді баспасөз беттерінде түрлі пікірлер алға тартылып жатқанында, әсіресе оның фашисттермен ауыз жаласуын кейбіреулер шүбәлі жайт секілді көрсетіп, тіпті терістеуге тырысып жатқан кездерінде менің үнсіз қалуым оқырмандарым үшін түсініксіз жайт болатын еді."*<sup>35</sup>

Шәкібаев "Құрғақ долбар – дәлел емес" атты осы мақаласында Қазақстан баспасөзінде соңғы кездері Шоқаймен оның шығармалары туралы жиі мақалалар шығып тұруына деген мазасыздығын тілге тие кетті. Шәкібаевтың пікірінше, мұндай мақалалар халықтың Шоқайдың ұлттық қаһарман екені жөнінде жаңсақ пікір қалыптастыруына себеп болуда. Ал шындығында Шоқай әсте қаһарман емес еді. Ол "фашисттердің қолжаулығы болған сатқын" еді. Ол құрған "Түркістан легионы" Германияның фашистік армияларымен бірге Түркістаны жаулап алып, Германияның бір отарына айналдыруды көздеген еді. Шәкібаев осылайша, Түркістан халқын немістердің боданына айналдыруды көздеген адамды қаһарман мәртебесіне көтеруге болмайтындығын атап өтеді. Байқағанмыздай, Шәкібаев бұрынғы кеңестік дәуірде Шоқайға бағытталған айыптаулардың ықпалынан әлі айыға алмаған сыңай танытады.

Шәкібаев сөйтіп мақаласында Шоқайдың отан қаһарманы еместігін, "фашисттермен ауыз жаласқан сатқын" екендігі туралы кеңестік айыптаулардың растығын дәлелдеуге тырысып бақты. Онын бұл мақаласына жауап Әлімжановтан келді. Әлімжановтың мақаласы "Қазақ әдебиеті" газетінің Шәкібаевтың мақаласы басылған санында және сонымен бір бетте жарияланды. Демек, "Қазақ әдебиеті" газетінің редакция алқасы Шәкібаевтың мақаласы өздеріне келіп түскеннен кейін, онымен Әлімжановтың танысып шығуына мүмкіншілік берген, сөйтіп оған жауап боларлық бір мақаланың жазылуын қамтамасыз еткен еді. "Ұлы адамның аруағымен алыспайық" деген мақаласында Әлімжанов Шәкібаевтың мақаласын

---

35 Серік Шәкібаев. Құрғақ долбар – дәлел емес // Қазақ әдебиеті. 24 шілде 1992.



КГБ-ның әдеттегі күйе жағу әдісі ретінде бағалады. Оның пікірінше, Шәкібаев не осы мақаласында, не “Үлкен Түркістанның күйреуі” атты повесінде Шоқайдың нацисттермен елінің мүдделеріне қарсы одақтасқандығын көрсететін ешқандай сенімді дәлел ұсына алмаған еді.

Әлімжанов мақаласының соңында Шоқайдың отаны үшін жасаған қызметтерінің айдай анық көрініп тұрғанын және ешкімнің қорғауына мұқтаж еместігін мына сөздермен атап өтеді: *“Мұстафа Шоқайұлы ешкімнің ақтауына мұқтаж емес. Ол өзін-өзі шығармаларымен, ерлігімен ақтап отыр. Оны тарих пен уақыт ақтады. Түркі тілдерінде сөйлейтін халықтар оның өзіне лайық бағасын беруде.”*<sup>36</sup>

Әнуар Әлімжановтың бұл мақаласы Шәкібаев үшін қанағаттандырарлық жауап болмады. Шәкібаев Шоқаймен байланысты алға тартушылықтарын одан әрі жалғастырды. Қазақ тарихшылар арасынан Әбу Тәкенованың Шоқайға қатысты шындықтардың зерттеліп, толықтай ортаға салынбаудан туындаған тұманды ортаны пайдаланып қалуға тырысқандығын айтады. Шәкібаев “Үлкен Түркістанның күйреуі” атты шығарманы қайтадан бастырды. Қазақстанда оқырманын көбейтіп, көбірек кірім келтіру мақсатында даулы мәселелерді күн тәртібіне қоюмен танылған бір газетте Шоқайға байланысты пікірлерін тілге тиек етті. Шоқайдың немістердің жыртысын жыртқан “Түркістан легионының” құрушысы екендігін, сондықтан генерал шенімен марапатталғандығын және Гитлермен әскери одақтастық жасағандығын т.б. алға тартты. Тәкенованың осылайша, Шоқайды бейбітшілік пен ізгі ниетті жандардың жауы етіп көрсетуге тырысқандығын айтады. Бірақ, Шәкібаев бұл істерінен көздеген мақсатына жете алмады. Сол себептен, басқа амалдар іздеп Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасына қылмыстық іс қозғатуға дейін барды.<sup>37</sup>

Бірақ, енді Шоқай тәуелсіз Қазақстан Республикасының халық қаһарманы еді. Ол бұған іс-қимылдары және идеяларына байланысты лайықты деп танылды. Осы атақ-бедел Шоқайға қатысты шындықтардың беті ашылған сайын нығая түсуде. Осыған орай, Шоқайдың мұрасымен мен қызметтерін

36 Әнуар Әлімжанов. Ұлы адамның аруағымен алыспайық // Қазақ әдебиеті. 24 шілде 1992, 7-б.

37 Тәкенов. 56-57 б.



жандандыру жолындағы іс-шаралар күн өткен сайын қарқынды түрде жалғасуда. Шоқай туралы айтулы жұмыстардың бірі 1994 жылы туған қаласы Қызылордада жүзеге асырылды. Сол жылы кешігіп болса да, Шоқайдың жүз жылдық мерейтойы атап өтілді. Аталмыш қалада сонымен қатар, 1996 жылы Мұстафа Шоқай ескерткіші салтанатпен ашылды. Қазақстанның бірқатар қалаларында көшелер мен даңғылдарға, мектептерге есімі берілді.<sup>38</sup>

Сөйтіп, Шоқай Қазақстан ұлттық мемлекетінің тарихи тұлғаларының ішіндегі ең көрнекті есімдердің біріне айналды. Шоқайға көрсетілген осы ықылас қарқынмен жалғаса береді. Өйткені, оның күресі мен идеялары Қазақстанның тәуелсіздік тарихының маңызды бір бөлігін құрайды. Сонымен қатар, Қазақстанның тәуелсіздік тарихының мазмұны Шоқайдың есімімен тереңдей түседі.

Дегенмен, Шоқайдың тарихи тұлғасы әлі Қазақстанда толық құрметтеліп отыр деп айта алмаймыз. Өйткені, Қазақстанның мәдени ордасы Алматыда Шоқайдың аты берілген көше қаланың бір шетінде кішігірім болумен қатар, қалада оған арналған бірде-бір ескерткіш жоқ. Ал бас қала Астанаға келер болсақ, бұл жерде тәуелсіздіктің символ тұлғасы Шоқайдан ешбір белгі-із таба алмайсыз. Осындай жағдайда, Шоқайдың екінші отаным деген Францияның астанасында өткен жылы туғанына 110 жыл толуына байланысты Шоқай атында парк ашылып, мүсін қойылуы ерекше назар аудартады. Міне, бұл өркениетті елдің белгісі. Енді Шоқайдың бірінші отаны Қазақстанның тәуелсіздігінің 20-жылдығында оған деген халқының толық құрметін көрсететін уақыт жеткен сияқты. Бүгін Қазақстан тәуелсіздігінің және дамуының символ қаласына айналып отырған Астанада Шоқай және бүкіл Алаш тұлғаларына арнап бір музей ашу, бір даңғыл, көшеге Шоқайдың атын беру және Астананың төріне Шоқайға арнап ескерткіш орнату әділеттілік пен өркениеттіліктің белгісі болар еді.

---

38 Базарбай Атабаев. Біз Мұстафаның ауылынанбыз //Қазақ елі, 10 қаңтар 1997.



**Х. Муса Ташгелен\***

*Сакарья Университетінің профессоры,  
әлеуметтану ғылымдарының докторы  
(Стамбул, Түркия)*

**МУСТАФА ШОҚАЙ: АЗАТТЫҚҚА АРНАҒАН ӨМІР**

Мұстафа Шоқай 1890 жылы Ресей империясы құрамына кіретін Түркістан губерниясының аумағындағы Ақмешіт қаласында азаттыққа ұмтылған ортада туған. 1902 жылы Мұстафа Шоқай орыс тілінде білім беретін Ташкент гимназиясына оқуға түсіп, оны 1910 жылы алтын медальмен үздік бітіріп шығады<sup>1</sup>. Ол Петербург университетінің заң факультетінде білім алады, әйтсе де оқуын медицина факультетінде жалғастырған жағдайда оның стипендия алуы мүмкін еді. Алайда, Түркістанның саяси және әлеуметтік мәселелеріне деген қызығушылық М. Шоқайды адвокат болу арманына жетелейді. Ол өз өмірінің соңғы кезеңдерін Еуропада, ішінара алғанда Парижде өткізеді. 1941 жылы ол Германияға жіберіледі, Берлинде түркі мұсылман зиратында жерленеді.

Мұстафа Шоқайдың өмірін екі кезеңге бөлуге болады. Біріншісі — патшалық кезең, ал екіншісі — кеңес өкіметі кезеңі. Мұстафа Шоқайдың өмірінің бірінші кезеңі негізінен Түркістан мен Ресейде өткен. Большевиктер ұйымдастырған төңкеріс жеңіске жетті, бірақ, оны ұйымдастыруға ат салысқан Алаш Орда мен Қоқан автономиялық үкіметі жойылып, Мұстафа осы үкіметтердегі атқарған қызметі үшін өлім жазасына кесілді. Оның Кеңестер аумағынан тыс жерде өткізген өмірінің екінші кезеңін эмиграция кезеңі деп атауға болады<sup>2</sup>.

Патша империясы құлағаннан кейінгі құрылған жаңа социалистік үкімет өзінің тағдырын халықпен байланыстырып, халықтарға еркін басқару тізгінін беруге уәде еткенімен, Түркістанға тәуелсіздік пен автономия бермеді<sup>3</sup>. Большевиктер

\* Сакарья Университетінің нақты ғылымдар факультеті мен әдебиет факультеті әлеуметтану бөлімінің мүшесі. Мария Горина-Шокаева. Мұстафа Шоқайдың естеліктері, «Туран» мәдени қоры. Стамбул, 2000. 57 б.

1 Мария Ж. Шокаева, Воспоминания о Мустафе Шокай, Культурный фонд «Туран», Стамбул, 2000 год, с. 57.

2 Абдулвахап Кара. Түркістан жалыны – Мұстафа Шоқайдың өмірі мен күресі. Стамбул: «Да», 2002. 156-188 б.

3 Абдулвахап Кара. Мұстафа Шоқайдың өмірі және Орталық Азияның түркі мемлекеттерінің тәуелсіздік жолындағы күресі, докт. дисс.. Әлеуметтік ғылымдар институты. Мимар Синан Университеті, 2002. 52 б.



үкіметі барлық саяси және әскери күшті жинап, Түркістанды басып алды. XVIII ғасырда Түркістанда басталған орыс экспанциясы XX ғасырдың басында күшейе түсті. 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін Түркістан халқының большевиктерге артқан үміті ақталмады. Іс жүзінде, бұл жағдай Түркістанның геосаяси орналасуымен байланысты еді. Мұстафа Шоқайдың ішкі рухани жағдайы мен идеалдарын түсіну үшін ол өмір сүрген жердің географиясы мен әлеуметтік ортаның ерекшеліктеріне баса назар аудару қажет.

### **Мұстафа Шоқайдың Түркістан бірлігі идеалының негіздері: Түркістанның тарихи геосаяси жағдайы**

Орталық Азияның дала халқын құрайтын түркілер мен моңғолдардың әлеуметтік құрылымы кландық жүйеге негізделген. Ал олардың саяси жүйесі осы кландар бірлігінен құралған. Егер де қандай бір клан басқаларын өзінің басшылығына алса және егер де ірі мемлекет құрылса, ал кландар билік үшін күресті бастаса, бұл мемлекет оңай тарап кете алар еді. Мемлекеттің әлісеруінің немесе тарап кетуінің негізгі факторы династиялар мен бауырластар арасындағы билік үшін күрес пен кландар қарсыластығы болып табылады. Кей кездері Орталық Азияның дала халықтары күшті саяси одақ құра алған кезде Қытайдың байлығын пайдалану мақсатымен оны өзіне бағындырды. Алайда өзін қорғау үшін Қытай барлық уақытта бірдей әскери күшке жүгіне бермеген. Ол осы елдердің әлеуметтік және саяси жүйесінің төмен деңгейін олардың өздеріне қарсы пайдаланған. Қытайдың сенімділігі Орта Азиядағы күшті саяси жүйенің жоқтығымен байланысты болды. Бұған Қытай мен көк түркілер арасындағы қарым-қатынас мысал бола алады. Қытай провинциялардағы династиялар мен кландардағы бауырластарды бір-біріне айдап салу саясатын ұстанып, көк түркілер мемлекетін күйретуге қол жеткізді. Өз мемлекетін өздері күйреткен көк түркілер өздеріне Қытайдың бұғауын киді<sup>4</sup>.

Түркістан аумағын кейінірек жаулап алған орыстар славян халқы бола отырып, басында түркілер мен моңғолдар болған көрші тұратын этностық топтардың бір бөлігін өзіне сіңіріп алған аралас этностық топтар болатын. Орыстардың өмір

4 Ташағыл А. «Көк түркі», I бөлім, Түркі тарихи қоғамы, 2-ші басылым. Анкара, 2003 ж. 35-47 б. Ташағыл А. «Гёк-тюрки», I бөлім, Түркі тарихи қоғамы. Анкара, 1999 ж. 8-21 б.



сүретін және үстемдік ететін жері Еуразия болып табылады. Олардың аумағына Еуразия, Ақ теңіз, Кавказ, Батыс Сібір және Түркістан кіреді. Этностық өзіндік сәйкестілік саяси күшке ұласқан орын Киев қаласы болып табылады. X ғасырда орыстар православиелік христиандықты қабылдады. Бұған Византия маңызды рөл атқарды. XIII және XV ғасырлар аралығында оқтын-оқтын моңғолдар мен түркілердің шабуылына ұшырап отырған Русь Алты Орданың билігінде болды. Алтын Орда тараған соң Русь күш ала бастады. Ішінара алғанда, 1453 жылы Византия тараған соң ол православиелік әлемнің көш басшысына айналып, өз ықпалын Еуразия аумағына тарату саясатын бастады<sup>5</sup>.

Орта Азия аумағында жеке мәдениет өкілі болып табылатын далалық түркілер мен моңғолдар мыңдаған жылдар жергілікті қытай биліктерімен тәуелсіздік үшін күресіп келді. Дала халықтары бірлікке қол жеткізіп, күшті әскери және саяси күшке айнала алды және Қытайды өз *бақылауына* алып, шекарасы Үндістаннан Еуропаға дейін созылған мемлекет құрды. Кландардан және аймақтардан тұратын түркілер мемлекетіне жік салып, тұтастығын бұза отырып, Қытай Орта Азия аумағын өз бақылауына алды және өз қауіпсіздігі мәселесін шеше алды. X ғасырдан кейін славян «суперэтностының» бір тармағы болып табылатын орыстар Орта Азияға бақылау жасау үшін күреске түсті. Ішінара алғанда, орыс және қытай империясының арасында қалған түркі халықтары бірлікке қол жеткізіп, тәуелсіздікке және билікке ие болды. Түркістанның тарихи геосаяси рөлін жақсы түсінген Әмір Темір өзін «Түркістан Әмірі» деп атап, алдына Анатолыдан Үндістанға дейін созылатын мемлекет құру мақсатын қойды, алайда ол күнге жете алмады.

Түркістанның бірлігін жоғалтқан құрылымы *көп жағдайда* саяси және әлеуметтік көзқарас тұрғысынан жеке саяси күштер болып табылатын Ресей мен Қытайдың ықпалымен байланысты болды. XX ғасырдың басында Түркістанның батыс және солтүстік бөліктері Ресейдің қарамағына, ал шығыс бөлігі – Қытайдың қарамағына өтті. Түркістан *халықтарының* геосаяси жағдайы олардың бірлігінің алғы шарты болды. Мұстафа Шоқай *интеллигент бола отырып*, саяси және әлеуметтік

5 Вернадский Г. Ресей тарихы (Ч. Мызрак, Догукан Мызрак Эгемен аудармасы). Стамбул: «Selenge», 2009 ж. 19-35 б.



тұрақтылыққа қол жеткізу үшін Түркістанның геосаяси жағдайының күрделілігін жақсы түсінді.

### **ХІХ ғасырдағы ұлттық қозғалыс және Түркістан бірлігінің идеалы**

Еуропадағы индустрияландыру мен урбандалу үдерістеріне ықпал еткен әлеуметтік құрылымдар да ұлттық мемлекеттер құруға негіз қалады. ХІХ ғасыр ұлттық қозғалыстардың бүкіл дүние жүзіндегі қоғамдастыққа ықпалы жүрген ғасыр болып табылады. Бірінші кезекте бұл ағымдардың идеалдары Осман империясынан тыс жатқан мұсылман қоғамдарына ықпал етті, кейіннен ұлттық мемлекеттер құру туралы интеллигенция өкілдерінің идеалына айналды. Бұрынырақ, Осман империясы бөлініп кеткен кезде бұған жеке мысал, албан халқы мен Орта Азияны мекендеген араб халықтары құрған мемлекеттер болды. Түрік Республикасының құрылуы да ұлттық мемлекет құрудың нәтижесі болды. Осман империясынан тыс халықтар да автономиялық және тәуелсіз мемлекет құру идеалдарын, ішінара алғанда, біртұтас Түркістан құру идеалын сақтады. Алайда, Түркістанның мұсылмандары ұзақ мерзімді перспективада түркілердің ғана емес, әлемнің барша мұсылмандарының бірлігін қалады. Түркістанның басы бірікпеуі мұсылман түркі халықтарын қуатты Ресей мен Қытай империялары алдында қорғансыз күйге әкеп соқтырды. Дегенмен де, Түркістан бірлікке қол жеткізе алған шақта ол Түркістан аумағында өз мемлекетін құруды мақсат тұтқан күштерге қарсы тұра алатын күйде еді.

Бұл геосаяси шынайылықтар Түркістан мұсылмандарының бірігуді мақсат тұтқан жиналыстарына жиі себеп болды. Қазақтардан және қырғыздардан құралған Алаш Орда үкіметі шеңберінде *Султан Галиев* басқарған *Итиль-Кама үкіметі (егіл-кама үкіметі)* мен автономиялық Түркістан үкіметі арасында бірігу жолдары талқыланды<sup>6</sup>. Түркі халықтары өкілдері біртұтас саяси құрылым құру мақсатында өткізген жиналыстарда үш негізгі мәселе бөліп қаралды:

- *түркілердің тілдері мен мәдени құндылықтарын сақтау және дәстүрлі өмір салтын қорғау;*
- *шетел күштерінің басқыншылығын тойтару және тәуелсіздік алу;*

6 Абдулвахап Кара. Түркістан жалыны – Мұстафа Шоқайдың өмірі мен күресі. Стамбул: «Да», 2002. 118-155 б.





- *рухани және интеллектуалдық өмірді жаңарту.*

Ислам әлемінің модернизмі «жаңашылдар» мен «консерваторлар» деп бөлінуге алып келді. «Жаңашылдар» бірінші кезекте, жаңару және білім жүйесін жақсарту жолдары арқылы, осылайша, ислам әлемі тап болған заманауи өмір шындығына сай батыс өркениетінің деңгейіне жетуді ұсынды. «*Жаңашылдар*» жаңару идеясын қорғап жатқан кезде, «*консерваторлар*» бұрыннан келе жатқан дәстүрлі құрылымды сақтау қажеттігіне сенді.

Еуропадағы ұлттық қозғалыстар империалистік және отарлық сипатта болғандықтан, олар соғыстың тууына себеп болды. Алайда, Түркістан аумағындағы ұлттық қозғалыстар империалистік сипатта болмай, мәдени құндылықтардың толық қорғанышына ие болды. Түркі тілдес халықтар мен түркілік мәдениеттегі халықтар бірлік *идеяларын* қорғады. Осындай бірлік түркі халықтарын сыртқы күштердің жаулап алуынан қорғайды деп саналған. Алайда, біріктіру идеясы жүзеге асқан жоқ. Басқаша айтқанда, тарихи тәжірибе осындай бірігуді жазғанымен, ол жүзеге аспады — Түркістан Кеңес Одағының құрамына кірді. Аталған кезеңде құрылған түркі мемлекеттердің саяси жүйелері түбегейлі өзгеріске ұшырады. Осы өзгерістер нәтижесінде бұл мемлекеттер үш ерекшелікті (*кеңес одағынан*) мұра тұтты:

— *ескі кеңестік жүйенің мұрасы ретінде таңдаулы жергілікті басқару өкілдері.* Бұл адамдар жаңа мемлекеттердің негізін қалады;

— *авторитарлық басқару.* Коммунистік партияның басшылары басқарудың тоталитарлық сипатын ұсынды. Ескі жүйеден мұраға қалған басқару тәжірибесі алынды. Қазіргі түркі мемлекеттеріндегі басқару әдістерін авторитарлық демократия деп атауға болады. Коммунистік партияның авторитарлық демократиясы тәжірибесінен басқа демократиялық тәжірибесі жоқ мемлекеттерде авторитарлық демократия саяси және әлеуметтік тұрақтылықты қорғауда аса функционалды болып табылады. Саяси және экономикалық жүйенің күрт алмасуы аталған елдерді хаосқа жетелеп, авторитарлық басқару қажеттігін көрсетті. Алайда, авторитарлық демократияның ең үлкен қатері диктаторлықты қалыптастыруға бейімдігі болып табылады. Қазақстан саяси және әлеуметтік тұрақтылықты қорғай отырып, диктаторлыққа



бармаған мемлекеттің үздік үлгісі болып табылады. Нұрсұлтан Назарбаевтың саяси тәжірибесі мен білімі оны осы көзқарас тұрғысынан ең сәтті көшбасшы жасады;

– *дәстүрлі әлеуметтік құрылым көшбасшылары, «ақсақалдар»*. Жаңа саяси жүйенің демократиялық құрылымдарында болмаған, бірақ әлеуметтік құрылымның дәстүрлі көшбасшыларынан тұратын «ақсақалдар» тобының да саяси жүйеде саяси ойыншылар ретінде салмағы болды.

1917 жылдың басынан саяси күреске белсене қатысқан Мұстафа Шоқай күреске жазушылық және философиялық тұрғыдан мән бере бастады. Ол – «Бірлік туы» және «Ұлы Түркістан» газеттерін құрушылардың бірі, олар үшін мақалалар жазды, сосын Тфилисте «Шафак» газетін ашып, «Кувайи Миллийе» қозғалысын қорғады. Ол өз мақалаларын Стамбулда шығатын «Ени Туркестан» журналында бастырды. 1929-1939 жылдары Берлинде «Жас Түркістан» журналын шығарды – бұл журнал Түркістандағы күреске көп ықпал етті. Бұл басылым Еуропада да, Кеңестік Ресейде де, сондай-ақ түркі әлемінде де жіті бақылауда болды<sup>7</sup>.

Түркістан жерінде күрес жүргізу мүмкіндігі болмаған Мұстафа Шоқай жолға шығуға шешім қабылдап, кезек-кезегімен Баку, Тифлис, Батуми, Трабзон, Стамбул қалаларына сапар шекті. Стамбул басқыншылардың қол астында болғандықтан өзін қауіпсіз сезіне алмаған М.Шоқай өзінің достары бар Париж қаласына көшуге бел шешті. Өзінің Еуропадағы қызметінде М.Шоқай екі ұйымға арқа сүйеді. Бірінші ұйым - Түркістан Ұлттық одағы болатын, ол Түркістанда құрылып, кейінірек Зеки Велиди Тоганның басшылығымен Еуропаға көшкен. Оның мақсаты - Еуропадағы Түркістаннан шыққан адамдардың басын біріктіру. Орыс демократтарынан қарым-қатынасын үзіп, ол кеңестер езгісіндегі халықтар құрған және поляк үкіметінің қолдауына ие болған «Прометейге» қосылды. Осы оқиғалардан кейін бірден толықтай тәуелсіз Түркістан құру идеясын қорғай бастады. Украина, Кавказ және Түркістан халықтары өкілдерінің саяси қызметін үйлестірген бұл ұйым Еуропада Кеңес Одағына қарсы шыққан интеллигенцияның бірлігіне арқа сүйеді<sup>8</sup>.

### **Мұстафа Шоқай дүниетанымының негізгі желілері**

7 Абдулвахап Кара. Түркістан жалыны – Мұстафа Шоқайдың өмірі мен күресі. Стамбул: «Да», 2002. 309-327 б.



М.Шоқай түркі халықтарының саяси бірлігі көп дәрежеде геосаяси жағдайларға байланысты деп есептеді. Қырымдағы және Әзірбайжандағы түркі халықтары одағына қарағанда неғұрлым берік одақ құру қажет болды. Оның пікірінше, Қырым, Украина, Әзірбайжан және Кавказ халықтары жақын достықта болды. Түркі халықтарының саяси бірлігі олардың мемлекеттерінің геосаяси жағдайларымен байланысты. Сондықтан, М. Шоқай түркі халықтары арасындағы кез келген жағдайларда мәдени ұйымдардың кез келген түрін құру идеясын қорғады. Алайда, кезектескен оқиғалар М.Шоқайдың көзқарасын ауыстыруға әкеп соқты — патшалық кезеңде ол автономия құру идеясын қорғаса, кеңес кезеңінде — тәуелсіздік идеясын қорғады. *Бастапқы прагматикалық көзқарасты қабылдау өзін-өзі жаңартуға және қажет болған жағдайда көзқарасын ауыстыруға әкеп соғуы мүмкін еді.*

Түркістанның геосаяси жағдайы түркі қоғамының бірлігін талап етті. М. Шоқайдың идеалдарын ақтаған тарихи және саяси өмір шындықтары орын алды. Алайда М. Шоқай мен осы идеяларды қорғаған басқа да интеллигенция өкілдерінің негізгі мақсаты болған бірлік кез келген басқа мемлекетке дұшпандық көзқарасқа арқа сүйеген жоқ. *Тарих үгерісінде*, Түркістанның тәуелсіздік алуды қалауына Ресей мен Қытай үкіметтері лайықты құрметпен қарамады, бұл өңірде бейбітшілік пен тұрақтылық бұзылды. Сондықтан жалғыз жол Түркістан мен оны қоршаған мемлекеттер арасында бір-біріне қатысты зорлық көрсету емес, мемлекеттердің өмір сүру құқығына құрметпен қарау негізінде достық пейілдегі және сенімді қарым-қатынас құру болып табылады. М.Шоқай осы идеяларды қорғады. Оның Түркістанның бірлігіне сенімі нәсілдік немесе шовинистік емес еді. Ол орыстарға қарсы шыққан жоқ, керісінше, ол орыс демократтарымен кез келген тұғырларда ынтымақтастыққа дайын болды.

Ол қандай да бір идеологияға ес-түссіз бой ұрған емес, әйтсе де идеалист болатын. Ол көзқарастары патриотизм негізінде дамыған бейбіт ұлтшыл болатын. Түркі дүниесі бетбе-бет келген проблемалар алдында оның прагматизмі негіз қалаушы болды, сонымен бірге, ол басына не күн туса да идеологиялық ұстанымдардан алыс болатын. Ол өз өмірін елінің



идеалдары мен гүлденуіне арнаған күрескердің үлгісі болды. М.Шоқай өзінің негізгі ұстанымдарын нацистік лагерлерде қорғады. Ол жаққа тұтқынға түскен түркі солдаттарына орасан көмек көрсете отырып, көп адамның өмірін құтқарып қалды.

Ол орыстарға қарсы шайқасуға тиіс Түркістан легионын басқарудан бас тартқаны үшін уланды деп ойлаймыз. Өз ұстанымдары үшін ол өмірін қиды. М. Шоқай прагматикалық оппортунизмді қабылдамады, ол әрқашан адамгершілік көзқарастар мен идеалдарды өз өмірінен және жеке бас пайдасынан жоғары қойды. Ол ең алдымен шынайы мұсылман және патриот болды.

Мұстафа Шоқай адамдармен өте жақсы тіл табыса білді және кез келген деңгейде сұхбаттаса алатын. Айналасында адамдарды ол шыншылдығымен және табандылығымен таң қалдырды. Ол таңдаулылық көзқарасын қолдаған жоқ және халыққа астамшылдықпен қарамайтын. Ол халықтан шыққан қайраткер еді. Халық одан өзін көретін. Мұстафа Шоқайдың жоғары әлеуметтік жауапкершілік сезіміне ие өмірі өте мазмұнды әрі қайғылы болды. Және де медициналық факультеттің орнына заң факультетін таңдауына әлеуметтік жауапкершілік сезімі өте күшті әсер етті. Бұл таңдау сондай-ақ интеллигент рефлексінің нәтижесі болатын. Интеллигенция өкілдері қоғам қиын кезеңге тап болған кезде жол көрсететін көшбасшылар міндеттерінен ешқашан тайқыған емес. Өмірін өз еліне арнаған интеллигенттер өз идеалдары жолында өмір сүреді. Ал Мұстафа Шоқайдың басты идеалы Түркістандағы әлеуметтік және саяси тұрақтылықты нығайтатын бірлікке қол жеткізу болатын. Мұстафа Шоқайдың өмірі — өз идеалдарына сенетін интеллигент бола отырып, кез келген қиындықтарға қалай қарсы тұрудың үлгісі.

Қазақ халқы М. Шоқайды мақтан тұтады, оның сіңірген еңбегін жоғары бағаламау мүмкін емес. Дегенмен де, Мұстафа Шоқай тек қазақ халқының ғана емес, барлық түркі халықтарының көрнекті қайраткері. Түркі халықтарының жүректерінен орын алған оның идеялары мен күресі қазіргі заманғы барлық түркі әлемі қайраткерлері үшін үлгі болып, оны өз өмірін қазақ халқы мен басқа да түркі халықтарының бостандығына арнаған нағыз көрнекті тұлғаға айналдырады. Оның жаны жәннатта болғай!



**Каюм Кесиджимен сұхбат**

*Саяси ғылымдар докторы, профессор,  
Еуропалық қазақтар Федерациясының төрағасы  
(Мюнхен, Германия)*

**АЛАШ МҰРАТТАРЫН ЖАЛҒАСТЫРҒАН ҰРПАҚ**

**Каюм аға, Батыс Еуропаның қазақ диаспорасы туралы айтып беріңізші.**

Біз – шетелде тұратын қазақтар, Қытайдағы Шыңжаңнан, яғни Шығыс Түркістаннан көшіп келген қазақтардың балаларымыз. Мен Түркиядағы Стамбул университетінің журналистика факультетін бітірдім, одан кейін 1980 жылдан 1995 жылға дейін «Азаттық» радиосында жұмыс істедім. Сосын ғылымға бет бұрып, саясаттанудан диссертация қорғап, бірнеше жыл Түркияның университеттерінде сабақ бердім, Шетелдік ғылыми конференцияларға қатыстым – Еуропаның, Американың университеттерінде баяндамалар жасадым. Менің негізгі тақырыбым – Орталық Азия мен Қазақстандағы саяси, мәдени, экономикалық даму және осы салалардың әсіресе Қазақстандағы өзгерулерін зерттеу. Бірнеше жыл қоғамдық жұмыстармен айналыстым. Ал қазір Еуропалық қазақтар Федерациясының төрағасының міндетін атқарамын ([www.eurokazak.net](http://www.eurokazak.net)).

Біз Германияда Мюнхен қаласында ресми органдарда тіркелдік, 2009 жылы Еуропаның қазақ қоғамдарының Федерациясының орталығын ресми түрде құрдық. Біздің Федерацияның негізгі мақсаты – шетелде тұратын қазақтар арасындағы байланысты сақтау, жастарды қазақтардың тарихымен, мәдениетімен, ұлттық дәстүрлерімен таныстыру, жастардың ана тілін білуіне қолдау көрсету. Сонымен қатар, түрлі іс-шаралар арқылы шетелдік қазақ жастарының назарын тарихи Отаны – Қазақстанға назар аударту.

Біз жыл сайын еуропалық қазақтардың құрылтайын өткіземіз. 2010 жылы Құрылтай Венада өтті. Бұл біз үшін маңызды оқиға болды, себебі 2010 жылы Қазақстан Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық ұйымына төрағалық етті. ЕҰЫҰ-ның штаб-пәтері Венада орналасқандықтан, біз де өзіміздің кезекті құрылтайымызды сол қалада өткізуді жөн көрдік. Біздің бұл іс-шарамыз сәтті өтті, біз үшін бұл екі бірдей қуаныш болды.



Біз сонымен қатар, жастарды қазақ тарихына, мәдениетіне, тіліне жақындастыру мақсатында екі рет қазақ диаспорасының конференциясын өткіздік. Бірінші конференция 2009 жылы сәуірде Мюнхенде өтті, біз Еуропадағы неміс тілді қазақ жастарының интеграциясы мен бірегейлігі мәселелерін талқыладық. Екінші конференцияны шведтік қала Вестороста 2009 жылы желтоқсанда өткіздік, мұнда да осы мәселелерді қарастырдық. Екі конференцияға да Қазақстанның өкілдері қатысты. Біріншісіне Қазақстан жастары Конгресінің атқарушы директоры Нұрлан Сыдықов қатысты. Вестороста өткен екінші конференцияға Қазақстанның Ұлыбританиядағы Төтенше және Уәкілетті Елшісі Қайрат Әбусейітов қатысты. Сонымен қатар, Еуразиялық ұлттық университетінің журналистика факультетінің деканы, профессор, доктор Қайрат Сақ та болды. Осылайша, мемлекеттік органдардан, университеттерден, жастар ұйымдарынан Қазақстан өкілдерінің шетелдегі қазақ жастарының ұлттық өзіндік санасын оятуға бағытталған іс-шараларға қатысуы осы іс-шаралардың тиімділігін нығайтады. Қазір жастар осындай қызық және пайдалы іс-шаралар әрі қарай да болып тұрғанын қалайды. Қазіргі кезеңде бұл іс-шараларды Еуропалық қазақтар Федерациясының президиумы ұйымдастырып, өткізіп жатыр. Біз ағылшын тілінің аббревиатурасынан алынған ФЕКА деп атайтын Федерацияның құрамында қазір Германияның Кельн, Берлин, Мюнхен қалаларының қазақ мәдени орталықтары, сондай-ақ Голландияның, Францияның, Ұлыбританияның, Данияның, Норвегияның, Швецияның, Австрияның және басқа елдердің қалалары бар. Тұтастай алғанда, ФЕКА құрамына Еуропаның елдерінің 10 қазақ мәдени орталықтарын біріктіреді.

### **Қазақтар Еуропаға қандай жолдармен келген?**

Қазақтар Еуропаға екі топпен келген. Бірінші топ Шыңжаңнан, яғни Шығыс Түркістаннан келгендер. Бұл топ ұлттық-азаттық күрестен кейін 1930-1950 жылдары Үндістанда болды. Олардың тарихы туралы айтпаймын. Олар біраз уақыт Үндістанда және Пәкістанда тұрды. 1953 жылы жұмыс іздеу барысында олар Түркияға көше бастады, ал Түркиядан 60-жылдары – Еуропа елдеріне көшуді бастады. Еуропаға көшу 60-жылдары басталып, 80-жылдарға дейін жалғасты және ол әлі тоқтаған жоқ. Екінші топ 1930-жылдары аштық кезеңінде



Қазақстаннан Ауғанстанға, Иранға, ал сосын 80-жылдары Түркияға, ал Түркия арқылы Еуропаға қоныстанды. Бұл топ саны жағынан азырақ.

### **Сіз осы топтың қайсысына жатасыз?**

Мен бірінші топқа жатамын. Менің ата-бабаларым Алтай мен Баркөлден Шығыс Түркістанға Гансу және Шыңхай дүңген жерлері арқылы, Тибет арқылы Үндістанға қоныс аударды. Олар бір жағынан, қытай биліктерімен күресті, ал басқа жағынан қатал табиғатпен күресіп, Гималай тауларынан және Тибет тау жотасынан өтті, 40-жылдары Үндістан мен Пәкістанға қиындықпен жетті. Бұл көші-қонды Елісхан Әліпұлы басқарды. Мен өзім Пәкістанда туып, Түркияда өстім, ал қазір Германия тұрып жатырмын.

### **Көшіп-қонушылардың басшысы Елісхан Әліпұлы туралы айтып беріңізші...**

Елісхан Әліпұлы Шығыс Түркістаннан Үндістанға бірінші болып көшкен қазақтардың көшбасшысы болды. 1930-жылдары ол көш басқара отырып, дүңген жерлерінен Үндістанға көшті. 1941 жылдың тамызында Үндістанда соның басқаруымен келген 3 мыңға жуық қазақтар болды. Сол кезеңде Ұлыбританияға бағынатын Үндістанның билігі оларды лагерьлерге Музафарабат атты жерге орналастырды. Бұл лагерьде 2 мыңға жуық адам көмектің жоқтығынан, үйреншіксіз климаттың, түрлі аурулардың әсерінен қайтыс болды. Нәтижесінде, Елісхан Әліпұлы Үндістандағы британдық губернатордың қамқорлығы арқасында Пәкістанның мұсылмандарымен байланыса отырып, бұл лагерьден Пәкістанға ауысуға мүмкіндік тапты. Осылайша, қалған қазақтар қиын жағдайлар мен аурулардан құтылды. Бұл кезеңде Елісхан Әліпұлының жақын көмекшілерінің бірі молда Ахметқали болған еді. Ол лагерьдің қиын жағдайларына қарамастан, ағартушылық жұмыстарын жалғастырып, балаларды оқытты. Ахметқали молданың шәкірттерінің бірі — бәріне танымал Халифа Алтай.

### **Ол адамның тағдыры қандай?**

Ол Пәкістанда қайтыс болды. Оның жалғыз қызы болды, ол 70 асты, Стамбулда тұрады. Семейден шыққан Ахметқалидың туыстары Қазақстанда да, Қытайда да бар. Оларды табуға болады.

### **Сіз өз отбасыңыздың шежіресін жинайсыз ба?**



Бізде мәліметтер жинап жүретін адамдар бар. Мен жеке өзім мұнымен айналыспаймын, әйтсе де, әрине әркім өзінің 7 атасын білу керек, мен де білемін. Біз 70 жыл бойы көшіп-қонып жүрдік, сол себепті шежіремен айналысуды жөн көрмедік, өйткені бұл жекешеленуге алып келеді.

**Шетелдің қазақ жастары өздерінің шежірелерін біле ме?**

Аздап біледі, әрине. Біздің 7 атаға дейін құдаласпайтын дәстүріміз бар ғой. Бұл дәстүр бізде сақталады.

**Сіз Шығыс Түркістан туралы айттыңыз. Толығырақ айтып беріңізші.**

Шығыс Түркістан – бұл Қытайдағы Синьцзян-Ұйғыр автономиялық ауданы. Түркі әлемінде бұл ауданды Шығыс Түркістан деп атайды, ал ресми атауы – Синьцзян. 1930-жылдары Шығыс Түркістанда сол кездегі Қытай билігінің отарлаушы саясатына қарсы көтерілістер болды. Ұйғыр Қожаниязов пен қазақ Әйімбет батыр бастауымен болған 1933 жылғы көтеріліс Шығыс Түркістанды Ислам Республикасы құрумен аяқталды.

Нәтижесінде Қожаниязов Шығыс Түркістанның қытай губернаторы Шыншысаймен келісіп, оның орынбасары болып, Шығыс Түркістан Ислам Республикасын басқарудан бас тартты. Кейбір ғалымдар бұл іс-әрекетін сатқындық деп есептеді. Осылайша, Шығыс Түркістан Ислам Республикасының үкіметі таралды. Сосын Шығыс Түркістан Республикасы 1944 жылы Әлихан Төрениң басқаруымен тағы да құрылды. Өз кезегінде Кеңестер бұл Республиканы қолдап отырған.

**Алаш қозғалысы туралы не білесіз?**

Алаш Орда туралы жас кезімізден білімді адамдардан, үлкендердің әңгімесінен білеміз. Бізге Міржақып Дулатов, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Мұстафа Шоқайлардың есімдері белгілі. Олардың есімдерін біз бала кезімізден білеміз. Алаш Орда рухы қазақтардың, әсіресе шетелдік қазақтардың жүрегінде. Қазақстаннан тыс тұратын қазақтардың көбісі сол баяғы кезден бері Міржақыптың «Оян, қазақ» өлеңін біледі.

*Көзіңді аш, оян қазақ, көтер басты!  
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.*

Міржақып өлеңдерін жатқа айтатын адамдар да болған. Бұл өлеңдерді тыңдап, біз Алаш Орда рухымен





тәрбиелендік десек те болады. Ол кезде Қазақстанда Алаш орда қайраткерлері туралы айтуға болмайтын, олардың кітаптары басылмайтын, билік жағынан қарсылықтар болған. Осылай, Алаш Орда қайраткерлерінің еңбектері шетелдік қазақтардың қолында қалды, және біздің зиялы қауым осы еңбектерді насихаттап, талқылаған. Бұл адамдардың қатарына Хасен Оралтайды жатқызуға болады, ол ақырында Германияда қайтыс болған. Дәулеткерей Тағыберлин «Азаттық» радиосында қазақ редакциясын құрған болатын. Оны Мюнхенге әкеліп, жұмысқа орналастырған Хасен Оралтай еді.

1950 жылдары «Түркі елі» журналы басылып жатты, онда Алаш орда туралы мағлұматтар жарияланды. Мысалы, Малекеш Қайбалдин Асан Қайғы деген лақап атпен жазған болатын. Бұл журнал Мюнхенде 5 тілде шығатын — қазақша, өзбекше, қырғызша, түрікше, тәжік тілінде.

Осылай, шетелдік қазақтар арасында Алаш Орда қайраткерлерінің есімдері ұмытылмады. Қазақтар оларды есте сақтаған және құрметтеген, оларды мақтан тұтқан. Меніңше, олардың үлгісі қазір де қазақ диаспорасын рухтаңдырады. Алаш қозғалысы туралы шет елдерде көп жазылатын және біз соның барлығын оқитынбыз.

Шетелдік ғалымдар да Алаш орда туралы көп жазған. Мысалы, Эдвард Аккорд, Александр Бенсон, Зенковский. Шетелдік ғалымдар үлкен жұмыс атқарды. Алаш орда туралы америкалық жазушы Эндерс те жазған болатын. Біздің жерлестеріміз бен шетелдік ғалымдар еңбектері арқасында біз Алаш Орда туралы біліп жатырмыз. Алаш орда көсемдері туралы аңыздар да бар. Қазіргі таңда Қазақстанда Алаш орда басшыларының еңбектері басылып жатыр, олардың есімдері көшелерге берілуде. Олардың армандары орындалып келеді, Қазақстан Еуропада үлкен мәртебеге ие болды, еуропалық елдердің серіктесі болды. Әрине, біз білеміз, бұның бәрі қазіргі елді басқарушылардың, ең алдымен — Президентіміздің сіңірген еңбегі.

**Шетелдік қазақ жастары Алаш қозғалысы туралы біле ме?**

Әрине, жастар Алаш орда туралы біледі, бірақ барлығы жақсы біледі деуге болмайды. Біз бұл мәселелерді жастар конференцияларында талқылап, Әлихан Бөкейханов сияқты



Алаш Орда қайраткерлері қазақ ұлтының бірігуіне үлес қосқаны туралы айтамыз.

**Өзіңіздің «Азаттық» радиосындағы атқарған қызметіңіз туралы айтсаңыз...**

Мен «Азаттық» радиосында 1980 жылдан 1995 жылдар арасында жұмыс істедім. Менің соңғы қызметім - бітіруші редактор. Біз халықаралық қатынастар туралы жаздық. Тыңдармандарға әлемдегі саяси оқиғалар жайлы, ондағы өзгерістер туралы айттық. Сол кезде мен ұлттық сұрақтар, тілдің дамуы сұрақтары бойынша мақалалар жазып жаттым. «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» демей ма? Ол кезде қазақ тілі жайлы, қазақ тілінің болашағы туралы көп айтылып жатты. Мұндай мақалалар «Қазақ әдебиеті», «Жұлдыз», «Социалистік Қазақстан», «Мәдениет және тұрмыс» деген газеттер мен журналдарда жарияланды. Мен Алаш Орда туралы мағлұматтарды қазақшаға аударғандардың алғашқыларының бірі болдым. Біз басқа тілдерден аударып, шетелдегі қазақтардың өмірі туралы жаздық. Біз өзіміздің Отанымыз естісін деп жұмыс істедік. Кейіннен Қазақстан тәуелсіз мемлекет болды, сол кезде біз өз қызметіміздің біткенін ұғып, «Азаттық» радиосынан кеттік.

**Қазіргі кезде Сіз «Азаттық» радиосымен қызмет етесіз бе?**

Жоқ, олармен ешбір байланыста емеспін. Қазір біздің орнымызда Қазақстаннан азаматтары – сол кезде Қазақстанға көшіп келгендердің балалары жұмыс істеп жатыр. Мен Қазақстанға алғаш рет 1990 жылы шілдеде бардым, ол кезде мен «Азаттық» радиосында қызметте едім. Ол кезде Қазақстан Кеңес Одағының құрамында болатын. Бұл менің «Азаттықтың» ресми қызметкері ретіндегі іс-сапарым еді. Мен ол жақтан жақсы көзқараспен қайттым. Содан бері мен Қазақстанда жиі болып жүрмін. Қазір менде қоғамдық жұмыс көбейіп кетті. Бұрын біз басқа лагерьлерде болатынбыз, қазір біз біргеміз.

**Айтыңызшы, Мұстафа Шоқай туралы Сізге не белгілі?**

Мұстафа Шоқай шетелде тұрғандықтан, көптеген шетелдік қазақтар ол туралы білетін. Ол Берлинде жерленген болатын. Оның Парижде тұрғаны бізге белгілі, ол туралы оның жерлестері, оқушылары көп айтататын. М.Шоқай Түркістан идеясын ұсынғандықтан, ол туралы өзбектер, түркімендер, қырғыздар, тәжіктер де көп жазған. Оны шетелде



құрметтейтін, ол туралы жақсы пікірде болған. Мұстафа Шоқай — бұл жердегі Алаш Орданың ең танымал қайраткері. Ол қауымға 1940 жылдардан бастап, оның қызметін оқып біліп, мақалаларын жариялай бастаған сәттен белгілі бола бастаған. Шоқай 1930 жылдан 1940 жылдар арасында Түркия мен Еуропада тұрып, әрқашан жазу үстінде болатын. Ол «Жас Түркістан» журналын шығарып, тарата бастаған. Шет елдердегі қазақтардың көбісі осы журналды қолдаған еді. Сондықтан Мұстафа Шоқай туралы қашан болсын жазылғандар, мүмкін, кейбір ерекшеліктер болмаса, шетелдік қазақтарға жаңалық болып есептелмеген.

Мұстафа Шоқай туралы барлық білімді адамдар білетін, оның идеяларын білген. Әсіресе өзбектер — олар Мұстафа Шоқайдың Түркістан туралы ойларын қызу қолдаған. Мен шетелдегі өзбек диаспорасы туралы айтып жатырмын. Олар әлі де осы идеяны қолдап келеді. М. Шоқай туралы оның шәкірттері көп айтатын. Мысалы, Түркияда тұрған профессор Тахир Шағатай. Ол Мұстафа Шоқай туралы көп еңбек жазған. Ахмет Тоқтар есімді өзбек те М.Шоқай туралы көп жазған. Ол туралы түрік тілінде де көп жазылған. Осылайша, М.Шоқай Түркістан тақырыбын зерттеген ұйым арасында кең танымал болған. М.Шоқай туралы көптеген ақпараттар мұрағаттарда сақталған. Мысалы, «Жас Түркістан» журналын зерттеудегі неміс тіліндегі материалдар Германия мұрағаттарында сақталған. Француз тіліндегі материалдар да кездеседі. Мұстафа Шоқай туралы жазғандардың көбісі, - баста айтылып кеткен Тахир Шағатайдың шәкірттері, қайтыс болғаннан кейін оның атындағы қор құрылған болатын. Бұл қорда М.Шоқайдың идеялары баяндалған көптеген құжаттар сақталуда. Өткен жылы қор жұмыскерлері Т.Шағатайдан қалған хаттар мен құжаттарды Қазақстанға берген болатын.

**Сіздің ойыңызша, Мұстафа Шоқайдың басты идеясы неде болатын?**

Шоқай идеясы — бір тудың астына қазақтар, өзбектер, тәжіктер, түркімендер, қырғыздарды жинау болатын. Сонымен қоса, сыртқы қысымға қарсылықтарға бар мүмкіндіктермен қамтамасыз ету қарастырылған. Мұстафа Шоқайдың көздеген ең негізгі идеясы оның демократияның жақтаушысы екендігі еді. Басқа жағынан, ол барлық Түркістан халқын біріктіріп,



олардың ортақ мемлекетте ішкі дербестігін сақтап, ал басқа елдерге біртұтас мемлекет ретінде қаралуын қалады. Осы жолмен ұлттық мәдениет, тарих, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптардың сақталуын қамтамасыз етуге болушы еді. Ол бұл туралы, әсіресе революция кезінде, ашық айтқан еді. Мүмкін, сол кезде ол әсіресе қазақтарға керек болатын, олар М.Шоқайдың үлкен Түркістан туралы идеясын қолдаған, себебі сол уақытта Орта Азия халықтарының арасында қазақтар басым болатын. Қазақтар сол кезде, шетелдік басылымдардан білуіміз бойынша, батыстың құндылықтары мен дәстүрімен таныс болатын. Олармен танысуы Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсариндармен басталса, кейіннен оны Міржақып Дулатов, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсыновтар жалғастырды.

Мұстафа Шоқай Петербургтегі заң факультетін бітірген болатын. Оны Түркістан автономиясын құрғандардың ішінде ол жалғыз орыс тілінде білім алған қайраткер деп айтсақ қателеспеген болар едім. Мысалы, адамзатқа Француз революциясы ұсынған жаңа ұстанымдар (принцип) мен идеяларды қазақтар бірінші болып қабылдады. Бұл туралы Әлихан Бөкейхановтың мақалаларында оқуға болады. Ол былай жазыпты: «...бауырластық, теңдік, еркіндік, ерік – адамзатқа деген сый. Оны алғаш адамзатқа француз революцияшылары сыйлады». Ә.Бөкейханов еңбектерінен біз сол кездің өзінде қазақ жерінде демократиялық процесс құрылуына бай тәжірибе жиналып жатқанын байқаймыз.

**Сіз қалай ойлайсыз, қазіргі таңда Мұстафа Шоқайдың еңбектерін оқып-білудің қажеті бар ма?**

Әрине, бұл – қазіргі таңдағы маңызды сұрақтардың бірі. Халықтың М.Шоқайды танып білуі үшін, оның еңбектерін қайтадан басып, кең тарату керек. Қазіргі реалийлерге сай келетін жерлерді белгілеп, ал қалғанын тарихи мұра ретінде қалдырып, мұрағаттарда сақтау қажет. Керектісін алып, керек емесін қалдыру қажет. Негізінен, егер оның еңбектерін басылымнан шығарсақ, халық өзі керектігін таңдайды. Мұстафа Шоқайдың еңбектерін халыққа жеткізу – өте маңызды іс. Тарихшылар, ғалымдар мен зерттеушілер мұрағаттарда жұмыс атқарып, оның еңбектерімен танысып, М.Шоқайдың идеяларын оқырмандарға жеткізуі керек.



**Сіз Алаш Орда белсенділерінің идеялары қазақ диаспорасының сақталып қалуына көмектескенін айттыңыз. Өз ойыңызды нақтылап айтып кетесіз бе?**

Иә, олардың идеялары диаспораға көмектесті. Олар біздің халқымыздың бірлігін сақтап қалуға, ұлттық рухымызды құруға мүмкіндік берді. Міржақып Дулатов және басқа қайраткерлер Шығыс Түркістанда және Қытайда болып, Алаш Орда идеяларын таратты. Шығыс Түркістандағы көптеген ақындар бұл идеяларды қабыл алды. Осы ақындар мен білімді адамдар Алаш Орда идеяларын халыққа таратты. Алаш Орданың негізгі идеясы – барлық қазақтарды біріктіріп, тәуелсіз елді құру. Біз – Алаш Орда идеяларына енген адамдардың ұрпағымыз. Олардың бар еңбектері Алаш Орда ықпалымен жазылған болатын. Мысалы, біз жастайымыздан Мағжанның «Түркістан» өлеңін білеміз.

*Түркістан-екі гүние есігі ғой.  
Түркістан-ер түріктің бесігі ғой.  
Тамаша Түркістандай жерге туған,  
Тәңіргің бізге берген нәсібі ғой.*

Немесе:

*Көп түрік енші алысып тарасқандай,  
Қазақта қара шаңырақ қалған жоқ қой.*

Осы өлеңдерді балалық шағымызда жаттайтынбыз. Біз оқимыз және кездесулер, конференцияларда біздің жастарымызға талқылаймыз. Мен, мүмкіндік болып жатса, жастарға арнап, осының бәрін түсінуге көмек ретінде, кітап жазуды армандаймын.

**Оспан батыр туралы айтсаңыз...**

Оспан батыр – қазақ және жалпы түркі халықтарының ұлт-азаттық қозғалыстарының батыры. Ол туралы оның туған жерінде айтпаса да, оны ұлт батыры ретінде әлемде таниды. Оспан батыр туралы орасан көп жазылған. Ол туралы алғаш Түркияда тұратын қазақтар танытқан болатын. Қазір ол туралы түріктер де, басқа халықтар да барлық түркітілдес халықтардың ортақ ұлт-азаттық қозғалыстың батыры ретінде таниды. Жыл сайын оған естелік ретінде семинарлар мен басқа іс-шаралар өтіп жатады. Түркия қазақтары мен Шығыс Түркістан қазақтары бірігіп, Оспан батыр атынан футбол



турнирлерін өткізеді. Оспан батыр туралы, оның идеялары мен ерліктері туралы 70-жылдары жаза бастады. Оспан батыр — тек қазақ жұртына ғана емес, барша түркі халықтарына, бар әлемге танымал қайраткер. Ол туралы шетелдік ғалымдар да жазған болатын, зерттеушілердің көбісі Түркияда басылған өз еңбектеріндегі жұмыстарды Түркияға көшіп келген ақсақалдардың еңгіме-хикаяларынан алған болатын.

**Соғыс кезінде құрылған Түркістан легионы сарбаздары туралы айта аласыз ба? Олар соғыстан кейін немен айналысты? Олардың ұрпақтары қалды ма?**

Мен ол адамдардың ішінде кейбіреулерін танитынмын. Мысалы, Абдолла Дусифұлы Екінші дүниежүзілік соғыста тұтқынға түскен болатын, тірі қалып, кейінгі жылдары «Азаттық» радиосында жұмыс істеді. Мен онымен бірге істедім. Ол Шығыс Қазақстан облысындағы Қатон-Қарағай ауданынан болатын. Оның әкесі қайтыс болған кезде, ол жерлеу рәсіміне бара алмады, бұл Кеңес Одағы кезінде болатын, өкініштен тіпті ауырып қалған еді. Абдолла Мұстафа Шоқай артынан ергендердің бірі, оның жақтасы болған. А.Дусифұлынан Аттила есімді ұлы қалған, бірақ оның қайда екенін мен білмеймін.

«Азаттық» радиосының түркімендік басылымында Ташмұрат есімді кісі болатын. Ол соғыс кезінде тұтқынға түскен болатын, кейін саяси іспен айналысты. Түркиядағы Түрік комитетінде маңызды орында қызмет етті. «Азаттық» радиосында Төлеміш Якубұлы есімді қырғыз редакциясының бас редакторы жұмыс істеді, ол да соғыс кезінді тұтқынға түскен болатын. Ол қазақша сөйлейтін, қазақша әндер айтатын, қазақтармен араласатын және өз ұлына Мағжан деп ат берген. Бұл адам да соғыс кезінде немістерге тұтқынға түскен қазақтармен, Дәулеткерей Тағыберлинмен дос болған. Ол қазақ тілін, әдебиетін, тарихын жақсы білетін. Д.Тағыберлин «Азаттық» радиосындағы қазақша басылымның негізін қалаған алғашқы қазақ редакторы болатын. Оған дейін «Азаттық» радиосында өзбек, қазақ, ұйғыр, түркімен бағдарламалары ортақ есіммен — «Түркістан» деп өтетін. Дәулеткерей қазақтарды бөліп, қазақ редакциясын құрды. Ол нағыз патриот болатын, өз халқын сүйген еді. Мен онымен таныс болмадым, өзім «Азаттық» радиосына жұмысқа тұрған кезде, ол кісі зейнетке шыққан болатын. Ол 1987 жылы АҚШ-да дүние салды.



Жерлестер оны осы жерде, Мюнхендегі мұсылман зиратына жерледі. Дәулеткерей өз уақытында «Азаттық» радиосына Хасен Оралтайды орналастырып, оның шығармашылығына өз әсерін тигізді, олар өте жақын достар болатын. (Алланың мейірімі жауып, жатқан жері жәннәтта болсын).

Тағы Қарыс Қанатбай — тау инженері болатын. Ол Қазақстанда жоғарғы білім алып, соғыс кезінде немістерге тұтқынға түсіпті. М.Шоқайға аса жақын адамдардың бірі болатын. Егер Мұстафа Шоқай ерте қайтыс болмаса, осы адамды өз мұрагері етіп қалдырып кетуі мүмкін еді. Қ.Қанатбай 1950 жылдары Түркияның және Түркістанның ұлт-азаттық комитетін құрған болатын. Ол комитетте жұмыс істейтіндердің барлығының — Д.Тағыберлин, Абдолла Дусиф, Германияда жерленген басқа да Қазақстан, Қырғызстан азаматтарының — тұтқынға түскендердің барлығының басшысы болатын. Ол туралы кезінде Қазақстанда шыққан «Үлкен Түркістанның құлауы» атты кітапта жазылған болатын, критикалық кітап.

Әрине, олар нағыз қазақ мемлекетін құрғысы келді, қазақтарға тәуелсіздік алып, өз еліне еркіндік бергісі келетін, сол үшін күресті. Қазіргі таңда олардың армандары орындалды, тіпті олар армандағаннан да жоғары шамада. Қазақстан ЕҚЫҰ-ға төрағалық етті, Еуропада үлкен құрметке ие болды. Мүмкін, егер де олар тірі болса, қуаныштан жылар ма еді. Бұл адамдар қазақ диаспорасының ұлттық дәстүрлері, ұлттық рухы сақталып қалу үшін көп еңбек атқарды. Олардың еңбегі, сіңірген қызметі ұмытылмауы тиіс. Қарыс Қанатбайдың құлпытасында — «Ұмытпаймыз» (Unvergessen) деп жазылған. Бұл адамның сіңірген еңбегі өте зор. 1950 жылдары ол «Түркістан» журналын шығарып, Қазақстан тәуелсіздігі үшін күресті. Ол кезде Шығыс Түркістаннан қазақтар Үндістан мен Пәкістанға көшіп барды. Ол сол қазақтармен байланыс ұстады. Өз журналында ол Оспан батырдың атылғанын жазып, бүкіл әлемге жәрия етті. Тағы осы жерге көшіп келген қазақтардың жағдайы жайлы жазды. Әрине, біз, шетелдегі қазақтар, бұл адамдарды ешқашан ұмытпаймыз.

### **Олардан үрпақ қалды ма?**

Олардың балалары болған жоқ, Қарыс ағада да, Дәулет ағада да (Дәулет Тағыберлин). Олардың жұбайлары басқа



ұлт өкілдері болатын. Олардың өздері де бұл жерде балалары туылғанын қаламаған еді.

**Түркістан легионының құрылуындағы Мұстафа Шоқайдың рөлі туралы айтсаңыз. Бұл туралы әр түрлі ақпараттар өте көп кездеседі.**

Мұстафа Шоқайға Түркістан легионын құру туралы ұсыныс жасалған болатын, бірақ ол немістермен бірігіп қызмет етуден бас тартты. У.Қайымхан легион құрылуы туралы айтқан болатын, бірақ М.Шоқай оны қаламады. Кейін Берлинге барып және тұтқынға түскендермен көріскеннен соң, ол тифпен ауырып 1941 жылдың 27 желтоқсанында қайтыс болды. М.Шоқайдың өлімі туралы әр түрлі айтылады. М.Шоқай Түркістан легионын құрудан бас тартты. Ол қазақтар, өзбектер мен қырғыздардың тізімін жасап, оларды сақтап жүрді. М.Шоқай қайтыс болғаннан кейін, У.Қайымхан Түркістан легионын құра бастады.

*Сұхбатты өткізген Ботагоз Ракишева  
Мюнхен, Германия, 2010 жыл*





**Дихан Қамзабекұлымен сұхбат**

*Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Алаш» мәдениет және рухани даму институтының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор  
(Астана, Қазақстан)*

**АЛАШ ЖОЛЫ – ЗАЙЫРЛЫ ДА ТАҒЫЛЫМДЫ ЖОЛ**

**Еуразия ұлттық университеті жанынан «Алаш» институты құрылған. Осы орталықтың мақсаты не? Қандай жұмыстар атқарып жатырсыздар?**

2007 жылы Алаш Орда үкіметінің, Түркістан мұхтариятының, жалпы XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының мемлекет құру тәжіриесіне 90 жыл толды. Осы айтулы сәт жақындап келе жатқанда, Қазақстанда кейбір азаматтар тарапынан игілікті жұмыстар істеле бастады. Әсіресе, Алматыда біраз шаруалар жасалды. Мәселен, «Алаш қозғалысы» секілді құжатты кітаптар дайындалды. Осы үрдіске біз де қосылып, 2006 жылы күз айында университеттегі Ғылыми кеңестің шешімімен «Алаш» мәдениет және рухани даму» атты институт құрдық. Астанадағы «Алашты» ашудағы тағы бір себеп: Ұлттық ғылым академиясы қоғамдық қана мәртебеге түскеннен кейін, «ғылым университеттерге баруы керек, ғылыми зерттеу орталықтары ашылу қажет» деген ниетке үн қосу еді. Институттың негізгі мақсатын қысқаша үш бағытпен түсіндіруге болады. Бірінші, Алаш зиялылары еңбектерінің мәтінін жинау. Оның көп бөлігі Ресей мұрағат, кітапханаларында екенін айта кетейін. Екінші бағыт - сол мәтіндерді саралау, бүгіннің пайдасына жарату. Үшінші, тіл, мәдениет, өнер саласында Алаш құндылықтарын ғылыми және практикалық бағытта ретімен, орнымен нәсихаттау-тын.

**Қаржылық қолдауды қайдан аласыздар?**

Негізі, университет жанындағы институттар тек өзі ұтып алатын гранттар бойынша ғана жұмыс істейді. Қазақстанда іргелі ғылымдарға грант жарияланатыны мәлім. Сондай-ақ, аралықта уақыты шектеулі, өтпелі гранттар болады. Бір бағыт үшін ұзақ жылдарға арналған грант жоқ. Алаш деген - біздің мәңгілік тақырыбымыз. Қазақ «қазақ» болғалы рухы мен мәдениетіне өлшем, тұтқа болған осы ұғым болған соң, бұл бағытқа ұзаққа арналған қаржылар бөлінетін шығар деп



ойлаған едік. Бірақ, айтарлықтай қолдау көрсеткен ешкім бола қоймады. Мысалы, 2007 жылы Білім және ғылым министрлігі «Ұлттық идея» деген ғылыми грант жариялады. Қызық ретінде айта кетейін, сол грантқа Астанадағы біздің де, Алматыдағы қазақтың тарихын, шежіресін зерттейтін «Алаш» орталығының да жобалары өтпеген. Сонда бұны қалай түсінуге болады?! Өзі жарияланып отырғаны ұлттық идея болса, Алаш ұғымы соның темірқазығы емес пе?! Бұның себебі мынада деуге болады, билік басында жүрген тарихты білмейтін біраз сабаздар «Алаш» деген сөзден әлі күнге қорқады. Алаш атауына үрке қарап, оны қоғамның тұрақтылығына зиян келтіретін «бүлікші идея» ретінде қарайтындар кездесіп жүр. Қазір біз институт ісіне қолдау табудың басқа жолын қарастырудамыз. Мәселен, «Аджип» компаниясының мемлекеттік тілді дамытуға арналған грантын ұтып алдық. Оның негізгі мазмұнын Алашқа қатысты дүниелермен толтырдық. Қазір немістерге, ағылшындарға, француздарға арналған «Қазақ тілі мен мәдениетінің оқулығы» деген кітап дайындап жатырмыз. Оқулықтың ішінде Алаш зиялыларының ой-пікірлері, өмірбаяндары болмақшы. Ұлт тарихына, соның ішінде Алашқа, жәдитшілдікке, Еуразиялық жаңаша танымға байланысты сөздіктер түзіп жатырмыз.

### **Білім жүйесінде Алаш тақырыбын оқыту жайы қалай?**

Мектептегі білім жүйесіне Алаш түсінігі соңғы бес-алты жыл ішінде бара бастады. Алдында тек қана А.Байтұрсынұлы, М. Жұмабай, Ж.Аймауытұлы ғана айтылатын. Қазір Алаш қозғалысы қазақтың өміріндегі жаңғыру, қоғамдық реформаға ұмтылыс екені, парасатты әрекетпен қазақ даласына қозғау салғаны тарих оқулығының белгілі бір тарауларына енді. Бұрын ХХ ғасыр басына қатысты аспаннан түскендей бір-екі адамның ғана суреті жүретін. Егер баладан «осы адамдардың біздің ұлтымызға, тарихымызға қатысы қандай?» деп сұраса, оқушы оған жауап таба алмайтындай еді. Қазір, Алашты таныту кезеңінде, Қазақстанда біз секілді жүз орталық болса да көп демес едім. Осы бағыттағы танымдық ұйым балалардың арасында да болсын. Мәселен, жақында ғана біздің университетте «Алаш жастары» деген қоғамдық ұйым құрылып, жұмысқа кірісті. Оның ұйытқысы - шетелден келген қазақ жастары. Алматыда Сандуғаш Жұмағұлова деген студент басқаратын «Алаш қыздары» атты ұйымның жұмысына



ризашылықпен қараймыз. Олар «қазақ қызы ашық-шашық жүрмесін, темекіден, жат жүрістен аулақ болсын, тарих пен дәстүрге үңілсін, сабақ алсын» деп бастама көтеріп отыр.

### **Алаш зиялыларының мамандыққа байланысты ерекше ұстанымы болды ма?**

Негізі, Әлихан, Смағұлдар саяси қайраткерлер еді. Бірақ, өз қолымен толтырған өмірбаян деректерінде «мамандығыңыз не?» деген жерге барлығы «журналист» деп көрсетеді. Сонда журналистиканың, публицистиканың тууының өзі «публикаға яки халыққа шығу» деген сөз. Олар сөзін ауызша да, жазбаша да жұртқа жеткізе алу үшін журналист болды. Алаштың серкесі Әлихан Бөкейхан «Мен ішкі дүнием, табиғатым әдебиетші болғандықтан әдебиетші болғаным жоқ, уақыт мәжбүрлеп, халқымның қажетіне жарау үшін әдебиетші болып отырмын» деп жазғаны бар. Осы секілді дүниелерді оқығанда адам тебіренерліктей жауап табасың.

### **Мұстафа Шоқайдың Түркістан мен Алаш жағында қатар жүруінің себебі неде?**

Өйткені, патша өкіметі құлағаннан кейін жаңа құрылымның негізі «Учредительное собрание» қалайда бір заңды мемлекеттік құрылымның атынан өкіл ретінде қатысатын жүйе құру керек болды. Мысалы, олар «Қазақ даласының атынан келдім» деп айтпайды ғой. Сондықтан, «қайсымыз тез үлгерсек, сонымыз әрекет етейік» деген мақсатпен Түркістан жақта да, Қазақстан жақта да асығып жатты. Осындай жағдайлардың бәрін кинода көрсету керек еді. Қазіргі фильмдердің философиясы Үнді фильмдеріндей түсінікті. Айырмашылығы — біздікінің шетелден атақ алу үшін түсірілгендігінде. Міндетті түрде оның ішінде бір жебірейдің шалы немесе баласы жүру керек. Дәл қазіргідей, мемлекеттің іргесін мықтап жатқан кезде біздің фильмдер 15-16 миллион болатын өз халқымыздың мүддесіне қызмет етсе - жетеді. Елдік мүддеміз түзелсе, әлем базарына шығатын кез - алда. Екінші жағынан, Алаш зиялыларының балалық шағы бар. Мәселен, Әлихан кішкене кезінен өзіндік ерекше қасиеті бар бала болған. Ахметтер де сондай. Олардың нағыз сапалы тұлға дәрежесіне көтерілген адам екенін тарих та, халық та мойындап отыр. Енді солардың сапалық негізінде халықты да, ұрпақты да тәрбиелеуге болады ғой. Сондықтан бұл бағыттағы кино түсіру



жұмысы өте өзекті мәселе. Егер бізден кеңес сұрап жатса, қолдан келгенді жасауға даярмыз дер едім. Бірсыпыра Алаш тұлғалары еңбектерін құрастыруға қатыстық. ҰҚК архивінен «Алқа» бағдарламасын, Әлиханدارдың хаттарын таптық. Негізі, мәтінді оқыған кезде, сараптаған кезде адамға көп ой келеді. Мәтін деген — мәдениеттің алақаны, алақандағы айнасы. Оған қарап отырып, сол дәуірге бойлайсыз.

**Алашқа байланысты қандай жаңаша ұғымдарды қоғам ескеру керек деп санайсыз?**

Әрине, ел өз тарихының сапалы кезеңін тұжырымдамалы түрде айқындап алуы тиіс. Ол үшін үлкен мемлекеттік құжаттарда, мысалға, Ата Заңның өзінде, ауқымды тұжырымдамаларда «Алаш жолы» деген ұстаным, бағыт енгізілуі керек. Бізде «Алаш жолы», «Алаш қозғалысы», «Алаш бағыты» сынды құндылықтарға ғалымдар, саясаттанушылар, философтар бәрі бірігіп отырып, баға беруі қажет. Мәселен, оған «ұлтымыздың сапалы жаңғыру кезеңі» деген баға берілсе, соның өзі Алаштың парқын жете түсіну болар еді. Қай ел болсын өзі жүріп өткен тарихтағы бір жолды, белгілі тұлғаларды өзіне темірқазық ретінде үлгі етеді. Мысалы, Абылай хан, Кенесары сынды тұлғаларын ту етеді. Айналып келгенде, олардың тағылымы қайтадан алдан шығып отырады. Ал, Алаш жолына көз салыңызшы: зайырлы ма — зайырлы! Білім жолы да бар. Патриот десең, патриот. Ұлтын жанындай сүйген. «Байырғы қазақ жерінде мемлекет құра отырып...» деп жаздық қой Конституцияға. Байырғы қазақ жерінің ең сапалы биігі - «Алаш кезеңі» болса, ол неге Ата Заңда жазылып тұрмауы керек? Себебі, ұлт тарихындағы, ел дамуындағы ең бір құнды идея, елдіктің үлкен бір арқауы болған сөзді қолдану — заңның тіліне қайшы келмейді. Сосын бір айқын нәрсе, осыны кез-келген зиялы азаматпен сөйлессеңіз бәрі түсініп, дұрыс екен дейді. Бірақ, нақты іске келген кезде ақырын тайқып шығып кетеді. Жалпы адами заңдылық бойынша, алдымен әкесі, сосын баласы туралы айтылады ғой. Өкінішке қарай, кейбір мықты деген азаматтарымыз сұхбат берген кезде баласынан әкесін тудырып қоятын жағдайлар кезігіп жатады. Бұны айтып отырғаным, Алаш кезеңін қатысты бұл жағдайды байқап та жүрміз. Айталық, болшевиктік бағыт ұстанған қазақ оқығандарының да тарихта өзіндік орны бар. Әйткенмен, олар Алаш арыстарына



қарағанда жолы да, қызметі де кейін тұр. Кейінгі бағыты жұртқа мәлім, ал басында олар Әлихан-Ахметтің шәкірті іспетті.

**Сіз жақында С. Сәдуақасұлы сүйегінің күлін Мәскеуден Астанаға жеткізген бастамашыл топтың ішінде болдыңыз. Қайта жерлеу мәселесі қаншалықты маңызды еді?**

Әрине, С. Сәдуақасұлының өлімінің тарихын білетіндер аз болған соң, «сүйекті қозғап не керек?» дейтіндердің табылғаны рас. Сол себепті олар ойлаған шығар: «Баяғыда сүйегі қурап қалған бір қайраткерді Қазақстанға алып келмек пе? Ондайлар көп емес пе?» деп. Мұны жай адам айтпайды, әжептәуір қызметте жүргендер айтады. Бұған да ашулану артық-ау деймін.

Зерттеу нысанамыздың бір саласы смағұлтану болғандықтан, қайталап айтқанды артық көрмейміз. С.Сәдуақасұлын 1933 жылы ОГПУ-НКВД-ның төңкеріске қарсы элементтерді түрлі тәсілдермен көзін жою бөлімі өлтірген. Қайраткер 16 желтоқсанда, дәл 58 жылдан кейін Қазақ елі тәуелсіздігін жариялайтын күні құрбан болған. Арнайы қоштасу рәсімінен соң сүйегі 19 желтоқсанда кремацияланған (өртелген) соң арнайы ыдысқа салынып, Дон монастырының қабырғасына қойылған. Атеизм заманында, әрине, бұл монастыр діни қызметін тоқтатқан-ды. 1992 жылдан діни қызметін жалғастырды. Былайша айтқанда, С.Сәдуақасұлы сүйегінің күлі тұрған жерде күн сайын христиан дінінің шаралары тоқтаусыз атқарылып жатты.

Ал, ойлаңыз, біз осыған қалай қарауымыз керек? Әлбетте, Смағұл — шаһит кешкен тұлға. Яғни оның сүйегі қайда тұрса да, Алла үшін ол — шаһит. Біз солай қабылдаймыз. Діни құндылықтарымыз солай дейді. Бірақ ... артында іздеуге тиіс тәуелсіз елі бар, иманды жұрты бар ұлт қайраткерін осылай жат діннің қорымына тастап кете ме?.. Бұл елдікке сын емес пе? Оның үстіне әлгідей жағдайда бақиға озған мұсылман тұлғасының сүйегі (күлі) қара жер қойнына берілмеуі, қай жағынан қарасаңыз да, қисынсыз, дәстүрсіз, ұят нәрсе. Біз соны ойладық. Мұны Сабыр Қасымов, Берік Әбдіғали үшеуміз әп-сәтте шеше салған жоқпыз. Зиялылармен, діндарлармен, елшіл азаматтармен ақылдасып барып осындай тоқтамға келдік. Әр нәрсенің сәті болады, Смағұл сүйегі күлінің елге жету сәті 2011 жылы 21 қаңтарда туды. Бұған дейін 1 ай ішінде біз республикалық газеттерге сұхбат бердік, мақала жаздық,



ғылыми-практикалық конференция өткіздік. Тіпті бұл мәселені халық қалаулылары парламент мінберінен де көтерді.

**Смағұл сүйегін жерлеу туралы мәселе нақты шешілді ме?..**

Смағұл жай адам емес. Оны 20-жылдары қатарластары «Біздің заманның Кенесарысы» деген. Ол — Алаш көсемі Ә.Бөкейханның күйеу баласы. Ол — қу жақ Глоцкекинге қарсы тұрған қайсар тұлға. Ол — кезеңінде жастардың көшбасшысы және білім министрі болған қайраткер. Ол — артына мол мұра қалдырған жазушы, сыншы, журналист. Ол — қиын шақта қуғындалған Алаш зиялыларына қамқор, қалқан болған азамат. Біз бүгін классик деп мойындайтын Мұхтар Әуезовтер Смағұлдың қайраткерлігі мен азаматтығының алдында тік тұрған. Мойындап, оны төрге шығарып, басын сыйлаған.

Осындай дәрежедегі тұлғаны зерттеу бір басқа, ал нақақ қорланған сүйегін қадірлеу немесе елге әкелу бір басқа. Соңғысының жауапкершілігі мен салмағы өте ауыр. Сол себепті оған жүрексіне, қобалжып кіріскенімізді жасыра алмаймыз. Неге? Негесі сол, мұны ел болып көтеруіміз керек еді ғой. Мемлекет — мемлекет, онда талай саяси ағыстар, амалдар бола береді. Қоғамдық белсенділікке, парасатқа не жетсін?..

Смағұл сүйегінің күлін жерлеуге байланысты біз неге сынға ұшыраймыз? Кінәлі біз бе, қоғам ба?.. Әрине, бастаған — біз. Тәуелсіздікке қол жеткізгеніне 20 жыл толған қоғамның мүшесі ретінде бастадық.

Тарихи тұлғаға тарихи қызмет, тарихи мүдде, мемлекетшілдік парасат керек. Оны бір адам немесе бірнеше адам жасай алмайды.

Смағұл Сәдуақасұлын әкелерде сүйегін жерлейтін жерді анықтағанбыз. Ол не Жастар ықшамауданындағы Кенесары сарбаздары жерленген ескі қорым, не «Қабанбай батыр зираты» деген Астана шекарасынан 9 шақырым жердегі биік болатын. Біз қоғамға «осы қалай болады?» деген ой салғанбыз.

Смағұл Сәдуақасұлын қайта жерлеуге қоғам мен мемлекет санасы әлі даяр емес екенін аңғарғанымызда, «Не де болса, әйтеуір елге жеткізейік. Бір мәнісі болар. Халықтың сынын атқарушы билік түсінер» деп шештік.

Жасырып не керек, Ресейдің орталық қалаларындағы зиратханаларға байланысты дау-дамайды күнде интернеттен



оқып отырмыз. Оның үстіне сол елдегі діни реңкпен сипатталатын терроризм ылаңы бір күні христиан қабірстанына да жететінін болжау қиын емес. Біз сонда өкініп қалуымыз да мүмкін ғой. «Алаштан қалған жалғыз Смағұл сүйегіне ие бола алмадық» дейміз бе сонда?..

Қазіргідей саяси науқан, сайлау т.б. мемлекет болған соң ешқашан бітпейді. Ал, «әруақ риза болмай, тірі байымайды». Ол шаралар елдік іске кедергі келтірмеуі тиіс.

Айтқандайын, 11 ақпанда ОСК Лингвистикалық комиссиясында болып, Н.Ә. Назарбаевтан емтихан алып отырып Астанада орнауы тиіс ұлттық қабірстан (пантеон) туралы сұрадым. «Улатпай-шулатпай, саясиландырмай Смағұл сүйегін әкелдік. Енді не болады?» дедім. Елбасы «Биылдан кешіктірмей Қабанбай бабамызға қойылған кесененің жанынан пантеон ашамыз» деді. Қазақта «Хан екі айтпайды» деген тағылымды сөз бар. Сондықтан жақсылықтан үміттенеміз.

**Смағұл Сәдуақасұлының мәйітінен кейін шеттегі басқа да тұлғалардың сүйегін әкелу мәселесі жүйесіз қозғалады деп қорықпайсыздар ма?**

Бұл мәселеде, әрине, жүйе болуы тиіс. Мысалы, біз мұсылманша жерленген тұлғалардың сүйегін елге алып келу міндетті емес деп есептейміз. Кезінде біреулер «Германиядағы Мұстафа Шоқай сүйегін елге әкелейік» дегенде, мен «Мұстафа бізге сүйегін емес, сөзі мен ісін аманаттаған» деп қарсы мақала жаздым. Себебі, Шоқайдың қилы тағдыры, Еуропадағы бейіті (түрік-мұсылман қорымындағы) зиялылар тарихын, құғын-сүргінін еске түсіріп тұрады. «Енді олай жасамайық» дегендей. Ал, Төле би мен Әйтеке бидің сүйегі қазақ жерін айқындап, ершатқа соғылған мәрдей болып тұр. Оны қозғау да қисынсыз, әрі себеп жоқ.

Осыларға қарасақ, Смағұл сүйегінің ерекше екенін түсінесіз. Оны, әлбетте, Мәскеудің мұсылман қорымына қоюға болушы еді. Бірақ ақыры қозғаған екенбіз, елге неге жеткізбейміз?.. Астанаға, өзі аңсаған тәуелсіз елінің қақ ортасына?.. Біз осыны ойладық.

Туысқан Әзірбайжан елінде әрбір қонақ келіп көретін екі тағылымды қабірстан бар: бірі – шаһиттер қабірстаны, екіншісі – ұлттық патеон. Бұл олардың ұлттық мәдениетінің бір бөлшегі болып қалыптасып кеткен.



Әрине, бізде ұлттық қабірстан ашылса, мемлекеттік деңгейдегі оның қатаң тәртібі мен ережесі болуы тиіс.

**Қазір Алаш мұраларын зерттеу ісі айқын көріне бермейді. Мұның себебі неде? Осыдан кейін қай тұрғыдан зерттелгені дұрыс деп санайсыз?**

Тәуелсіздікке бет бұрған жылдарда Алаш мұрасын зерттеу үлкен қайрат-жігермен басталды. Қазір саябырсып қалғаны да рас. Мұның бірнеше себебі бар. Біріншіден, ғылым жүйелілікті қалайды. Жүйелілік болған жерде нәтиже де болады. Біз мұраны түгелдеуге асығыстау кірістік. Сонымен қатар бұл шаруаның басы-қасында осы мәселені аздау білетін кісілердің де жүргені жасырын емес. Екіншіден, шәкірт тәрбиелеу ісінде де айқын бағытымыз болмады. Қошқе Кемеңгерұлы өз тұсында “Қазақ әдебиетіне тойып секіретін күн әлі туған жоқ” деген. Бүгін де соны айтамыз, тойып секіретін күн әлі туған жоқ. ХІХ ғасырдағы, ХХ ғасырдың басындағы ақын-жазушылардың біразының жеке жинақтары жарияланған жоқ. Бұл – өкінішті жағдай. Бір ақынның мұрасын зерттеу жөнінде тақырып бекіткенде оған сол ақынның кітабын дайындауды қоса тапсыру керек. Жасыратын несі бар, біздің кейбір ағаларымыз мен әріптестеріміз шәкірттеріне тезірек қорғалатын тақырыптарды ұсынады. Әрине, теориялық, методологиялық еңбектер де қажет. Бірақ, алдымен бүкіл қазақ әдебиетінің тарихы түгенделгені жөн. Бізге қажетті мәтіндер әлі жиналмай жатыр. Осы мәселе алаштануды шідерлеп отыр. Филология факультеттерінде студенттерді осы бағытқа бейімдеу жағы кемшін қалды. Арнайы курстар оқыту керек еді. Қазіргі диплом жұмыстары көшірімпаздыққа итермелейді. Жүз жұмыстың онын студент өз бетімен жазса, қуанасың. Тестомания мен тестология жағдайында тақ-тұқ нәрселер қаптап кетті. Осының бәрі оларды мұраға деген құмарлықтан аулақтатады.

Жеке тұлғалардың мұрасы бойынша мамандар тәрбиелеуді қолға алған жөн. Мәселен, Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның жазған еңбегі бүгінгі жиырма баспа табақтық жүйемен қарайтын болсақ, кемінде он бес том болу керек. Қазіргі жарияланғаны – Сұлтанхан Аққұлыұлы даярлаған үш том көлеміндегі дүние. Қалғандары әлі игерілген жоқ. Бұл Әлихандай Алаш дәуірінің үлкен бір кесек тұлғасын қаншалықты дәрежеде танып отырғанымызды көрсетеді.





Қалған он үш томын кім дайындайды, ғылыми түсініктемені кім жазады? Біз Смағұл Сәдуақасұлының, Қошқе Кемеңгерұлының, Хайретдин Болғанбайдың, Сәдуақас Ғылымидың еңбектерін шығардық. Жүсіпбектің 5 томдығын даярластық. Бірақ бұл теңіздегі тамшыдай ғана әрекет.

Ендігі кезеңде ғалымдар Алаш мәтінін қазіргі ғылым жетістігі негізінде салаландыра зерттеу керек. Алаш — гуманитарлық ғылымдардың бәрі үшін де таусылмайтын келелі тақырып.

*Сұхбатты өткізген Ботагоз Ракишева  
Астана, 2010 жыл*



**Намазалы Омашев,**

*А.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті Журналистика және саясаттану  
факультетінің деканы, Журналистика мәселелерін зерттеу  
институтының директоры, профессор.*

**ТҮРКІ ЖҰРТЫНА ОРТАҚ БАСЫЛЫМ**

А.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Журналистика мәселелерін зерттеу институты мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында өткен ғасыр басындағы баспасөз жарияланымдары негізінде «Алаш көсемсөзі» 10 томдығын жарыққа шығаруды қолға алды. Қазіргі күні 10 томдықтың алғашқы 4 томы көпшілік қолына тиді.

«Алаш көсемсөзінің» 1, 2 томдары 1922-1923 жылдары Ташкент қаласында шығып тұрған «Шолпан» журналына арналды. Оның түпнұсқасы көрші Өзбекстанның астанасы – Ташкент қаласындағы мемлекеттік мұрағаттан әкелінді. Соның арқасында халқымыз алаштың ұлтжанды азаматтары: Нәзір Төреқұлов, Сұлтанбек Қожанов, Санжар Асфендияров, Тұрар Рысқұлов, Ораз Жандосов, Міржақып Дулатов, Халел Досмұхамедов, Иса Қашқынбаев, Аққағаз Досжанова, Әбубәкір Диваев, Мырзағазы Есболов, Кәрім Жаленов, Сегізбай Айзунов, Жаһанша Досмұхамедов, Шәкәрім Құдайбердиев, Мағжан Жұмабаев, Мұхтар Әуезов, Сара Есова тағы басқалардың бұрын көпшілікке белгісіз болып келген құнды көсемсөз мұраларымен танысты. Бұл еңбектің журналистика ғана емес, ғылымның басқа салалары үшін де құны өлшеусіз.

Ал, 10 томдықтың 3, 4 томдарына енгізілген «Жас Түркістан» журналы жарияланымдарының орны тіпті ерекше. Алаштың ардақты ұлы Мұстафа Шоқайдың эмиграцияда жүріп 1929-1939 жылдары Франция, Германияда шығарған «Жас Түркістан» басылымының түпнұсқасы еліміздің бірде бір архивтерінде жоқ. Ол журналдың барлық сандары Нью-Йорктағы Колумбия университетінде, Анкарадағы Аяз-Тахир Түркістан Еділ-Орал қоғамының кітапханасында сақталған. Америкадағы нұсқасына байланысты айтарымыз – Мұстафа қазасынан кейін оның кітаптары Париждегі музейде сатылымға шығарылады. Міне, осы кезде кейбір жеке кітаптарымен бірге осы «Жас Түркістанның» Мұстафа қолындағы сақталған



10 томдық түпнұсқасын да Колумбия университеті сатып алған. «Жас Түркістанның» бұл сандарында Мұстафаның араб жазуындағы қолтаңбалары, керек жеріне жасаған түсініктемелері мен жазбалары бар делінеді.

Осыған дейін жекелеген зерттеушілер Мұстафа Шоқайдың жеке-дара мақалаларын ғана қарастырса, бұл томдарды шығарушылар «Жас Түркістанның» жарияланымдарын тұтастай қарастырып, бағыт-бағдарын анықтауды мақсат етті. «Жас Түркістан» – біртұтас Түркістан тәуелсіздігі идеясын көтеріп, бүкіл түркі жұртының азаттығы үшін күрескен басылым. Алаш қайраткерлерімен қатар басқа да түркі жұртына ортақ тұлғалардың саяси және қаламгерлік іздері осы басылым беттерінде сайрап жатыр.

Рухани кеңістігіміздегі осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында Журналистика мәселелерін зерттеу институты «Жас Түркістан» журналының жарияланымдарын кириллицаға аударып, халықпен қауыштырды. Оған сол кездегі түркі халықтарына ортақ болған шағатай тілін жетік меңгерген ғалымдар мен зерттеушілер тартылды. Осыған дейін «Жас Түркістан» журналындағы Мұстафа Шоқайдың мақалалары жеке-дара бөліп алынып қарастырылса, біз бүкіл басылым жарияланымдарын тұтас жарыққа шығаруды мақсат еттік. Мұның қазақ журналистикасымен қатар барлық сала үшін маңызы орасан зор. Ұлттық тарихымыз ғана емес, басқа түркі халықтарының өткеніне қатысты тайға таңба басқандай нақты деректер, мәліметтер, талдаулар бар. Алаш қайраткерлерімен қатар басқа да түркі жұртына ортақ тұлғалардың саяси қайраткерлік және қаламгерлік іздері осы басылым беттерінде сайрап жатыр.

«Жас Түркістан» айналасына топтасқан түрікшіл жастардың еркіндік жолындағы жанкешті күрестеріне журнал мақалалары арқылы куә болған сайын Тәуелсіздік атты қастерлі ұғымның бағасы еселеніп арта түседі. Оның жолында талай құрбандықтардың болғанын әйгілейтін құнды құжат ретінде қабылдауға болады. Сол кездері бүкіл түрік халқының рухани көсемі болған Мұстафа Шоқай туралы естеліктердің бірінде: «Өмірінің соңғы сәттерінде, 1940 жылы соғыс турасында ол үнемі Түркістанның большевиктерден құтылуын армандайтын. «Алла елімнің тәуелсіздікке қол жеткізгенін көруді нәсіп етсе,



мен тек үгіт-насихат ісімен ғана айналысар едім: Жастар үкімет құрса, мен елімнің тарихы және басқа өлке халықтары туралы тамаша кітаптар жазумен шұғылданаар едім» делінген. Сондай ұлы тұлғалардың өзі тек қана қиялдаған Тәуелсіздіктің қаншалықты қымбаттығын осыдан-ақ түсінуге болар.

Жекелеген мақалалары арқылы тұлғаның публицистік қырын қарастырсақ, ол басшылық жасаған журналдың толықтай жарық көруі бізге Мұстафаның редакторлық, ұйымдастырушылық шеберлігін тануға мүмкіндік береді. Екіншіден, журналда бірді-екілі төл аттарды нақты айтуға болғанымен, қалғанының көбісі бүркеншік есімдер. Ал әдеп ұстанымына сүйенген Шоқайұлының көп жерлерде басқа бүркеншік аттар қолданған болуы әбден мүмкін. Бұған басылымды әзірлеу барысында да күдік келтіріп, күмән тудырған тұсымыз болды. Міне, сондықтан да оқырман қауымның журналды тұтастай оқып төрелік айтуы үшін, Мұстафаның тағы да шам жарығы түспей, көмескіде қалған жазбаларын табуға негіз жасау мақсатында «Жас Түркістандағы» жарияланымдарды сол күйінде назарларыңызға ұсынып отырмыз.

Түріктанушы Фадли Али «Тайыр Шағатай кім?» атты зерттеу мақаласында: «Мұстафа Шоқай бастаған бұл тамаша топ ғылым мен түрікшілдік идеологиясы жолында адал қызмет істей отырып, артына мол мұра қалдырды. Олардың бүкіл Түрік Әлеміне қалдырған ең маңызды, ең ұлы мұрасы – «Жас Түркістан» журналы. Ол ешқашан ұмытылмайды, ескерусіз қалмайды. Ол – біз үшін мәңгілік ескерткіш! Оның 117 санында жарық көрген мақалалар, айтылған ой-пікірлер 1930-жылдарда қалай қажет болса, бүгін де, ертең де дәл солай қажет!» деген еді. (//Жас Алаш. – 2010. – 17 тамыз). Біздің ойымыз да осымен үндес.

Басылым тарихы дегеніміз – түптеп келгенде сол дәуірдің тынысы, жекелеген тұлғалардың өмірі, тағдыр-талайы. Ұлы тұлғалар мен саяси қайраткерлер көкейіндегі бар арман-мақсаттары мен ішкі сырларын басылым бетінде жариялайды. Онда көбінесе бүкпесіз шындықтар айтылады. Тарихи тұлғаларға баға берерде олардың соттағы, тергеу барысындағы зорлықпен айтқызылған жауаптарына қарағанда, баспасөз беттеріндегі еркін уақытта айтқан шын пікірлері



әлдеқайда құндырақ. Уақыт озған сайын баспасөздегі бұл жарияланымдардың деректанулық маңызы да барынша арта түспек.

«Жас Түркістан» журналынан Мұстафа Шоқаймен тізе қоса қызмет еткен қаламгерлер шығармашылығымен де танысуға болады. Олар алдында атап өткеніміздей көбінесе бүркеншік есімдерді қолданған. Мәселен, «М.Ш.», «Мыш», «Жанай», «Жас түркістандық», «Бір түркістандық», «Түркістандық түрік», «Иілтер», «Тас балта», «Алтай Ноян», «Түркістан төңкерісшісі», «Байсынғар», «Бір күрескер», «Білген», т.б. Осылардың ішінде Мұстафа Шоқайдың «М.Ш» деген бүркеншік есімі бұрыннан белгілі. Біздің топшылауымызша, соған қоса «Мыш», «Жанай» есімдері де ұлы тұлғаға тиесілі. Алғашқысы Мұстафа Шоқайдың аты-жөнінің қысқартылып дыбысталуы болса, екіншісі — оның руы. Бұл туралы тарих ғылымдарының докторы М. Қойгелдиев пен шоқайтанушы-ғалым А. Нүсіпхан төмендегі деректерді келтіреді: «Мұстафаның тегі орта жүздегі Қыпшақ, оның ішінде Торайғырдың Шаштысы, Бошай ұрпағының Жанай тармағы болса керек» (Шоқай М. Таңдамалы. 1 том. — Алматы: Қайнар, 1998). Әрине, журналды бүгінгі қазақ қолданысындағы кириллица таңбасымен шығаруда бұл басылым туралы арнайы зерттеу жасау, ғылыми тұжырымдар айту мақсаты қойылмағандықтан ол жаңалықтарды зерттеуші-ғалымдарымыздың еншісіне қалдырдық. Ал сол зерттеу нысандарына септігі тиіп, жаңа көзқарастар айтылуына мұрындық болып жатса, онда бұл еңбектің де өз көздеген мақсатына жеткені.

«Жас Түркістан» - таза саяси басылым болды. Журналда әдебиет, кітабият бөлімдері болғанымен, онда жарияланған өлеңдердің көркемдігінен гөрі күрескерлік рухы басым. Алғашқы томдыққа еніп отырған № 1-13 сандарында алаш ардақтысы Мағжан Жұмабайұлының «Түркістан», «Алыстағы бауырға» өлеңдері жарияланды.

Мұстафа Шоқайдың журналды шығарысқан серіктері туралы жоғарыда аты аталған түріктанушы Фадли Али төмендегі деректерді келтіреді: «Жас Түркістан» журналын жат елде, жат жерде, өзге сипаттағы тұрмыс-тіршілік аясында бірге шығарысқан, тек сол 10 жыл бойына ғана емес, өмірлерінің



соңына дейін Мұстафа Шоқайдың сенімді серіктері, адал достары, айнымас ізбасарлары, мұраттас мұрагерлері болған екі аяулы азамат бар. Олардың екеуі де — бауырлас өзбек халқының өкілдері. Екеуі де 1922 жылы Берлинге оқуға барып, кейін сонда қалып қойғандар, өйткені КСРО-ға қайтып оралған жағдайда опат болатындары анық еді. Олардың біреуін Мұстафа Шоқайдың оң қолы, екіншісі сол қолы деп айтуға әбден болады». Бұлар — Тайыр Шағатай мен Әбдулуақап Оқтай. Тайыр Шағатай «Жас Түркістанның» жауапты хатшысы қызметін атқарып, өзі де журналға мақалалар жазып тұрған. Тайыр Шағатай да неміс, түрік тілдерінде жазылған жиырмаға жуық кітаптардың авторы. «Жас Түркістан» журналында да оның көптеген мақаласы жарық көрген.

«Жас Түркістан» журналының басқа басылымдардан басты ерекшелігі — сынының өткірлігі. Атамекеннен қашықта жүріп-ақ, елдің жағдайын, саяси-экономикалық реформалардың барысын және олардың нендей мақсат, қандай мүддеге негізделгенін тап басып тауып, дөп басып айтып отырды. Тек айтып қана қойған жоқ, нақты дәлел, қисынды кесім, бұлтартпас факт арқылы сараптама жасады. Сондықтан оның бұл сынынан большевиктік империяның өзі сескенген еді. Олай дейтініміз «Жас Түркістандықтар» дерек көзі ретінде сілтеме жасап, жаңсақ пікірлерін әшкере қылғанын оқыған Сталин партиялық «Еңбекші қазақ» газетіне өз бұйрығымен қатаң сөгіс жариялатқан. Ал одан гөрі ұлтқа көбірек жақындау «Ақ жол» газеті «Еңбекші қазақ» салқынымен жабылуға мәжбүр болды. И. Сталиннің «Қырөлкеком бюросының барлық мүшелеріне» деп жолдаған хатының мына бөлігіне назар аударып көрсек: «Жуырда менің «Ақ жол» журналымен (газетімен-авт.) танысуға мүмкіндігім болды. Мен осыған байланысты белгісіз емес Шоқаевтың ақгвардияшыл баспасөздегі кейбір мақалаларын еске түсірдім және өзімді шошытқан осы мақалалар мен «Ақ жол» журналының (газетінің-авт.) рухани «ынтымағы» деуге болатын кейбір жаңалықты аштым. Ақылға сыймаса да, бұл — факт...». Міне, Сталиннің тікелей осы хатының әсерінен «Ақ жол» газеті жабылады. Ал, «Еңбекші қазақ» газеті ауыр сөгіс алып, редакциялық құрылымын қайтадан жаңартуға мәжбүр болды.



Енді сөзімізді журналдың өз дерегімен тұздықтасақ, пікіріміз де барынша сенімді шығар еді.

«Қазақстан Атқару Комитеті төрағасы — Ерназарұлы Елтай Москваға барған. Сапарының мақсаты Совет Одағы бас комитетіне Қазақстанның он жыл ішінде қол жеткізген табыстарынан рапорт тапсыру еді. Түркістанның Қазақстан бөлігі үшін ең маңызды есептелінетін көшпелілерді отырықшыландыру хақында сөйлегендерінен бір ғана сөйлемі аясына ой бөлу жеткілікті. Елтайдың сөзіне қарағанда, 1929-1930-да сексен төрт мың үш жүз қырық (84340) қазақ қожалығы көшпелі һәм жартылай көшпеліліктен отырықшыландырылған-мыс. Елтайдың бұл айтқаны барша совет газеталарында басылды (Әсіресе, «Еңбекші қазақ» һәм «Советская степь» газеталарының 22-23 сентябрьдегі нөмерлері).

Төрағаның мүлдем өтірік айтқанын көрсетпек үшін «Еңбекші қазақтың» 11 сентябрь санындағы бас мақалаға бір қарап шығу керек. Ол мақалада:

«Биыл жоспар бойынша 84 мың (көшпелі және жартылай көшпелі) қожалықты бірлестірмекші едік. Алайда барша мекемелердің көрсеткен жалқаулығы мен бұрыс көзқараста болғандығы нәтижесінде аталған жоспар орындалмай қалды...» деп жазылған.

Демек, Қазақстан Атқару Комитеті баспасөз органы болған «Еңбекші қазақ» газетасы «жоспар орындалмай қалды» десе, осы Атқару Комитеттің төрағасы Ерназарұлы Елтай Москваға барып «жоспар орындалды» дейді.

Мәселенің ең қызығы сол — Елтайдың бұл өтірігін «Еңбекші қазақтың» өзі де (23 сентябрь нөмері) ұялып-қызармастан басып отыр» («Жас Түркістан». № 12, ноябрь. 1930 ж).

Бұл әшкере болған бір ғана дерек. Алайда осы сияқты «өтірік ақпарлар» сол кездегі тұтас жүйенің ең індетті кеселі еді. Ондай шындықтарды сол тұста тек «Жас Түркістан» ғана айта алатын. Әрі «Жас Түркістан» өзіне жүктелген бұл өскелең міндетті абыроймен атқара алды да. Дәл осындай бұлтартпас сындар «Жас Түркістанның» әр санында жарияланғанын ескерсек, оны жарыққа шығарудың, арнайы зерттеудің маңызы тіптен арта түспек.

«Жас Түркістан» басылымының ұстанымын айқын аңғартатын Мұстафа Шоқай «Керенский және Түркістан



ұлттық әрекеті» атты мақаласында (№ 11, октябрь. 1930ж.) былай дейді: «...көптен Түркістан тәуелсіздігі пікірінде болған жағдайымызда орыс демократиясымен бірге селбесіп те келдім. Мені бұл жолдан Керенскийдің «бюрократтық қадамы» да айырмаған еді. Тек халқымызға «хайуан», «орангутан» сияқты аттар тағылуы артық сабырымды жоғалтты. Мұншалықты масқараға шыдай алмадым. Мен Керенскийдің Россиядан бөлінбекші болған халықтардың қайраткерлеріне қаратқан үндеулеріне қарсы үн қосамын. Олардың ешбіріне сенбеймін де». Бұл «Жас Түркістан» редакторының басылым бетінде жариялаған қатқыл көзқарасы болатын. Яғни, Мұстафа бәріне де көнуге бар. Көбіне де сабыр сақтай алады. Тек халқының қорлануына, елінің мазаққа ілігуіне шыдамайды. Бұл жолда көлденең келгендермен ақтық деміне дейін шайқасады. «Жас Түркістан» басылымының ең бірінші қорғағаны да Түркістан халқының жат қолындағы намысының тапталмауы, құқының аяқасты етілмеуі еді.

Алғашқы сандарымен салыстырмалы түрде қарағанда жыл өткен сайын журнал жарияланымдарының өткірленіп, жай ақпараттан талдамалық, сараптамалық бағытқа көшкендігі байқалады. Басылым өзіне басты бағыт етіп ұстанған: «Біз, Түркістан тәуелсіздігін ту етушілер, еліміздің еркі және жұртымыз Түркістанның бостандығы үшін күресеміз! ...«Жас Түркістан» көлемі жағынан кішкене болғанымен азат және тәуелсіз Түркістан байрағын көтеру міндетін өз мойнына алуымен және сол жолда қызмет етуімен үлкен. ...Біздің мұратымыз — Түркістанда түрі тұрғысынан да, мағына жағынан да ұлттық мемлекет құру, себебі тек осындай түрде ғана халқымыз өз жұртында өз тағдырының заңды егесі бола алады» деген мұраттарына жету үшін қалам күшімен аянбай күресті. Басылымның бас редакторы, Алаштың ардақты азаматы Мұстафа Шоқай сол жолда кездескен түрлі қиыншылықтарға, қуғын-сүргін, саяси қысымдарға қарамастан журналды нағыз Тәуелсіздік жаршысына айналдыра білді. Бүкіл түркі жұртымен қоса алдыңғы қатарлы шет мемлекеттер «Жас Түркістан» пікірімен санасты, Кеңес Одағының ресми билігі оның әр санын қалт жібермей қадағалап отырды. Ресми басылым беттерінде ондағы мақалаларға қарымта қайтарған кездері көп. Ол ойымызды журнал шығарушылардың: «Түркістанның





ең үлкен мәселелері хақындағы бірнеше мақаламыздың дос — дұшпан баспасөзі жағынан көшіріліп басылуы «Жас Түркістан» басшылығының өз мойнына алған міндеттерін қанағаттанарлықтай деңгейде атқарып келгенін айғақтайды» деген пікірі қуаттай түседі. Кеңес Одағы саясатына қарсылық, тәуелсіздік аңсаушы деген мағынада «Шоқайшылық» деген ұғым пайда болды. Бұл бір ғана тұлғаның алып империяға қарсы күресінің нақты нәтижесі, жеткен жетістігі деп білуіміз керек.

«Жас Түркістанның» халықаралық деңгейдегі басылым болғандығын журналдың екі жылдығына орай жазылған мына мақаладағы деректен байқауға болады: «Жас Түркістанның» тек Еуропа мен Түркияның белгілі жерлерінде ғана емес, соған қоса Иран, Ауғанстан, Қытай, Жапония, Сирия, Арабстанда да оқырмандары бар. Жақында ғана біз Хижазда тұрушы жерлестерімізден де хат алдық. Ол хатта Еуропада өз ана тілімізде Түркістан ұлттық тәуелсіздігі міндеттеріне сай келген бір журналдың шығып тұрғандығына сүйініштерін жасыра алмаған» («Жас Түркістан», 1931, декабрь).

Бірақ, бұл оңайлықпен келген бедел емес. Жас Түркістандықтардың таңдап алған жолының дұрыстығын, өздерінің осы мұрат жолында күресуге лайықтығын толық дәлелдеу арқылы қол жеткізген жетістік. Ол туралы журнал шығарушылардың өзі былай дейді: «Біз журналымызды шығара бастаған 1929 жылы ауыр қиындықтармен бетпебет келдік. Бұл қиындықтар тек материалдық тұрғыдан емес еді. Журналды табысты шығарып кете алу үшін күштеріміз жеткіліксіз сезілетін. «Жас Түркістанның» міндеті саяси істерде әліге көріне қоймаған жас күштерді өз төңірегіне топтастыру болды. Біз бұл күштердің бар екенін білсек те, олардың қарым-қабілетінің саяси мәселелерде өткірлік пен сауаттылықты талап ететін саяси баспасөзде қаншалықты жарамды екенінен мағлұматымыз жоқ еді...

Достарымыздың көмегімен топталған материалдық мүмкіндігіміз тек үш санға ғана жетерлік болатын. Осы болмашы көмек пен ешқашан сынға түспеген жас күштерге артқан үлкен үмітімізбен «Түркістан Ұлттық Бірлігінің» (ТҰБ) ортаға қойған «Түркістан ұлттық тәуелсіз» бағдарламасымен «Жас Түркістан» дүниеге келді».



Эмиграциядағы Мұстафа Шоқайдың саяси күресі «Жас Түркістанмен» ғана шектелген жоқ. Оған дейін 1927-1931 жылдары «Жаңа Түркістан» басылымы жарық көріп тұрған. Одан бөлек Түркістан топырағында шығып тұрған барлық тәуелсіздік жолындағы басылымдарға рухани демеу беріп отырған. «Жас Түркістанның» әр санында ол басылымдар туралы нақты деректер беріліп, жұртшылыққа таныстыру, насихаттау мақсатында арнайы бет әзірленгенін көреміз. Ол басылымдар: Түркістанның тәуелсіздік жолына қызмет атқаратын айлық журнал – «Жаңа Түркістан», Түрік ошақтарының пікірлерін таратушы айлық журнал – «Түрік жұрты», Тәуелсіздік жолында күресуші Азербайжан қаламгерлерінің Стамбулда латын қаріптерінде шығарылатын «Отты жұрт» және «Білдіру» атты басылымдары, Кавказия және украиналық атақты аворлардың қатысуымен Парижде шығатын французша айлық журнал – «Прометей», Еділ-Орал тәуелсіз пікіріне қызмет етуші айлық журнал – «Ұлттық жол», Қырым түріктерінің тәуелсіздік пікірін тарататын «Эмаль» журналы. Осыдан Мұстафа Шоқайдың саяси күресінің әсер ету ауқымының қаншалықты кеңдігін байқауға болады. Одан бөлек Мұстафа Шоқай Еуропаның алдыңғы қатарлы мемлекеттерінде өтіп тұрған халықаралық ғылыми конференцияларда баяндамалар жасап, онда орыс отарындағы Түркістанның мүшкіл халі туралы дәлелді деректерін жариялаған. Ол сол елдің баспасөзінде жарық көріп, жұртшылық арасында зор резонанс тудырып отырған. Яғни Мұстафа Шоқайдың «Тәуелсіз және біртұтас Түркістан» үшін күресі елінен шеттетілген бір адамның ғана қарсылық әрекеттері емес, мұраты айқын, миллиондаған қолдаушылары, ондаған басылымдары бар жалпытүріктік қозғалыс. Төмендегі үндеу осындай ірі қозғалыс серкесінің аузынан ғана айтылса керек:

«Түркістан отаншылдары! «Жас Түркістан» баршаңызды бірлікке шақырады:

Өз ұлттық саптарыңды күшейтiңдер!

Ешқашан ұмытпандар, жеңіс – бірлікте.

Жақсы ұғыныңдар, ұлттық рух пен ұлттық тәуелсіздіктен тыс ұлттық өмір болмайды.

Түркістандықтар! Ұлттық бостандық күресіндегі өлім – ұлттық құлдықтағы өмірден артық».



Мұстафа Шоқайұлының «Ұлттық зиялы» атты мақаласында көтерген мәселесі біздің осыған дейін айтып жүрген ұлтжанды ұрпақтан ғана елін, жерін қорғайтын азамат шығады деген ойымызға тұғыр бола алады. «Әрбір оқыған, сауатты адамды зиялы деп атау әрі оны өзі өкілдік ететін ұлттың «ұлттық зиялы» сапынан тану мүмкін бе? – Әрине, бұл мүмкін емес. Біз тек белгілі бір мұрат соңында жүрген, осы белгілі мұрат төңірегінде топтасқан оқымыстыларды ғана зиялы деп атай аламыз. Ұлттық зиялылар сапына өз халқына саяси, әлеуметтік және экономикалық тұрғыда қызмет етпекші болған зиялылар ғана кіре алады.

Зиялылардың міндеті асқақ әрі қастерлі болған себепті ауыр.

Халқын ұлт ретінде қалыптастыру, яғни жер-суы бөлек, тілі мен діні тұтас халық бұқарасын бірлікке, саяси, әлеуметтік біртектікке келтіру сияқты ұлы және тарихи міндеттің маңызды бір бөлігі де «ұлттық зиялыларға» жүктеледі» («Жас Түркістан», 1931, май). Ұлт зиялылары туралы бұл анықтама бүгінгі күні де өзекті.

«Батыс тәлімін көрген зиялыларымыздың ең ашынарлық тұстары – рухы халқынан алшақ қонғандығында еді. Батыс тәрбиесі көп туғандарымызды халқымыздың тамырларына дейін сіңген әрі бүкіл ұлттық тарихымызды тудырған «шығыс менталитетінен» айырып тастаған болатын. Міне, бұл реттен біздің батыс тәрбиесін көрген туғандарымыз күшті тілектеріне сай өз қажыр-қайраты мен білімдерін халық рухымен (шығыс менталитеті) ұштастыра алмаған еді» деген мәселе осы уақытқа дейін шешімін таппай келеді. Жаһандану заманында бұл үрдістің одан бетер өршігендігін көріп отырмыз.

«Жас Түркістан» журналы ұлттың рухы мен мәртебесін көтеру жолында аянбай күрескен. Алып империяның қалыптастырған «жабайы, мәдениетсіз» деген пікірлерін жоққа шығаруға барынша тырысқан. Ол үшін Батыс баспасөзінде Түркістан жұртына қатысты жылт еткен жағымды деректерді, объективті зерттеулерді қуана-қуана басып отырған. «Бұл жолы барлық сақтықтар көрсетілсе де бір американдық автор жолын тауып орыс әскері арасына еніп алған. Міне, біз Магман есімді сол американдық қаламгердің көргендерімен оқырмандарымызды таныстырмақшымыз. Ол кісі: «Орыстар



Түркістанның қай жерін жаулап алса, әуелі сол жердің атын өзгертеді» дейді. Түркістандық қазақ пен түркімендер жайлы: «Мажар яһудейі Вамберий өз саяхатнамасында» бұлардың орыс пен ағылшын тәрбиесіне мұқтаж екендігін жазған болса да, мен бұларды еуропалықтардың көбінен тәрбиелі, әділетті, жолаушыға деген ықыласын да еуропалықтардың көбінен тым жоғары санадым. Бұларға жабайы деу жаңсақтық, тіпті қылмыс пен арсыздық» дейді. (Жас Түркістан, 1931, май). Немесе «Ұлттық әрекетіміздің жеңісі үшін» атты мақалада: «Түркістан тарихының ұмытылмас беттері бар. Әдебиет, пәлсапа сияқты ғылым мен мәдениет саласында, жер өңдеу сияқты өндірістерде Түркістан бірінші орында тұрған замандар болған. Ибн Сина, Фараби мен Түркістандықтар соңғы уақытта аттарын да естімеген бірнеше ғалымдарымыздың есімдері адамзаттық мәдени тарих беттерінде алтын әріптермен жазылады. Парижде Франция жағырапия қоғамының конференция залында барлық әлемге мәшһүр ең танымал ғалымдардың есімдері арасында біздің Фараби есімінің де ойылғандығын түркістандықтардан білушілер өте аз болса керек». Өз ұлтын мақтан етудің жарқын мысалы ретінде осыны келтіруге болады.

«Жас Түркістан» саяси басылым болғанымен де, әдеби көркем тіл өрнектері, «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін» айтарда аса көрегенділікпен тауып айтылған тіркестер көптеп кездеседі. Мәселен, «Құрғақ ыдыстан су төгілмес, бос үйден зат жоғалмас», «Өтірікшінің бір сөзіне данышпанның мың сөзі», «Өртесе от алмайтын, атса оқ алмайтын», «Бір басын шауып тастаса, орнына он бас ұлғаятын», «Қысқа-қысқа, алайда айта қалса нұсқа боларлықтай», т.б. мақал-мәтел, қанатты, теңеу сөздер ұшырасады. Тағы бір айта кетерлігі — сол кезде фотографияны «ресім» деп қолданған екен. Тілге ғана емес, ойға, мазмұнға, жаңаша идеяларға бай болып келеді. Полемикалық, пікірталасқа арналған мақалаларды жазудағы шеберлік, қарсыласының әлсіз тұсын тап басып тану мен оны бұлтартпас деректермен дәлелдеу, мысқылмен келемеждеу — «Жас Түркістан» жарияланымдарына тән ортақ қасиет. Белгілі бір оқиғалар мен тұлғалардың шын бет-бейнесін ашуда тарихи әділеттілік танытады. Мәселен, кеңестік биліктің басында жүрген Тұрар Рысқұлов туралы былай дейді: «Большевик пердесі артынан түркістандық рухы көрініп тұратын Тұрар



Рысқұлұлы ғана емес, 16 жылғы көтерілісті зерттеуші орыс большевик қаламгерлерінің өзі де бұл қозғалыстың Россия мен орысқа қарсы жалпы ұлттық әрекет болғандығын терістей алмаған». Яғни, қандай саяси бағытта болса да Алаш зиялыларының ой-мұраты бір болған.

«Жас Түркістан» журналы Түркістаннан тыс жерде жарық көріп тұрғандықтан кейбір ақпараттың, нақты деректердің жетімсіздігі сезіліп тұрады. Кей кездері бір ойды бірнеше мақалада қайталау да көрініс береді. Бірақ саяси қысымға, ақпараттың аздығына қарамастан сараптауға, талдауға құрылған, нағыз журналистік шеберліктің үлгісіндей мақалалар жарияланып тұрған. Әр санда басты, сүйекті мақалаларды журналдың бас редакторы — Мұстафа Шоқайдың өзі жазған. «Жас Түркістанның» сол кездегі қоғамдағы нақты саяси орнын бас редактордың мына сөздерінен аңғаруға болады: «...Біз наразылық жариялай алмаймыз. Өйткені наразылық жариялай алатын күшіміз жоқ. Біз сынамаймыз да. Өйткені біздің сынымыз дәрменсіз, ықпалсыз. Ол — ол ма, бізге сын айту құқығы да берілмеген. Бізге сын айту құқығы ғана емес, большевиктік жалған қитұрқы насихатқа тойтарыс беріп, шындықты қорғау құқығы да берілмеген». Сонымен қатар саяси күрес жолында жүргендердің сеніміне кіріп, журналға автор ретінде жазып тұрған кейбір адамдардың «сатқындықтары» да әшкере болған кездері көп. Журналдың 1930 жылғы № 21 санында «Қымбатты оқырмандарымызға» деген төмендегі хабарландыру басылған: «Қымбатты оқырмандарымыздың материалдық және рухани қолдаулары арқасында шығып тұрған «Жас Түркістан» соңғы айлар ақша жағынан көп ауыртпалықтарға тап келіп тұр. Сондықтан 21 саннан бастап абонент шарттарын өзгерту мәжбүрлігі туды. Журналымыздың көңілдегідей шығып тұруына кедергі болып тұрған бұл үлкен кемшілікті қымбатты оқырмандарымыздың түсіністігі мен жанашырлығы арқасында толтыра алатындығымызға үміт етеміз». Осыдан кейінгі № 22 санынан бастап «Жас Түркістан» екі есеге қымбаттаған. Бұрын жылдық жазылу бағасы 2 доллар болса, осы саннан бастап 4 долларға көтерілген.

Кеңестік қырғынның қанды шеңгелінен жыраққа кетуге мәжбүр болған тұлғаларымыз шеттерінен еліне есе іздеген нартұлға азаматтар болды. Сол қатарда Шоқайұлынан бөлек,



Райымжан Мәрсеков, Ыбырайым Жайнақовтарды да атай аламыз. Еуропа төрінде түркілік дауысын танытып, елінің намысын қорғаған Мұстафа Шоқайұлының салған сара жолын жалғастырушылар да табылды. Олар дүниежүзілік соғысқа айдалып, немістерге қолды болған – Мәулікеш Қайыпалдыұлы, Қарыс Қанатбайұлдары, «Қобызшы қорқыт» т.б. еді. Ленинград университетінің философия факультетін бітірген Мәулікеш «Асанқайғы» деген бүркеншік атымен белгілі болды. Міне, бұлар да рухани ағасы Мұстафаның ізін жалғастырып, «Милли адабият» («Ұлттық әдебиет», Берлин 1943-1945 жж.), «Түрік елі» (Мюнхен, 1951-195?) басылымдарын шығарды. Ол жайлы әңгіме өз алдына жеке тақырып болатындықтан кейінге қалдырдық.

Журналистика мәселелерін зерттеу институты шығарған «Жас Түркістан» журналының жарияланымдары «эмиграциядағы қазақ журналистикасы» аталатын үлкен тақырыптағы алғашқы еңбек.

Осындай түрлі саяси-экономикалық қысымдар жағдайында журнал 10 жыл бойы Тәуелсіз біртұтас Түркістан идеясы жолында аянбай күрес жүргізген. Оның басында тұрған ұлтжанды азамат Мұстафа Шоқайдың бүкіл түркі жұртын азат ету жолындағы ауқымды саяси күресін құбылыс ретінде бағалауға болады. Ол қыршынынан қиылған талай Алаш азаматтарының көкірегіндегі тәуелсіздікті аңсаған аяулы армандары мен үкілі үміттерін, аманаттарын 10 жылға болса да ұзартты, бүгінгі күнге жеткізді. Сонысымен де құнды.



**Уямо Томохикомен сұхбат**

Хоккайдо университеті Славян  
зерттеулері орталығының профессоры  
(Жапония, Хоккайдо)

**ЖАПОНИЯ ҒАЛЫМЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНҒА  
АРНАЛҒАН ҒЫЛЫМИ ІЗДЕНІСІ**

*Сізгі ғылыми ортада Орталық Азия жөніндегі сарапшы деп біледі, біздің оқырмандарымыз Сізбен, сіздің ғылыми қызметіңізбен танысса деп едік. Өзіңіз туралы айтып берсеңіз. Қайда оқыдыңыз? Қай жерге білім алдыңыз? Қандай ғылыми бағыттарға Сіз жұмыс істейсіз?*

Мен Токио университетінің аймақтану факультетінің орыс бөлімінде оқыдым. Мен 1989-1990 жылдары төртінші курста оқығанда, М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде тағылымдамадан өттім, сол жерден Алматыға, Бишкекке барып, жарты ай тұрған болатынмын. Тағылымдамадан қайтып оралғаннан кейін Қазан революциясына дейін орыс қоныс аударушылары мен Орталық Азияның тұрғылықты халқы арасындағы өзара қарым-қатынас жөнінде дипломдық жұмыс жаздым. Одан кейін мен аспирантураға түсіп, «XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының дүниетанымы мысалында.....» тақырыбында диссертация жаздым, 1994-1995 жылдарда Қазақстандағы Жапония елшілігінде атташе болып қызмет атқардым. Қазақстандағы саяси және экономикалық жағдайға талдау жасаумен, мәдени іс-шараларды ұйымдастырумен айналыстым. 1996 жылға дейін Қазақстан Ғылым академиясының Шығыстану институтында шақырылған ғалым ретінде жұмыс істедім. Жапонияға қайтып оралғаннан кейін Хоккайдо университетінің Славяндық зерттеулер орталығына жұмысқа тұрдым. 15 жылдай сол жерде жұмыс атқарамын.

Менің ғылыми қызығушылығым екі бағытта: XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Қазақстан тарихы, әсіресе, зиялылардың қоғамдық-саяси қызметі, Ресей империясының Орталық Азиядағы саясаты. Бұл осы аймақтағы Ресей империясының саяси, әкімшілік жүйесін, діни және әскери саясатын қамтиды. Сонымен қатар, мен қазір Ресей



империясының Орталық Азиядағы саясатына және Британ империясының Үндістан және Цинь империяларындағы саясатына салыстырмалы зерттеу жұмысын жүргізіп жатырмын.

Менің ғылыми қызығушылығымның екінші бөлігі — Орталық Азия елдерінің саясаты. Мен ертеректен осы тақырыптармен айналысқан болатынмын, себебі менің студенттік жылдарым қайта құру кезеңімен сәйкес келгендіктен, мені Кеңес Одағындағы ұлттық мәселелер қатты қызықтырған болатын. Мен Мәскеуде болғанда, көптеген материалдарды, әсіресе, кейінірек 1986 жылғы желтоқсан оқиғаларына қатысты мәліметтерді жинаған болатынмын. Сол кезде менің ең үлкен қызығушылығым — ұлтаралық қарым-қатынастар болды. Жапония елшілігінде қызмет атқарғанда, мен Қазақстанның және Орталық Азия елдерінің саяси жүйесін зерттей бастадым, одан кейін Орталық Азиядағы, әсіресе Өзбекстандағы ислам қозғалыстарын, Тәжікстандағы азаматтық соғыс, Қырғызстандағы «қызғалдақтар» революциясы мәселелерін зерттедім. Әрбір тақырып бойынша Орталық Азияның елдеріне барып, зерттеулер жүргіздім.

***Орталық Азияға деген қызығушылық неген туындады? Бірінші қызығушылығыз неге негізделген?***

Мен университетке түскенде еуропалық мәдениетке деген қызығушылығым басым болды, француз, латын әдебиетін зерттеп, француз және грек тілдерін оқығанмын, бірақ бір сәтте Азия туралы тым аз білетінімді түсіндім. Мен Шығыс Азия елдерінің тарихын зерттеп, қытай тілін оқи бастадым, бірақ біршама уақыттан кейін Қытай, жалпы Шығыс Азияны зерттеушілер көп екендігіне көзім жетті. Менің қызығушылығымнан әлдеқайда алыс болған, Азияға да, Еуропаға да қарауға мүмкіндік беретін аймақты, яғни Орталық Азияны зерттеуге тоқталдым. Бұл жерде менің балалық кезімнен орыс музыкасына, мәдениетіне деген қызығушылығым негізгі фактор бола отырып, орыс тілін үйренуге деген талпынысым үлкен еді. Көптеген адамдар орыс тілі қиын деп есептейді. Менің басқа тілдерге қарағанда, орыс тілін тез игердім.

***Қандай тілдерді білесіз?***





Мен жапон, орыс, ағылшын тілдерін білемін, қазақша еркін сөйлеймін, сөздікпен француз, қытай, сонымен бірге басқа тілдерді де, оның ішінде фарси тілін білемін.

***Сіздің алғашқы рет қай мемлекетке іс-сапар шектіңіз?***

Мен 1989 жылдың көктемінде алғаш рет достарыммен бірге Өзбекстанға бардым, ол кезде Кеңес Одағы бойынша саяхат жасағанбыз. Екінші рет Ташкент пен Алматыға Мәскеуден келген болатынымын.

***Қазақстанда алғашқы рет қашан болдыңыз?***

90-шы жылдардың басында, сол уақытта.

***Орталық Азияны зерттейтін негізгі мектептерді немесе негізгі бағыттарды анықтап бере аласыз ба?***

Қазіргі уақытта көптеген ғалымдар Орталық Азияны зерттеп жүр. Еуропа елдерінде саны жағынан аз. Бірақ Еуропа елдерінде ерекше дамыған бірнеше мамандықтар бар, мысалға, исламды өте жақсы білетін ғалымдар жұмыс істейді. Соңғы жылдары Италияда ХХ ғасырдың бірінші жартысындағы Орталық Азияның тарихын зерттейтін жас дарынды тарихшы-ғалымдар бар. Жапонияда Орталық Азияның ежелгі және орта ғасырлық тарихын, әсіресе, ежелгі түрік қағанаты, Темір империясы жөніндегі зерттеулер басымрақ. Бізде Орталық Азиядағы сирек тілдер бойынша мамандар бар. Орталық Азияның жаңа тарихы бойынша зерттеулер салыстырмалы түрде таяу арада ғана дами бастады. Бастапқыда, ғалымдар Орталық Азияны ресейлік тарих, кеңестік тарих тұрғысынан зерттеді. Шығыстану тұрғысынан зерттейтін ғалымдардың көзқарасы біршама бөлек, олардың арасында үлкен айырмашылықтар бар, бірақ қазір әр түрлі бағыттардың ғалымдары бір-бірімен ынтымақтасады. Бұл әсіресе әр түрлі орталықтардың жұмысында көрінеді, мысалға, біздің орталық Славяндық зерттеулер орталығы мен Токио университетінің Ислам аймақтарын зерттеу жөніндегі орталық бірлесіп жұмыс істейді. Біз тұрақты түрде бірлесіп семинарлар өткіземіз.

***Сіздің зерттеп жүрген тақырыптарыңыздың бірі қазақ зиялыларымен байланысты. Алаш Орда партиясының қызметімен байланысты кезең өзекті болып табылады. Тарихта түсініспестік тудыратын ақтаңдақтар көп. Бүгінде біз Алаш Ордамен, Шығыс Түркістанмен, Мұстафа Шоқай есімімен***



**байланысты қазақ зиялыларын зерттеу жөніндегі жобаны өткізуді талқылап жатырмыз. Қаншалықты деңгейде бүгінде Алаш Орда философиясын қайта зерттеу қажеттілігі бар?**

Иә, әрине қажеттілік бар. Қазақстандық ғалымдар бұл мәселені көптен бері зерттеп келеді, бірақ ол ұлттық ілімдер тұрғысынан ғана зерттеліп келетін сияқты. Кейде бір маңызды мәселелер қарастырылмай қалады. Мен аспирантурада Мыржақып Дулатовтың шығармаларымен танысқанда, оның серіктестері тек ұлтшыл болғандар деген тұжырымға қарамастан, оларда Еуропа өркениетіне, орыс мәдениетіне, исламға, көшпенді мәдениетке деген қызығушылық үлкен болған. Олар әр түрлі өркениеттердің мәдениетін байланыстыруға тырысты. Менің пікірімше, осындай зерттеулер өзекті болып табылады, себебі әр түрлі этникалық топтардың әр түрлі мәдениеттің өзара әрекеттесуі жағдайында өмір сүруі маңызды. Соңғы жылдары олардың мәдениетке деген көзқарастарын ғана емес, Ресейдің саяси өміріне шынайы қатысқандығын, Ресейде қазақтардың құқықтық мәртебесін көтеруге тырысқандығын зерттеп жүрмін. Олар ресейлік шенеуніктермен, саясаткерлермен жиі бірлесіп жұмыс істеді. Мүмкін бұл жағдай кейбір адамдарға ұнамауы мүмкін, бірақ олардың шынайы қызметі қазақтардың тағдырын құтқарған болатын. Басқа жағынан, мен олардың ойлау жүйесіндегі ислам элементтерін белсенді зерттеп жүрмін. Әдетте ислам мен кеңестік зиялылар екі бөлек зерттелгенмен, олардың кейбіреулері алғашқы білімді медреселерде алған болатын. Олардың мысалға, Орынбор мұсылмандарының діни жиналысына қазақтардың қосылуы, қазақтар мен басқа мұсылмандар арасындағы қарым-қатынас қандай болу керек деген көзқарастары әр түрлі еді.

*Қазақстандағы ислам тақырыбына қатысты. Исламға дейін Қазақстанда манихейлік, несториандық, буддизм, христианның әр түрлі ағымдары сияқты әр түрлі діни сенімдер болатын. Бұл мәселеге қатысты бірнеше сарапшылардың көзқарасы бар. Кейбір сарапшылар, Қазақстанда исламның өз ерекшелігі бар, оны олар бақсылық, тәңірлік ерекшеліктері болғандықтан, soft–ислам деп атаған. Кейбір сарапшылар, тәңірлікті қайта жаңғырту керек, себебі ол қазақтың нағыз діні*



*ген есептейді. Сіз қалай ойлайсыз, бүгінде негізінен мәдениетте көрініс табатын тәңірліктің, бақсылықтың қайта қалпына келуі мүмкін бе? Қаншалықты бұл өзекті?*

Тәңірлік, шаманизм бұл негізінен табиғат, Құдай және адам арасындағы қарым-қатынастың көрінісі. Онда нақтылы қатты діни идеология болған емес, сол себепті тәңірлік, бақсылық әлі күнге дейін орын алып отырса, ол мәдениеттің қалыпты түрі болып табылады. Егерде олардың біреуін жаңа діни идеология деп таныса, табиғи емес болып көрінеді. Әр түрлі елдерде, сонымен бірге Жапонияда қандай да болмасын ескі діни наным-сенімді қалпына келтіруге деген әр түрлі қозғалыстар бар, бірақ оларды толығымен қалпына келтіру мүмкін емес. Сол себепті тәңірліктің, бақсылықтың қандай да болмасын құндылықтары қатар өмір сүруі мүмкін, бірақ оларды дін ретінде қалпына келтіру ешқандай нәтиже бермейді.

*Қазақстан тарихындағы қайғылы кезеңдердің бірі ұжымдастыру, ашаршылықпен байланысты. Әр түрлі деректер бойынша 2 млн. 3 млн-ға дейін қазақ қырылды, бір бөлігі көшуге мәжбүр болды. Ашаршылық мәселесі көптеген жылдар бойы көтерілмей келді. Қазақстанда жұт аса танымал емес, бірақ, көптеген ақсақалдардың пікірінше, әрбір қазақ жұттың болғанын, көптеген халықтың қырылғанын біледі, дегенмен ешкім ештеңе айтпайды. Бұл немен байланысты? Ашарлыққа байланысты Сіз қандай фактілерді көргіңіз? Бұл жағдай Қазақстанның демографиялық жағдайына қалай әсер етті?*

Иә, ашаршылыққа дейін қазақтардың саны өзбектерге қарағанда көп болатын, осы аймақтағы саны жағынан ең көп халықты — қазақтар құраған, бірақ ашаршылықтың нәтижесінде қазақ халқының саны күрт азайып кетті. Кеңес Одағы уақытында инвестициялардың басым бөлігі өзбектерге жіберілгендігінің басты себебі де осында шығар. Бұл кесапат Қазақстанның дамуын қатты тежеген болатын, дегенмен, Қазақстан бүгінде сол зиянның орнын толтырған сияқты. Егерде саяси элитаның, зиялылардың қуғын-сүргінен есепке алсақ, онда адам шығыны одан да көп, сонымен бірге, дарынды адамдарды жойған болатын. Адам шығыны ғана емес, күшті интеллектуалды күштің жойылуы да кеңестік замандағы



Қазақстанның дамуына өз әсерін тигізді. Ашаршылық кезінде қырылған қазақтардың санына қатысты әр түрлі пікір бар. Біреулер 1,5 миллион не одан да аз десе, басқалары 2 миллионға жуық деп есептейді. Нәтижесінде мәмілеге келе отырып, ортақ санды анықтады.

***Сталиндік саяси құғын—сүргін кезінде Қазақстан өз зиялыларының басым бөлігін жоғалтып алды. Бұл Сіз ертеректен бері зерттеп жүрген тақырыптардың бірі.***

Иә, мен саяси өмірге белсеңді қатысқан 100 жуық адамның өмірбаянын зерттедім, бұл революцияға дейін, революция кезінде, революциядан кейінгі кезеңде өмір сүрген саяси және мәдени қайраткерлер, бірнеше адамды ғана есепке алмағанда, барлығы 30-шы жылдары жазаланды. Бұл XX ғасыр басында қалыптасқан интеллектуалды дәстүрдің және күштің негізінен 30-шы жылдары толығымен жойылғандығын көрсетеді. Дегенмен, осы 30-шы жылдары жаңа университеттер ашылып, жергілікті кадрларды дайындауға жүріп жатты. Олар XX ғасырға дейінгі мәдениетті білмеген, сол себепті Қазақстан мәдениеті үлкен шығынға ұшырады.

*Сұхбатты өткізген Ботағоз Ракишева, Айнұр Мажитова  
Астана, 2010 жыл*



*Тәлік Оңғарұлымен сұхбат*  
*Жұт кезінде көшіп-қонушылардың ұрпағы*  
*(Стамбул, Түркия)*

## ҚАЙҒЫЛЫ ӨМІР

Мен қазір 84 жастамын. Менің атым - Тәлік, әкемнің аты - Оңғар, Оңғардың әкесінің аты - Бекбота Мұрахыр. Өзіміз болсақ Орта жүз, Орта жүздің ішінде Қаракөсеміз. Пақтарал деген жер бар, сол Пақтаралдан шыққан екенбіз. Сол Пақтаралдан шыққанымызда осы күнгі Өзбекстанды Жетісай дейді екен. Ол жердің бәрі мидай дала болатын еді. Біздің шешеміздің айтқаны, мидай қара айдын даласы дейтін едік, - дейді. Бүгінде бәрі үй-жай болып кетті.

Мен Қазақстаннан шыққанда үш айлық не үш жасар екенмін. Сіздің сұрап жатқан ашаршылық замандағы жағдай жаңағыдай болған екен. Ол жағын біле бермеймін. Енді бұл анамнан естуім. Шешемнен естігенім ашаршылық заманда өте қиын болды, - деді. Өте қиын болғанда, мына алтын, күмістерді жеп болмайды екен. «Арпа бидай ас екен, алтын, күміс тас екен» дегендей. Бір тақия тарыға қыздарын сатқандар болыпты. Ақша болғанмен, ақшаға алып жейтін азық болмаған. Иә, қиын замандарды көрдік, - дейтін. Ол ашаршылық заман халыққа сондай болып өткен. Бұның бер жағында, коммунист заманында, әкеміздің айтуынша, өте бір қиын болғаны, намаз оқи алмадық, - деді. Ораза ұстап, ауыз бекітіп, ыстық тамақ іше алмадық, - деді. Үйдің ішінде бір нәрсе жақсақ, жарық болса милициялар жетіп келеді, - деді. Мыналар ораза ұстайды, мыналар намаз оқиды, - деп аңдыған күндер болған. Қараңғы үйде намазымызды оқыдық, қараңғы үйде құрғақ нанмен, құр сумен ауыз ашып, оразамызды ұстаған күндеріміз болды, - деді. Кеше әкеміз соны айтты. Бұл замандарды солай өткердік, сосын тіпті болмаған соң, мұсылман дәулетке өтейік,-деп сонымен қаштық, - деді. Сол қашқаннан қашып, қиындықтарды көрдік, - деді. Өзіміздің Қазақстанның ішінде де қашып жүріпті. Ана жақтан бұл жаққа, біреу біреуді қуып келе жатқандай болып көрінеді. Суларымыз да таусылды, - деді. Қашып жүріп, бір қойшыға ұшырасақ, қойшы баяғы өзіміздің пәленшеміз екен, - деді. Сондай-сондай ауыр күндерді өткеріп, сонымен Ауғаныстанға қарай өтіпті. Ауғаныстанға келген соң, шүкір мұсылман дәулетіне келдік қой десе, бұл жерде де бір тіл білмегендіктен қатты қиындықтар көріпті. Мына



жерден ана жерге көшіп, мына жерден ана жерге көшіп, ауғандар да ерікке қоймапты. Қысы-жазы көшуменен жүріпті. Сонда әкеміздің айтқаны ғой, біздің анау сары орыстан, мынау қара орыс жаман екен ғой,-деп. Анау сары орыс баяғы діні болмаса, сөзге тұратын еді. Мына қара орыс сөзге тұрмайды екен ғой деп, сол кезде қарқ-қарқ күлетін. Мұсылман деп келген дәулетімізден қиындық көрдік қой, -дейтін. Біз онда кішкентай баламыз. 12 жасқа келгенде әкеміз 65 жасқа келіп, қайтыс болды. Содан кейін өзіміз әйтеуір аш болмайық, жалаңаш болмайық, біреуден тіленбейік, сұранбайық, - деп, әйтеуір жетілдік қой. Оқу оқи алмадық. 1971 жылы Түркияға келдік. Ауғаныстанда тұрып, сол заманда қиындықтарды көп көрген біздің әкеміз ғана емес, сол Қазақстаннан қашып, өтіп кеткендердің бәрі өте көп қиындықтар көрген. Қысы-жазы көшуменен, қонуменен өткен ғой өмірлері, жаурап-жасынап, бала-шағаларым аш қалмасын, - деп. Түйенің үстіне тұзды қойып жіппен байлап, бір жағына қисайса, «шаң-шаң» деп айтады. Әй, шырағым-ай, шаңғымаса тұра ма бұл деп айтамыз дейді. Сөйтсек «шаң-шаң» деген тұзың қанша? - деген сөзі екен, - дейді. Әкеміз де олардың тілін білмеген екен. Сөйтіп, тіл білмей өте бір қиындықпен адамдардың көбісі бұл жерге келген соң, тарығып өткен екен. Үйдің іші босап қалғандар болды. Біздің де бір ағаларымыздың үйінен ешкім қалмады. Өте қиын жағдай болды, көп адамдар өліп кетті.

Қашып жүргендердің ішінде менің әке-шешем бар екен. Сосын өзіміздің ағайынымыздан бір кісі бар екен. Ол кісі де өліп кетті. Ол кісінің әйелі де өліп кетті. Ол кісінің балалары бар. Бұлар әкеміздің інілері болады екен. Қашып жүріп, Ауғаныстанға қарай өткенде әкеміздің інісінің әйелі мені арқалап әкелген екен. Ар жағын білмеймін, 2-3 кісі екен, содан қашып жүріп Өзбекстанға келіп мына Амударияға келген соң, ішінде тығылып жаттық,-дейді. Милициялар суды жағалап жүріпті. Сосын бір сушыны тауып алып, ол мына сиырдың терісін үрлеп-үрлеп мес қылып, ағашқа байлап, әйтеуір бізді Амудариядан аман-есен өткізді, - дейді. Арамызда суға ағып кеткендер көп болды. Қиын екен қашқан, жанымызды шүберекке түйіп жүрдік қой, - деп шешеміз айтып отыратын.

Түркістанға кеткендер де болған екен. Жаңағы айтқандар естігеніміз, құлағымызда қалғаны. Оқымағандықтан, жазып та ала алмадық.

*Сұхбатты өткізген Айнұр Мажитова  
Стамбул, Түркия, 2010 жыл*



*Юсуф Жанайдарұлы,  
Жұт кезінде көшіп-қонушылардың ұрпағы  
(Стамбул, Түркия)*

## ЗАР-ЗАМАН ТАРИХЫНЫҢ БЕТТЕРІ

**Өзіңіз жайлы айтып кетсеңіз және де ашаршылық жөнінде біраз тоқталсаңыз.**

Қазақстандағы ашаршылықты көргенім жоқ. Қазақстанның ашаршылығында мен дүниеде жоқпын. Мен 76 жастамын, Ауғаныстанда дүниеге келдім. Атым - Мұхаммед Юсуф, әкемнің аты — Жанайдар, оның әкесінің аты - Қошназар. Қошназардың әкесі - Құтыбай деген кісі Қазақстаннан шыққан. Өзі арғын, Сырдарияның жағасында тұрған екен. Менің әкем 13 жасымда қайтыс болды да, одан соң, мен жетім қалып Өзбекстанда, Ауғанда күн көрдім.

Ұсатоқы деген кісі бар еді. Баласы осы Қазақстанда, Шымкентте тұрады. Соның әкесінің руынан менің әкем әйел алған екен. Ауғаныстанға өткеннен кейін ел жұмыс білмейді, мал баққан ел. Ол кезде 8-9 жастамын. Оқып жүріп, аяққа кебіс тігемін. Ол уақытта лашық деген болады, ағашты қадап-қадап қойып, төбесін күркелеп, астына жерге төсек тастап, отырады. Қыста соның ішінде отырып қыстайды. Үй жоқ. Содан соң келсем, кебіс тігіп отырып, жаңағы кісі жылап отыр екен. Сәлем бердім. Неге жылап отырсың? - дедім. Жылағым келді. Адам бет алды жылай ма? - дедім. Кемпір ұрды ма? - дедім. Жоқ,-деді. Кім ұрды сені, неге жылайсың? - дедім. Адам таяқ жесе жылайды, таяқ жемесе жылай ма? - дедім. Сені кемпір ұрған шығар, - дедім. Кемпір деген шеше. Жоқ, балам деді. Кемпірдің маған күші жете ме? - деді. Жетпесе неге жылайсыз? Біреу ұрды ғой, - дедім. Балам, мен саған бір оқиғаны айтайын,-деді. Қазақстанда «Жылан жұт» деген жұт болды, - дейді. Сол «жылан жұтта» біз Шымкент деген жерде отыратын едік, - деді. Жейтін нәрсе таппай қалдық. Мына жердегі шөптерді шаңды дауыл тұрып, тамырымен жұлып әкетті, малдар аштан өлді, - деді. Жердегі егін көгермей қалды. Сонда әкем өліп қалғанда, біз екі бала, екі қыз, шешемменен бес кісі қалдық, үйде. Шешем мына бидайды қуырмаш қылып, қуырмашты талқан қылып, ішіне сүт қосып, салып алып, үйді тастап Ташкентке қарай қаштық, - дейді. Келсек, Ташкентте көшеде адамдар аштан өліп жатыр екен. Жас келіншек, қыздар, жейтін нәрсе таппай, ауыздарынан суы ағып,



көшеде өліп жатыр екен. Сонда менің шешеме түрік келіншек, қарным ашты, ашпын мына қызымды балаңа алып бересің, бізді ала кет,-деп жалынады. Сонда жаңағы қыз, келіншек әр кімнің өз басының қамы, - дейді шешем де мені алды да, шөлге шығып кетті. Мына жақта ел бар деп, жолда келе жатып, бағанағы азығымыз таусылып қалды, - дейді. Азығымыз бітіп қалған соң, апамыз шешеме айтты. 8 жасар қарындасым бар, бәріміз өлгеніміз жақсы ма, біріміз өлген жақсы ма? бәріміз өлгенше, біріміз өлейік, мына қызды сояйық, - дейді. Осыны жейік, бір елге жетейік, болмаса бәріміз де өлеміз, қыздан басқа ешнәрсе жоқ қой жейтін-деді. Сонда шешем қызын алып қашыпты. Мына қырдан асайық, мына қырдан асайық деп жүргенде бір таудың басында төбеге шыққан соң, шешем біраз уақыттан кейін, қолын бұлғап, жүгір-жүгір деп, шақырады. Сайдың түбінде қара бірдеңе жатыр, барсақ, бір қап қатып қалған сүр екен, - дейді. Кәдімгі сүр ет. Жаңағы сүр етті қаптан ала салып, пісіруге шама жоқ, шикідей тойып жеп, марқайып қалды,-деді. Содан қалған етті арқалап, Өзбекстан деген елге жеттік,-дейді. Бұнда келген соң, баяғы ет таусылды, енді тамақ керек. Күнде ініміз екеуіміз тауға шығып келеміз. Сонда біреу бір нан береді, екі нан береді, біреу жарты нан береді. Сонымен, өзара тіршілік қылдық,-дейді. Өзара тіршілік қылған болмады, болмаған соң, өзбектер айтты дейді, Тәжікстанда, Қарақа деген жер бар, сол жақта қазақтар көп, өздері бай. Сол жаққа кетіңдер деп, өзбектер ақыл үйретті, - дейді. Олар кетейік депті. Кетсеңдер, ары қарай шөл дала, азық ала кетіңдер, әйтпесе, өліп қаласыңдар, - депті. Содан басқа сататын нәрсе жоқ, жаңағы қызды бір сері тары мен бір сері бидайға саттық, - дейді. Сегіз жасар қызды өзбекке сатса керек. Тары мен бидайды талқан қылып алып, қарындасымды жаңағы өзбек алып қалғанда: «Көкежан, көкежан мені, тастап кеттің бе?» - дегенде, көкежан деген дауысы құлағымнан әлі шықпайды, - дейді. Арада сонда 25 жыл өтіп кеткен. Ашаршылық жайлы сол кісіден естідім. Сонда сол кісі айтты: Шымкенттен шығып, Ташкенттен асқаннан кейін, шөл далада келе жатырмыз, шөлде келе жатсақ, отаулар тігулі тұр дейді. Керегенің басында алтын қапталған үйлер дейді. Ол жерде күмістен өткізген үйлер жасаулы, - дейді, бәйбіше келіні мен жігіт екеуі өліп жатыр екен. Мен соны көрдім, - деді.

*Сұхбатты өткізген Айнұр Мажитова  
Стамбул, Түркия, 2010 жыл*





**Бекмағи Ахат Бекмағиұлымен сұхбат**

*Жұтты өз көзімен көрген кейіпкер  
(Астана, Қазақстан)*

**ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНЫҢ ҚИЫН ӨМІРІН  
КӨРГЕН КУӘГЕР**

Менің туған жылым - 1923 жыл. Ал 31-32-38 жылдары ашаршылық болған кездерінде менің жасым сол 8-10-ның шамасында болатын. Ең әуелі жұрттың айтуынша, колхоздандыру болып, халықтың малын алып, орталыққа салып, халықты малсыз қалдырады. Ал біздің қазақ - малмен күн көрген халық. Егіншілік болды, болғанмен онша көп жайылған жоқ. Ең негізгі кәсібі мал шаруашылығы болды. Қорасындағы малын алған соң, жалғыз сиырын алған соң, ашаршылыққа ұшырады. Бірақ, колхоздың орталығында ұстаған малдың сүтімен халық ептеп күндерін көреді. Ал біздің ар жағымызда жол қатынасынан алыстау елді мекендер болды. Есілдің арғы жағында мысалы. Біз Қауылтан бойында болдық. Ескі Қауылтан дейді, жаңа Қауылтан дейді, сол Қауылтан өзені бойында қоныстанған елде тұрдық. Колхоз 20 шақты үйден тұратын. Одан басқа тағы да Қоскөлдің ортасында бір ауыл, Қоскөлдің ар жағында тағы да бір ауыл болды. Ашаршылық кезінде ол ауылдың адамдары түгел Омбы жаққа қарай көшіп кетіп, әйтеуір, аман қалды. Ал көшпегендердің, көше алмағандардың біразы аштықтан қырылған жағдай болды. Ал, бізден әрі қарай, Есілдің ар жағында, батысқа қарай орналасқан айдалада орналасқан елдердің көбінің үйі қаңырап бос қалды. Жаяу шыққандар жеткендері жетті, жетпегендері далада жол бойында, көмусіз қалғандар да болды. Міне, жас кезімізде біз соларды 8-10 жасымызда көрдік. Бірақ, біздің қолымыздан не келеді? Біз ол кезде саясаттан аулақпыз. Әңгімеден аулақпыз. Көргенімізді ғана, есімізде қалғанды ғана айтамыз. Ал біреулер айтып жүрді, Есілдің арғы жағындағы Қаратүбекте елдер отырды, бертін келе ол жер Қайнар деп аталды. Оның сырт жағында көп елдерде тигулі кигіз үйлер сол күйінде қалған. Сол кигіз үйлердің жасауы да сол күйінде қалған. Соның ішін кейін барып қараса, шымылдықтың ішкі жағында екі өліктің сүйектері құшақтасып жатқан күйінде қалыпты. Біреуінің шашы ұзын, біреуінің басында шашы жоқ, тақыр. Құр ғана



бастың сүйегі. Ал жерде шаш жатыр. Сөйтсе, жас жұбайлар екен,-дейді. Шамасы елдің болжап айтуы бойынша олар шыға алмаған, қалып қойған, жаңадан қосылған болу керек. Олар сол құшақтасқан күйінде қайтыс болған екен. Өлген адамның еті ағып кетеді де, сүйегі ғана қалады екен. Көрген адамдар бертін келе, ел-есін жинағанда, оларды көміпті. Міне, осындай жағдай болған. Ол қолдан ұйымдастырған науқан деп, бертін келе айтты ғой. Ол кезде біз ондайды айта алмадық. Айта алмағанымыз, саясатқа араласқанымыз жоқ. Ештеңені жөнді біліңкіремейміз. Жас кезіміз, 33-ші жылы 10 жастамыз. Ал 34-ші жылы егін бітік шықты. Молшылық болды. Халық нанға тойды. Міне, осы кезде халық кішкене есін жиды. Ептеп егін салып, жер жыртып деген сияқты халықтың жағдайы жаман болған жоқ, едәуір көтеріле бастады. Бірақ, қолдауа шамалы болды. Бір сиырды ұстап қалғандары болды. Ұстамағандары да болды. Ал 41-ші жылы соғысқа дейін елде малдың өсімі өте аз болды. Мысалы, біздің Қазкөскелде жылақы малы деген болмады. Соқаға жеке меншіктің орталықтағы сиырларын жегетін. Таңертең сиырды өріске жібереді де, біразын жайылымға жіберді, сосын әкеліп, соқаға жегіп, жер жыртады. Жазғы тұрым апрельдің аяғы, майдың басында жер жыртып, егін салады. Түс кезінде тағы да әлгі сиырларды айдап жіберетін, иелері келіп сауып алатын. Кешке қарай тағы да әлгі сиырларын жегеді. Міне, жер жыртатын көлік, сол кезде сиыр болды. Өгіз де шамалы болды. Бертін келе, тракторлар шықты. Ол тракторлар да көбінесе жүрмейтін. Ремонтты көп керек етпейтін. Оның фары да жұмыс істемейтін, әлгі жарық беретін. Содан балалардың қолына шам ұстатып, боразамең жүгіртіп қоятын, артында трактор жер жыртып жүретін түнде. Күндіз ұйықтап, түнде жыртады. Мен өзім сондай шамды ұстап, жүгіріп жүрдім. Мысалы 35-ші жылы 11 жасымда, 36-шы жылы сол 12-13 жасымызда солай жүгіріп жүрдік. Боразамең жүгіріп келе жатасың, артыңда трактор гүрілдеп келе жатады. Сен шам ұстап, сол боразамең жүресің. Шам сәулесінің соңынан трактор жүреді. Міне осындай жағдайды сол заманның балалары көрді.

#### **Қанша ағайындысыздар?**

Біздің әкеміз 4 ағайынды болды. Олардың бәрі де қайтыс болды. Көбі колхозда жұмыс істеді. Жалғыз-ақ менің әкем Атбасарда қызметте болды. Соның арқасында, әйтеуір, күн



көрдiк. Менiң әкем 32-33 жылдары кiре тартатын. Кiреге жалданды. Қазiргi Астрахан ауданының Қалғытан деген жерiнен 10 шақты адаммен әкем Қызылжарға барады, Петропавловскиге. Қызылжарға барған соң, әр шанаға 10 - 15-қаптан астық тиейдi де соны әкелiп, Қалғытанның басында пункт бар, соған әкеледi. Сосын оны таратады әр колхозға. Сол кiре тартумен ол кiсiге әр барып, қайтып келген сайын, бiр қап бидай беретiн. Бiр қап болғанда толық 100 келi емес, одан аздау 50 келi ме, сондай кiшкентай қап. Сосын сол қапты ағайынды үшеуi бөлiсiп жейтiн. Ол уақытта бидай қуыратын. Арада 1 жұма өткеннен кейiн, тағы да әкем кiре тартуға кететiн. Өйткенi тағы да бидай әкелу керек. Әкем ана жақтан келгенше, әлгi бидай бiзде бiтедi. Ал кей уақытта бидай бiткен уақытта, жаз болса, көлдi жағалап кетемiз, қоға теремiз. Қоғаның тамыры болады. Май қоға дейдi. Оның дәмi тәттi болады. Соны жеймiз. Ал болмаса болдырық деген бiр өсiмдiк болады. Басы түймелеу келедi. Соның түймесiн ашсаң, iшiнде тары сияқты дән шашылады. Соны тарыға қосып, диірменге тартасың. Содан нан жасайды. Ол нан және бiрiкпейдi, қамыр болмайды. Қамыр болатын ондай клековина жоқ қой. Бiрiне бiрiн бiрiктiретiн. Мiне, сондықтан бытырап шашылып жататын. Сонда да, әйтеуiр, тостақанға салып, бiрiктiрiп лепешка сияқты етiп пiсiрiп беретiн, соны жейтiнбiз. Мiне, солай күн көрдiк. Бидай таусылған уақытта, сол болдырықты теремiз. Оны тарыға қосып, диірменге тартып, нан қылып жейтiнбiз. Ол-ашаршылықта бастан кешкен жағдай. 1934-шi жылы бидай көп шықты да, содан кейiн тұрмыс түзеле бастады. Халықтың жағдайы жаңа түзелiп келе жатқанда, 1941 жылы соғыс басталып кеттi. Соғыс келгенде халықтың жағдайы ендi кейiнгi ұрпақ бiлетiн шығар ауыр болды. Барлық ауыртпалық бiздiң Қазақстанға түстi ғой деймiн. Өйткенi, Украинаны алып қойды, Белоруссияны алып қойды, Москваға тақап қалды, Сталинград, қазiргi Волгоград соған да келiп қалды. Содан астықпен қамтамасыз етiп фронтқа астық жiберген, киiм-кешек жөнелткен осы Қазақстан мен Сiбiр Алтай крайы, Омбы облысы; сондай-сондай бидай егетiн жерлер едi. Мiне, сол кезде халық үлкен қиыншылық көрдi. Жұмыс ауыр болды. Колхозда жұмыс iстедi. Еңбек күнге беретiн. Ол кезде колхозда жалақы жоқ, еңбек күн жазады. Бiр күн жұмыс iстесең, бiр күнгi еңбек күн дейдi. Немесе ауыр жұмыс iстесең,



2 еңбек күн беретін. Үш еңбек күн беретін. Жылдың аяғында колхоз есеп жасайды да, еңбек күнге ептеп бидай береді. Еңбек күні мысалы, 1 еңбек күнге 1 грамм бере ме, 10 грамм бере ме колхоздың бидайының өсіміне байланысты береді. Сосын бидайдың көбін фронтқа жөнелтеді. Өйткені, қаншама әскерді асырау керек, тамақтандыру керек, киіндіру керек деген сияқты. Ал, соғыстан кейін, қиыншылық жағдай болып, елдің жағдайы түзелуі 50-ші жылдан басталды, жақсы бола бастады. Сонымен мен өз басым, мен қатарлы азаматтар менен үлкендер не көрді? Кейбіреулер 21-ші жылғы аштықты көргендері бар. Одан кейін біз қатарлылар 31-32-33 жылғы аштықты көргендері бар. Сосын соғыстың алдындағы қиыншылықтар мен соғыстың қиыншылығын көргендер бар. Соғыстан кейін да заман ауыр болды. Әсіресе тамақ, киім жағдайы кем болды. 50-ші жылдан кейін түзеле басталды. Ал мен өзім соғысқа қатыстым. Москваны қорғауда болдым. Курскіде болдым. Біраз қалаларды босаттық. 44-ші жылдың аяқ кезінде жараланып, соғыстан келіп, станция Қалғытан темір жол бойы мектебінде мұғалім болып жұмыс істедім. Сондай жағдай, балам.

**Ашаршылық кезінде басқа жаққа көшіп кеткен туыстарыңыз болды ма?**

Ашаршылық кезінде біздің елден сыртқа көшіп кеткен, шет елге көшіп кеткен азаматтар болған жоқ. Жалғыз-ақ көшіп кеткендер, олар Омбы жаққа кетті, Қызылту ауданы дейді қазір, бұран оны Сибкрай дейтін. Сол Сибкрайға, Омбы жаққа көшкендер болды. Ол жақта кішкене бізге қарағанда жағдайлары тәуірлеу болды. Ал бізде кішкене асыра сілтеушілік көп болды. Әлгі «асыра сілтеу болмасын, айыр тұяқ қалмасын» деген сөз бар ғой. Көбіне соны әлгі шолақ белсенділер істеді. Шолақ белсенділер сол малдың артығын күнкөріс қыл дегеннің орнына, түгел тартып алған жағдайлар болды. Міне, осыдан барып ашаршылық болды. Байларды конфискациялау кезінде де, сол асыра сілтеу болды. Көбінесе сол өкіметтің заңын түсінбегендіктен болды ғой деймін. Ал Омбы жағында ондай болмады. Ол жақта орыстар көбірек қоныстанған. Бізде қазақтар ашаршылыққа ұшырады. Өліп, жол бойында көмусіз қалғандар да болды. Сосын тағы да адамдар Сибкрайға, Омбы жаққа көшіп кетті. Сол жаққа кеткендер соғыстан кейін 50-ші жылдары қайтадан елге оралды. Сөйтіп ата қонысына қайтадан



көшіп келгендері бар. Ал бірақ, бізден біздің ауылдан шетелге қоныс аударыпты дегенді өз басым естіген жоқпын, көрген жоқпын, білмеймін.

**Өзіңіздің үйіңізде мал болды. Сол малды тартып алды ма? Түгін қалдырмай тартып алды ма сонда малдың барлығын?**

Малдың жайын мен нақты біліңкіремеймін. Біз 4 ағайынды едік дедім ғой. Шешеміз, әжеміз болды. Сол әжеміз ертеректе 4 ағайындыны үлкен үй, отау үй қылып бөлді. Өзі екі ортаншы баласы мен үлкен үйде болды да, әжеміз солардың қолында болды. Ал кіші үйде әкеміздің үлкен ұл мен ең кенже ұлы болды. Енді біз қауымдасып отырып малды түгел бөліп бердік. Негізі бізде екі үйде бір-бір сиырдан, екі сиыр қалды. Соның сүті мен күнкөріс қылдық. Оның қалу себебі, мен ойлаймын, анау әкемнің інісі, айттым ғой, Атбасарда қызмет істеді деп. Сол кісінің ықпалы болды ғой деймін. Соның сүтімен күн көрдік. Сосын тағы бақшамыз болатын. Бау-бақша салатынбыз, картоп өсіретінбіз. Біздің әкейлер өте шаруақор болды өзінің сондай шаруақорлығынан ертеден жер жыртып, егін салыпты, колхоздан бұрын. Сосын олардың үлкен емкіден жасалған, емкіні фаляр дейді қазір, сол емкіден жасалған, бөткесі болыпты. Ол бөтке арбаға артылған, 4 дөңгелегі бар, ағаштан дөңгелете істеп темірмен қаптаған. Соған өгіз жегіп, далаға барып жер жыртып, егін салады екен. Біздің сыртымызда адыр бар. Сол адырдың күнгеі жағына жер жыртып қауын егеді. Сол қауынды, бидайды, соның бәрін сақтап, қыстай соны жеп шығады. Кей жылдары егініміз жақсы шыққанда, анау бөткенің іші бидайға толады екен. Қазір Алғабас деп айтады, бұрын Қарабидайық дейтін ауыл болған. Сол Қарабидайықтан ағайындарымыз қысты күні түйемен келіп, үйден қап-қап бидай алатын. Ертеректе колхоздандырудан бұрын сондай кәсіп қылған көрінеді әкелеріміз. Міне, соның арқасы ғой деймін, кейін сол ашаршылықты біз көп көрген жоқпыз. Бірақ, шет жағасын көрдік. Аш құрсақ болып жүрдік, тойып ішкен жоқпыз, рас. Егін шаруашылығымен, малмен сол күн көріп кеттік. Біздің елде Қазкөскелде ашаршылықтан өлген адам болған жоқ. Бәрі сол ештеп Қоскөлдiң балығы бар, соны аулайды. Балық жер, оның сорпасын ішеді. Сосын жазғытұрым әлгі көлге құс көп келеді. Үйрек келеді, қаз келеді, олар



жұмыртқа салады. Соның жұмыртқасын теріп алып жейді, сосын тұзақ құрып, үйрек ұстайды. Ол да тамақ. Тұзақпен ұстайды, мылтық жоқ. Соныменен біздің елде қатты жақтық бола қойған жоқ. Біздің тұрған жерімізде ашаршылық күшті бола қоймаса да, аш құрсақ болып жүрдік.

*Сұхбатты өткізген Айнұр Мажитова  
Астана, 2010 жыл*



**Октябрьская Ирина Вячеславовна,**  
*Тарих ғылымдарының докторы, Ресей Ғылым Академиясы  
Сібір бөлімінің Археология және этнография институты  
(РФА СБ АЭТИ), Этнография бөлімінің меңгерушісі  
(Новосибирск, Ресей)*

## **АЛТАЙ ҚАЗАҚТАРЫ: ЭТНИКАЛЫҚ ТАРИХ ЖӘНЕ БІРЕГЕЙЛІК МӘСЕЛЕСІ**

Қазіргі әлемде, Ресей Федерациясының Қазақстан Республикасымен және Орталық Азияның басқа мемлекеттерімен қатынастарының тұрақтылығын сақтау және дамыту тұрғысында, Ресейдің, Қазақстанның, Монғолияның және Қытайдың мемлекеттік шекаралары тоғысатын Үлкен Алтай шекаралық аймағында қазақтар мәселелері жаңадан айтыла бастады. Бұл XIX-XX ғасырлардағы Үлкен Алтай маңайындағы ресейлік шекарада орналасқан қазақтар тарихы зерттеудің өзекті екендігін көрсетеді. Бұл қазақ қоғамдастығы шекара демаркациясы процесімен, отарлау саясатымен, XVIII ғасыр мен XIX ғасырдың ортасындағы Ресей империясындағы әкімшілік және жер реформаларымен құралған болатын. XVIII ғасырдан бастап, Ресей шекарасы әрі қарай шығысқа жылжыды. Сібірде, зерттеушілердің пікірінше, қалыптасқан әкімшілік-саяси аудандарды белсенді құрғанымен, айтарлықтай белгілемеген, сондықтан, аталған аудандар ұзақ уақыт айқын емес және белгісіз болып қала берген. Бұл кезеңдегі Ресейдің шекарасын құрудың негізгі үрдістерін Нерчинск (1689 ж.), Буринск (1727 ж.) және Кяхтинск (1727 ж.) ресей-қытай келісімдері анықтады.

Қытай мен Жоңғария, ал содан соң, Ресей мен Цин империясының қарсы тұруы келесі кезеңде макроаумақтағы этносаяси жағдайды анықтады. Ол XVII – XVIII ғасырлардағы Сібірдің оңтүстігіндегі күрделі этносаяси жағдайдағы тіркелмеген шекара жағдайында түрлі мемлекеттік және биліктік құрылымдар басып алған жерлерді өздерінің өмірлік мүдделерінің жерлері ретінде санаған «кондоминиум» жағдайының пайда болуымен байланысты болды.

Циндік Қытай Жоңғар хандығын қиратқаннан кейін Ресей үкіметі мен Сібір әкімшілігі қазақтардың ауқымды көші-қон қозғалысына кезікті. XVII ғасырда даланың маңызды бөлігін



иемденген Ұлы, Орта, Кіші жүздердің – қазақ хандығының құрылу үдерісі XVI ғасырдан бастап белсенді жүріп жатты. XVIII ғасырдың бірінші жартысында қазақтар жоңғарларға белсенді қарсы тұру нәтижесінде жоспарлы түрде Оңтүстік Сібірдегі ресейлік ықпал ету аймағына жақындады.

XVIII ғасырдың бірінші ширегінде орын алған қазақ жүздерінің Ресейге қосылу үдерісі ұзақ уақытқа созылды және қарсылыққа толы болды. Бұл кезеңде Орталық Азия мен шектес аумақтардың басым бөлігінің этносаяси картасы күрделі динамикалық құрылымға ие болатын. Оның құрылуына Жоңғар империясының құлауы шешуші рөл атқарды.

XVIII ғасырдың ортасында қазақтардың көші-қоны иесіз қалған Жоңғар жерлеріне тарады және бір мезгілде ресейлік ықпалған ене бастаған Обь-Ертіс өзендері аралығын басып қалды. Қазақ этносының өмір сүру салтындағы көшпелі экстенсивті мал шаруашылығына (меридиандық қоныстардың үлкен амплитудасымен және жайылымдардың маусымдық стратификациясымен) негізделген таулы-далалық кеңістікті Ресей құрамына қосу - шаруалық жер өңдеушілік отарлау стратегиясына және аймақтың таулы-кен ресурстарын игеру жұмыстарына кері әсерін тигізді.

Таулы округтегі «қазақ мәселесін» шешуге байланысты ұзаққа созылған жанжалда мемлекеттік, өңірлік биліктердің, жергілікті құрылымдардың мүдделері қақтығысып жатты. Ресейлік билік үлкен геосаяси және сауда-экономикалық маңызы бар қазақ даласын игеруге мүдделі еді.

Таулы округ және Сібір жолдарын басқару әкімшілігі қазақтарды аталған қоныстардан басқа жерге ауыстыру қажеттігі туралы бірнеше рет мәлімдеді. Бірақ әкімшілік шаралар мен репрессиялық жарлықтарға қарамастан, қазақтардың көші-қондық қозғалысы тоқтаған жоқ. Таулы округ шекарасы да белгісіз болып қала берді, одан тысқары жерлерде көші-қондық қозғалыстың регламентациясы үдерісті қиындатты.

Бұл кезең Ресейдің Сібір аумағының ресурстарын белсенді игерумен тұспа-тұс келді. Алтайдағы тау-кен ісінің бастамасы 1725-1726 жылдарға жатады. Осы кезеңнен бастап, тау-кен ауданын көшпенділерден қорғау мәселесі басталады. Қазақтардың көші-қонын реттеу мәселесі, негізінен шекаралық





ауданда әкімшілік сынақтардың тарихын анықтайды. Циндік басып кіру қаупінен сескенген Ресей үкіметі аймақтағы биліктің мигранттарды толық қуып шығу, дегеніне көндіру ұмтылысына тоқтау салды.

1771, 1788, 1797 жылдардағы жарлықтар қазақтарға Ертістің орыстарға қарайтын бетіне өтулеріне рұқсат берді және Ресей жерлерінде де көшіп-қону құқығын нығайтты. Нәтижесінде Оңтүстік Сібірдегі қазақтардың көшіп-қонуы қарқын алды. Бір мезгілде аймақта шаруалар көші-қоны қарқындады, 1818 жылы орыс халқына шекаралық жолдарға қоныстануға рұқсат етілді. 1822 жылы Ресей өкіметі Алтайға Ресей аумағы ретінде қарайтынын алғаш рет ресми жариялады. XIX ғасырдың басынан Цин империясымен шекаралас жолдағы қазақтардың қоныстарында ресейлік биліктің үстемдігі айқын көрінді. Ресей империясының шығыс шекараларындағы этносаяси жағдайдың даму перспективалары шекараның демаркациясымен байланысты болды.

Орталық Азиядағы ресейлік шекараның соңғы рәсімдеуі бүгін де өзінің құқықтық мәнін сақтап қалған Орталық Азиядағы ресейлік шекараның фундаментальді келісімдік-құқықтық негізін құрған Құлжа (1851ж.), Пекин (1860ж.), Шәуешек (1864ж.) және Петербор (1881ж.) келісімдерінен кейінгі, 1894 ж. Маргеландық келісімге қол қойғаннан кейін өтті.

Алғаш рет Шәуешектік хаттама шеңберінде шекаралық аумақтардағы тұрғын халық туралы мәселе қойылды. Жаңа аумақ көптеген мәселелерді тудырса да, алтайлық және қазақтардың қоғамдастықтардың орналасу ареалы бөлініп тасталса да, келісімге қол қоюдың мәні зор еді, себебі, аумақтық мәселелер бойынша қақтығыстарды тоқтатты және «иесіз» жерлердегі аймақтық жанжалдардың тоқтатуына ықпал етті.

Шекара белгіленгенге дейін ресейлік билік Алтайға (Алтай, Колыван-Воскресный таулы округке) қоныс аударуға рұқсат еткен еді. Шекараның демаркациясына сәйкес келген бұқаралық қоныс аудару көп жағдайда сібірлік шекаралық аймақтардағы этносаяси үдерістерді анықтады; көші-қонды құраушылардың бірі қазақ бағыты болды. Неғұрлым маңызды шекара мәселесі шеңберінде шектес мемлекеттер көшпенділерінің бодандығы туралы мәселелер шешілді.



Орталық Азиядағы мемлекеттік шекаралардың демаркациясы кезеңінде Ресейдің алдында шын бағынған көшпенділерді қайтару және шекаралық аумақтардағы демографиялық әлеуетті сақтау мәселесі өткір тұрды.

XIX ғасырдың соңында ресейлік құзырет жүйесіне түбегейлі интеграцияланған азиялық аудандарда империялық биліктің нығаюы нәтижесінде шекара арқылы көшпенділердің көшуіне байланысты биліктің позициялары елеулі өзгерді. 1903 жылы ресейлік бодандықтан Жетісу мен Семей облыстарынан Қытайға келушілерді алып тастау туралы шешім қабылданды.

XVIII ғ. шекаралық аумақта туындаған ресей-қытай «кондоминиумы» жағдайы бітті. Сібірдің оңтүстігінде ғана емес, сондай-ақ жалпы Орталық Азиядағы күштер балансының өзгеруі және шығыс шекараларымен шектес аймақтардағы (Халхе және Шыңжаң) Ресейдің белсенді саясатының бастауы мемлекеттің жаңа көші-қондық стратегияларын құрды.

XVIII ғ. соңына қарай қазақтарға әкімшілік құрылғылар мен фискальдық міндеткерлігінің жоқтығына байланысты еркін көшу құқығы берілді. Біртіндеп XVIII ғ. Орта жүз қазақтары Ертіс маңының далалық кеңістіктерін иеленді, кейін Кулудин даласын, таулы Алтайдың шекаралық шеттеріне біртіндеп өтіп, Бухтармин өлкесін белсенді игеріп жатты.

XIX ғ. басында Еуразиядағы геосаяси нысанның өзгеруімен, Ресейдің азиялық шет аймақтарының және олардың тұрғын халқының ішкі мәселелерін шешуде жаңа үрдістер белгіленді. XVIII ғ. біркелкі жоғары білімді абсолютизмнің либералды курстан империялық құрылымдар көшпелі халықтың белсенді интеграциясы практикасының жалпыимпериялық құзырет жүйесіне көшті. Ресей үкіметі қазақтардың таулы округта болуын заңдастыруға талпынуы жергілікті биліктің батыл қарсылығын тудырды. Сібірлік шекара жолдарында және Колыван-Воскресный таулы округінде көшіп-қонып жүрген қазақтардың жағдайы тұрақсыз еді; қоныс орындары межеленіп, заңнамамен бекітілмеген болатын.

Биліктің «қазақ мәселесіне» қатысты позицияларындағы айырмашылықты жою қажеттілігі көптеген бастамаларды тудырды. Сібірдегі қазақ қоныстарының әкімшілік-аумақтық мәртебесін анықтау мәселесінің шешімі 1822-1824 жылдардағы



М.М. Сперанский реформаларымен байланысты болды. Сібір комитеті басқаратын реформалар пакетіне ұсынылған «Сібір қырғыздары туралы жарлығы» (қазақтары. – И.О.) енгізілді. 1822 жылы осы құжатқа сәйкес, қазақ даласындағы ресейлік мемлекеттік жүйенің бекітілуі және дәстүрлі тайпалық институттардың жойылуы ұсынылды.

1822 ж. М.М. Сперанскийдің реформасы бойынша Сібірдің қайта құрылымдануы нәтижесінде Орта жүз қазақтары Тобыл және Томск губернияларымен бірге Батыс-Сібір генерал-губернаторлығы құрамына кіретін Омбы облысының құрамына кірді; «Сібір қырғыздары» (қазақтары. – И.О.) категориясы пайда болды.

Сыртқы округтерді құру (Омбы облысы айрықша ережелер бойынша құрылған ішкі және сыртқы округтерге бөлінді) шеттегі этноәлеуметтік жағдайдың дамуына орасан әсер етті, оның шеңберінде көшіп-қону аумағы белгіленіп, бір округтан екіншісіне өтуге тыйым салынды. Сыртқы округтардан ішкі округтардың шегіне көшіп-қонуды шектеуге талпыну XIX ғасырда түгелімен көші-қондық режимді қатайтуды талап етті.

Көшіп-қону регламентациясы процестерімен және округтердің ішкі және сыртқы округтерді айырумен қазақтардың «ішкі жағына» негізделген жерді пайдалану мәселесіне байланысты болды. Межелену бағдарламалары Алтай таулы басқару мүдделеріне қайшы келді. Алайда қазақтарды көшіру бойынша жалғастырушы науқандар ойлағандай тиімді болмай шықты, әрі жағдайдың жанжалды дамуын ушықтырды. Сонымен бірге Алтай жерінде қазақтардың көші-қонын нығайту да жүріп жатты.

XIX ғ. ортасына қарай орталық, сібірлік және жергілікті биліктің қазақтардың көші-қондық регламентациясы туралы мәселе жөнінде неғұрлым айқын айырмашылықтар көрінді. Зауыт жұмыстары мен борыштарын міндетті орындаумен бірге, шаруа сословиесіне кіргендерге қарамастан, қазақтардың кабинеттік жерлерде орнығу талпынысына белсенді қарсылық көрсетілді. Бірақ, барлық шектеулерге қарамастан XIX ғ. ортасында қазақтардың қоныстары Алтай таулы округінің барлық оңтүстік-батыс бөлігін алып жатты. Сол себепті Ресей әкімшілігінің алдында бұрынғысынша қазақ даласының жер құрылымы атты өткір міндет тұрды.



Осымен байланысты қазақ қоныстарын басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған бірнеше жобалар пайда болды. 1838 жылы Омбы облысы таратылды, ал оның аумағында шекаралық басқарудың сыртқы округтері пайда болды. 1850 жылдардың екінші жартысында «қазақ мәселесі» 1854 ж. «Семей облысының және Сібір қырғыздарының» (қазақтары. – И.О.) құрылуымен байланысты ішкі шекаралар мәселесінің бір бөлігі болды. Жаңа құрылымға сәйкес Сібір казактары әскері жолының ішкі жағында көшіп-қонып жүрген қазақтар өз мекендерінде қалды және қайтадан ашылған Сібір қырғыздарының (қазақтары. – И.О.) Семей ішкі округінің құрамына кірді.

Жаңа Ережеге сәйкес, ішкі округтардың жерлері мемлекеттің жекеменшігін құрады; олардың аумағында көшіп-қонуы мемлекет пайдасына жасақ төленді; қазақтардың қонысы мен шаруа қоныстарына өтуге тыйым салынды; жерді бөліп беру мемлекеттік шаруалармен теңестірілген отырықшы қазақтар арқылы іске асты.

Бұл жаңалықтар, көшпелі қоғамдастықты құрылымдандырудың бұрынғы талпынысы сияқты көші-қонның жаңғыруына айналды. 1850 ж. қазақтар, әсіресе, Таулы Алтай өңірін, оның солтүстік-батыс аудандарын белсенді игере бастады.

Батыс Сібір оңтүстігіндегі этносоциалдық жағдайдың әрі қарай өзгеруі 1860 ж. Ресейдегі әлеуметтік-саяси реформаларды жүргізумен байланысты болды. 1865 ж. помещиктік шаруаларды, шеберлік және тіркелген шаруаларды Сібірдің кабинеттік иемденуінен босатудан соң, Сібірдің мемлекеттік аулындағы (1861–1866 жж.) реформамен және казак әскерлеріндегі реформамен (1861 ж. «Сібір казак әскері туралы Ережеге» және «Казак әскерлеріндегі жер құрылыстары туралы Ережеге» сәйкес) бірге көшіп-келушілер үшін, Алтай таулы округі ашылды, жер Кабинеттің табыс және тиісінше әлеуметтік (этноәлеуметтік) қақтығыстардың негізгі көзі болды. Алтай аумағының белсенді отарлау аймағына кіруі, мемлекеттік шекараның демаркациясы процесімен бір мезгілде жүріп жатты.

Азиялық шет аудандардағы полиэтникалық қоғамдастықтардағы 1861 ж. реформаның дамуы олардың құрылысы мен



басқаруының әрі қарай үйлестіруіне бағытталған стратегиялар болды. 1868 ж. Орынбор және Батыс-Сібір генерал-губернаторлығы далалық облыстарындағы басқару туралы «Уақытша ережелер» қабылданды, осыған сәйкес қазақтар рекруттік міндеткерліктен босап, Ресей империясының ауыл тұрғындарымен теңдестірілді.

1860-1870 жж. далалық облыстардан Алтайдың шекаралық аудандарына және арғы жағына көшпенділер толқыны келді. «Уақытша ережені» жүзеге асыру шаруалардың азиялық өңірге көші-қонының белсенді басталуымен қатар келді. Бұған байланысты «қазақтар мәселесін» шешу қажеттігі 1880 ж. «Алтай таулы округі жерлерінде қырғыздарға көшіп-қонуға рұқсат ету туралы Ереженің» бекітілуіне алып келді. Қазақтарға еркін тұру үшін округтің басқа облыстардан олардың міндетті көшіріп жіберуімен Құлындық даласының ауданы бөлінді. Кейінірек жерге орналастыру ауданы Бұқтырманьың (Таулы Алтайдың шекаралық жерлерінің) бас жағындағы шатқалдарды қосу есебінен кеңейтілді.

1822 ж. Әскери министрліктің бастамасымен Дала генерал-губернаторлығы құрылды; 1891 ж. қазақ жерлерін мемлекеттің жекеменшігі деп таныған үдерісті аяқтаған, әкімшілік құрылыстағы бесжылдық салықтық жеңілдікті алып тастаған, седентаризация негізінде қазақтардың дәстүрлі көшпенді қоғамының трансформация стратегиялары бекітілген «Ақмола, Семей, Жетісу, Орал, Торғай облыстарындағы басқару туралы Ереже» күшіне енді. 1890 ж. реформаның негізгі қортындысы Ресейдің азиялық шет аудандарды белсенді экономикалық қанауының басталуына жағдай жасаған Сібірдің далалық облыстарының империялық геосаяси және әкімшілік-құқықтық инфрақұрылымына түбегейлі кіруі болды.

Сібір аймағын орналастыру және оның мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық инфрақұрылымына кіруі мәселесін шешумен байланысты, Ресей мемлекетінің социомәдени ұстанымдары көшпелі қазақтарға қатысты вариативтілікпен ерекшеленді.

Изоляционизм үрдістерімен қатар, седентаризация практикалары жүзеге асырылып жатты. Казак станицасы жолдары мен шаруа қоныстарында көшпенділердің отырықшылығы үдерісі жүрді. Сарасиндік бұратана басқарма-



сының тарихы бұл процестің жарқын көрінісі болып табылады. Сарасиндік басқарма 1816 ж. санақтан кейін Смоленск шаруа болысынан әкімшілік бөлініп шықты, оның құрамына шоқынған қазақтардың едәуір бөлігі кірді. 1830 ж. Сарасиндік бұратана басқармаға 20 ауылдар мен селолар тіркелді.

Сарасиндік шоқынған қазақтар шекаралық аймақ халқының тиімді аккумуляциясының мысалы болды; орыстармен, телеуіттермен, кумандықтармен аралас тұрды; егіншілік (кешенді) экономикаға бағытталды; сонымен бірге шаруа православ мәдениеті шеңберінде өмір сүрсе де, бөтен көшпенділерге тағылған ерекше мәртебенің бекітілген өзіндік сананы сақтады. XIX ғ. ортасында Сараса Алтайдың Солтүстік-Батыс тауларындағы Қара-Ануй миссионерлік станның шеңберінде шоқынған қазақтардың жаңа анклавның бастамасы болды.

XIX ғ. ортасынан Ануй өзеніне (төменгі ағысының бойында далалы Алтайда казак стандарты орналасқан) құятын Черге және Турате өзендері бойынша табиғи межелер Қара Ануй және Турат ауылдарындағы қазақтардың аумақтық топтарын құру орны болды. Қазақтар Алтай Рухани миссиясы стандартында орналасып қалды, оның Қара Ануй бөлімі 1844-1848 жж. негізі қаланды.

Қара-Ануй аулының шоқынған қазақтары туралы алғашқы жазбалар 1855-1870 жж. Улалиандық Спасск шіркеуінің метрикалық кітаптарында сақталды; 1870 ж. бастап тіркеу қара-ануйлық Троицк шіркеуінің метрикалық жазбаларында жүргізілді. Талдау миссионерлік стан тұрғындары 1844 ж. құрылған Көкпекті сыртқы округінен (келесі қайта құрулар кезінде жойылған) шыққан қазақтар екенін көрсетеді. Метрикалық кітаптар мәліметтері бойынша Қара Ануйдың қазақтары арасында Сибан-Керей болысының (керейлер); Терістамғалы-Найман, Бура-Найман, Сары-Жомарт Найман (наймандар); сонымен қатар, уақ (болыссыз, яғни рулық белгілерінсіз) өкілдері басым болды.

Қара Ануйдағы қазіргі қазақтардың рулық құрылымы 20 астам генеалогиялық бөлімшелерді көрсетуге мүмкіндік береді, көп бөлігі Орта жүздің найман және керей тайпалық бірлестіктеріне жатады. Қара-ануйлық қазақтардың этно-әлеуметтік құрылымы XIX ғ. ортасына таман құрылды.



Топ 1822 ж. «Сібір қырғыздары туралы жарлықты» қабылдағаннан кейін артынша қазақ қоныстарында әкімшілік-аумақтық қайта құрылымдармен арандатылған бағытталған (еркісіз) көші-қон нәтижесінде құрылды. Православие және шаруа дәстүрлері шеңберінде жойылған тіл мен өзіндік сананы сақтап қалудағы мәдени стандарт Солтүстік-Батыс Алтайдағы қазақтардың тіршілік етуінің фактілері болды.

Микроөңірдің этносаралық өзара әрекеттігі стратегиясының негізінде конфессиялық бірлік негізінде қазақ, алтай және орыс мәдениеттерінің комплиментарлы өзара әрекет принциптері жатты. Әу бастан Қара-Ануй ауылы полиэтникалық сипатта болды. XIX ғ. соңындағы жағдай Алтайдағы көшіп-қону қозғалысының бастамасымен асқынды. Қара-Ануй аулындағы алтайлық, қазақ және көшіп-қонған қауымдардың басқа рулық шиеленісі кейде қарулы күштерді қолданып, өрбіді. Оның себебі жерде және көшіп-келушілердің қазақ тілінде жұмыс жүргізетін «қырғыздық» шіркеуді (қазақ. – И.О.) қабылдамауында еді.

Ресейлік көшіп-келушілердің интолеранттық стратегиялары және жерді иеленуге қатысты өсіп келе жатқан әлеуметтік-экономикалық бәсекелестік этникалық бірегейліктің жандануының факторлары болды. Сепаратизмнің аймақтық формаларының дамуы 1905-1910 жж Турат қазақ аулының құрылуына алып келді. Әрі қарай қара-ануйлық қазақтар тобы соғыс пен репрессияның барлық ауыртпалықтарын бастан кешіріп, елдің тағдырын бөлісті. Олардың қазіргі замандық жағдайы этнодемографиялық қайта өндіріс пен мәдени және тілдік ассимиляциямен бірігуіндегі белсенді метисациясының сыни тарылуын сипаттайды.

Әйтсе де, этникалық трансформация процесі жалғасуда. Солтүстік-Батыс Алтай қазақтарының диаспоралық байланыстар жүйесіне енуі этникалық және конфессиялық өзіндік сананың өсуіне әкеледі, шоқыну мен аккумуляция фактілері тиімді бейімделу стратегиясынан этникалық шектеудің фактісіне айналатын жаңа бағалаулар жүйесін құрады.

Социомәдени бейімделу мәселесі-қазақтың көшіп-қонуымен байланысты Үлкен Алтай шекара аумағында болып жатқан нақты тарихи үдерістерді өзінше түсінуде вариативті сипатқа ие. Бірақ, қазақтардың XVIII–XX ғғ. Сібірдің



оңтүстігінде қазақтардың пайда болу тарихын сипаттайтын жағдайлардың көпжақтылығына қарамастан, қабылдаушы қоғамдастықтардың интеграциясының стратегиясы екі шартталған схемаға орналасады: ассимиляция практикасы және мәдениеттердің (комплиментарлық немесе конфронтациялық) өзара өмір сүру практикасы.

Оңтүстік-Шығыс Алтай қазақтарының көші-қоны басқаша сипатта болды. Ресей, Қытай және Жоңғарияның геосаяси мүдделерінің орбитаға тартылған Саян-Алтай, Монғолия, Қазақстанның түрлі этноаумақтық топтамаларының мүдделері тірескен Оңтүстік Алтайдың шекаралық аумақтары дәстүрлі түрде көшпелі ойкуменнің белсенді этносаяси процестерінің аймағы болып табылды. XIX ғ. басында Цин және Ресей империяларының арасындағы әсер етуші негізгі салаларды бөлгеннен кейін, бұл аймақ тұрғын халықтарының аралас құрамымен және олардың қоныстарының аттамалығымен ерекшеленді. Сыртқы саяси факторлармен қатар, аумақтық этносаяси жағдайды түзетуде маңызды рөлді XIX-XX ғ. басындағы Ресей мемлекетінің шекаралық өңіріндегі әкімшілік реформалар атқарды. Ең жалпы сипатта олар жалпыимпериялық басқару жүйесінің бекітілуіне саяды.

Көшіп-келуші қозғалысының өсімімен қатар, жерге орналастыруды жоюды Ертіс маңындағы қазақтардың көшпелі пайдаланатын жерлері мәселесін арандатты. Шекара болыстарындағы қазақтарда шекаралас аудандардан жайылымдарды жалға алу әдеттенген еді. Батыс және Оңтүстік-Шығыс Алтайдың таулы және далалық алқабында Бұқтырма алабында қазақтардың жазғы қоныстары орналасқан. Олардың Шу болыстарының ішкі аумағына өтіп кетуі 1860-1870 жж. таулы округ жерлерін белсенді санациялау нәтижесінде басталды. Қоныстардың тапшылығы, руаралық алауыздықтар, казак жолдары мен шаруа болыстарындағы шиеленістер, сондай-ақ Кабинет әкімшілігінің репрессивті шаралары Үлкен Алтай шекаралық аудандарындағы қазақтардың көші-қондық стратегияларын құрды. Шыңғыстай және Қатон-Қарағайдағы қазақтар (наймандардың тайпалық бөлімшелері: самай, қаратай, қара-керей және басқалар) жалға алу құқығында және өз бетінше иеленіп, Бұқтырма өзенінің шекаралық алқабымен Таулы Алтай шатқалдарын — Укок таулы жазығын, Колгута,





Ақкөл, Акалахи, Каралахи, Джазатор өзендерінің алқабын игерді.

XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басында мұнда екі аумақтық топ құрылды: біреуі Акалахи және Колгута (Ақ-Бейт рулық некрополи Уокота орналасты) өзенінің алқабының бас жағында көшіп-қонып жүрді, ал басқалары – Ақкөл өзенінің алқабында, Акалахидің төменгі жағында, Каралахи және Джазатор алқаптарында (рулық некропольдер Акалахи және Каралахи өзендерінің тоғысында, Акалахи сағасында және Джазатор өзенінің алқабында орналасты). Шыңғыстай қазақтары қоныстарының шекаралары Тархаты шыңдары мен Көкса өзенінің ағысы арқылы өтеді.

Олармен кабинеттік жерлерде Қытай бодандары – қазақтар көршілес болды. Оларды еркін зайсан Абульдо Сарыкалдыков басқарды. 1887 ж. Қытайдан шыққандар өздерінің Ресей бодандығына өткісі келетінін мәлімдеді. Шу далаларын игере отырып, қазақтар оларға өздеріне болыс бөліп беруін талап етті.

Мигранттардың әкімшілік құрылысы туралы мәселе кейінге қалдырылды: көші-қонның мөлдір шекарасы жағдайында регламентацияланбаған сипатта болды, халық тұрақсыздық пен азаматтық және әкімшілік мәртебесінің белгісіздігімен ерекшеленді. Шу даласы қазақтарының социомәдени бейімделуінің стратегиялары жанжалдық сипатта болды. Олардың тек аймақ схемасы бойынша маусымдық көшіп-қонуға бағытталған экстенсивті көшпелі мал шаруашылығы төлеңгіттердің дәстүрлі экономикасына едәуір бәсекелестікті құрады. Микроаймақ үшін неғұрлым проблемалы болған жерге орналастыру болды. Бұл мәселе 1913 жылы Жерге орналастыру комиссиясы қазақтарға бағытын өзгертетін жазба ұсынған кезде түбегейлі шешілді. Бірақ, Таулы Алтайдың оңтүстік маңайындағы жағдай тұрақтылықтан алыс еді.

1911-1913 жж. шекаралық аймақтағы жағдай Халханың тәуелсіздігі үшін күресіне байланысты қиындай түсті. Батыс Монғолиядағы әскери-саяси шиеленіске шекаралық аудандардағы керей-қазақтар (12 ру) тартылды. Бірнеше мың қазақтар Ресей шекарасына өтіп кетті. 1915 ж. «монғол мәселесі» шешілді. Кяхтадағы орыс-қытай-монғол үштік конференциясы Ішкі Монғолия туралы келісімді қабылдады.



Осы уақытта ресейлік Алтай шекарасына қазақ руларының кері көші-қоны басталды.

Эмиграцияның бұқаралық сипатты 1916 ж. қайта иеленуі үкіметтің басқа рулықтарды тыл жұмыстарына шақыру қаулысымен байланысты. Ресейлік Алтайдан шетке алтайлықтар мен төлеңгіттердің көші-қондық қозғалыстарын арандатып, жүздеген қазақ ауылдары кетіп жатты; сонымен қатар жергілікті халық көші-қоны қайтымды сипатта болды. Белсенді аймақаралық және трансшекаралық көші-қондар 1930-1940 жж. дейін жалғасып жатты. Мемлекеттік режимді ауыстыру, азаматтық соғыс жылдарында ушыққан этникалық қақтығыстар, 1920-30 жж. репрессивті акциялар, Кеңес мемлекетімен бірге Орталық Азияның шекаралас аймақтарындағы сыртқы шиеленістер қазақтардың бұқаралық қозғалысын арандатты.

Аймақтағы этносаяси және көші-қондық жағдайлардың дамуындағы үлкен мәнге 1920 жж. мемлекеттік құрылысы кезіндегі Ресей мен Қазақстан аумақтарының айыруы ие болды.

Оңтүстік-Шығыс Алтайдың жаңа тарихы қазақтар санының өсуімен, қайта қалыптасуымен, аймақтық топтардың консолидациясы үдерісімен және олардың толеранттылық және этносаралық өзара әрекеттестігі принципі негізінде аймақтың әлеуметтік-саяси және экономикалық инфрақұрылымына белсенді интеграциясымен байланысты болды; әйтсе де Оңтүстік Сібір шекаралық аудандарындағы ұлтаралық шиеленістер дәстүрлі түрде күрделі сипатта болды. Олардың контекстін этностардың тарихи жады, ғасырлық өмір сүру тәжірибесі, Ресей шекараларындағы және XVIII—XIX ғғ. шекаралас орталық-азиялық аумақтардағы әлеуметтік-экономикалық және саяси процестердің сипаты анықтады.

*Көші-қондық қоғамдастықтардың бейімделуі мен этносаралық өзара әрекеттестік стратегияларында конфессиялық фактор ерекше орын алады. Мемлекеттегі исламға қатынас жалпы империялық кеңістікке бірігетін аумақтардың тұрғын халқымен өзара әрекеттігі сипатына байланысты бірнеше рет өзгеріп отырды. Қазақ мұсылмандардың жалпы империялық социомәдени кеңістікке интеграциялану мәселесі бір мезгілде пайда болды, бірақ көшпелі ортадағы конфессиялық практикаларға Ресей*



*әкімшілігі үлкен абайлықпен қарайтын. Алтай қазақтарының этникалық тарихының бөлігі православ пен исламның өзара әрекеттестігі – Алтай рухани миссиясының мұсылмандыққа қарсы орталығының тарихы болды.*

XIX ғ. инкультурация стратегияларына бағытталған РПШ Алтай рухани миссиясының басқа дінді жақтау практикалары полиэтникалық қоғамдастық шеңберіндегі басқару мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін бірыңғай социомәдени стандартты құруға бағытталған. Ислам мен православие XX ғ. басында бір-бірінен алшақ болатын, бірақ миссионерлер игерген социомәдени кеңістік шеңберінде құралған өзара әрекеттік стратегиялары барлық келесі кезеңде маңызды болып қала берді.

Бүгінде ислам Алтайдың трансшекаралық аймағының социомәдени кеңістігінде белсенді орнығып келеді. Посткеңестік Ресейде қазақтардың өзін-өзі диаспоралық анықтауының параметрлерін беру арқылы қазіргі Қазақстанның саяси және академиялық элитасы оның мағынасын этностандыру факторын көрсетеді; сонымен қоса нақты конфессиялық практикалардың алуан түрлілігін және полимәдени өмір сүрудің стратегияларын игерген аймақтық қазақ қоғамдастықтарының тарихи тәжірибесін ескермейді.

Посткеңестік кезең жалпы Оңтүстік Сібір шекаралық аудандарында қазақтардың жаңа бірегейлігінің белсенді құрылуымен белгіленген. Биік таудың өзіндік табиғи-географиялық аймағында Алтайда болған уақытта негізгі этноконфессиялық массивтен үзуде қазақтардың түрлі рулық-тайпалық және аумақтық бірлестіктері мәдени, тілдік, діни ерекшелігімен және айқын өзіндік санасымен этникалық қауымдастыққа – бір бүтінге консолидацияланады.

Алтайдың шекаралық ауданындағы этнодемографиялық процестерінің динамикасы статистикалық мәліметтерді бақылауға мүмкіндік береді. 1926-1927 жж. Шу даласындағы қазақтар саны 100 ауылмен (әрбірінде үш-сегіз киіз үйден) анықталады. Сол жылдары Қазақ ауыл кеңесінің аумағында 2175 адам алтай қазақтарының жалпы саны 326 адам) тұрып жатты. 1926 ж. санақ қорытындыларының есебінде Ойрат автономиялық облысы мен Қазақстанның мемлекеттік қор аумағында талас тудыратын Джазатар өзенінде қыстайтын



Қош Ағаш ауданында 43 көшпелі қазақтар шаруашылығы тіркелмей қалғаны айтылады. Рулық құрамына байланысты алтай қазақтары наймандардың негізгі тайпаларына (қаратай, кекжарлы, қара-керей руішілік бөлінулер) жатады. А.Н.Самойлович материалдарына сәйкес, Орта жүздің басқа руларына Шу алқабында керейлерге – төрт-бес отбасы, уақтарға – отыз отбасылары жатады [Самойлович, 1930. 310 б].

XX ғ. қазақтар саны ұдайы өсті, халық санағының мәліметтері бойынша 1959 ж. - 4745 адам, 1979 ж. - 8677, 1989 ж. - 10692, 2002 ж. - 12108 адам. Алтай мемлекеттігі шеңберінде қазақтар Алтай Республикасының барлық халықтары секілді мәдени және тілдік егемендігін дәлелдеді. Республиканың заңнамалық актілері алтай және орыс тілін мемлекеттік тіл деп жариялап, қазақ тілі ықшам тілді ұстанушылар тұратын жерлерде ресми деңгейде пайдаланылуы мүмкін. Ресми статистика мәліметтері бойынша, 1989 ж. 96,5% қазақтар өзінің ұлтының тілін ана тілі деп санаған, 67,8% орыс тілін жетік меңгерген; 2,2% - алтай тілін біледі. Бүгін қазақ тілі күнделікті және кәсіби қарым-қатынас тілі, ауданның сегіз мектебінде оқытылады; Жаңа Ауыл аулындағы ұлттық мектептің негізі болып табылады. Алтай Республикасының Қош Ағаш ауданындағы «Чуй зори» газетінің алтай және қазақ тілдеріндегі қосымшасы бар. Алтайдың шекаралық зонасы үшін белсенді үштілділік жағдайы тән: Алтай қазақтары ана тілдерінен басқа көбінесе орыс тілін ғана емес, сондай-ақ алтай тілдерін де жетік біледі.

Аудандағы қазіргі жағдайды тұрғындардың аралас мінез-құлқы сипаттайды. 11 ауыл әкімшілігінен қазақтар төртеуінде (1994 ж. мәліметтер бойынша) басым түседі: Қазақ ауылында (Жаңа-Ауыл ауылы) қазақтар 1246 адамды құрады; төлеңгіттер -8; Қош-Ағашта (Қош-Ағаш ауылы) - 1965 қазақ, 341 алтайлық/төлеңгіт, 181 орыс; Джазатода (Джазатор, Куркуре ауылы) – 912 қазақ, 429 алтайлық/төлеңгіттер, 57 орыс.

1994 ж. басқа елді мекендердің көбінде төлеңгіттер болды: Кокоря аулында - 1342 төлеңгіт, 91 қазақ; Мухор-Тархата аулында - 1164 төлеңгіт, 193 қазақ және 15 орыс; Орталық аулында -717 төлеңгіт, 86 орыс; Шаған-Ұзын аулында - 400 төлеңгіт, 81 қазақ, 141 орыс; Бельгир аулында -1303 төлеңгіт және 1 қазақ; халықтың санының өзгерісіне қарамастан, соңғы



жылдары этникалық компоненттерінің қатынасы белгіленген мөлшерде қала берді. Қазақтар белсенді этносаралық өзара әрекеттестігінде өзінің этникалық жекешелігіне назар аударады; қазақ қоғамдастығы айрықша моноэтникалық некелерге бағытталған — аралас некелердің пайызы көп емес, 7-ге жуық пайызды құрайды. [Нечипоренко, Вольский, 2002. 95 б].

Алтайдың қазіргі қазақтарының өзіндік санасы барлық қазақтар секілді сатылық сипатқа ие болады. Өзін-өзі анықтаудың негізі — қазақ деген жалпыэтникалық аты. 1860 ж. В.В. Радлов қазақ қоныстарында тұрған кезде қазақтардың өздерінің этникалық бірлігін ұғынуының жоғары дәрежесі белгіленді: «Кең далада тұратын қазақ-қырғыздар тілдік қарым-қатынастарда Каспий теңізі және Жоғары Ертіс маңайындағы қырғыздардың тілінде диалектілік айырмашылықтар байқалмайтын бөлінбес бүтінді құрайды, ...барлық жерде олардың әдеттерінің, тұрмысының, мінез-құлқының бірдейлігі көзге түседі және барлық жерде басқа түркі халықтарынан оларды қазақ халқына жататындығы туралы түсініктері ерекшелейді...» [Радлов, 1989. 250 б.].

Қазақ этносының өзін-өзі ұйымдастыру принципі жүз жылдар аралығында қалыптасты. Оның құрылуы кеңістіктік (географиялық) локализациялану есебімен көшпенді қоғамдастықтардың әскери-потестарлық құрылымдану нәтижесі болып табылады. Күрделі көпфакторлық процестер барысында үшбөліктік — Ұлы, Орта және Кіші жүздік ұйымдастыру жүрді.

Жүздер бөлінуі Қазақстан далаларының экологиялық және шаруашылық-экономикалық аудандарға бөлінумен сәйкес келетін тарихи қалыптасқан этноаумақтық, әскери-потестарлық көшпелі бірлестіктерді білдіреді — Жетісу, Батыс, Орталық және Шығыс Қазақстан өздеріне тән мәдени-тарихи ерекшеліктері бар. Олар қазақтардың қоғамдық ұйымдастыруларының негізі болды, өз кезегінде олар шығу тегі мен үлкендік санаттарында дәстүрлі қоғамда нығайтылған тайпаларға, ұрпақтарға, руларға бөлінеді. [Зуев, 1981. 65–68 б.; Масанов, 1993. 107 б.; Андреев, 1998. 27–28 б.].

*XVIII ғ. бастан, сібірлік жерлергі белсенгі игере бастаған Орта жүздің маңызды рулары наймандар, арғындар,*



қыпшақтар, уақтар және керейлер болды. Дәстүрлі қазақ қоғамы жеті ұрпақты қосатын патриожелілік линижда бойынша бағытталған генеалогиялық принцип бойынша құрылымданады.

Көшпенділер қоғамының элитасын Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошыдан тараған және генеалогиялық құрылымнан алшақ сұлтандардың ақсүйек таптары құрады. Экономикалық молшылығына қарамастан оның өкілдері көшпенділердің әлеуметтік, саяси және әскери өмірінде көшбасшылық орынды иеленді. Сұлтандар табынан рулық ақсүйектердің мүдделеріне бағытталған, қолында жоғарғы билігі бар хандар сайланатын. [Ерофеева, 1997; Ерофеева, 1999].

Көшпенділік таптық иерархияны (династиялық шығу тегіне байланысты емес) құқық, соғыс, басқару - қоғамның өмір сүруінің негізгі салаларына бағытталған билер, батырлар, ақсақалдар категориясы құрады. Көшпенділердің әлеуметтік-қатынастарды реттеу жүйесінде маңызды рөлді ақсақалдар атқарады.

Әлеуметтік стратификацияның сатылығымен ерекшеленетін көшпенді қоғамның өзін-өзі ұйымдастыруы рулық қауымдық (туысқандық-өзіне тән) ынтымақтастыққа негізделеді және институалдандыру формалары болып табылатын руаралық кооперация мен бәсекелестікті жорамалдайды.

Қазақ даласында Ресей империясының әкімшілік-саяси стандарттарының таралуы дәстүрлі әлеуметтік стратегиялардың жойылуымен қатар жүрді. Хандық биліктің жойылуы және 1822, 1838, 1854, 1868, 1891 жж. реформалар рулық ақсүйектіктің құқықтарын шектеді, қандық-туыстық өзін-өзі ұйымдастыруды жойды, қазақ қоғамдастығын құрылымдандыруда аумақтық басымдықтар бекітілді және соңында қоныстарды жалпыресейлік жүйе бойынша басқаруды үйлестіруге бағытталды.

Қазақ қоғамдастықтарының шаруалық жер шаруашылық дәстүрлерін тарату аумағына кіруі туратин/қара-ануйлық қазақтар сияқты көшпенділердің аккумуляциясына айналды. XIX ғ. аралығындағы интеграция практикасымен қатар көшпенділер қоғамдастығына қатысты изоляция принципі әрекет етті.



Негізгі этникалық массивтің перифериясында, сонымен қатар Ресей саяси-құқықтық кеңістігінің перифериясында өзін-өзі ұйымдастырудың (генеалогия негізінде) дәстүрлі принципі басқа этностар қоршауы жағдайында өзін-өзі сақтаудың нысаны болып табылатындар үшін, қазақ анклавтары пайда бола бастады. Әлеуметтік институттардың архаизациясы жалпы этноанклавтарға және атап айтсақ, Оңтүстік-Батыс Алтай қазақтарының анклавтарына тән болды.

Қоныстарға құқығын талап ете отырып, мигрант-қазақтар рулық белгісі бойынша шоғырланды. Бүгін Қош-Ағаш ауданының қазақтары өздерін Орта жүзге - 48%, Ұлы жүзге – 2 % және Кіші жүзге – 1 % жатқызады; қазақтардың едәуір бөлігі үшін жүзге жатқызуы емес, рулық топтың аты маңызды болып табылады. Қазіргі бірегейліктің ерекшелігі этностың қалыптасу тарихымен және оның динамикалық дамып жатқан этносаяси шындыққа бейімделуімен беріледі.

Сонымен қатар қазақ қоғамдастығының бірлігі бір уақытта бастапқыда этностың динамикалық құрылымын анықтаған рулық-тайпалық бөлінудің бар екенін жорамалдайды. «Рулық одақ, бір халықтан шығу, ата-бабаларының бірдей қайғылары, бірыңғай ғибадат, ынтымақты қиыншылықтарды жою – бір пікірлестіктің бір салдарын құрады» - деген қазақ туралы И.П.Шангин [Шангин, 2003. 130 б.].

XIX ғасырдың аяғында сарықалдықтар көшпелі қоныстарына барған саяхатшылар жергілікті халықтың ауқаттылығына таң қалған: «...Тархаты алқабына түсу орыстармен шектескен тұстарына өте тік. Біз кеш түсе жүріп өттік, және де жақын ауылға, түнейтін жерге дейінгі жеті шақырым жолдың барлығында қыруар қора-қора қойлар мен үйір-үйір жылқылар кездесіп отырды, бұл жем-шөптің молдығы мен жергілікті халықтың ауқатты екенін көрсетеді.

Бұл тұрғын халық Қалжыбай руына жатады, тегі – сарықалдық, орыс аумағында тұрғанымен қытайдың боданы.

... Қалжыбайлық зайсан өз туыстарының отбасылық тізімдерін жасаған. Ол былай аталады: «Еркін қырғыз Зайсаны Абдулда Қалдыкейұлы Сарықалдық халқының отбасылық тізімі. Барлығының тегі - Сарығалдық». 1893 жылы жасалған тізімде 77 отбасы (киіз үй) бар, оларда 105 еркек және 124 әйел



бар. Содан бері тағы 3 отбасы қосылған, қазіргі кезде орыс бодандығына өткісі келетін қалжыбайлықтар 80 отбасы.

Қалжыбайлықтар деп олар бабаларының атымен, ал Сарықалдықтықтар деп, қазіргі зайсан Абдулданың бабасының атымен аталады. Осы 80 отаудың барлығының қазіргі кездегі жаз жайлауы Тархатының бас жағында, Ясатер, Джумалах өзендерінде және Зердекөлде, қыстауы Тархаты өзенінің төменгі жағында (30 отау) және Чаганборгуздың (50 отаудай шамасы) төменгі ағысында орналасқан.

Олар № ауылдарда жеке болыстарға бөлініп, өмір сүреді. Бұратаналарды басқару туралы Далалық Ереже оларға қолданылмайтындықтан олар өздерінің ішкі иеліктерінде толық автономиялы, қалжыбайлықтар тек рулық ауылдарға ғана бөлінеді, әкімшілік ауылға бөлінуді білмейді... Туыстары сайлаған адам ешқандай бекітусіз Зайсан (болыс) болады. Қазіргі зайсан осы атағын 21 жасынан бастап 20 жыл иеленіп келеді». [Шмурло, 1898. 36-43 б.].

Саяхатшылар «Сарықалдық халқының отбасылық тізімін» жасаған қазіргі рубасы Абдулло Сарықалдықовтың аңқау мансапқұмарлығын атап өтеді. Томск губерниясы мен Алтай округі жоғары инстанцияларына оның жасаған өрескелдіктері туралы шағымдар түсе бастады. Шу өзенінің басындағы Көшағаш сайында көшіп жүрген қазақтардың 1901 жылы жазылған өтініштерінде былай делінген: «Бұрындары бізді Ресей бодандығына өткенге дейін қырғыз (қазақ — И.О.) зайсан Абдулло Калдыкин бізді басқарған кезде қоғамымызды қолынан келгенше, әбден тонап бітті; өзі тұрғылықты тұруға қабылдаған бұрынғы тіркелген жерлерінде қылмыс жасаған, бізден бұрын Ресей боданында болған қырғыздар (қазақтарды — И.О.) арқылы біздің көшпелі тобымыздың ішінде талан-таражды, ұрлық пен төбелесті таратты; олардың кейбіреуін Абдулло екінші рет әділ бодандыққа ант беруге тартқан» [ГАТО Ф. 3. ОП. 4. Д. 3216. Л. 93-94].

Қашқындарды жасырып, Моңғолия мен Бұқтырма өлкесінен руластарын шақырып және олардан алым-салық алып, «еркін зайсан» Абдулло өз бодандарының санын арттырған. Жаңа құрылым қосалқы ру схемасымен қалыптасқан. Орта жүздің генеалогиясында сарықалдықтар қаратай руының (наймандар) төрт тармағында аталады; басқа





дерек көздерінде олар бағаналы руына (наймандар) жатады. Бұл қарама-қайшылықтар А.Н. Самойловичтің Оңтүстік Алтай қазақтарының этноәлеуметтік құрылымындағы сарықалдық (сарғолдақ) тармағының позициясын жергілікті, топтың шынайы әлеуметтік-саяси жағдайға бейімделуінің нәтижесі болған кейінгі құбылыс ретінде жіктеуіне мүмкін берді [Самойлович, 1930. 308 б.].

Оңтүстік-Шығыс Алтай қазақтарының өзін-өзі тануында рулық сәйкестілік негізгі болып табылады. Рушілік ынтымақтастық топтың негізгі этностық құндылық жүйесінің бір бөлігі болған. Адамның өмір жолын атап өтетін әдеттегі құқықтар нормаларымен және діни ғұрыптар практикасымен манифестацияланған. Шағын өңірдегі қазақтардың этностық қауымдары құрылымдалуының маңызды факторы рулық ынтымақтастықты білдіретін үйлену тойы мен жерлеу ғұрыптары болды.

Үйлену тойы рәсімі барысында өзара сыйлықтар алмасу нәтижесінде отбасылар мен кландардың бір-біріне қатысты өзара міндеттемелер қалыптасады. Алтай қазақтарының ішінде өз руынан (әкесінің тармағы) жеті атасына дейін үйленуге (анасының тармағынан онша қатаң емес) тыйым салынған. Жердегі өмірдің қорытындысы болған жерлеулер адамның әлеуметтік маңыздылығын айқын белгілеген: марқұммен қоштасуға келген адамдар саны, олардың берген садақаларының мөлшері туыстық қатынастар мен қасиеттер сатысындағы тұлға мәртебесінің жүзеге асуы қызметін атқарған.

Оңтүстік-Шығыс Алтай қазақтарының кәдімгі құқықтарының нормалары бойынша жерлеулерде бүгін де қайтыс болғанның отбасымен некелік, экономикалық және басқа да байланыстары бар барлық генеалогиялық (рулық) топтардың өкілдері қатысуға міндетті. Едәуір маңызды рулардың өкілдері — кем дегенде 5-7 адам жерлеу-еске алу рәсімдеріне қатысуға тиіс, оған жуындыру да кіреді, ол кезде марқұмның жанында 5-7 ақсақал тұрып, олардың әрқайсысы Құранның сүрелерін оқып, марқұмға құрмет көрсетеді.

Алтай қазақтарының арасындағы туысандық (отбасылық-рулық) байланыстар дәстүрлі түрде, тұлғаның қоғамдық мәнін анықтаған және бүгін де анықтайды. Оңтүстік-шығыс



Алтайдың 38 қазақ руларының арасында неғұрлым үлкен және беделділері найман тайпаларына кіретін сарықалдық, самай, қаратай бөлімшелері болып табылады.

Рулық (рулық және рулық-қауымдық) байланыстардың біркелкілігін, өзара көмегін және сақтауын Алтай қазақтарының өзіндік санасының ерекшелігін анықтаған және шекаралық аумақта полиэтникалық қоғамдастықта этноәлеуметтік басымдықтарын қорғауда топтың жоғары бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етті.

1990 ж. басындағы елдегі әлеуметтік-саяси жағдайдың тұрақсыздануы жағдайында, дәстүрлі рулық институттар отбасылық-рулық қатынастарын ұйымдастыруында өздерінің маңыздылығын сақтай отырып, өзін-өзі басқаруды ұйымдастыруда, ұлттық элитада баламалы нысаны ретінде қарастырылды.

Алтайдың жергілікті халқының арасында рулық құрылымдарды заңдастыру үдерісі 1989 ж. басталды. Содан бастап, рулық съездер және зайсандардың есептері жиі сипатта болды. 1995 ж. ақпанда Алтай Республикасының Қош-Ағаш ауданының Мухор-Тархат ауылында азаматтарды жинау соектар аулында ұсынылған барлық зайсандарды сонымен қатар, «зайсандар жай белгімен тіркелу үшін сайланбаған», олар «өсіп келе жатқан жас ұрпақтың тәрбиесіне және тәртіптің, Мухор-Тархата аулындағы құқықтық тәртіптің нығаюына, сонымен қатар ұлттық мәдениеттің, тілдің, әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлердің жетілдірілуі мен дамуына ат салысуға «міндетті екенін көрсете отырып, бекітті. Рулық институттардың заңдылығын 1990 ж. аяғы мен 2000 ж. басында аудандық және республикалық деңгейдегі әкімшілік басшыларын сайлауда Алтай Республикасының ру басыларының қатысу фактісі нақтылады.

Бұл практикалар қазақ қауымының көшбасшыларының ойлау тақырыбы болды. Өзін-өзі ұйымдастырудың формаларын іздеу қазақ халқын 1990 ж. басынан қамтыған көші-қондық процестермен байланысты ерекше белсенді болды. Көшіп кеткен қазақтар қайта ие болған Отанының экономикалық және социомәдени жағдайларына бейімделу қиындықтарына тап болды, көп адам үшін бұл мәселе шешілмейтін болып көрінді. Отбасыларының бір-біріне қосылуға және ата мекеніне



оралуға ұмтылысы реэмиграцияның басты себептерінің бірі болды, ол этносаралықты арандатты.

Өздерінің әлеуметтік және этникалық құқықтарын қорғау жағдайында тұрақтылықтың қажеттілігі көршілес этностардың ұлттық элиталарын құрылымдандырудың жаңа нысандарын іздестіруге итермеледі. Алғашында қазақ көшбасшылары дәстүрлі құндылықтарға сенді. Ру институты жаңғырды.

1990 ж. басынан Алтай қазақтарының арасында генеалогиялар – шежірелер белсенді құралды. Алтай Республикасының Қош-Ағаш ауданының Жаңа-Ауыл аулындағы қазақ әкімшілігінің мекемесіндегі көрнекі үгіт-насихат стендтерін, Орта жүздің негізгі руларының генеалогиялық схемалары алмастырды. Алтайда кең танымал наймандардың шежіресіне арналған Б.Китатбаевтың (бұрын Шығыс Қазақстанның шекаралық ауданындағы ірі шаруашылықтардың бірінің төрағасы болған) еңбегі алды; оның еңбегінде Бұқтырма мен Шу даласы қазақтарының ауызша тарихы негізінде автордың өзі жазып алған мәліметтері пайдаланылды. Наймандар шежіресі ресей-қазақстандық шекарадағы қазақтар қоғамдастығын біртұтас бүтінге біріктірді.

1900 ж. екінші жартысында Оңтүстік Алтай қазақтарының арасында рулық Кеңес (сүйектер) ұйымдастыру мүмкіндіктері белсенді талқыланды. Уақтардың биі сайланған А. Кобдабаевтың арқасында «Алтай Республикасында тұратын уақтардың отбасылық жобаланған тізімі» құрастырылды. Тізімге 167 ер есімі кірді. Көшбасшының пікірінше, рудың барлық мүшелерін тіркеу өзара қолдауды дамыту мен рулық ынтымақтастықты нығайтуға мүмкіндік берді. Сүйек шеңберіндегі ұйымдастырушылық сұрақтарды шешу үшін, ауыл ағасы – ақсақал сайланды, құқықтық және идеологиялық сұрақтар ауыл ақсақалдарына жүктелді. Рулық (корпоративтік) құрылымдарды жаңғыртушы және жеткілікті автономияға ие өзін-өзі басқару мен өзін-өзі ұйымдастырудың практикасы әлсіз мемлекеттік билік жағдайында, шекара зонасында құрылатын этникалық және этноконфессиялық қоғамдастықтар тарихында кең ұқсастықтары болды. Қазақ диаспорасының перифериялық топтарын зерттеуші мамандар руға жату қазақ бірегейлігін және түркі (мұсылмандық) ортада олардың мәдениетінің



жекелігін сақтаудың негізгі фактісі болып табылатынын көрсетті.

Сонымен қоса, Ресей қазақтарының этникалық сана-сезімінің эволюциясы О.Б. Наумованың пікірінше, «дәстүрлі индустриалдыққа дейінгі қоғамдардың модернизация мен мәдениеттің үйлесуін, дәстүрлі институттардың жоғалуын сүйемелдейтін, атап айтсақ, аумақтық және рулық-тайпалық топтар арасындағы этноаумақтық өзгешеліктердің жойылуымен, рулық-тайпалық бөлінуімен байланысты урбандалған индустриалдыққа жалпы тарихи өтуді» анықтады. [Наумова, 1997. 63 б.].

Осылайша, «жеті ата» - рулық байланыстардың институты категориясымен белгіленген әлеуметтік мағыналардың диапазоны қазіргі қазақ қоғамдастығында, зерттеушілер бағалаулары бойынша, төтенше кең болып шықты: нақты соционормативті парадигмалардан этникалық бірегейліктің вербальді символдарына дейін.

Сонымен қатар, Қазіргі Қазақстанның ұлттық идеясының кодификациясы рудың абсолюттік құндылығын растаумен бір мағыналы сәйкестендірілді. Н.А. Назарбаевтың «Тарих толқынында» бағдарламалық жұмысында көрсетілген: «Өз руын, тайпасын, жеті атасын білу әрбір қазақтың өз рулық бірегейлігін түсінудің міндетті шарты болып табылады. Ал бұл арқылы өз халқының дәстүрлерін тарату. Бұл өз кезегінде тағдырдың барлық қиын қыстау кезеңінде өз қалпын жоғалту мен сіңісуге мүмкіндік бермей, қазақтардың этникалық бірегейлік сезімін нығайтады.

...Қазақ халқының бірегей рулық-тайпалық, рулық-жүздік бірыңғай денесі ғасырлар бойы органикалық мына принцип бойынша кеңейді: барлық қазақтар - бір «ұядан» шыққан балапандар, бір ағаштың, бір тамырдың бұтақтары. Міне, халықтың бірлігі сана-сезімі қайда жатыр, еуропалық қағидалар бойынша, жекеленген, үш негізгі бөлікке – жүздерге бөлінген, бір-бірінен үлкен алшақтықта орналасқан көшпенділерде жоқ болатын. Сондай-ақ бұл бірлік шыққан тегі арқылы қабылданды.

Мұнда қазақтардың генетикалық бірлігі, бір генеалогиялық ағаштан шығуы көрінеді. Көшпенді қазақтар өзінің тамырлары мен рулық байланыстарын білу міндетті деп санаған.



Бұл барлық ұлт үшін бір моральдық-этикалық түпке дейін белгіленген». [Назарбаев, 1999. 33, 35 – 36 б.].

Әйтсе де, рулық-тайпалық бірегейлік қазақ халқының этногенетикалық дамуының инерттік құбылысы ретінде теоретиктермен және мемлекеттік құрылыстың практикаларымен де қарастырылса да, қазіргі Қазақстанның модернизациясының міндеттері қоғамның шоғырлану механизмінде ру институтын тоқтатуда еді. Бұл мағынада қазақ этносының перифериялық топтарының, сондай-ақ Алтай қазақтарының өзін-өзі қорғау тәжірибесі үлкен мағынаға ие болды.

Рулық бірегейлікпен қатар, Алтай қазақтарының сана-сезімінде аймақтық спецификалықты сезіну көрініп тұрды. Бұл деңгейдің құрылуы қазақтардың Ресей мемлекетінің әкімшілік-аумақтық құрылымдарына ену ерекшеліктерімен және аумақтық бөліну принципі бойынша көшпенді қоғамдастықтарды орналастыру стратегияларымен байланысты болды.

Биік таулы Алтайдың күрделі және табиғи-географиялық жағдайларында шекаралық аймақтың нығаюшы режимі шеңберінде жайылым жерлердің шектелуі мен бастапқы белгіленуі жер мен онда тұратын адамдардың ерекше байланысы туралы түсініктерді құруға алып келді.

Кеңістікті экономикалық және рухани игеру өзінің жерін «белгілеумен» тікелей байланысты болды. Игеру/иемденудің белгілеріне мыналар жатады: тұрақтар (қыстық, күздік, көктемдік және жаздық) – адамдар ең жоғарғы мөлшерде игерген жерлер; жайылымдар зонасындағы жартастардағы тамғалар; айыратын белгілер – жайылымдар шекараларын бөлетін қарақшылар; жүз жыл және одан да көп уақыт аралығында әрекет етуін жалғастырған некропольдер.

Координаталар жүйесін енгізу дәстүрлі түрде шаруашылықтық игерген аумақты «доместикациясының», реттеудің амалдарының бірі болды. Оның сыртқы аумағы жергілікті халық үшін, кіші Отанның шекарасын білдіретін қоныс аумақтарымен сәйкес келді. Оларды кесіп өтіп, әсіресе бірінше рет, Джазатор аулының тұрғындары – қатондық/шыңғыстайлық қазақтардың ұрпағы «шетке» шығып кетті. Өздерін қауіпсіздендіру және аман-есен оралуды қамтамасыз



ету үшін, олар теректің немесе аққайыңның бұтақтарын және өзінің Отанына деген құрмет ретінде ақ лентаны осында қалдыратын.

Аймақты игерудің бастапқы кезеңдеріне Алтай қазақтары топтарының шектелгендігі тән болды, ол тек 1950-1960 жж. Алтайдың оңтүстігінде бірыңғай көлік инфрақұрылымдарын құрумен, өлкенің колхоздары мен совхоздарын ірілендірумен жүзеге аса бастады. Қариялардың естеліктері бойынша, дәл сол кезде Джазатор аулында аудан орталығы - Қош-Ағаш аулынан алғашқы келіндер келді.

XIX ғ. соңында Алтайдың шекаралық аймағында – қазақ-мигранттар орналасқан аймақта таксондар пайда болды: жерлерді жалға алған көшпенділерінің тобының шыққан жерлерін ғана емес, олардың этномәдени ерекшелігін анықтайтын «қатондық», «шыңғыстайлық», т.б. қазақтар. Алғашқы қоныс тепкен жерлерін есінде сақтай отырып және Алтайға жақын қазақ аудандарымен байланыстарын ұстана отырып, Алтай қазақтары өздерінің ерекшелігін ұғына бастады.

Топ негізгі алтайлықтармен, тувалықтармен және шекаралық аумақтардағы монғолдармен белсенді әрекет ету барысында этникалық массивтен оқшаулану жағдайында құрылды. Аудан халқының негізгі тіршілік қарекеті дәстүрлі түрде отарлы-жайылымдық мал шаруашылығы болып табылады. Өндірістік технологиялар қауымы – мал шаруашылық және аң аулаушылық, қазақтар мен төлеңгіттердің бірегейлендірілген салтының едәуір деңгейде қазіргі кезде тұрмыстық жақындастықтарын анықтады. Алтай қазақтары төлеңгіттер тәрізді яктар мен ешкілерді асырай бастады; биік таулы дала зонасында аңшылық тәсілдерін игерді; тувалық үлгідегі жегу әбзелдерін пайдалана бастады.

Бір-бірімен қатынасқа түсетін халықтардың күнделікті өзара әрекет ету тұрғысында жіктейтін сипат өмірлік қамтамасыз ету мәдениетінің киіз үйдің конструкциясы, құрылысы және безендірілуі, әбзелдер мен аңшылық жабдықтардың құрылғысы мен безендіруін; киіздердің ою-өрнектерін сипатын; күнделікті киімнің этноерекшелікті бөлшектерін (бас киімдер, жилеттер); әсіресе дәстүрлі дастархан кезіндегі аспаздық технологиялар, талғамдар және басқалар сияқты параметрлерін иемденді. Этноәлеуметтанулық



сауалдамаларда 70% көп қазақтар ұлттық керек-жарақтар мен ұлттық киімді пайдаланатынын көрсетті.

Әлеуметтік нормативтік салада этикеттік нормалар, некеге тұру нысандары, баланың дүниеге келуі және әлеуметтенуімен байланысты ғұрыптар өзгешелігін сақтауға айқын бағытталған. Ұлтаралық некенің азырақ пайызы және күнделікті өмірдегі тығыз этносаралық қарым-қатынастардың барлығы этникалық дәстүрлердің инфильтрациясына алып келді. Алтайдың шекаралық аймағында алтайлық/төлеңгіттік амандық тілеудің таралуы – мерекелі қазақ дастархандар (жаңа туылған нәрестені бесікке бөлеу мерекесі) кезінде естуге болатын алқыштар; алтайлықтар тәрізді қыз алып қашу некесі неке нысандарының бірі. Сол уақытта оқшаулау жағдайында нормативті мәдениеттің жеке элементтерінің консервациясы өтті: Алтай қазақтары үйлену тойының және балалар циклының салт-дәстүрлерін, жерлеуге арналған дәстүрлері және қайтыс болған адамның орынбасарын дайындау дәстүрлері (тул), сакральді балгерлік практикалар және аруақтар туралы көріністерді сақтаған.

Ислам нормаларына негізделген қазақтардың жерлеу-еске алу салттары микроқоғамдастықтардың консолидациясының маңызды факторы болды. Осылайша, Джазатор аулында ауылдың қарама-қарсы шеттерінде орналасқан алтайлық және қазақ зираттары пайда болды.

Оңтүстік-Шығыс Алтайдың қазақтарының топтары басқа тығыз этникалық шеңберде өзінің туған этносынан және бір-бірінен кеңістіктік алшақтық жағдайында анклавтар ретінде пайда болып, топтық бірегейлікке иеленді. Оның негізі аумақтық бөлініс болды; ол игерген кеңістікке – кіші Отанына деген ерекше қатынасты құрды. Аумақтық жекешеленушілік, топаралық өзгешеліктердегі мәдени-тілдік спецификалықтың жойылуы негізінде, аймақтық бірегейлік деңгейі құрылды. Бұны Қазақстан Республикасының ШҚО шекаралық аудандағы қош-ағаштық қазақтарға қатысты қабылданған халықтық «алтайлықтар» этнонимі растады.

Мұндай этнонимдер қазақ диаспорасының аймақтық топтарына тән болды. Олардың этномәдени ерекшелігі экзоэтнонимдер деңгейінде ұғынылып, білдірілді: «сібір қазақтары», «омбы қазақтары», «ресей қазақтары» таралудың



шектеулі сипатында болды. [Ермекбаев, 1999. 150 б.]. Батыс Сібір қазақтарының этноаймақтық топтарының өзіндік санасын салыстырмалы талдауы оның сатылығы туралы айтуға мүмкіндік берді. Ертіс бойындағы қазақтардың этникалық процестерін талдай келе, О.М. Бронникова оның нақты нысандары бірінші кезекте этносаралық байланыстар деңгейіне байланысты екенін көрсете отырып, қазақ аймағының өзіндік санасының «көпсатылығы» ұғымын енгізді. Жалпы қазіргі қазақ қоғамдастықтары өздерін негізгі этникалық массивпен сәйкестендіреді. [Бронникова, 1995. С. 165 б.].

Бірақ, үлкен этникалық қауымдастықпен өзін бірегейлендіру жағдайында қазақтардың аймақтық топтарының ерекшелігі әрқашан таңбалана бермесе де ұғынылады. 1980 ж. соңында Алтай қазақтарының тарихында бірегейліктің дәл осы деңгейі топтың полиэтникалық қоғаммен өзара әрекеттестігінде бірінші кезекке шығады.

1986 ж. А.Н. Самойловичтің «Қош-Ағаш аймағының қазақтары» (1930/1927 жж.) очеркінен кейін шекаралық ауданның қазақ элиталарының ортасында үлкен танымалдылықты иемденген А.В. Коноваловтың «Оңтүстік Алтай қазақтары (этникалық топ құрылу мәселелері)» еңбегі жарияланды.

Алтайдың шекаралық аймағы қазақтарының мәдениетін терең және жан-жақты зерттеу негізінде А.В. Коновалов «табиғи-географиялық ортаның, басқа этникалық қоршау мен этникалық оқшаулану әсерінен бір аумақта тұратын Оңтүстік Алтай қазақтары шаруашылықтағы, материалдық, рухани мәдениетте және тілде танымал ерекшелікті, сондай-ақ маңызды дәрежеде шығу тегінің қауымын сезінумен, оларды өз бетінше этникалық топ деп санауға мүмкіндік беретін, яғни этникалық белгілердің толық кешенімен байланысты арнайы этникалық сананы иеленеді». Этникалық топтың неғұрлым маңызды белгісі автор көрсеткендей, өзінің этникалық тобын этнографиялықтан ажырататын және өзіндік санамен салыстырғанда қосымша деңгейге ие, негізгі этникалық массивке тән этникалық сана-сезім болып табылады. [Коновалов, 1986. С. 141-142].

Әйтсе де, А.В. Коноваловтың қорытындысы бойынша, 1980 ж. ортасында қош-ағаштық қазақ этникалық топтарында





«аймақтық арнайы қасиеттерінің тұрмысы төмендеуі үрдісі анық көрсетілген және этносаралық интеграция, интернализация процестерінің нәтижесінде ең көп мағынаны жалпы кеңестік өмір сүру салтының көп санды көріністері иеленеді». Этникалық ерекшеліктің академиялық тұжырымдамалары посткеңестік кезеңдегі Оңтүстік Алтай қазақтарының этникалық бірегейлігінің құрастыру стратегияларына әсер етті. [Коновалов, 1986. 142 б.].

1990 ж. басы Алтай Республикасында этносаяси белсенділіктің өсуімен танылды. Көпұлтты қоғамдастық шеңберінде егемендік үрдістерінің дамуы іске асты. Аймақтық процестердің мықты импульсі саны аз жергілікті халықтардың артықшылықтарын бекітетін жалпы ресейлік және халықаралық қозғалыс болды. 1989 ж. халықаралық құқық субъектісі ретінде жергілікті халықтардың құқығын декларациялаған №169 Халықаралық конвенция қабылданды; 1994–2004 жж. ЮНЕСКО әлемнің жергілікті халықтарының он жылдығы деп жарияланды. Жалпы-әлемдік үрдістер қалпында 1990 ж. наурызында жаңа ұлттық автономиялар мәселелері талқыланған Шеткі Солтүстік, Сібір және Алыс Шығыс халықтарының I съезі өтті. 1990-1992 жж. Сібірдің түркі халықтары қатарының конференциялары мен съездері ұйымдастырылды. 1992 ж. Солтүстік алтайлықтар қауымдастығы құрылды. 1994 ж. наурызда Алтай Республикасының солтүстік халықтарының Бірінші съезі құрылды. Съезде белгіленген бағдарлама келесі міндеттерді қамтыды: саны аз халықтардың дәстүрлі және басқа шаруашылық жұмыстарын жүргізу, сондай-ақ жергілікті тұрғындардың рулық аңшылық және кәсіптік жануарларына айрықша құқық беру мақсатында, олардың дәстүрлі орналасқан орындарындағы жерге, оның табиғи ресурстары мен жер қойнауына құқықтарын заңнамалық бекіту; мәдениет саласында саны аз этностардың ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін қайта жаңғырту, сақтау және дамыту, ана тілін оқытуды енгізу қажеттілігі жарияланды.

1990 ж. соңы мен 2000 ж. басында Алтай субэтностарының қатары жергілікті саны аз халықтар мәртебесін алды және табиғатты пайдалану мен өзіндік ұйымдастыру саласында преференциялар қатары заңнамамен бекітілді. Этникалық



өзін-өзі анықтау практикасын қазақ қоғамдастығының көшбасшылары белсенді меңгерді.

1999 ж. жазда «Қазақ халқының құрылтайы» (оның Жарлығы 2000 ж. Алтай Республикасының Әділет министрлігімен бекітілді) қоғамдық қозғалыс құрылған Алтай қазақтарының құрылтай съезі болып өтті; Құрылтай қызметтерінің негізгі принциптері болып: «қазақ және басқа ұлттардың ұлттық тіл, мәдениет, дәстүрлерін сақтау құқықтарын мойындау; ұлттық бірліктің идеологиялық таптық сенімдер мен ескішілдіктерден басымшылдығын мойындау; Ресей Федерациясының заңнамасын, Алтай Республикасының және қазақтар тұратын өзге де аумақтардың заңдарын, сондай-ақ халықаралық құқық нормаларын мойындау және міндетті түрде сақтау; ұлттық және саяси мәселелерді өркениетті демократиялық жолдармен шешу» жарияланды.

Сол кезде 1999 ж. қазақ халқының Құрылтайы атынан дайындалған құжат туындады, онда былай делінген:

*«Біз, Алтай Республикасының қазақтары, екі ғасырдай Алтай республикасында өмір сүріп жатырмыз. Осы уақыт аралығында жергілікті халықпен және бірге тұратын басқа халықтармен – орыстармен және басқалармен қарым-қатынастарымыз жағымды және тілектестік сипатта. Соңғы мәліметтер бойынша, Алтай Республикасында, «Ресей Федерациясының жергілікті саны аз халықтары құқықтарының кепілдіктері» туралы Федералды заңына сәйкес, 12 мың қазақ саналады, біз өзімізді осы аумақта өздеріміздің ата-бабаларымыз, дәстүрлі мекендеген жергілікті саны аз халықтарға жатқызамыз, өмірдің дәстүрлі салтын сақтаймыз, 50 мыңнан кем ағамы бар және өзімізді өзіндік этникалық қауымдастық деп сезінеміз.*

Осы заңнама бойынша саны аз халықтардың әрқайсысы билік құрылымдарының жұмысына қатысуға құқығы бар. Біздің бұл құқығымыз іске аспады. Біз республикалық, федералдықты қоса, билік құрылымдарына ұсынылмағанбыз. Қалай халықтың дамуы, өмірдің неғұрлым маңызды мәселелері бойынша мемлекеттік билік органдарының шешім дайындау мен қабылдауларына оның қатысуы туралы айтуға болады? Біз үшін және жалпы қоғам үшін қиын уақытта әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуда біздің құқықтарымызды



*жүзеге асыруға бізге көмектесу, қолдау, бізгі есту үшін, өзімізді және біздің проблемаларымызды айтатын кез келді деп санаймыз».*

Бұл тұжырымдама қоғамдық ұйымдар мен әкімшілік құрылымдардан кең қолдау таппаған, дегенмен, Алтай қазақтарының ерекшелік бірегейлігін, сондай-ақ олардың аумақтық, мәдени және әлеуметтік-саяси ниеттерін белгіледі.

1990 ж. ортасынан бастап, Қазақстандағы жаңа геосаяси құндылықтар мен репатриация мәселелерін шешуді нығайтумен байланысты әлемнің түрлі елдеріндегі, әсіресе Орталық Азиядағы қазақ қауымдастықтарымен ынтымақтастықта болу керек міндетін алға қойды. Бүгін Орталық Азия қазақтары Қазақстан Республикасының мемлекеттік демографиялық, мәдени және саяси ресурсы ретінде ресми шеңбер болып қарастырылады.

Қазақстанның тиімді диаспоралық саясатының нәтижесі шетел қазақтарының белсенді этноәлеуметтік шығармашылығы болды. Алтай қазақтарының Құрылтайы қызметінің стратегиясы Ресейде және Азияда қазақтардың мүдделерін жақтаушы құрылымдармен, негізгі этникалық массивпен өзара әрекеттікке қайта бағытталған болатын.

2001 ж. шілдеде Қош-Ағаш ауданында қазақтардың Екінші Бүкіләлемдік құрылтайынан кейін Алтай өңірі, Мәскеу, Монғолия, Қытай диаспора көшбасшыларынан, сонымен қатар Қазақстан өкілдерінен, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының мүшелерінен құралған Кіші құрылтай өтті. Кіші құрылтайға қатысушылар мемлекеттік биліктің жоғары органдарына, Отандастарына үндеу қабылдады: «Өзінің жұмысында негізгі бағыттар ретінде: достық идеяларын, тату-көршілікті, ынтымақтастықты, барлық халықтар үшін теңдік пен сыйластықты нығайту деп санау... Отандастар алдында тұрған барлық мәселелерді шешу бойынша іс-қимылдардың үйлестірілуі үшін, Ресей қазақтарының қауымдастығы орталығын құру қажет».

*Ресей мен Қазақстанның ынтымақтастығы туралы мемлекетаралық келісімдерін, сондай-ақ шекаралық аумақтарға қатысты Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев құрастырған принциптерін апелляциялай отырып, қазақ Құрылтайының көшбасшылары бірігу бастамаларын көтереді.*



*Бұл съезг аймақтық көші-қондық қоғамдастықтың этникалық дамуының ұзақ уақыт болған үдерісінің қорытындысы болған Алтай қазақтарының өзін-өзі анықтаудағы диаспоралық доминанттығын білгірді.*

XXI ғ. басында Алтай қазақ қоғамдастықтарының консолидациялық процесі далалық бөлікті қоса отырып, барлық аймақты жаулап алып, этноаймақтық топ шеңберінен шықты. Консолидация принциптері Еуразиядағы, сондай-ақ Оңтүстік Сібірдің шекаралық аудандарындағы және Үлкен Алтайдың көп жеріндегі қазақтардың этникалық дамуындағы жаңа үрдістерді анықтады.



**Қызырхан Шолпанмен сұхбат**

*Венадағы қазақ қоғамының торағасы  
(Вена, Австрия)*

**«КӨК БАЙРАҚТЫҢ МӘҢГІЛІК БОЛУЫН ТІЛЕДІК...»**

Менің атым — Қызырхан, ата тегім - Шолпан Мен қазақ қоғамы мәдениет орталығының жетекшісімін.

Біз, шетел қазақтары Қазақстанда туылмадық. Аталарымыз Қазақстаннан кеткелі бері, мен Қазақстанға осы өткен жылдың шілде айында ғана бардым. Барысымен мен 4-ші атамыздың зиратына барып, дұға бағыштадым. Сонда бір байқағаным, атамыздың Қазақстаннан кеткеніне 120 жыл болған екен. Біз 120 жыл басқа елде тұрып жатсақ та, 4-ші кіндік болсақ та, жүрегіміздің түбіндегі қазақ деген сезім, Қазақстанға деген сағыныш сезімі өшпейді екен. Бұл неге өшпейді,-деп кейде ойлансам — ол былай. Мына қазақ тарихына, басқа да ұлттардың тарихына қарап отырсақ, ұлттық сезім деген от сияқты екен. Отты жаққан кезде, от кейде лапылдап жанады, кейде өшіп, шоқ болып қалады. Тек қана сол шоқты өшірмеу керек екен. 15 ғасырда тұңғыш рет Керей мен Жәнібек хандарымыздың бастауымен «Қазақ» деген хандық болды. Біздің, қазақтың басын қосқан, үш жүздің басын біріктірген, жонғарды жеңіп, қазақты тарих сахнасынан өшірмеген Абылай хан болды. Ол 17 ғасырда өмір сүрген. Қазақтың ақырғы ханы Кенесары болғанымен, Кенесарының негізгі мақсаты азаттық, тәуелсіз қазақ елі ұғымдары ешқашан қазақтардың жүрегінің түбінен кетпеді, өшпеді. Ата-әжелеріміз кейінгі ұрпақтарға қазаққа деген сезімді жүрегінің түбіне егіп кеткен. Бұл сезім қай жылдары лапылдап жанды десеніз? Исатай Тайманұлы, Махамбет Өтемісұлы сияқты аталарымыз бұл қазақтың жүрегінің түбінде жатқан шоқты үрлеп жаққысы келді, амал қанша тағдыр жазуы ма? Шама болмады ма, лапылдап жанбады, жанбағанмен еш уақытта өшпеді. Алаш орда кезінде, Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулат, одан кейін Ахмет Байтұрсын сияқты адамдар, сол отты қайтадан лапылдатып, жаққысы келді. Олар қазақтың тәуелсіздігін аңсады. Осы кездерде көптеген саяси жағдайлар болып жатты. Біреулер отты уақытша болса да, жаққысы келді. Өртеді, шоқ болды, кейде бықсып жанбады, жоқ болды.



1986-шы жылы жастар көтерілді. Осы жылғы желтоқсан оқиғасы жайлы айтар болсақ, есімізге Қайрат келеді. Қайрат сияқты қайратты жігіттер осы отты қайта жаққысы келді. Мүмкін бықсыған шығар. Алматының көшелері қанға былғанған шығар. Қайратты жазалаған да болар. Бірақ Қайраттың сөзі кейінгілерге мирас қалып қалды. Алаш орданың жігіттері де кейінгі ұрпақтың есінде қалды. Аузында дұғасы бір адамдар оларға дұға бағыштап, олардың ерліктерін, жақсы істерін еске алады. Біз шетелде тұрсақ та қазақтардың өмір тарихы жайлы балаларымызға айтып, түсіндіріп отырамыз. Сол Қайраттың ерлікпен айтқан сөзі есімізден кетпейді, балаларымыздың да мәңгі жүрегінде сақталады:

«Қайрат деген атым бар, қазақ деген затым бар.

Еркек тоқты құрбандық, асам десеңдер асыңдар!»

Олар да тәуелсіздіктің құрбаны болған Қайраттың бойындағы өз халқына деген сүйіспеншілікті, жігерді байқап отырып, оның қаһармандықпен өлгенін, өзі өлсе де артына өшпес із қалдырғанын естеріне алады.

Бүгінде дүниенің түкпір-түкпіріндегі барлық шетел қазақтары, диаспора қазақтары ораза, айттарда сол Қайрат сияқты марқұм болған қазақтың азаматтарына мал атап сойып, құран бағыштайды. Бұл деген тамаша адамгершілік қой. Бұл уақытша болып жататын жағдай емес, өзіндік жалғасын табатын, мәңгілікке жалғасатын дәстүр болуы тиіс деп ойлаймын.

Кейде бізден басқа да шетелдік қазақтар туралы ой келеді. Бүгінде саясат деген ұғым бар. Қазір ешкімді жаулап алмайды, тек саясатпен жеңіп отырады. Империя кезінде неше мың әскер шығарып барып, жаулап алып, жерін тартып алатын. Содан жылына пәленбай ақша төлейсің деп, қайтады екен. Сондай заңдар болған, ал қазір уақыт басқаша. Қазіргі саясат өзгерді, мысалы Еуропада аз ғана диаспора бар. Бұларды Қазақстанның сыртта жүрген қалқандары деп айтуға болады. Олай дейтін себебім, олар тұрған елдеріндегі жергілікті құзырлы орындарға Қазақстан туралы, Қазақстанның сыртқы саясаты туралы, Қазақстанның Президенті туралы дұрыс нақтылы мәліметтер бере алады.

Бұрын Қазақстан мен біздің Еуропадағы тікелей байланысты 10 қоғам болса, бүгінде 12 болып отыр. Біздің



федерация Қазақстанның әр түрлі мекемелерімен, атап айтсақ, қауымдастықпен, Білім министрлігімен, Еуразия университетімен, сіздер сияқты келген кісілермен тікелей байланыс жасап, олардан мәліметтер алып, жергілікті ақпараттарға жеткізіп отыр. Менің ойымша, біздің шетелдегі қазақтар осы жергілікті елге еш уақытта сіңіп кетпейміз. Бұл жақта бізге де көмек керек. Ол қандай көмек? Бірінші, қаржы жағынан, екінші, рухани жағынан. Қазіргі капитализм кезінде, қаржы мен рухани — екеуі қатар жүреді. Кейде құрғақ сөз ештеңеге жетпейді. Ал кейде басынан сипаған жылы сөз, қаржыдан да артық болады.

Қазақстанның көк байрағы мәңгі желбіреп, оның жылуы, шуағы батыстағы қазақтарға жетіп отырса, біз еш уақытта жаман болмаймыз, қиналмаймыз.

Тағы да бір басты мәселеге тоқталсақ, құдайға шүкір, осында біздің елшіліктеріміз бар. Ол елшіліктерде сана-сезіммен жұмыс істейтін еңбекқор азаматтар бар. Жалғыз олар да ешнәрсеге қол жеткізе алмайды, өз жұмыстары бастарынан асады. Әсіресе, мынау Вена - тоғыз жолдың торабы. Айтайын дегенім, олар бізге көңіл бөлсе де, кейде көмек бере алады, кейде бере алмайды. Өздеріне бөлінген бюджеттен артық кете алмайды. Олардың да өз бағдарламалары, өз жұмыстары бар, біз оны да білеміз, түсінеміз.

Біздің тілегеніміз, Қазақстан ақырындап Еуропада, әсіресе, Париж, Лондон, Нью-Йорк, Вена, Берлин сияқты үлкен қалаларда мәдениет үйін ашса. Мысалы, осы Венаның өзінде қанша мемлекеттің меншіктері болса, соншама олардың мәдениет үйлері бар. Бұл мәдениет үйлерінің саясатпен жұмысы жоқ, елшілік те жасамайды. Олар тек өз елдерінің мәдениеттерін, дәстүрін, ата салттарын көрсетеді. Туризм жайлы мәліметтермен таныстыра алады. Бұл мәдениет үйлерінің тағы да бір міндеті сол жердегі қазақ диаспорасының басын біріктіріп, соларға ұйытқы болады. Өз үйлерімізде жастарымызға қазақтың тарихын, музыкасын үйретіп отырамыз. Кезінде әкелеріміз біздің жүрегімізге ұлттық намысты, сана — сезімді сіңіріп кетті. Сол намыс бүгінде кеудемізде от болып лаулап тұрғандай. Егер біз де балаларымыздың жүрегіне ұлттық намыстың бір шоғын ұялата білсек, бір кездері ол шоқтың да лапылдап жануы сөзсіз. Біз



тұрып жатқан елде бүгінде капитализм, не нәрсенің бәрі ақша, аттап қадам барсаңыз, ақша керек, бір жерге бара қалсаңыз да ақшасыз жүруге болмайды. Содан кейде кейбір отбасылар қаражат жағынан қысылады. Кезінде біз де Еуропаға екі қолға бір күрек, - деп, келген қазақтарымыз. Түркияда тудық, өстік, түріктің тәрбиесін алдық, сол жерде әскер қатарында болдық. Кейін Австрияға келдік, бізді ешкім танып білмейді, көшеде көрген адам сұрайды: сіздер қай елсіздер? - деп. Біз түрікпіз дейміз. Сендердің түрлерін, өздерін түрікке ұқсамайды, - ғой дейді. Содан соң, оларға түсіндіреміз, біздің арғы ата-бабаларымыз орта Азиядан келген, - дейміз. Олар айтқанымызды түсінеді. Ол уақытта қазақпыз деп аузымызды толтырып айта алмадық. Қазақстан деген жеке мемлекет болмады. Бұрынғы одақтың құрамында болып келді.

Кейін 1991-ші жылы Қазақстан егемендік ел болғанда, жүрегіміз дір етіп шығысқа қуана қарадық. Бұл біздің — қуанышымыз, мақтанышымыз болды. Батыстағы ақпаратқа көшедегі австриялықтарға иығымызды көтеріп тұрып, біз қазақпыз, осындай елміз деп, қуана айтатын болдық, құдайға шүкір. Бұл сол кездегі алаш азаматтарының, Қайраттың т.б. арманы еді-ау.

1991 жылы Қазақстанның егеменді ел болғаны бізге қатты әсер етті. Бұрын қазақпыз десе, Отаны жоқ, ұраны жоқ, жалауы жоқ қазақтар, енді көк байрақтың мәңгілік болуын тілеп, өз алдына еліміз бар, жеріміз бар, жеке шаңырақ болдық деп қуандық.

Содан Еуропадағы қазақтар не істедік, неден бастаймыз дегенде, Еуропадағы тарыдай тарқап кеткен қазақтың басын қайтіп қосасың. Жасы 40-тан асқандардың басын жинап қосуға болады, ал жастардың басын қосу қиынға түсер деп ойладық. Жастар үш елдің мәдениетінің ортасында өсті. Мысала: түрік, қазақ, неміс немесе ағылшын, француз, швед. Бұларға бір амалын табу керек деп ойлап жүргенде, футбол турнирі басталып кетті. 1994 жылы Мюнхенде тұңғыш рет Франция-Париж, Германия-Керн, Мюнхен және Вена қазақтары бас қосып бір футбол турнирін өткіздік. Ондағы мақсатымыз-жастар бір — бірін танысын деген ой. Қайда, жастар бірін-бірі танымайды. Ол уақытта бүгінгідей мүмкіншілік жоқ етін. Интернет, Фейсбук, Чат дегендер болмады. Содан





бұны Қазақстан естіп 1995-ші жылы Абай жылы болатын, Алматыдағы орталық стадионда Абай футбол турнирі болып өтті. Оған бізді де шақырды. Біз қуана-қуана бардық. Барлық шығынды өзіміз көтердік. Бұнда тек жатар орынға ғана төледі. Бірақ Қазақстанның да жағдайын түсінеміз. Содан бастап, бұл футбол турнирін өткізу әдетке айналды. 2002 жылы Абдрахман Шетін ағамыздың ұйымдастыруымен тұңғыш рет үлкен Керн қаласында Еуропа қазақтарының құрылтайы болып өтті. Сол жылдан бастап, құрылтай Берлин, Париж, Швед, Лондон, Норвегияда, ал 2010 жылы Венада өтті. Бұған Қазақстан ат салысты. Алматыдағы қазақ қоғам қауымдастығы арқылы бізге әншілерді, бишілерді, одан кейін қазақ тілі қоғамынан, көші-қоннан адамдар жіберді. Бұл бізді елегені, назардан тыс қалдырмағаны, қазағымызға ие болғаны,-деп есептейміз. Мен Қазақстанның саясатына ризамын.

Тағы да бір айтатын мәселе, әлемде диаспорасын көшіріп алған үш ел бар. Олар: немістер, Израиль және Қазақстан. 2010 жылдың 10-шы айында Түркияда үлкен бір конференцияға қатыстық. Сонда біздің Қазақстан бәрін қатырды, жақсы болды, - деп жүрсек, азербайжан диаспора министрлігі,-деген министрлік құрыпты. Олардың мәселелері бір министрлікте шешіледі. Қазір біз проблемаларымызды шешу үшін, алдымен Алматыдағы қауымдастығымызға жеткіземіз, одан соң Еуразия университетінен келген зерттеушілерге, Білім және ғылым министрлігіне, Сыртқы істер министрлігіне т.с.с. тоғыз есікті қағамыз. Егер Қазақстанда қазақ диаспора министрлігі болса жақсы болар еді. Қазақстаннан тыс 45 елде қазақ диаспорасы бар. 5 млн қазақ сырттағы шет мемлекеттерде екен, бұлда аз сан емес. 2010 жылы Қазақстан Президентінің төрағалығымен ЕҚЫҰ (Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастықты ұйымы) саммиті Астанада өтті, өте жақсы басқарды. 1999 жылы Стамбулдағы жиналыстан кейін Еуропа Президенттердің басқосуы, үлкен жиынның өтуі осы жолы болды. Астана қаласында өткен ЕҚЫҰ саммиті жоғары дәрежеде өтті, Қазақстанды бүкіл әлем танып, білді. Бұл жерде ЕҚЫҰ-да істеп жүрген ЕҚЫҰ елшілігі және Қазақстандағы өкілетті елшілігіндегі азаматтардың білімділігі, олардың білгірлігі мен іскерлігін айта кеткен жөн.



2008 жылы Венаға Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілдері келді. Бұның ішінде болгар, неміс, орыс халықтарының өкілдері болды. Солармен әңгімелесіп отырдық, олардың бәрі де орыс тілінде сөйлейді екен.

Біздің шетелдік Қазақстанның ақпарат үйлерінде біз көретін «Хабар» теледидарының «kazpionet» деген арнасы бар. Біз соған өте ризамыз. Онда «сөз тапқанға, қолқа жоқ», «Сегіз қырлы», «Бармысың бауырым» деген бағдарламаларды қызыға қараймыз. Жас бүлдіршіндерге арналған «Балапан» атты бағдарлама өте қызықты, тартымды ұйымдастырылған. Қазақстандағы аз ұлттардың барлығы қазақ тілінде сөйлеп, қазақ халқының өнерін көрсетіп жатады.

Қысқасы, Қазақстанның даусы бізге де ақырындап жетіп жатыр. Қазір интернет бар, КазТуб (KazTube) және тағы да бір арна, сол арқылы Қазақстанмен тікелей байланыста болып, жаңалықтарды естіп отырамыз, әзіл-сықақтарды көреміз, «Бармысың бауырымды» қараймыз. Әйтеуір Қазақстанды көріп, естіп отырғанымызға дән ризамыз. Сөз соңында айтарым, шетелдегі қазақ болсақ та, өрісіміз өрлей берсін, бәріміз де аман болайық. Тынысымыз кеңейе берсін, халқымыз бақыт құшағына бөлене берсін. Көк байрағымыз мәңгі аспаннан түспесін. Басқа азаттық ала алмаған халықтар да, азаттығын алсын.

Тағы да бір есімде қалғаны, 1992 жылы Қазақстанға құрылтай жиналысына бардым. Мұндағы әжелеріміз де барды, олардың да Қазақстанда алғаш рет болуы екен. Содан табаққа бірдеме салып, от тұтатып әкелді де, біздің басымызға қарай жақындатып, отты шарпытты. Біздің қазақта от киелі екен ғой. «Жаққан отың сөнбесін, ошағың өшпесін, түтінің түзу шықсын», - деген сөздер тегін айтылмаса керек. Сөйтсем жүрек түбіндегі сезім оты бар ғой, ол сол екен. Ол кейде бықсып жанады, кейде лапылдап жанады. Бұл тарихтың тағдыры екен. Міне, сол от сөнбесін, ошақтар өшпесін, азаматтар аман болсын, мықты болсын. Қайратты, білгір іскер азаматтар шыға берсін.

*Сұхбатты өткізген Ботағоз Ракишева  
Вена, Австрия, 2010 жыл*



*Профессор Ясиын Құмарұлы  
Шинжияң қоғамдық ғылымдар академиясының  
жанындағы «Шинжияң Қоғамдық Ғылымы»  
журналының бас редакторының орынбасары.  
(Үрімші, Қытай)*

## **ҚАЗАҚ ЖӘНЕ КҮН МЕН ОТ, ЯҒНИ ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АЛАШ**

Қазақ рулары мен тайпаларының арғы тарихын зерттеуде, ең алдымен олардың таңбалық белгілерін зерттеудің қажетілігін алғаш аңғарған Н. Аристов болса, оның пікірлерін тереңдете зерттеген С. Аманжолов болды. Олар белгілі бір атадан рудың, одан тайпаның, одан тайпалық одақтың қалыптасу жолдарын рулық таңбаларды зерттеу арқылы анықтауға болатынына сенді. Әрі осы мақсатта негізгі тайпаларды анықтауға тырысты.<sup>1</sup> Осылайша таңбаны негіз ете отырып С. Аманжоловтың зерттеуінше, қазақ қаңлы, қыпшақ, қоңырат, алшын, найман, ошақты, шеркеш, есентемір, жүй, жағалбайлы, мансыз, бағаналы, бекболат, шапырашты, сіргелі, шөмекей, жалайыр, тарақты, саржормарт, шанышқылы, дулат, арғын, балталы, қаракерей, уақ, сары үйсін, адай, матай, қара кесек, керей сияқты көптеген негізгі тайпалардан құралған.<sup>2</sup>

С. Аманжоловтың зерттеуі жалпы тұлғадан қазақ ру таңбаларының типологиясына баса назар аударғандығы байқалады. Өз басым егер таңбалардың көрінісімен қоса оның мазмұндық (тарихи танымдық) ерекшелігіне де зерттеу жасалған болса қазақ ру-тайпаларының тектестік негізі тіпті де бекемделе түсер еді деп ойлаймын.

Қазақтың ру таңбалары мен ұрандарын зерттеу қазақ шежіресін зерттеудің маңызды бір құрамдас бөлегі. Бұндай зерттеуге қазақтың және басқа ұлттардың ертеден қазірге дейінгі көптеген ғалымдары тыңғылықты зерттеу алып барғандығы байқалады. Қазірге дейін қазақ ру таңбалары қайдан келді, қазаққа ру таңбаларын кім жасап берген, оны кім арнаға салған деген мәселе туралы алуан түрлі көзқарастар мен пікірлер бары белгілі. Бұлардың бастылары мыналар; .

1 «Қазақ ру-тайпаларының тарихы – тама», алаш тарихи-зерттеу орталығы, Алматы, 2005-жылы, 1-том, 1-кітап, 25-бет.

2 Аманжолов. С, А. Вопросы диалектологии и истории казакского языка. – АлмаАта, 1959, 13-14б.



1. Б.Радлов ел аузынан жазып алғаны бойынша; ру таңбаны Оғыз ханның баласы және мұрагері Күнхан таратып берген.

2. Левшиннің айтуынша, қырғыздар (қазақтар) таңбалармен белгілерді моңғұлдардан алып, Орта Азияға ғана емес Үндістанға дейін таратса керек.

3. И.Казанцевтің айтуынша, таңбалар мен ұрандарды қырғыздарға (қазақтарға) Шыңғысхан таратқан.

4. М.Иванин мен А.Харузинның пікірінше, таңбаларда Шыңғысхан тұқымынан тараған хандар әскерлеріндегі қырғыз (қазақ) тайпаларының пайдаланған қаруларының түрлері бейнеленген.

5. Л.Мейердің түсіндіруінше, таңбаларды малға белгі салу үшін Тәуке хан таратып берген.

6. Тағы бір айтылымдарда қазаққа ру таңбалары мен ұрандарын Майқы би үлестірген делінеді, т.б.

Қазақты құраған ру-тайпалардың арғы аталары әрбір тарихи дәуірде әр тайпалық-ұлыстың бірілестіктердің құрамында болғаны белгілі. Сонау біздің заманымыздың алды артында сақтардың, ғұндардың, үйсіндердің, нүкістердің (ұлы иүзлердің) және басқа да тайпалар мен тайпалар одағының құрамында болған. Біздің заманымыздың бірінші мың жылдығының орталарынан бастап екінші мың жылдықтың басқы бірнеше ғасырларына дейінгі талай ғасырларда түрік одағының құрамында болды. Одан соңғы сан ғасырда моңғұл империясының құрамына енді немесе оған бағынышты болды. Міне осы дәуірлерде қазақты құраған ру-тайпалардың бәрінің өзіне тиесілі орны мен таңбасы болғаны белгілі. Алайда, рулар арасындағы қосылу, бөліну және рулардың молайып тармақталып отыруы сияқты себептерден рулардың аттары, таңбалары, ұраны өзгеріп, жаңғырып, туындап отырғандығы табиғи. Және бір жағынан түрлі тайпалар одағынан құрылған тың бірлестік, яғни әкмият, ел арасындағы саяси, әкімшілік және өріс-қоныс жақтарындағы мәселелерді жүйелі басқару, біржақты етіп отыру (ел басқаруды) үшін әр дәуірде ру таңбаларын реттеу, арнаға салу, мүмкіндігінше бұрынғы қалпын сақтау негізінде қайта реттеп, заңдастыру жүргізілген болуы да мүмкін. Міне, бұл қазақтағы қазаққа ру таңбалары мен ұрандарын жасау мен үлестірудің белгілі жеке тарихи тұлғаның атына байланысты болуының себебі еді. Осы жағынан алғанда



қазаққа ру таңбаларын Оғыз қағанның ұлы тақ мұрагері таратқан; Шыңғысхан таратқан; Майқы би таратқан деген айтылымдардың барлығының белгілі мағынадан негізі барлығын байқаймыз. Алайда, бұл жердегі тарату бұрын таңбасы жоқ қазақ руларына ру таңбасын жасап таратып беру емес, қайта бұрынғы ру таңбалары негізінде сол дәуірдегі ел басылары өзіне қарасты территория аумағындағы түрлі ру-тайпалардың ру таңбаларын бұрынғысы негізінде қайтадан ретке тұрғызып, жүйелендіріп, тұрақтандырған немесе заңдандырған.

Рулардың, ру таңбаларының және олардың тармақталуының қиыр шығыстағы нақтылы дәлелдерін біз қытайдың кіндік жазығындағы ең байырғы қағанат Шаңдардың (б. з.б.17-ғ. б. з.б.11-ғ. ) ру және ру таңбаларынан байқай аламыз. Ескерерлік жайт – осы Шаңдарды көптеген қытайтанушы ғалымдар қытайдың орта жазығына терістіктен келген көшпелі тайпа деп біледі. Ғалымдар Шаңдардың қабірлерінен қазып алынған қола бұйымдардағы таңбаларды ру таңбалары деп таниды, әрбір қабір тобынан қазып алынған қола бұйымдардағы ру таңбалары бірыңғайлық танытқан. Әрі жақын орналасқан қанаттас қабір топтарынан табылған қола бұйымдардағы ру таңбаларының өзара байланыстылығы, оларда үлкен рулардан тармақталған шағын рулардың таңбаларының үлкен рулардың таңбаларының негізін сақтап, жартылай өзгертіліп жасалғандық байқалады. Бұндай заңдылық қазақтың ру-тайпаларында таяу заманға дейін жалғасқаны белгілі. Мысалы, ұлы жүздегі дулат, албан, суан, қаңлы, сиқым тағы басқа рулардың барлығының таңбалары күн таңбасынан (O) тарамдалған. Бұл туралы Шәкәрім Құдайбердіұлы: «600 жылдан бері мұсылман жұртына кірген крайт яғни керейлер тіпті ескі замандағы кіреш таңбасын салады. Қазақтың көбі ескі таңбасын салады. Кейбіреулері оған бір сызық қосады. Ол бір рудан шыққан тағы бір таптың белгісі. Яғни бір ханнан бір ханға қарағандағы белгісі болады» деп жазады.<sup>3</sup>

Шәкәрім Құдайбердіұлының бұл баянында екі маңызды түйін бар: бірі, «Қазақтың көбі ескі таңбасын салады» деу. Жалпы ру таңбасының өзгеру, қалыптасу жағдайына қарағанда, қазақтағы бір рудың таңбасы оңай өзгере салмайды. Тіпті, ол тұрақты күйін сақтайды. Өйткені таңба көшпелілердің ірқара

3 Шәкәрім Құдайберді ұлы: «Түрік, қырғыз, қазақ әм хандар шежіресі».



малдарына басылады, өріс-қоныстарына тастарға қашап салынады. Ол рудың шежіресімен, ата жолымен ұласып жатады. Ал мал да, өріс-қоныс та, шежіре мен ата жолы да бір мезеттек нәрсе емес. Ұзақ уақыттарға жалғасатын дүние. Сондықтан оның тұрақтылығы көшпелі өмірде аса маңызды.

Шөкәрімнің сөзіндегі тағы бір түйін, «Кейбіреулері оған (бұрынғы таңбасына) бір сызық қосады. Ол бір рудан шыққан тағы бір таптың белгісі. Яғни бір ханнан бір ханға қарағандағы белгісі». Бұл қазақ руларында тармақталу болғанда, тіпті алмағайып заман болып хандық алмасқанда да таңбалардағы өзгерістің жалпы тұлғасын сақтап, болымсыз (бір сызығында) гана өзгеріс жасайтындығын ұғындырады.

С. Аманжолов: «Қазақ руларының кейбірінде қосынды «+» түріндегі рулық таңбалардың кездесуі де қазақ руларының шығу тегін тәңірге табыну дәуірінен іздестіруге итермелейді. Мұндай таңбалар қазақтың төрт қара, телеу, сіргелі, керей, адай тәрізді руларында кездесетіні белгілі» деп жазады.<sup>4</sup>

С. Аманжоловтың жоғарыдағы баяны аса көрегендік екені белгілі. Ғалым егер × + ⊗ ○ таңбаларының тегі мен мәнінің бір нәрсе екендігін байқаған болса, онда қазақ ру-тайпаларының тегін таңба негізіндегі зерттеуінде жалпы қазақ ру-тайпаларындағы үлкен тамырластықты байқаған болар еді.

Қазақ ру-тайпаларындағы тектестік мәселесін кем дегенде мынадай үш түрлі фактор негізінде қарастырған жөн: біріншіден, жоғарыдағы ғалымдар айтқанындай ру-тайпа таңбаларындағы жақындық; екіншіден, ру-тайпа атындағы жақындық; үшіншіден, шежіре немесе тарихи жазбаларда байқалған жақындық.

Осындай тамырластықтың ең тереңіне бойлап, бір түйіннен тұтасқан тұсын қазақтың тегі және танымымен егіз пайда болған күн мен от туралы ұғым мен бейнелеуден (таңбаларындағы) байқай аламыз.

+ × 卍 卐 ⊙ ⊖ ☼ ⊕ ⊗ 田 田 田 田 田 таңбалардың бір ерекшелігі дүниенің қайсы бір аумағында болсын бір-біріне жуық болып табылады.

Осылардың ішіндегі ○, ⊗, +, × немесе ☼, 卍 көбінде бір жерден табылады. Біз осы сырлы да киелі таңбалардан (○,

4 Аманжолов: С. А. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. – Алма-Ата, 1959, 12-146. .



⊗, +, ×) мынадай бірнеше түрлі таңғажайып ортақтықты байқамыз:

(1) Жартас суреттерінде немесе басқа бейнелеулерде бұл екеуі қатар жүреді, немесе ⊕ ⊗ ⊕ көріністерде +, × таңбалар таңбаның ішіне орналастырылады.

(2) Керей таңбасын бір бөлім ғалымдар + немесе × түрде көрсетсе, енді бір ғалымдар Ш күйінде берген (бұл күнді білдіретін ⊙ таңбадан келген. Қытай иероглифінде күн дегенді білдіретін ⊕ көріністегі әріп бар, ол да ⊙ таңбадан келген), тағы бір ғалымдар алау немесе күннің бейнесінде (☼) берген. Осылардың қай-қайсы да кездейсоқтық емес. Бұл осы таңбалардың мағыналасығын (от, күн) ұғындырады. Шәкәрім бұл таңбаны арғы заманнан келген таңба деп біледі: «... керейлер тіпті ескі замандағы кіреш таңбасын салады» дейді.

(3) Түркі руникалық таңбаларының орхон-енисей нұсқаларында × + ⊗ үш таңба ұқсас бір дыбыс (д) орнында, бір иероглиф ретінде жұмсалған. Бұл от пен күнге қатысты осы үш таңбаның бірлігінің, біздің ата-бабаларымыздың осы таңбаларды әлмисақтан мазмұндық жақтан ұқсас санап, ұқсас пайдаланып келгендігін дәлелдейді.

(4) Албанның таңбасы О «Абақ» делінеді. Ал + таңбалы керей «Абақ керей» делінеді. Қазақта ру атының ру таңбасына байланысты болу жағдайы жиі ұшырайды. Осы мағынадан алғанда + таңба да О сияқты «Абақ» делінгені мәлім. Демек «Абақ керей» деген «Абақ таңбалы» керей дегендік. Керейдің ендігі бір тармағы Ашамайды керей де × таңбаның көрінісін ашамайға ұқсатудан келгені мәлім. × таңбаны «ашамай» деп алуы тармақ ру атын абақ керейден парықтау үшін ғана болған. Іс жүзінде О, +, × бәрі бір нәрсе – «Абақ» немесе «Күн, от».

+ таңба да, О таңба да ежелгі дүниеде күн белгісі саналған.<sup>5</sup> Жоғардағы осы таңбалардың күнге, отқа, жарыққа байлыныстылығы туралы «Күн таңбалы күн елі» аты мақаламда баяндаған болатынмын.<sup>6</sup>

Сонымен қазақ ру таңбаларында басты орында тұратын + (от, күн), О (күн), | (от көсейтін көсеу) таңбаның үшеуі де отқа, күнге байланысты.

5 何新:《诸神的起源》(Төңірлердің төркіні), 时事出版社, 2002年, 147页。

6 Ясиын ҚҰМАРҰЛЫ: «Күн таңбалы күн елі», «Алаш», 2008-жыл, №5, №6 сандары.



Шәкәрімнің: «... крайт яғни керейлер тіпті ескі замандағы кіреш таңбасын салады. Қазақтың көбі ескі таңбасын салады. Қай біреулері оған бір сызық қосады. Ол бір рудан шыққан тағы бір таптың белгісі. Яғни бір ханнан бір ханға қарағандағы белгісі» дегеніндей, тұтас қазақ ру-тайпаларының таңбасының басым көп бөлегін осы бір мазмұндағы (отқа, күнге байланысты) үш таңбадан таратуға болады.

1. күн таңбасынан туған таңбалар: ○○☀️☐∞♂️⊖⊗⊕∅☐☐  
♀ ǃ ⚡ ⚔ сияқтылар.

2. от(нұр) таңбасынан туған таңбалар: + X Y y V T T- T T L  
+ † ‡ ⊥ † † F ≠ ‡ ⊗ ⊕ ♀ X λ Y T X + Y X T ♀ Z M T L  
сияқтылар.

3. от (нұр) пен күннің таңбасынан бірігіп туған таңбалар: ⊕  
♀ ǃ ⚡ ⚔ сияқтылар.

4. от көсейтін көсеу таңбасынан (көсеу немесе әліп) туған таңбалар: | ^ ^ ||| || ≡ = сияқтылар.

Жоғарда көрсетілгендей түркі руникалық таңбаларының орхон-енисей нұсқаларында × + ⊗ таңбалардың ұқсас бір дыбысты бейнелеуі мен керей таңбасында отқа, күнге байланысты ⚔, +, ×, ☐ төрт таңбаның түгел байқалуынан басқа да бір бөлім рулардың таңбасында осы сияқты тектес таңбалардың аралас қолданылуынан жоғарыдағы көзқарасымыздың дұрыстығына көз жеткізе түсеміз:

Кете руының таңбасы: +, ×; Сіргелі руының таңбасы: +, †, ≠, #; Уақ руының таңбасы: +, ×, Y; Қаракерей руының таңбасы: T V; Телеу руының таңбасы: +, X, T, T-, T (Телеудің төрт тармақ руының бірі «керейлі» руы); Төрт қара таңбасы: +, T, T-, Yйсін руының таңбасы: ≈, +, және ⚔; Сары үйсін руының таңбасы: +, және ⚔; Шекті руының таңбасы: + (Бұл ашамайлы сияқты таңбаның атымен аталаған ру).

Табынның ру аты да, ұраны да, таңбасы да күнге байланысты. Табын руының таңбасы: табын қазақ ұғымында қоралы қой, немесе қоралы мал мағынасын береді. Ерте кезде қора, қорғаннан тартып қоныста тігілетін ауыл үйлеріне дейін дөңгелене орналасатын салт болған. Қазақта мал қорасы да дөңгелек болған. Соңдықтан Таңбаны табын атау орынды. Демек бұл таңбаның (O) атымен аталған ру аты.





Гродековте бар мәліметтер бойынша, Сырдария табындарының ұрандары — «серке» және «тостаған», ал ел арасынан жинаған мәліметтер бойынша, батыс табындарының ұраны — «алаш». Бұл арадағы «тостаған» да, «алаш» та күнге (○) байланысты. Ел арасынан жинаған мәліметтер мен Тынышбаев келтірген табын руының төрт тармағының бірі — Жаманкерей.

Табындардың таңба белгілері әр түрлі. Жалпы ру таңбасы «тостаған»; сонымен бірге табындарда тағы да «шөміш» (шөмішті табын тармағында) және «әліп» таңбалары бар. Бұндағы «тостаған» мен «шөміш» күнге (○) байланысты. Ал, «әліп» іс жүзінде «көсеу» таңбасы.

Қаңлы таңбасы: | және ☼ — нұры шашыраған күн. Қаңлының тағы бір таңбасы шылбыр. Осы көсеу де, шылбыр да керейттердің (керейт пен керей бір) таңбасында да бар.

Бұл арада тек от (нұр) пен от көсейтін көсеу таңбалары мен осылардан туындаған таңбалардан ғана мысал алдық, басқа қазақ руларында күн таңбасынан туындаған ру таңбаларының молдығы белгілі.

Тарихта ру-тайпалардың саны да, олардың таңбаларының түрі де көп болғаны белгілі. Осыған қарамастан кестедегі қазақтың 50 тайпасының таңбасының 30-ы яғни 60 пайызының от пен күнге байланыстылығы байқалады. Бұл белгілі мағынадан қазақтың арғы аталарының мүлде көп бөлігінің от пен күнге (тәңірге) табынған бір тұқымнан тарағандығын әйгілейді. Салыстырмалы түрде Махмұт Қашқаридің «Түрік Сөздігінде» көрсеткен Оғыз тайпаларының 21 ру таңбаларында от пен күнге қатысты ру таңбасы байқалмайды. Рашид-ад-диннің «Жылнамалар жинағында» көрсеткен Оғыз тайпаларының таңбаларының 24 таңбасында × таңбасына жуық екі таңба ғана бар. «Шыңғызнама дәптерінде» Шыңғысхан бектер мен билерге бөліп берген делінген 15 таңбаның ішінде байырғы от пен күн таңбасынан туындаған деп қарауға болатын 7 (қият таңбасы), 8 (гиряат би), 9 (Жұрматы би) үш таңба жолығады. Қият руы тарихта керейдің құрамында болған. Ал Грият бидің Керей би екендігі белгілі. Бұл қазақ ұлтының ойдан-қырдан құралған қырық құрау құрама ұлт емес, этникалық негізі бекем, төркіндес туысқан тайпалардан құралған ұлт екендігін дәлелдейді.



Бұлардан тыс біз және Ү, у, Т сияқты көптеген таңбалардың + немесе ×-ны өзгертуден (байырғы заманда рулар өсіп-өніп тармақталған сайын тыңнан қалыптасқан ру өз таңбасын бұрынғы ру-тайпа таңбасының жалпы бейнесін сақтап, Шәкәрім айтқанындай оның бір сызығына сәл өзгеріс жасау арқылы жасап отырған) пайда болғандығын байқаймыз. Оның үстіне бұндай + немесе × дан өзгеріп пайда болған Ү, у, Т, т.б. таңбалар жоғарыдағы біз салыстырған таңбалардың арасында жолықпайды.

Ру-тайпалардың туыстығын ру таңбаларына сай айыруға болатындығының бір жанды мысалын жоғарыда айтқанымыздай, сонау осыдан 3000 жылдың арғы жағындағы қытайдың орта жазығында қағанат құрған Шаң әулетінің астанасы Ин көне жұртын қазғанда айқын байқалған (Шаңдарды қазіргі ұғымдағы қытайлар деп қарауға болмайды, олардың көп бөлігі терістік көшпелілерінен, шаруашылық, тұрмыс тәсілінде де мал шаруашылығы басты орында тұрған. Қытайдың орта жазығында одан кейін де жүржіттер, манжулер, түріктер, моңғұлдар сияқты ұлттар құрған терістіктегі көшпелілердің әкмияті аз болмағаны белгілі).

Осыдан бұрынғы жарияланған «Күн таңбала күн елі» атты мақалада «күн» сөзі мен «күн таңбасының» тегін аршу арқыры, тұтас қазақ ру-тайпаларының аты (Алаш, албан, арғын, керей, қаңды, дулат, т.б.) мен таңбаларының күннен (О,+) таралып, түбі бір арна, бір түйінге жинақталатындығы баяндалады. Қазақ ру-тайпаларының ұлт болып ұйысуының кездейсоқ құбылыс еместігі, оның әлмисақтан бір тұлға, бір тума екендігі, қазақтың тегі Алаш деген айтылымның дұрыстығын, алаштың да, арғынның да, албанның да, дулаттың да, керейдің де, қаңлының да (тағы басқа рулар) аты да, таңбасы да, тегі де бір тектес екендігіне алғашқы дәлел іздеген едік.

«Алаш» барлық ноғай-қазақтың, тіпті өзбектің де ұраны делініп жүр. «Алаш» дегенде, Алаша ханның аты деген ұғым бойынша, ынтымағымыз осы ұранның мағынасынан шығады. Алаша ханның ұрпақтарымыз, бәріміз ру-руға бөлініп кеткен болсақ та, түбінде бір кісінің нәсіліміз, Алаша ханның еліміз деген мағына айтылады (Тауарих хамса).

«Алаш алаш болғанда, ала тай ат болғанда, таңбасыз ат, енсіз қой болғанда, ...» деген жыр жолдары қазақтың арғы



атасының алаштан басталатындығын, ол кезде (алаш кезінде) елдің руға, ұлысқа бөлінбегендігін, малында ала-құла ен-таңба болмағандығын, тек аты, ұраны, таңбасы (алаш – от, нұр яғни O, +. Бұл бұрын айтылып жүрген көзқарас) түгел алаш болған бір ғана ел екендігін ұғындырады. «Алты алаш» деп күн мен оттың (нұрдың) атын өзіне ат, симулын (көрінісін) таңба қылған қазақтың ең ұйтқы тайпаларына немесе қазақтан да кең этникалық төркіндестікке қаратылған.

Сөздің түйіні – қазақ руларының аты мен таңбасының мүлде көбі күн мен отқа (нұрға) байланысты. Ол ойдан-қырдан құралған құрамалар емес, әлмисақтан күнге, отқа (нұрға) табынған, күн мен отты (нұрды) нышан еткен күн елінің, Алаштың (алаш – от, нұр яғни O, +) ұрпағы.

Қазақты немесе қазақтың таяу заманға дейінгі төркіндес руларын бір-бірінен бөле қарау көзқарастарының барлығы жетесіз танымның туындысы.



*Алия Алханмен сұхбат*

*Қазақстан мәдени орталығының жетекшісі (PhD)  
(Нью-Йорк, АҚШ)*

## ҚАЗІРГІ ӘЛЕМДЕГІ ҚАЗАҚТАР ТУРАЛЫ ОЙЛАР

**Бізге әлемнің түрлі елдерінде қазақ диаспорасының қалай тұрып жатқаны қызықты. Өзіңіз туралы, қазақ диаспорасы туралы айтып беріңізші.**

Біздің диаспорамыз туралы ақпарат жинау — бұл тамаша ой. Мен аңғарған қызықты фактілердің бірі - қазақтар саны жағынан емес, жер шары бойынша бытырап орналасуы жағынан әлемдегі 3-ші ұлт болып табылады. Мұнда мен Түркиядан, Қытайдан келген адамдармен кездестім, олардың білімдерінде, мағлұматтарында көптеген ортақтық пен бірнеше айырмашылықтар бар. Диаспора туралы ақпарат жинау идеясының өзі өте маңызды және өте қызықты. Бұл елде 20 жыл тұра, мен бұл мәселемен айналысатын адамдармен кездеспедім. Бұл жұмыста қызықты аспектілер өте көп: мәдениеттің сақталуы, басқа мәдениеттердің ықпалы және т.б. Міне, Канадада диаспора үлкен емес, АҚШ-та 20 мыңға жуық қазақ тұрады. Маған көшіп кеткен қазақтардың өмірінен әсерлі оқиғалар естуге тура келді. Мысалы, мен ХХ ғасырдың 20-30 жылдары өңірде большевиктер пайда болған кезде Қазақстаннан қашқан түрік қазақтарының отбасымен кездестім. Олар адамдардың Қытайға Құлжа жолы арқылы өтіп жатқанын айтты. Қытайда өмір сүру оларға ұнаған жоқ, ол жерде тек белгіленген жерде ғана өмір сүру керек болды, бір жерден екінші жерге көшуге болмайды, заңдары басқаша, бұрынғы социализм кезіндегідей адамдар белгілі бір өмір сүру мекеніне бекітілген. Адамдардың бір бөлігі Қытайдың батысында Синь-Цзян ауданын мекендеп қалды. Ол жерде сол аумақта тұрып жатқан жергілікті қазақтар болды. Дегенмен, көбі одан әрі қарай көшіп кетуге, бақытын басқа өңірлерден іздеуге шешім қабылдады. Осылайша, қазақтардың бір бөлігі Жапония жаққа қарай, екінші бөлігі — Үндістанға, және одан әрі қарай кетті. Олар сол кезеңдегі билікпен керіспеу үшін түнделетіп кетті. Жол үстінде 80 мың адам қаза тапты. Мен мұнда кездестіргендердің ішінде дене бітімі мықты және бойлылары жоғары болды, мүмкін олардың арасында



денсаулығы мықтылар тірі қалған шығар. Үндістанға көшкен бөлігі Үндістанға дейін жетіп, ол жерде 15 жылдай қоныстанған. Үндістаннан кейін олардың біраз бөлігі Түркияға көшіп кеткен. Түркияда сол жаққа көшіп барған қазақтар білім алуға ерекше мүмкіншіліктері болмаған, университеттерде оқи алмаған, ал Қытайда қалған кейбіреулері солай болса да, білім алған.

Қазақтарда сауаттылыққа деген көзқарасы әрқашан өте жоғары болған, біз әрқашан білімді адамдарды құрметтейміз, бұл туралы танымал ғалым Семенов-Тяньшанский ХХ ғ.басында Қазақстан аумағын аралап өткен кезде өзінің патшаға есеп беруінде жазған болатын. Сонымен қатар, оған Орта Азия елдерінің ішінде қазақтар қатты ұнағанын жазды, олардың білімге деген құрметімен қоса, ол қазақтар өздерінің парасаттылығымен ерекшеленетінін және қазақ әйелінің қоғамда теңдікке ие екенін көрсетті.

Менің туысқандарымның атасы 40 жыл ішінде Кеңес өкіметі кезеңінің өзінде «Жазушы» баспасының директоры болған. Ол ірі ғалым, аудармашы, әдебиетші болған, кітаптар басып шығарған, қазақша да, орысша да көп еңбектер жазған. Ол Батыс Германияда 100 мыңға жуық қазақтар тұратынын айтты. Егер де сіздерде олар туралы мәлімет жинауға мүмкіндіктеріңіз болса, бұл өте қызық болар еді.

Ол Солтүстік Америкаға дейін жеткен қазақтар туралы мәліметтер жинақтаған, оның пікірінше, ол жақта Солтүстік және Оңтүстік Дакотада 100 мыңға жуық қазақтар тұрады. Бұл елді және елдің дәстүрлерін біле отырып, менің ойымша, олар мүмкін өздерінің ата-бабаларын ұмытып қалған шығар. Себебі мұнда тіпті иммигранттардың балалары өздерінің тамырларынан екінші ұрпақта айрылады және өздерінің негізін, дәстүрлерін қатты жоғалтады.

Өздерінің балаларын қазақша сөйлеуге үйреткен отбасылар бар. Бізде де диаспорада балалары қазақша және ағылшынша сөйлейтін адамдар көп. Орыс тілін олар білмейді, себебі олар осында туылған немесе көп уақыттан бері осында тұрады.

**Сіз Қазақстаннан шет аумақтарда тұратын этникалық қазақтарды зерттеп жүрген зерттеушілермен кездестіңіз бе?**

Жоқ, әйтсе де, мен шетелге көшіп кеткен барлық қазақтардан олардың қандай рудан екенін сұрап жүрдім, себебі



біздің туысқандарымыз мысалы, Құлжа жолы арқылы кеткен, және біз оларды кейін ешқашан көрмедік. Менің көптеген туысқандарым, оған қоса менің атам да бай адамдар болған.

Атам алдымен туысқандарымызға көшуге көмектесті, кейін артынан өзі талпынды. Егер де олар барлығы қалса, оларға бай отбасылардың мүшесі ретінде түрмеге қамалу қаупі төніп тұрды. Менің атамның мүлігі бірнеше ондаған арбаларға сыйғызылды. Таулар арқылы кетіп жатты, көзімен көргенде бұл керуеннің басынан аяғы көрінбейтін, яғни олар соншалықты бай болған: оларда алтын ыдыстар да, кітаптар да, көптеген материалдар, шұғалар, кілемдер, жылқылар, қойлар, қап-қап астық және тағы басқалар болған. Жалпы, мұндай оқиғалар көптеген адамдардың отбасыларында бар шығар, және бұл оқиғалар өте қызық, бірақ ол туралы бәрі біле бермейді. Барлық осы ақпаратты жинақтап, жазу керек еді. Менің атамды бірінші асуда тұтқынға алды, ол өте мейірімді адам болған, барлық туысқандарға көмектесіп, өзі сол себепті уақытында көшіп кетуге үлгермеді. Оны ұстаған кезде Самарадағы түрмеге отырғызған. Бір жарым жылдан кейін оған амнистия беріп, жақсы тәртібі үшін босатқан. Олар аз болғандай Самарадан босатылған қазақтар тобы және олар жаяу Қазақстанға жүрген. Оларға сол кезде жолға тек бір бөлше нан және олар жемейтін доңыз майын берген, оларды бөлшектеп сатып, сол ақшаға жолға билет сатып алған. Бірақ ақша жетпеді, оларға жолда түсіп қалып, келесі жол жүруге ақша табуға тура келді және тағы солай. Үйге қайтып келе жатқан жолда ол қайтыс болды. Тірі қалмады.

**Сіздің Отаныңыз қай жер болып есептеледі?**

Қазақстанда.

**Мүмкін Қытайда шығар? Шығыс Түркістан аумағында?**

Жоқ, көптеген туысқандар Қытайға көшіп кетті, ал біздің отбасымыз Қазақстанда қалды. Қытайға көптеген қазақтар кеткен, негізінен мұнда семейлік қытай қазақтарын кездестіресің. Бірақ Қытайға барлық аумақтардан көптеген қазақтар кетіп жатты.

Жалпы, орта ғасырларда барлық халықтар балаларының денсаулықтары жақсы болу үшін балаларын алыс жерлерде орналасқан мекендерден келін әперуге тырысқан. Сол себепті негізінен барлық қазақтардың бойында әр түрлі



жүздердің қаны бар. XVII ғасырда Қазақстанды отарлаған кезде келімсектер қазақтарды топтарға бөлуге тырысты. Сол кезде «бөліп ал да, билей бер» империялық саясаты жүргізілді. Сол кезеңнің патшалық мұрағатының мәліметтері бойынша көптеген заңдар осы туралы айтады. Халықта көп қиыншылықтар болды, қазақтардың жері тартып алынды, халық кедейленді, жүздер арасында қарсыластық үшін жерлер құрылды. Бірақ шын мәнісінде, көшпенділер мәдениеті бойынша, өзіңізге белгілі, XII ғасырдан XVII ғасырға дейін дерлік Ресейге қосылу кезінде Қазақстан аумағын мекендеген барлық халықтар бір тілде сөйлеген, барлығы бір-бірін түсінген, бұл бір мәдениет болған еді. Шаманизм, медитациямен, шипагерлік қасиеттермен, әсіресе көп жағдайда музыка арқылы емделетін әдемі наным, сол кездің өнерінде және музыкалық мәдениетінде көрініс тапқан тенгриизм тәрізді діни наным-сенімдер көп болды. Егер де барлығы біздің халқымыздың тарихын және мәдениетін білген болса, ол барлық қазақтарды өзі-ақ біріктіріп тұрғанын көретін еді деп ойлаймын. Олар әрине, бөлінуге берілмейтін еді. Бізде шын мәнісінде қазақтар арасындағы мұндай кедергілер «бөліп ал да, билей берді» саясаты үшін «келімсектер» алып келгенге дейін болған жоқ. Ал егер сол кезеңнің немесе басқа жүздің адамдары қу және т.б. дейтін болса, мен өзімнің өмірімдегі тәжірибеден айтайын, мен барлық жүздің адамдарымен кездестім, сондай-ақ, біздің халық зерек және өмірге икемделе алатынын айту керек, бірде-біреуі қалмай барлық жүздің ішінде қазақтар арасында біреуі екіншісінен гөрі қу деп ойламаймын.

Жалпы біздің халқымыз өзінің әлеуметтік құрылымын, әдемі көшпенділердің жерін жоғалтты, бірақ қазіргі Қазақстандағыдай соншама халыққа көрші болуға мүмкіндік берген қазақтардың парасаттылығы, олардың кең пейілділігі жалпыға мәлім, және бұл қазақтардың бейбіт халық, ешқашан ойланып, өзінің тарихын оқуға, өз халқының бірлігін, тірі қалған әрбір адамның құндылығын түсінуге, бір-бірін қорғауға, басқа елдер мен дәстүрлерден жаңа келген қазақтармен қосылудың қиын бастамасын жеңе алуға кеш емес екендігі туралы айтады.

Қазақстанның оңтүстігінде қазақ халқының құрылуына дейін қалыптасқан көне рулар мекендеді. Қазіргі қазақтардың рулары кейін пайда болды. Сонымен қатар, оңтүстікте пошта,



акведуктер дамыған, сауда жолдары оңтүстіктің көптеген қалалары арқылы өтті. Мысалы, Жетісу — жеті өзеннің орны, Қазақстанның оңтүстігі арқылы өтетін бүкіл әлемнен келе жатқан керуендердің демалыс орны. Ол жерде жолаушыға қажетті су, көлеңкелі ағаштар болды. Олар Қытайға жібек үшін және дәмдеуіштер үшін Жібек жолы арқылы барған. Қазақстанның батысынан, немесе солтүстігінен немесе орталығынан адамдар егер де бұл тауарларға иеленгісі келсе, олар да оңтүстікке келген. Ол кезеңдерде ешкім сен анау өңірденсің, біз басқамыз, сендер ондайсыңдар, біз мынадаймыз деп айтпаған. Ондай болған жоқ. Егер Қазақстанның батысындағы немесе орталығындағы қазақтар тауарларды рубльмен алғысы келсе, онда олар солтүстікке қарай барған. Ол жақта Архангельскте, Калугада және т.б. көп қазақтар да тұрады. Оңтүстікте, мысалы, Алматыда, Алматы облысында қазақтар өздері саудамен айналыспаған. Қазір, шынында Шымкент өңірінде саудамен айналысатын қазақтар бар, бұл дәлірегі олардың сауда дәстүрі болып саналатын өзбектермен көршілес тұруымен байланысты, мысалы, өзбектер баласы бірінші рет шелпек сатса, тойлайды.

Қазақстанның оңтүстігі біздің халқымыздың ақсақалдар билігін алға тартты, себебі бұрын онда ақшалай белгілер мен тауарлар алмасу, басқа халықтармен, шетелден келушілермен қарым-қатынас жасау тәжірибесі мен мемлекеттікке жақын өзара қарым-қатынас құрылымы қалыптасты. Бұл тарих бойынша, басқа аудандарға қарағанда ертерек болды. Кейін барлығы теңестірілді, және де әрине бізде бұл мәселе бойынша ешқандай өзара соғыс болмау қажет. Көп жағдайда ол жоқ та шығар, себебі қазіргі қазақтар отбасыларының өзінде екі-үш жүз өкілдері бар. Қазақтар тұтастай алғанда, әрқашан бейбіт халық болған, тарих көрсетіп отырғандай, олар қазір де көптеген басқа халықтармен бірге бейбіт пен келісімде өмір сүріп жатыр.

**Енді АҚШ-та, Нью-Йоркте тұратын қазақтар туралы айтып беріңізші.**

Нью-Йоркте 10 мыңға жуық қазақтар тұрады. Ал жалпы Америка бойынша қазір шамамен 20 мың, бірақ шын мәнісінде, бұл адамдармен қоса, өздерінің жеке жағдайларына байланысты келіп-кетіп жататын адамдар көп. Мүмкін, бұл алыс





өңірлерге баратын көшпенділердің мәдениеті шығар. Әдетте біздің адамдар еш жерде тіркелмеуге тырысады.

### **Бекіп қалу үшін бе?**

Иә, әйтсе де, көбісі сонымен қатар, азырақ жұмыс істеп, ақша тауып үйлеріне, Қазақстанға кетіп жатыр. Бұл елдің азаматтығын әдейі қабылдамайтындар, әйтсе де қабылдауға мүмкіндігі болса да, олар Қазақстанның азаматтары болып қалғысы келеді. Міне, мәселен, сіздің телефон шалатын мекеніңіз немесе телефоныңыз бар болса, ол жерден көшіп кеткендігі, ал басқа мекен-жайды табу мүмкін емес екені аңғарылады. Біздің халқымыз шын мәнінде өз еркімен өмір сүреді, «қазақтар — өте тәуелсіз халық» деп айтқандай. Егер де оларға қандай да бір үлкен қазақстандық концерт ұнаса, онда олар бәрі келеді. Бірде бізде Нью-Йоркте концертке мыңға жуық адам келді. Және бұл 2005 жыл еді, Америкада тұрып жатқаным он бес жыл болған еді. Ал сосын әртістер жиі келіп тұратын болды, қазір халықта сондай қатты аңсау жоқ. Бірақ сол концертті мен ешқашан ұмытпаймын, сахнаға дирижер А.Жайымов және ұлттық костюмде Құрманғазы атындағы оркестр шыққан кезде американдық қазақтар концерт тыңдады және көздеріне жас алды. Сол кезде бәрінде сондай қатты аңсау болатын.

**Мен Стамбулда сондай концертте болдым. Ол жерде зал толы болатын. Тұратын жер болмады, адамдар көздеріне жас алды. АҚШ-тағы қазақтар кімдер? Түркиядан көшіп барғандар ма?**

Негізінен мұнда қазақстандық қазақтар. Мен, міне, 20 жыл бұрын көшіп келдім. Біз Нью-Йоркте көп емеспіз, 4 мыңға жуық қана, менің айтып отырғаным, қазақстандық қазақтар. Бұл егер де тек қазақтарды ғана санасақ. Мұнда біз әрине бөлінбейміз, мысалы біз Наурызды немесе басқа да мейрамдарды тойлайтын болсақ, онда Қазақстанда тұрған барлық халықтар келеді, білетініміздей, барлығы Қазақстанды Отаны деп біледі, бұрын онда тұрғандардың барлығы да, мысалы Қазақстан немістері немесе кәрістер және тағы басқалар. Осы ұлттардың барлығында өздерінің орталықтары бар. Мысалға, Нью-Йоркте украиндықтардың 100 жылдық Мәдениет Институты, орыстардың 200 жылдық Достық Үйі бар, ал қазақтарда ештеңе жоқ. Біздің ұйым 2004 жылы этникалық қазақтардың күшімен



құрылған болатын. Канаданың Торонто қаласында Фазиз Нұғмановтың жетекшілігіндегі Қазақтар қауымдастығы бар, оған дейін Род-Айленд штатында Байдаралиндер отбасы «Қазақ ауылын» ашты, сосын Техаста «Шаңырақ» пайда болды. Оқуға келген студенттер күшімен түрлі колледждерде студенттік интернационалдық орталықтар бар. Олардың барлығы Наурыз, кездесулер, фильм көрсетілімдерін және басқаларын өткізеді. Сонымен қатар, Сан-Францискода Silk Road House ұйымы бар, өзінің кеңсесінде музыкатанушы Алма Құнанбай жұмыс істейді. Бізде Бостонда диаспорада профессорлар, журналистер және басқа қалаларда да ғалымдар бар. Бостонда физик-ғалымдар, тартымды интеллектуалды адамдар өте көп. Мен Канадада математиктерді, қазақ тарихынан қызықты дүниелер білетін кәсіби тарихшыларды кездестірдім, бірақ, өкінішке орай, біздің жастарымыздың тарихты оқуға қызығушылықтары жоқ, ал мұнда таңғаларлық ресурстар бар, мысалы осы жерде батыс елдерінен Орталық Азия аумағы арқылы Қытайға, Лаосқа және Вьетнамға жол жүрген орта ғасырлардағы жолаушылардың кітаптарының жинағы сатылады. Олар біздің өлкелерімізді, адамдарды және олардың дәстүрлерін сипаттайды.

### **Марко Поло сияқтылар ма?**

Иә, Марко Поло тәрізділер, мысалы XIX ғасырда ағылшын дипломаты Бурнаби, XIV ғасырда италяндық монах фриар Одорик және басқалар. Олар сол кезеңнің жерлері мен елдерін өте қызықты сипаттайды, өздерінің көзқарастарына сәйкес, бұл түпнұсқа ақпараттың көздері және онда біздің шынайы мәдениетіміз бейнеленген. Олар өз кезеңінің білімді адамдары еді, олардың осы арқылы саясат жасау ниеті болған жоқ, олар тек қана өздерінің бақылауларын суреттеген, бұл біздің халқымыздың тарихы үшін өте маңызды.

Менің атамның патшалық мұрағатқа қолжетімділік мүмкіндігі болғанына менің жолым болды және ол тапсырыс берген ақпараттарды алып үлгермеген кезде ол көп заттарды бізге тапсырған еді. Мәселен, кеңестік кезеңде көшірмесін алып, оны кейін Алматыға жіберу. Мен сондай энтузиастардың бірі болдым, мен кітаптарды және бұл мәліметтерді оқыдым. Онда қазақтардың 1916 жылғы көтерілісі сипатталған. Патша билігі Қазақстандағы орыс қоныстанушыларына қаратылған жарлық шығарған, егер де сендер қазақтарды жұмысқа



жалдайтын болсаңдар, ең болмағанда оларды тамақтандыруды ұмытпаңдар делінген. Онда сонымен қатар, соттардың қалай өткендері туралы да сипатталған. Айтарлық әрбір сот төрт құрамды адаммен өту керек болатын, оның ішінде үштен кем емесі орыстар және біреуі ғана қазақ болатын. Қазақ сотқа барса, егер де онда оған қарсы дау болса, немесе ол бір нәрсеге ашуланса, онда ол ұтылу қажет болатын, яғни бұның бәрі заңмен тіркелген болды. Қазақ өзінің дауында ұтылып қалса, ол материалдың ірі бумаларын, қаншама килограмм бидай, жылқы беруге, оған қоса әйелін бір аптаға қызмет атқаруға беруге міндетті еді. Патшалық Ресейдің саясатына қарамастан, қазақ халқы өте жылы шырайлы, бәрін ұмытқан. Олар барлық халықтармен бейбіт өмір сүреді, Қазақстандағы және шетелдегі көптеген халықтар арасында аралас некелер көп. Біз Ресей империясына қосылу кезінде 12 млн. қазақтарды жоғалттық және оған қоса, кеңес уақытында 2 млн халықты қосыңыз.

**Сонда қазақтар АҚШ-та 20 мыңға жуық па? Бұған біздің студенттерді қосқанда ма?**

70% әрине, студенттер құрайды. Олардың көбісі «болашақпен» келгендер, бірақ өз бетінше келгендер де бар. Еш нәрседен тайынбайтын адамдар да бар, ақшасыз келеді де, жұмысқа тұруға талпынады, бірақ шындығында бұл әрқашан іске аспайды. Мысалы, қазір мұнда визаны бір күнге жылжыту заң бұзушылық болып табылады, құжаттарды талап етуге түсіп қалғандар түрмеге қамалады. Егер мұндай жағдай туындаса, әдетте жастар бұл туралы Қазақстандағы ата-аналарына айтпайды, бірақ бізге сыбыстар жетіп жатады, біз оларға көмектесуге тырысамыз, әйтсе де, бұл мүмкін емес. Заңдар мұнда қатаң орындалады Техас штатында, ең мықты және қатаң заңдар. Кепілдік төлеу үшін және түрмеден шығу үшін, соттық шығындарға ақшалай шығындар туралы айтпағанда кейде 10 мың долларға дейін керек. Адам бірден кетіп қала алмайтын жағдайда, бірнеше жылға созылуы мүмкін сотқа қалады және адам сол уақытта түрмеде отыруға тиіс болады.

Біздің диаспорамыздың арасында әр түрлі дінді ұстанатын адамдар бар, христиандар, олар орыс шіркеуіне барады, католиктер де бар. Мен олардан сіздер қалай католик болдыңыздар деп сұрадым. Олар біздің тәуелсіздігіміздің таңында Америкадан миссионерлер келгенін, өте кең пейілді



адамдар оларға осы дінге өтуді ұсынғанын айтады. Кәріс шіркеуіне баратын адамдар да бар. Бірақ ерекше дін ұстанатын адамдар біздің диаспорамызда жоқ.

### **Қазақтардың 100% мұсылмандар ма?**

Олай айтпас едім, бірақ әрине көп бөлігі. Біздің мәдениетімізде, шындығында, әйелдердің бетін жауып жүргені болмады, олар басқа мұсылман ұлыс елдеріндегідей қысым көрсеткен жоқ. Бізде халық тарихында ондай болмаған. Құрбан айтта жиналып бізде, ораза ұстайтын кейбір адамдар бар.

### **Түрік қазақтары да сондай ма?**

Түрік қазақтары әр түрлі. Біз сияқты басын орамайтын түрік қазақ әйелдері бар. Бізді кейбір түрік ұйымдарына шақырған кезде басын орап жүретін, өздері тізеге дейін жамылғы кигендерді көрдік, олар ерлерден бөлек отырады. Негізінен ерлер сөз сөйлейді, әйелдер өз арасында сөйлеседі. Біздің қазақтар, бұрынғы қазақстандықтар келген кезде олар үстелге әйелдер, ерлер, балалар, қыздар аралас отырады.

### **Ислам мешіті бар ма?**

Олар қалада бірнешеу, сонымен қоса, афро-америкалық мешіттер де бар.

### **Отбасыларда қазақ мәдениеті сақталған ба?**

Қатты сағынып жүрген адамдар сақтаған. Маған келген менің достарым үйімді қазақ стилінде екенін айтады. Домбыра бізде барлығымызда бар. Бәріміз жиналған кезде халық әндерін айтамыз. Үстелде бесбармақ, манты және басқа да тағамдар беріледі. Қазы, ет мұнда жоқ, жылқы етін Америка заңы бойынша сатуға рұқсат етілмейді, ал Канадада оны сатып алуға болады. Жылқы етін мұнда тек қазақтар ғана емес, сондай-ақ италяндықтар, француздар, филиппиндықтар, кәрістер, жапондықтар да жейді. Бірақ американдықтардың көп бөлігі жылқыны адамның досы деп қарайды, жылқы етін жеу рақымсыздық деп санайды. Сонымен қатар, олар суретте тамақ ретінде берілген қойдың басын көрсе қорқады, алайда, олардың өздерінің христиандық отбасыларында торай қуырылып, тамаққа басымен толықтай беріледі. Бұғы етін сатып алуға болады, ол аздап жылқы етіне ұқсайды.

### **Неке мәселесі қалай?**

Бізде қазақ қазаққа үйленетін некелер өте аз, бірақ соңғы кезде 2 үйлену тойы болды. Негізінен біздің қыздар американдықтарға тұрмысқа шығады.



### **Сіз қалай ойлайсыз, 20-30 жылдардан кейін қазақтар АҚШ-та қала ма?**

Маған мұнда білім жүйесінде жұмыс істеуге мүмкіндік туды, менде б-ға жуық американдық лицензиялар бар, олардың ішінде 3 білім саласында. Менің тәжірибеме сәйкес, бұл елдің мәдениеті мен білімі, олардың білім жүйесі адам өзінің мәдениетін, тамырын ұмытуға негізделетіндей етіп құрылған. Олардың отбасылық құндылықтары, дәстүрлері басқаша, көп жақсылықтары да бар. Мұнда көшіп келген адамдар негізінен сіңісіп кетеді деп ойлаймын.

Мұнда диаспорада барлығы Отанына, Қазақстанға барғысы келеді. Оларға біз елді құрдық, ал сендер қашып кеттіңдер, кетіп қалдыңдар деп айтса олардың біразы ренжиді. Негізінде көбісі Кеңес өкіметінің құлауына дейін көшіп келген, бұл көптеген ғалымдар, музыканттар Қазақстанда өмір сүруіне мүмкін болмаған кезең еді. Мұнда көшіп келіп олардың кәсіби жұмыс істеуге мүмкіндік алды, және олардың өмірлері тым қиын болды. Яғни мұнда әрбір күні ең жақсылардың бірі болуы керек. Сенің артыңда сенің орныңа үміттеніп тұрған 20 жуық адам бар, сен өте мықты, өзіңе сенімді болуың керек, өзіңнің ішкі күшіңді, өзіңнің білім деңгейіңді тануың қажет, егер де жоқ болса, үйрену керек. Барлығын максималды жасау. Әрбір айда 2 мың доллардай төлемдер келеді, егер де адам оны төлемесе, оны далаға қуып шығады. Бізде тұруға көмектесетін ешбір ұйым жоқ. Басқа ұлттарда бар, мысалы, кәрістерде – кәріс шіркеулері, қалмақтарда – Нью-Джерсидегі шіркеу, 5 хурулдар, татарларда – өте үлкен қауымдастық, өзбектерде де – үлкен қауымдастық бар, ал қазақтарда ештеңе жоқ.

### **Ал түріктерде бар ма?**

Түріктерде бар. Тағы да жас қазақтар өздерінің ұрпақтарымен, түрік студенттерімен ортақ тіл табысады, ал біздің ересек қазақтар онша емес, себебі оларда діншілдік қатты дамыған, біздің әйелдер бұған үйренбеген. Біздің қазақ қыздарымыз әдемі киім кигенді, шашын сәндегенді ұнатады. Ал діндар түрік әйелдері боянбайды және барлығы бірдей киінеді.

Мұнда мекен-жайға төлемдер ірі, ал киім мен тамаққа шығындар аз кетеді. Егер жер шарына қарайтын болсақ, адамдар жер шарының басқа жағында аяқтарын жоғары қаратын жүр деп әзілдеп аітуға болады. Мұнда баланс та



барабар басқаша, толығымен қарама-қарсы. Жалпы қазір қалай екенін білмеймін, бірақ кеңестік кезеңде көп ақша тамаққа және киімге кететін, пәтерге аз кететін. Мұнда бәрі керісінше, барлық ақша мекен-жайды төлеуге кетеді. Мұнда жеңілдікпен жақсы заттар алуға болатын брендтық дүкендер бар, бірақ адамдардың оған қарауға мұршасы жоқ. Бастысы – қарыздарын төлеу, әсіресе, баласы немесе қызы колледжге барса, барлық табысы тап-таза жоқ болады. Балалар колледжге барса, егер де сен миллионер немесе жәрдемақымен күн көретін тым кедей болсаң жақсы, өйткені оқуға ақшаны мемлекет төлейді. Бірақ бұл өте кемсітетін үрдіс, қосымша қаншама анықтамаларды толтыру керек, сосын колледжді бітіргеннен кейін студентті жақсы жұмысқа алмауы мүмкін, әрине егер де ол данышпан болмаса. Меніңше, диаспорада жәрдемақымен күнкөретін адамдар жоқ.

Менен кейде мұнда неліктен Қазақстанның аумағы сондай үлкен деп сұрайды. Мен әрқашан былай жауап беремін: біздің халқымыздың қайсарлығы арқасында олар территорияға таласқан барлық жауларды қуып жіберген. Өзіңнің дәстүрлеріңе қарамастан, қайткенмен де, бұл елде олардың заңы бойынша өмір сүру керек. Бірақ біздің жаңадан келушілеріміздің арасында кейде жергілікті заңдарды бұзатын, олар туралы біліп алуға тырыспайтын адамдар бар, сол себепті олар қиын жағдайларға тап болады. Басқа мәдениеттермен қондырылған айырмашылықтарды сіздер сияқты әлеуметтанушылар көрсете алса, жақсы болар еді, себебі, мұндағы батыстық мәдениетке 300 жылдан артық уақыт болған. Мәдениеттің сыртқы жағын, оның үстіңгі қабатын ашық қабылдау жеткілікті емес деп ойлаймын, бұл елге көшіп келерден бұрын оның заңдарын білу қажет еді, оған қоса, адамдарда өмір сүруі үшін үлкендерге, әдемі қазақ дәстүрі мен мәдениетіне деген құрмет ретінде өзінің тамырын, жақсы қасиеттері мен дәстүрлерін сақтау керек.

### **Қандай да бір заттар ұрпақтан-ұрпаққа беріле ме?**

Иә, бұған қамқорлық танытататын отбасылар көп, балаларымен тек қазақша ғана сөйлейді. Оған қоса дерлік олар өздерінің әндерін айтады, мерекелерге барады және Наурызды тойлайды. Егер де адамдар Наурызға жиналса, кейбіреулері көже дайындайды. Мұнда сен көп тұрып жатқан



кезде отандастарыңды кездестірген, адамдар саған қуанышты болатын орындар мен кездесулерде болу өте жанға жайлы.

### **Өзіңіз туралы айтып беріңізші.**

Мен 20 жыл бұрын Кеңес Одағының құлауы кезеңінде мұнда көшіп келдім. Мен Мәскеуде тұрдым, Ресей азаматы едім. Менің маңайымдағы адамдар сол кезде саясатты жақсы түсінетін, ол кез қайта құру кезеңі еді. Әрбір тазалаушы барлық депутаттардың атын, саясатта не болып жатқанын білетін. Ақша құнсызданып, девальвация болған еді. Тамаққа ақша жетпеді, жалақыны ішінара арақтың талонымен төлеп отырды. Өте көптеген адамдар сол кезде қиарау болатынын, елдің құлайтынын түсінді, және біздің достарымыздың және таныстарымыздың көбісі өмір сүруге қаражат іздей бастады, кейбір ғалымдар зат сатумен айналыса бастады. Мәскеуде тұрған және аспирантурада оқыған немесе жұмыс істеген адамдар өздерінің жұмыстарын тастап, егер де шет тілін білетін болса, қандай да бір шетелдік компанияда орын табуға ұмтылды. Бұл қиарау еді және бұл жағдайда бірдеңе істеу керек еді. Сол кезде көбісі шетелге кетуге талпынып көрді. Міне, осы ағыммен мен де шығып кеттім, бірақ мұнда өмір өте қиын болды.

Негізінде, көшіп кеткендерді жақтай отырып, айтқым келетіні, менің көшіп кеткеніме, шетелде 20 жыл тұрғанымға қарамастан, мұнда менімен танысатын кез келген адам менің қазақ екенімді біледі. Еріксіз түрде біз, осы жердің қазақтары басқа адамдар үшін қазақтардың бейнесі болып табыламыз. Бізге басқа халықтар арасындағы бәсекелестікте күресу керек. Бізде диаспорада көптеген жетістіктер бар, әйтсе де, барлық адам бұл елде жетістікке жеткен жоқ, дегенмен, іргелі университеттердің факультетінің құрамына кіргендер бар, мәселен, рак ауруларын зерттейтін бір профессор бар. Оны мұнда қатты бағалайды, сонымен қатар, біздің биохимиктер де сәтті жұмыс атқарады. Нанотехнология саласында 6 жаңалық ашқан химик бар. Бұл бірнеше жыл бұрын болатын.

### **Қазақ па?**

Иә, Қытайдың қазағы, оның анасы — қырғыз. Ол қазақша сөйлейді. Ол өзі американдық қытайға үйленген, үй сатып алған, екі баласы бар, балаларын ол қазақша атапты: Айгүл және Марат. Мұнда көп адамдар такси жүргізушісі, дүкендегі сатушылар болып жұмыс істейді, алайда ешкімнің



ұсынысынсыз банкте жұмыс істейтін жігіттер де бар, олар өздері жұмысқа келісім бойынша барған.

### **Сіз PhD осында қорғадыңыз ба?**

Жоқ, мен Мәскеу консерваториясының аспирантурасын бітірдім, 12 жыл Мәскеуде оқыдым. Маған американдық компания музыка философиясының докторын дипломдардың баламасы бойынша берді. Мен орындаушылық аспирантураны бітірдім, жеке концерттермен қатар, біз онда ғылыми зерттеу жүргіздік.

Мен кәсіби пианистпін, концерттерге шығамын, сабақ беремін, сонымен қатар, Қазақстан мәдениеті мен дәстүрі бойынша дәріс оқимын, ұлттық киімде домбырада ойнап, ән саламын. Мен сіздерге Карнеги Холлда өткен соңғы концерттің бағдарламасын алып келдім. Біз Америкада 18 концерт өткіздік, оның бесеуі Карнеги Холлда өтті, ал мынау кітапханадағы дәрістердің соңғы бағдарламасы. Келесі бетінде менің өмірбаяным берілген.

### **Мақалалар жазасыз ба?**

Иә, мен кейде мақалалар жазамын, бізге «Вашингтон пост» газеті, кейін Нью-Джерси газеті назар аударды. Олар Қазақстан туралы 20-100 сөзде жалпы ақпарат жазып беруді сұрады немесе кейде ұйым атынан телефон соғып, сөз сөйлеуді сұрайды. Мұнда біздің әртістеріміздің ұлттық киімде домбырамен шыққандарын қатты ұнатады, көбісі ешқашан домбыраны көрген емес. Оларға біздің костюдеріміз ұнайды, олар сондай сәнді, жылтыраған.

### **Сіздер костюдерді осында тіктіресіздер ме?**

Көбісін Қазақстаннан алып келеді, ал менің көйлегім осында тігілген, желетке анамнан мұраға қалған.

### **Ата-анаңыз туралы айтып беріңізші.**

Анам 2003 жылы қайтыс болды. Әкем 6 жасымда қайтыс болған. Ол Ұлы Отан соғысы кезеңінде бірінші қазақ комиссары болған. Ол адамдарға көп жақсылық жасаған, Көктөбедегі жолды салған, Ыссықтағы жол өзінің жеке жетекшілігімен салынған, ол жақта барлық адамдар оны біледі, әндерін айтады, Алматы жанындағы 6 кіші қалаларда көшелерге Алханбек Мәлкеев аты берілген, сонымен қатар, Ыссық қаласында Алханбек Мәлкеев атындағы лицей бар.

### **Сіз алдымен Мәскеуге оқуға бардыңыз ба?**





Алдымен мен 6 сыныпқа дейін музыкадан 4 жыл ішінде 5 сыныпты өткен К.Бәйсейітова атындағы мектепте оқыдым, кейін Мәскеуден комиссия келіп, Мәскеу мектебіне емтихан тапсыру үшін үш баланы іріктеп алды. Біз үшеуіміз тапсыра алмай қалдық, ал үшіншіні бір сыныпқа төмен оқуға алмақшы еді, бірақ ол қазақстандық неміс Женя Ванглер ол жақта өте жоғары деңгейде болса да, бір жылын жоғалтқысы келмеді. Бізді ертіп әкелген мектептің оқу ісінің меңгерушісі республикадан үш бала алып келгенін, олардың біреуімізді алу керек екенін айтты. Олар онда мына кішкентайды алайық деді. Осылайша, менің жолым болды. Мен мектепті бітірдім, менің теория мен сольфеджиодағы алғашқы бағаларым екі мен үш еді, бірақ мектепті тек екі төртпен ғана бітірдім, ал қалған пәндердің барлығын өте жақсы тапсырып шықтым. Екі пәннен мен бес плюсмен алдым: орыс тілінен шығарма жазуда, өйткені мен шығарма жазу үстінде өлең шығарып жібердім, және неміс тілінен, себебі, өте жылдам сөйлейтінмін және ешкім менің арнайы мектепті бітірмегеніме сенбейтін. Мүмкін біз екі тілде сөйлейтін болғандықтан ба, шет тілін үйрену бізге оңай болды. Мәскеу консерваториясын қызыл дипломмен бітіруге маған бір балл ғана жетпей қалды.

### **Неліктен Сіз де Ресей азаматтығы болды?**

Консерваторияны бітіргеннен кейін мен тұрмысқа шықтым, күйеуім қазақ болды. Ол Мәскеу университетіне республиканың жолдамасынсыз өзі түскен және оқуды бітірген кезде оны Мәскеуде жұмыс істеуге қалдырған. Мен онымен бірге қалдым. Осылайша, біз Мәскеу азаматтары болдық.

**Ол кезде сен Қазақстаннансың ба, әлде Өзбекстаннансың ба ешқандай маңызды емес еді ғой, бір ел болған еді?**

Бір ел, бірақ мен әрқашан Америкадағы өмір — екінші иммиграция деп айтамын. Біз Мәскеуде оқыған кезде — ол бір мәселе еді. Ол жақта тұрып, жұмыс істей бастаған кезде — ол мүлдем басқа мәселе. Саған оқуға келген студент сияқты қарым-қатынас та болмайды, енді бәсекелестік жүреді.

**Сіздің мәдени орталығыңыз немен айналысатынын айтыңызшы? Меніңше, ол 2004 жылы ашылды ғой...?**

Иә, біз 2004 жылы ашылдық. Бұған дейін біз Наурызда жиналатынбыз, кездесулер өткізетінбіз. Кейін ұйым құру



идеясы келді. Бізде волонтерлер жұмыс атқарады. Өнер бойынша Америкадағы көптеген ұйымдар тәрізді бізде виртуалды, кеңсесіз жұмыс істейміз. Біз үлкен концерттер әзірлеген кезде концерт залын жалға алу үшін көптеген қаражат кетеді, сол себепті кеңсе үшін айына жалға 2-3 мың доллар төлеу біз үшін маңызды емес. Оданша бұл ақшаға концерт беруге залға тапсырыс берген немесе кездесулер өткізген жақсы.

**Сіздің орталығыңыздың заңды ұйым статусы бар ма?**

Иә, біз Нью-Йорк штатында және Нью-Йорк қаласында өнер консулдарымен 2004 жылдың қарашасынан бастап тіркелгенбіз.

**АҚШ-тағы, Нью-Йорктегі қазақ диаспорасын қолдау үшін Сіз қандай шаралар қажет деп ойлайсыз? Мүмкін сіздің қандай да бір тілектеріңіз бар шығар? Не істеу қажет?**

Айту қиын, мен білмеймін. Біздің халқымыз тәуелсіз, ешқашан ештеңе сұрамайды, алайда мүмкіндік болса, басқа халықтардағыдай мысалға, адамдар қиын жағдайға тап болғанда көмектесетін орталықтар ашу қажет. Біздің ел бұзушылардың экстрадициясы жөнінде заң құрастырса екен, себебі біздің адамдар қиын жағдайға тап болған кезде өз еліне қайта алмайды. Этникалық қазақтарға қос азаматтылықты рұқсат берсе жақсы болар еді, осылайша олар Отанына жиі барып тұра алады, көбірек бизнес-байланыстар орнатып, шетелде үйренген жақсылықтарының бәрін әкеліп, жалпы қаржылық тұрғыдан елді мықты қолдап тұратын еді деп ойлаймын.

Бірнеше жыл бұрын түрлі штаттан екі әйел хабарласты, олардың біреу өте білімді әйел, оның 10 жасар ұлы болды. Ол афро-американдыққа тұрмысқа шыққан, күйеуі өзін өте нашар ұстаған, үйінде ұрған оны, ол әйел күйеуінен кетіп қалып, шелтерге, түнгі жатаққа келген. Онда оның ұлын үш рет ұрып-соққан, онда азиялық балалар мүлдем болмайды, ол басқа балалардың ішінде ақ қарғадай болған. Адам өз Отанына қайту үшін көптеген қағаз толтыру, яғни ірі ақша қажет екені белгілі болды. Әрбір адамға қағаздарды рәсімдеуге 10 мың доллардай ақша кетеді. Екі әйел де шелтерлерде болған. Біз диаспорадан хаттар жібердік, бірақ бұл көмектеспейді де. Біздің ұйымның міндеті — қазақстандық және американдық екі ұлт арасындағы өзара түсіністікті құру, біз мәдениетпен және өнер бойынша презентациялармен айналысамыз, оған



қоса, біздің әрине, мәселен, тұрғын-үй немесе әлеуметтік мәселелермен айналысуға мүмкіндігіміз жоқ. Адамдар Нью-Йоркте қалай пәтер жалдауға болады, қай мектепке балаларын беру керек, қалай жұмыс табуға болады деген сияқты және тағы басқа жауап беруге немесе айналысуға мүмкіндік жоқ сұрақтарды жиі сұрайды. Қазір дағдарысқа байланысты жұмыс жоқ деуге болады, көптеген мамандықтары бар адамдар қарапайым жұмыстарда жұмыс істеп жүр, немесе 6 айдан кейін тоқтайтын уақытша жәрдемақымен күн көреді. Штаттарда жаңа қазақ ұйымдарында қызметтердің үлкен алаңы бар, мұнда қаншалықты көп біздікіндей ұйымдар ашылса, мұндағы адамдарға жеңіл болар еді.

### **Қазақ тілін үйрететін курстар бар ма?**

Біз қазақ тілін үш жыл оқыттық, бұл қиын болды, себебі біз мұны өзіміздің жеке жұмысымыздан немесе оқуымыздан тыс жүргіздік. Бізге сабақ берумен қатар, Американың басқа қалаларымен салыстырғанда өте жоғары келетін жалға алған орынға төлеу қажет болды. Сонымен қатар, онда оқу құралдарына, кітаптарға шығындар болды. Қазір бізде қалада қазақ тілін үйренгісі келетіндерді түрлі аудандар бойынша жіберетін үш адамымыз бар. Біз эмигранттар үшін қазақ тілінің сабақтарын аштық па десек, Қазақстаннан ұл немесе қыз асырап алған ата-аналар келді.

### **Кім алып келеді? Ата-аналар ма?**

Иә, американдық ата-аналар, олар Қазақстанмен байланыстылардың барлығына өте жақсы көзқараста. Менен жақында аптасына бір рет балалары қай елден шыққанын, оның дәстүрлерін біліп жүру үшін қазақ мәдениеті туралы сабақ беруді сұрады.

### **АҚШ-қа Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі бұрынғы Түркістан легионерлері көшіп келген. Сіз аталған адамдарды немесе олардың ұрпақтарын кездестіре алдыңыз ба?**

Мұнда олар өте аз, Нью-Джерсиде жиналып тұратындарды ғана кездестірдім. Нью-Джерси – Нью-Йорктің көршілес штаты, онда олар мекеме сатып алған Довер қаласы бар. Олар өздерін Түркістандық ассоциация деп атайды, негізін қалаушы – 90 жастағы өзбек, мен ол адамды көргенім сәтті болды. Олар мені сатып алған екі қабатты үй - мекеменің ашылуына шақырды. Маған қазақ диаспорасының атынан сөз берілді.



Барлық ұлттардың, билік өкілдері сөз сөйледі және концерттік номерлер болды. Төменгі қабатта үстелдер мәңгі, палау, шығыс тағамдарымен толтырылған, үлкен самауырлар көк шаймен бірге тұрды. Десертке түрік тәттісі-пахлава берілді. Онда барған адамдардың барлығы бірнеше түркі елдерінің өкілдері болды және онда алты ту қойылды, оның ішінде Қазақстанның туы да бар. Онда Түркияның, Әзербайжанның, Өзбекстанның, Түркіменстанның, Қырғызстанның және Шығыс Түркістанның тулары болды. Қазақтар, әзербайжандар, түріктер, өзбектер болды, олардың көбі осында көптеген жыл тұрып жатыр. Олар бірамыз бір адамдармыз, бір халықпыз деп айтады.

**АҚШ қазақтары туралы ақпарат өте аз, немесе олар үзік-үзік. Қандай да бір бағдарламалар бар, бірақ ғылыми салада ешқандай ақпарат жоқ.**

Мен мұнда журналистерді, тарихшыларды білемін. Олар арқылы көбірек білуге тырысамын және ақпаратты сіздердің Институтыңызға беремін.

**Сіздердің мәдени орталықтарыңыз қандай іс-шаралар жүргізеді?**

Жалпы айтқанда, біз Наурыз, қызықты адамдармен кездесулер, фильмдер көрсетілімдерін, концерттер өткіземіз. Осы жұмада мектепке презентацияға барамын. Қала сыртында жеке мектепте өте мықты мектеп бар. Ол жақта ұлттық костюмде халық әндерін домбырада айтамын және оларға мен кітаптар апарамын. Олар бұл кітаптарды балалардың көруі үшін Қазақстан туын дисплейге қоюды сұрады. Оларға бұлар қатты ұнады, 400 фотосурет. Олар мектепте бұл фотосуреттерді экранға шығарып, ол слайдтар көрсетіліп жүр және барлығы «Қандай әдемі орындар, қандай әдемі ел» деп айтып жатыр.

**Олар мұны өздері сұрады ма?**

Иә, олар менен өздері өтінді, мен фотосуреттерді дұрыстап, поштамен жібердім. Сонымен қатар, қазір халық әндеріне арналған концертке дайындық жүріп жатыр, оны осы жылдың мамыр айының ортасында өткізуді ойластырып жатырмыз. Мен өмірден ерте кеткен Ерболат Андосов, Тілес Қажғалиев, Жұматай Тезекбаев сияқты қазақстандық композиторлардың фортепианға арнаған музыкасын ойнаймын. Меніңше, олардың өмірлеріне жүйелердің ауысуы және тәуелсіздіктің бастамасының қиын кезеңдері әсер еткенінен болды.



Жақында Нью-Йорктың Metropolitan Museum орталық мұражайында Құбылайхан туралы көрме өтті. Құбылайхан — Шыңғысханның ұрпағы, ол негізінен біздің бабамыз. Ол XIV ғасырда Қытайдың билеушісі болды, ол жерде түрлі жеті тіл болған кезде бүкіл Қытайды бір елге біріктірді. Ал көрмеде оны моңғол деп жазып қойған. Қытайлықтардың өздері де оны моңғол деп ойлайды. Батыста көбісі солай ойлайды, тіпті ғылыми зерттеушілер де, сол кездері көшпенділерде негізінен жазбаша емес, ауызша өнер дамыған, және сол кезеңнің көп кітаптарын Шыңғысханның қастары жазған, оны қатыгез билеуші, басқыншы ретінде сипаттаған. Шын мәнісінде, әдебиеттерде көрсетілмеген оның жақсы тұстары мен қасиеттері көп болған. Бірақ қазір ол туралы көптеген мәліметтер басылып шығып жатыр, Шыңғысханның өзі түркілердің өкілі болғаны белгілі болып жатыр. Америкада осы салада қазақ ғалымының зерттеулеріне сілтеме бере аламын. Ол осы мәселені зерттеген және оның сөздеріне қарай мен мұражайдың өкілдеріне егер де оны моңғол деп атағыларың келсе, оданша түрік-моңғол деп атағандарың жөн деп жаздым. Олар бұл мәселені қарастыратыны туралы жауап жазды. Қытай бізге біздің бабамыз олардың мемлекетін құрғанына қарыздар. Мен сөйлесуге мүмкін болған өнер аясындағы осындағы қытайлықтар бұл фактіге таң қалды. Сосын Құбылайхан өз билігін сарай шиеленістеріне байланысты жоғалтты, себебі түрік сарай қоршауына тақтың таңдалынған мұрагері ұнаған жоқ. Сол кезеңдегі қытайлықтар осыны пайдаланып, сосын өздері басшылық етті.

### **Ал осында тұратын балалар, жастар өздерінің жүздерін, шежірелерін біле ме?**

Иә, олар біледі. Барлық қазақтар тәрізді өздерінің шыққан тегін мақтан тұтады. Әрбір рудың шығу тегіне деген мақтаныш әрқашан тарихта, қазақтардың барлық жүздерінде болған. Бұл сақталып келеді. Жастарда бір-бірімен бөлінбейтін жақсы үрдіс бар. Бұл жақсы оңтайлы сипат, олар достасып, өз руларын біледі, бірақ оңтүстік, солтүстік болып бөлінбейді.

Біздің ұрпақтан ұрпаққа ауызша беріліп, сақталып отырған мықты әрі көркем тарихымыз бен мәдениетіміз бар, бұл балалардың тәрбиесінде үлкен мәнге ие. Ата-бабаларымыз өте мықты және қайсар болғанын, адамдар оларға ықылас



танытатынын, өзінің бұрынғысын бағалайтынын сезіну, осының бәрі халыққа күш береді. Біздің буын әрқашан ата-бабаларымыз мынадай да мынадай болған, мен анау руданмын дегенге мақтанышпен қарайтын. Ерлер намыспен «Мен қазақпын» деп айтатын. Өзінің құндылығын және өз халқына мақтанышын сезіну адамдарға бірге болуға, бір-біріне көмектесіп, бағалауға көмектескен. Біз халқымыздың тарихын сақтап, жас ұрпаққа аманат етіп беруіміз қажет.

*Сұхбатты өткізген Ботағоз Ракишева, Светлана Кожирова  
Нью-Йорк, АҚШ, 2010 жыл*



## ҚОСЫМШАЛАР

1 қосымша

**Шыңжаң - Ұйғыр автономиялық ауданынада (ШҰАА)  
(Қытай) тұратын қазақтар өмірінен суреттемелер**  
Әлеуметтік-саяси зерттеулер институтының мұрағатынан  
фотосуреттер, 2010 ж., қараша. (Үрімші қ., Қытай)













2 қосымша

Оспан-батыр, Шығыс Түркістан қозғалысының  
көшбасшысы



## 3 қосымша

## Пәкістаннан Түркияға қазақтардың көшуіне арналған стелла

Әлеуметтік-саяси зерттеулер Институтының мұрағатынан  
фотосуреттер, 2010 ж., қазан (Стамбул, Түркия)



Стелла жазбасының түрік тілінен аудармасы

Алтай тауларынан Анадолыға дейінгі эмиграция  
Қазақтарды 1941 жылы Пәкістанға және 1951 жылы  
Түркияға көшүіндегі ұмытылмас көшбасшылардың есімдері

1941 жыл

Әлишхан Тейджи — Осман Таштан  
Хамза Инан — Қожан Саваш  
Садей Чальшқан — Карамолла Окур  
Қали Өзтүрік — Ракадиль Танджан  
Кошувут Рустемоглу — Алпыс Гюнбай  
Давутбай Кандемір — Савутбай Джан  
Кумар Казанбасоглу — Мардан Қазыбек  
Чакбакбей Тасеке — Бексұлтан Гөкай  
Қабылбек Секел — Кабийбайоглу Тоқай  
Ауғанбай Юксель

1951 жыл

Хусейин Тейджи — Султан Шериф Зувкаоглу  
Қалибек Хакім — Делилхан Жаңалтай  
Муаммер Калджаноглу — Х. Төлебай Қазақ

Эммигранттар — жоғалтқан туған жер туралы тірі естелік  
М. Кемаль Ататюрк

ТҮРКИЯ ҚАЗАҚТАРЫ

Әлеуметтік ынтымақтастық және мәдениет қауымдастығы



## 4 қосымша

**Қазақ мешіті қабырғасындағы тақтайша  
және Стамбул қаласындағы Гюгнешли (Қазақкент)  
қазақ ауданындағы көшелер**

Әлеуметтік-саяси зерттеулер институтының мұрағатынан  
фотосуреттер, 2010 ж., қазан (Стамбул, Түркия)



«Алтай мешіті» қазақ мешіті



Абай көшесі



Ертіс көшесі



Алтай көшесі



5 қосымша

**XX ғ. 1930 жылдардағы жұтты көзімен көргендер  
және ұрпақтары**  
Фотосуреттер Әлеуметтік-саяси зерттеулер Институтының  
мұрағатынан, 2010 ж., қазан (Стамбул, Түркия)



Тәлік Оңғарұлы, 84 жаста



Юсуф Жанайдарұлы, 76 жаста



## 6 қосымша

**XX ғ. 1930 жылдардағы жұт**

Суреттерді Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің кинофотоқұжаттар және дыбыс жазбаларының Орталық мемлекеттік мұрағаты ұсынды









7 қосымша

**Әбдіуақап Қара**

Мимар Синан университетінің профессоры,  
тарих ғылымдарының докторы Шоқайтанушы ғалым  
(Стамбул, Түркия)



**Каюм Кесиджи**

Еуропа қазақ қоғамдары федерациясының төрағасы,  
профессор, саяси ғылымдарының докторы  
(Мюнхен, Германия)



## 8 қосымша

**Алаш қозғалысының мүшелері**

Суреттерді Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің кинофотоқұжаттар және дыбыс жазбаларының Орталық мемлекеттік мұрағаты ұсынады




Əlixan Bəkejhan



Mұстафа Шоқай



Mırjaқып Дулатов



Ахмет Байтұрсынов





Қазақстан жазушылары І съезінің қатысушылары. І қатар (солдан оңға қарай) - Мәжит Дәулетбаев, таныс емес, Хашим Жұмалиев, II қатар (солдан оңға қарай) С.Мұқанов, С.Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Б.Майлин. III қатар таныс емес, Ә.Тәжібаев, Жұмағали Сәрсекөв, 1932 жыл. Алматы қ.

Суреттер профессор Дихан Қамзабекұлының жеке мұрағатынан



Смағұл Сәдуақасов,  
Мұхтар Әуезов



## 9 қосымша

**Мұстафа Шоқай жары Мәриямен бірге тұрған үйлері**  
Фотосуреттер Әлеуметтік-саяси зерттеулер  
Институтының мұрағатынан, 2010 ж., желтоқсан.  
(Ножан-сюр-Марн, Париж, Франция)



16 Rue Буйн де Перез (1923-1930)



7 Суар ден ла Фонтен (1933-1941)



## 10 қосымша

**Мұстафа Шоқай жерленген аумақтағы Берлиндегі  
“Berlin türk Şehitlik camii” мешіті**

Фотосуреттер Әлеуметтік-саяси зерттеулер институтының  
мұрағатынан, 2010 ж., желтоқсан. (Берлин, Германия)



## 11 қосымша

**Мұстафа Шоқайға ескерткіш**  
Фотосуреттер Әлеуметтік-саяси зерттеулер Институтының  
мұрағатынан, 2010 ж. желтоқсан



Франция, Ножан-сюр-Марин, Париж маңайындағы қала,  
Суар ден ла Фонтен көшесі





12 қосымша

**Мұстафа Шоқай серіктестерінің құлпытастары  
("Waldfriedhof" мазарының мұсылмандық бөлігі, Мюнхен,  
Германия)**

Фотосуреттер Әлеуметтік-саяси зерттеулер институтының  
мұрағатынан, 2010 ж. желтоқсан



Дәулеткерей Тағыберлы  
(15/05/1919-11/03/1987)



Қарыс Қанатбай  
(01/05/1911-25/11/1982)



## 13 қосымша


**Шығыс легион солдаттарының құлпытастары  
("Waldfriedhof" мазарының мұсылмандық бөлігі,  
Мюнхен, Германия)**

Фотосуреттер Әлеуметтік-саяси зерттеулер институтының  
мұрағатынан. 2010 ж., желтоқсан










14 қосымша  
1986 ж. Алматыдағы желтоқсан оқиғасының қатысушысы  
Рысқұлбеков Қайрат Ноғайбайұлы



## МАЗМҰНЫ

Кіріспе сөз .....	3
Айдос Сарыммен Алаш идеясы туралы сұхбат <b>Мемлекеттік идеяның рухани негізі</b> .....	13
Мұрат Әуезов <b>Мәңгілік Алаш</b> .....	19
Бейбіт Орынбекұлы Қойшыбаев <b>Алаш идеясы өлмес мұраттар санатында</b> .....	27
Әбдіуақап Қара <b>Тәуелсіз Қазақстанда Мұстафа Шоқайдың тарихи тұлғасының бағалануы</b> .....	45
Х. Муса Ташделен <b>Мұстафа Шоқай: азаттыққа арнаған өмір</b> .....	61
Қаюм Кесиджимен сұхбат <b>Алаш мұраттарын жалғастырған ұрпақ</b> .....	69
Дихан Қамзабекұлымен сұхбат <b>Алаш жолы – зайырлы да тағылымды жол</b> .....	81
Намазалы Омашев <b>Түркі жұртына ортақ басылым</b> .....	90
Уямо Томохикомен сұхбат <b>Жапония ғалымының Қазақстанға арналған ғылыми ізденісі</b> ....	103
Тәлік Оңғарұлымен сұхбат <b>Қайғылы өмір</b> .....	109
Юсуф Жанайдарұлы <b>Зар-заман та рихының беттері</b> .....	111
Бекмади Ахат Бекмадиұлымен сұхбат <b>Қазақ даласының қиын өмірін көрген куәгер</b> .....	113
Октябрьская Ирина Вячеславовна <b>Алтай қазақтары: этникалық тарих және бірегейлік мәселесі</b> ....	119
Қызырхан Шолпанмен сұхбат <b>«Көк байрақтың мәңгілік болуын тіледік ...»</b> .....	149
Профессор Ясиын Құмарұлы <b>Қазақ және күн мен от, яғни қазақ және алаш</b> .....	155
Алия Алханмен сұхбат <b>Қазіргі әлемдегі қазақтар туралы ойлар</b> .....	164



«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры  
Қазақстан халқы Ассамблеясы  
Әлеуметтік-саяси зерттеулер институты

**Ғылыми басылым**

**СӨНБЕСІН ОТ АЛАУЫ**

«Қазақстан халқы Ассамблеясының қоры» Қоғамдық қоры  
тел. +7 7172 39 05 95, +7 7172 32 62 16  
fondank@mail.ru  
Әлеуметтік-саяси зерттеулер институты  
тел. +7 7172 45 70 02, +7 7172 45 70 03  
www.ispr.kz  
ispr@ispr.kz

Басуға қол қойылды. Пішімі 60 x 84/16  
Басылымы офсеттік.  
Шартты баспа табағы 8,6  
Таралымы 500 дана.  
Тапсырыс №\_\_\_\_\_.  
«Жарқын Ко» ЖШС  
Баспаханасында басылды